

[Введите текст]

*ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ*

ПІРӘЛІ. Г.Ж

*XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУЫ
(1920-2005)*

АЛМАТЫ -2016

[Введите текст]

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология , әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі шешімімен ұсынылған.

ПІКІР ЖАЗҒАН:

Б.ӘБДІҒАЗИЕВ филология ғылымдарының докторы, профессор;

ПІРӘЛІ. Г.Ж.

XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы (1920-2005).- Алматы: Қазақ университеті, 2016.-309 бет.

Оқу құралы.

Оқу құралында XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану ғылымының теориялық тұжырымдары мен көркемдік-эстетикалық ізденістері зерделенеді. жүріп жатыр деген сауал төңірегінде ой толғайды. Кітаптың мақсаты- тәуелсіздік кезеңіндегі күрделі зерттеу жұмыстарымен оқырман жұртшылықты таныстыру.

Кітап жоғары оқу орындарының студенттері мен ізденушілеріне, магистранттар мен докторанттарға арналады.

МАЗМҰНЫ

1.ТАРАУ.1920-30 жылдар аралығындағы қазақ әдебиеттануы	5
1.1 Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу кезеңі	5-12
1.2 Әдеби сын және эстетикалық көзқарастар	12-30
1.3 Баспасөздегі әдеби айтыстар әлемі	30-37
2.ТАРАУ.1950-80 жылдар аралығындағы әдеби-көркем сын	38
2.1 Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеттануы	38-41
2.2 Әдебиет теориясы	41-45
2.3 Көркем сынның кәсіби қалыптасуы	45-64
3.ТАРАУ.Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеттануы	
3.1.Қазақ әдебиеті тарихын жаңаша жазу	64-77
3.2 Ежелгі дәуір әдебиетінің жаңаша зерттелуі	77-97
3.3 Қазақ әдебиеті тарихының 10 томдығы	97-132
3.4 Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы мен зерттелуі	132- 139
4.ТАРАУ.Қазіргі қазақ әдебиеттануындағы жанр мен поэтика мәселелері	140
4.1 Әдебиет теориясы және көркемдік әлем мәселелері	140-159
4.2 Қазақ әдебиеті және абайтану жәйі	159-184
4.3 Қазақ әдебиеттануы және әлемдік рухани құндылықтар	184-191
5.Тарау .Қазіргі қазақ әдебиетіндегі көркемдік тұтастық теориясы	192
5.1 Модернизм және постмодернизмнің зерттелуі	192-205

АНДАТПА

Қазіргі таңда барлық ғылым саласында жаңару, жаңғыру үрдісі жүріп жатыр. Ол, ең біріншіден, еліміздің егемендікке ие болуының нәтижесі екендігі сөзсіз. Тәуелсіздік – қазақ халқының мол әдеби мұраларын жинауға, жүйелеуге, зерттеуге мүмкіндік беріп отыр. Көркем әдебиеттің барлық салалары мен жанрлары бойынша жарық көрген туындыларды бүгінгі тәуелсіз ой-сана тұрғысынан талдап, таразылау – бүгінгі уақыт талабы. Сондықтан сонау көне дәуірдің рухани мұрасын бүгінге жеткізу жұмыстары бірінші кезекте жүргізіліп отыр. Осы мақсатта президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен «Мәдени мұра» атты мемлекеттік бағдарлама өмірге келді. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша 16 секция жұмыс жүргізді. Ұлттық мәдениетімізді ұлықтайтын бұл бағдарлама аясында «Әлемдік мәдениет ой-санасы» - 10 томдық, «Әлемдік классика» - 10 томдық, «Әлемдік философия» - 20 томдық, «Бабалар сөзі» сериясымен 100 томдық көлемінде ұлттық құндылықтарымыз жарық көрмек. «Қазақ әдебиетінің тарихы» 10 том көлемінде ежелгі дәуірден тәуелсіздік алғанға дейінгі кезеңді қамтып, қайта жазылып жарияланды. Бұл томдарда кеңес дәуірінде саяси репрессияға ұшырап, ұлт санасынан сызылып тасталған ұлы тұлғалар-Алаш зиялыларының өмірі мен шығармалары қайта қалпына келтіріліп, көркемдік талапқа

сай жаңаша зерттелді. Бұрындары таптық таным мен әдебиеттің партиялылығы тұрғысынан талданып, біржақты бағаланған көптеген әдеби-мәдени мұралар қайта қаралып, өздерінің тиесілі тарихи орындарын иеленді.

Міне, тәуелсіздік алған 20 жыл көлемінде ұлттық рухани өмірімізде атқарылған осындай күрделі көркемдік құбылыстар мен қазіргі қазақ әдебиетінің толық тарихын жазу жұмыстарын жаңаша зерттеу - біз ұсынып отырған кітаптың негізгі нысаны болып табылады. Ұлттық әдебиеттану ғылымы қазақ сөз өнерінде болып жатқан жаңа өзгерістер мен ізденістерді ғылыми сараптамадан өткізіп, оның құнды жақтарына өз бағасын береді. Еңбекте ежелгі дәуір әдебиетін зерттеуші ғалымдар еңбектері мен 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихына» ғылыми сараптама жасалды.

Біз мүмкіндігінше, тәуелсіздік кезеңінде жарық көрген қазақ әдебиеттану ғылымындағы барлық ғылыми жинақтар мен зерттеулерге, жеке монографиялар мен диссертациялық жұмыстарға, ұжымдық еңбектерге де көңіл бөліп, талдауға, кейбірін шолу түрінде атап өтуге тырыстық. Сонда бір байқаған жәйт - ұзақ ғасырлар бойы атқарылмай келген көп шаруалардың азғана уақытта жүзеге асырылғандығы. Бұл, әрине, қуанарлық әрі құптарлық талап. Ұлттық ой-санамыздың тұсауы тәуелсіздіктің арқасында шешіліп, шұғыл шабыт берген еркіндік талай шаруаның атқарылғандығынан хабар береді.

Кітап «1920-30 жылдардағы қазақ әдебиеттануы», «1950-80 ж.ж аралығындағы әдеби-көркем сын» және «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеттануы», «Қазіргі қазақ әдебиеттануындағы жанр мен поэтика мәселелері», «Қазіргі қазақ әдебиетіндегі көркемдік тұтастық теориясы» деген бес тараудан тұрады.

Әр тарауда сол кезеңнің әдебиеттануына және баспасөз беттеріндегі әдеби сыннан бастап, іргелі монографиялық зерттеулерге дейін шолу жасалып, мол әдеби - ғылыми мағлұмат беріледі. Бұл еңбекті бір ғасырдың әдебиеттану ғылымына жасалған ғылыми - танымдық шолу немесе XX ғасыр әдебиеттану ғылымының қысқаша тарихы десе де болғандай.

1. ТАРАУ. 1919 -30 жылдар аралығындағы қазақ әдебиеттануы

1.1 Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу жолдары

XX ғасыр басындағы қоғамдық - рухани ситуацияда болған жаңа өзгерістер ұлттық санаға өз сәулесін түсірді.

1920-30 жылдары қазақ әдебиеттану ғылымының іргесі қаланып, кәсіби көркем сын теориялық талдауларға деген талаптарын танытты. Қазақ даласындағы қоғамдық-әлеуметтік, саяси, әдеби-мәдени өмірдегі күрделі өзгерістер үлкен рухани құбылыстың туып келе жатқанын байқатты. Қазақтың рухани өміріне талантты, тегеуріні, рухы, түпқазығы мықты толқын келді. Олар: Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатовтың, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов т.б. еді.

XX ғасырдың 1920-30 — жылдары қоғамдық-экономикалық формацияның қалыптасуы кезеңі болды. Ең бастысы, Алаш зиялылары халықты жаппай сауаттандыруға, қазақ тіліндегі оқу құралдарын жазуға, оны баспадан шығаруға белсене атсалысты. Соның нәтижесінде, белгілі жазушы, қоғам қайраткері Ж.Аймауытовтың “Психология” (1926), ақын М.Жұмабаевтың “Педагогика” (1927), жазушы М.Әуезовтің Казнаркомпростың ғылыми әдістемелік Кеңесінің шешімімен “Новый аул. Русский букварь для казахских детей” (1929) атты оқулықтары, т.б.

жарияланып, үлкен сұранысқа ие болды. Олардың бірнеше рет қайта басылуы - соның айғағы.

Осы кезеңде – әдебиетті сөз өнері деп танып, оны әдебиеттану ғылымының өз категориялары арқылы талдау, ондағы шеберлік пен көркемдік өлшемдері жөнінде ғылыми-теориялық ой-пікірлер айта білетін дарынды таланттардың зерттеу жұмыстары дүниеге келді. Атап айтар болсақ, Ахмет Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқышы” (1926) зерттеуі мен М.Жұмабаевтың “Базар жырау”, “Ақан сері сөздері” (1923) атты мақалалары қазақ әдебиеттануының негізін қаласа, Ж.Аймауытовтың “Мағжанның ақындығы туралы” (1925) атты мақаласы әдеби-көркем сынның көшбастаушысы болды. Қошқе Кемеңгеровтің “Көркем әдебиет туралы” (1926) атты көлемді еңбегі мен С.Сәдуақасовтың “Әдебиет әңгімелері” (1927), Екеудің “Көркем әдебиет туралы” (1927) т.б атты мақалалары төл тарихымызда көркемдік ойлау жүйесі мен әдеби -эстетикалық көзқарастардың қалыптаса бастағанын танытты. Сондай-ақ, Бейсембай Кенжебаевтың “Абай”, Ыдырыс Мұстанбаевтың “Көркем әдебиет туралы”, Шаймерден Тоқжігітовтың “Тоқсанның тобы” деген мақалаларында әдеби шығарма көркем мәтін ретінде қарастырылады. Ал, Ғаббас Тоғжановтың “Мағжанның ақындығы және Жүсіпбектің сыны” (1925), “Әдебиет және сын мәселелері” және “Абай” атты еңбектері қазақ әдебиеттануындағы тұңғыш монографиялық зерттеуі санатына енді. Осы жылдардағы жарық көрген С.Мұқанов, Е.Бекенов, Ғ.Мүсірепов,

Н.Төреқұлов, М.Дәулетбаев, Х.Жүсіпбеков т.б. сынды қаламгерлердің әдеби-сын мақалалары да осы сипатта көрінді.

1920-30 жылдар аралығында М.Әуезовтің көптеген әдеби сын мақалалары мен ғылыми зерттеу еңбектері жарық көрді. Атап айтсақ, “Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі”, “Ахаңның елу жылдық тойы, “Әдебиет ескілігін жинаушыларға”, “...Мағжанды сүйемін!” т.б. атты мақалалары мен 1924 жылы Ташкентте жарияланған “Әдебиет тарихы” деген зерттеу еңбегі. “Екеу” деген бүркеніш атпен берілген Ж.Аймауытов екеуі жазған “Көркем әдебиет туралы” сын мақаласы бар.

1920-30 жылдары қазақ әдебиеттанушылары ең алдымен халқымыздың мол әдеби және мәдени мұраларын ел арасынан жинап, оларды мұқият жүйелеп, баспадан шығаруды қолға алды. Ол жөнінде бірнеше рет мемлекеттік тұрғыдан арнайы қаулы-қарар шығарылып, ел арасындағы оқыған азаматтарға үндеу тасталды. Әр ақын-жазушыға белгілі мекендерде айтылып жүрген жыр-дастандарды, ел арасында кеңінен тараған аңыз-әңгімелерді, мақал-мәтелдерді, жергілікті жыраулардың өмірі мен өнерлері жайлы бүкіл мәліметтерді жинап, мерзімді баспасөз беттерінде жариялауды және баспаларға тапсыруды міндеттеді. Осы орайда орасан шаруалар жасалып, бұрындары баспа бетін көрмеген, тіпті аты мен заты да белгісіз болып келген қаншама құнды әдеби мұралар жиналып, жүйеленді.

1920-30 жылдары қазақ әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет абайтану саласы қолға алынды. Мәселен, ұлы Абайдың қайтыс болуына 1 жыл толуына орай, орыс тілінде 1908 жылы жарияланған ”Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы” деген мақаласында Абайды бірінші болып, ұлы ақын деп атаған әдебиет сыншысы Әлихан Бөкейханов еді. 1909 жылы Әлиханның басшылығымен Санкт-Петербурда Абайдың тұңғыш жинағы жарық көрді. Бұл деректер, сөз жоқ, ұлттық әдебиеттану ғылымындағы абайтану саласына сүре жол салынғанын дәлелдейді. Сондай-ақ Ахмет Байтұрсынов ұлы ақынның қазақ әдебиетіндегі тарихи орнын анықтаған “Қазақтың бас ақыны” деген мақаласы, Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтің “Екеу” деген бүркеншік атпен жарық көрген “Абайдың өмірі һәм өнері”, “Абайдан соңғы ақындар” атты еңбектері, Мағжан Жұмабаевтың “Хакім Абай” жырлары т.б. жарық көреді. Бұл, сөз жоқ, ұлттық әдебиеттану ғылымы үшін үлкен рухани табыс болды. Ғасыр басындағы үлкен рухани құбылыс – ұлы ақын Абай Құнанбаевтың әдеби-философиялық өлең-жырларының жарық көріп, оқырманның игілігіне айналуы еді. Бұл кезеңде қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдеби сыны қанатын кеңге жайып, өрісі кеңейе бастады. Алаш көсемдерінің бірі, араб алфавиті негізінде қазақтың жаңа (төте) жазуын жасаған реформатор, аса көрнекті түркітанушы, осы замандық қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы, ақын, аудармашы А.Байтұрсыновтың 1926 жылы жарық көрген “Әдебиет

танытқыш” атты теориялық зерттеуі – әдеби ұғым-түсініктердің тұңғыш рет ұлттық ұғымға лайықталған, арнайы “пән сөздері” жүйеленіп, жарияланған еңбек болды.

Сөз өнеріне тән категориялар мен әдебиет теориясының ғылыми тұжырымдарын А.Байтұрсынов кәсіби негізде қалыптастырды. Әдебиет зерттеушісі, көрнекті ғалым осы еңбегінде қазақ ақын-жазушыларының шығармашылықтарындағы поэтика, жанр, стиль т.б. мәселелерін анықтайтын көркемдік шарттарды айқындап береді. А.Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқышы” қазақ әдебиеттану ғылымындағы көркем мәтінді теориялық тұрғыдан талдаудың үздік үлгісін танытты.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы отыз жылы ішінде қазақ халқының саяси - қоғамдық, әдеби және мәдени өмірінде, тәуелсіздік жолындағы күресте жетекші рөл атқарған баспасөзді Алаш зиялылары тиімді пайдалана білді.

Осы орайда қазақ тіліндегі мерзімді баспасөз орындары көбейтілді, жастарды жаппай сауаттандыру мәселесі қолға алынды. Атап айтсақ, ұлттың ояну дәуірінің ұраншысы болған әйгілі “Қазақ” газетінің (1913-1917) редакторы болған А.Байтұрсынов қасына қазақ зиялыларын жинай білді. 1920 жылы 22 ақпанда “Кедей сөзі” атты газет, 20 сәуірде Астрахань қаласында айына үш рет шығатын “Кедей тілі” газеті, 1921 жылы РКП(б) Ақмола губерниялық комитеті мен губерниялық

революциялық комитетінің үні “Бостандық туы” газеті, 1921 жылдың 15 қыркүйекте РКП (б)-ның Қазақ облыстық партия комитетінің саяси-шаруашылық, мәдени-ағарту басылымы “Қызыл Қазақстан” журналының (қазіргі “Ақиқат”) және 7 қарашада “Еңбекші қазақ” газеті (“Егемен Қазақстан”), 22 наурызда Түркістанда Коммунист Жастар Орталық Комитетінің үні ретінде “Жас алаш” газеті (қазіргі “Жас алаш”) т.б. сияқты газеттердің алғашқы сандары шыға бастады. 1921 жылы қараша-желтоқсан айларында Орынбор қаласында қазақтың мемлекет баспасы құрылды. Жаңадан ашылып халықтың көзі мен айнасына айналған баспасөз жұмыстарына сол кездегі сауатты жұрт, жоғары білімді зиялы қауым белсене араласты. Мәселен, 1920 жылы 17 сәуірде “Ақжол” газетінде жарияланған Ж.Аймауытовтың “Көркем әдебиетті саралау” атты мақаласы, 1921 жылы 29 желтоқсандағы санындағы М.Дулатовтың “Жастар съезі” және 28 сәуірдегі “Жастарға” деген мақалаларының жариялануы соның айқын айғағы болса керек. Олардың әрбір мақаласы ұлттың тағдырын шешетін іргелі бір концептуальды мәселелердің бағдарламасы сияқты бағалы дүниелер екендігін күні бүгінге дейін құны жойылмаған бағалы ой-тұжырымдары айғақтайды.

Мұның өзі ұлттық әдебиеттану ғылымының уық-негізі құнарлы екендігін дәлелдесе керек. Міне, осы кезеңдерде мерзімді басылымдарда жарияланған әдеби-ғылыми зерттеулердің кәсіби, теориялық талдауларының

сапалы болуы “Әдебиет танытқыш” секілді теориялық еңбекпен қаруланудың нәтижесі.

Қазақ қоғамындағы жаңа өзгерістер, өндіріс орындарының құрылып, жұмысшы топтары мен шаруалардың тарихи аренаға шыға бастауы да қоғамдық сананың өсуіне зор ықпал етті. Мұндай оң өзгерістердің бәрі әлеуметтік өмір мен рухани дүниенің дамуына (әсіресе әдебиеттің, баспа, журналистиканың т.б. демократиялануына) себеп болды.

XX ғасыр басындағы баспасөзде қоғамдық-саяси өмірдің, мәдениет пен өнердің, ғылым мен білімнің, әдебиеттің көкейкесті мәселелеріне белсене атсалысқан қазақ зиялыларының ересен еңбектерін бүгінгі көзқараспен бағалар болсақ, әрқайсысы жеке-жеке бір мектепке бергісіз әрбір саланың көшбастаушылары еді.

Осы кезеңде әсіресе, әдебиеттің барлық салалары мен әдебиеттану ғылымының өзіне тән категориялары қалыптасып, жанрлық түрлер теориялық және тәжірибелік сипатта байқала бастады. Әсіресе, жазба әдебиет өркен жайды, фольклорға деген қызуғушылық туып, рухани мұраны жинау, сұрыптау мәселелері қолға алынды.

Мәселен, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, т.б халық мұрасын жинау жөнінде мерзімді баспасөз беттерінде халыққа, ел ішіндегі азаматтарға Арнайы хаттар жолдағаны мәлім. Соның нәтижесінде бірнеше ғасырлар бойғы ауызша насихатталып келген қазақ халқының асыл сөз қазыналары, бай әдеби мұралары, ақыл-ой маржандары

жиналды. Азғана мерзімде молынан жиналған аса құнды мұралар-ата-бабалардың ерлігі туралы тарихи жыр-дастандарға деген халық сүйіспеншілігін көрсетті. Тегінде, қазақ асыл сөзді ардақтап, бағалай білген, кестесі келіскен әдемі сөзді қастерлеп, өнер тұтқан халық екендігін дәлелдеді. Соншалықты мол мұраны ауыздан-ауызға, жазбасыз, баспасыз ғасырлар бойы ойда сақтау қазақтың жады мықты, өзі шешен, өзі алғыр халық екендігін танытты. Міне, осынау мол құнды рухани байлық қазақ зиялыларының жанқиярлық еңбегінің нәтижесінде қағазға түсіріліп, оқулықтарға енді. Кейбірі қолжазба қорларында жиналып, жүйеленді. Ауыз әдебиетінің үздік үлгілері мен халық арасынан жиналған асыл сөздер баспасөздерде, әдеби жинақтарда жүйелі түрде жарияланып отырды.

Ұлт әдебиетінде жанрлық түрлер дамыды, қазақ поэзиясы мен прозасы жаңа көркемдік ізденістерге бой алдырды, тіпті еуропалық деңгейдегі классикалық дүниелер жарық көре бастады, олардағы тың талпыныстар, көркемдік және стильдік ізденістер бұрын болмаған қуатты қарқында өріс алды. Кітап шығару ісі қауырт қолға алына бастады. Олардың көркемдік сапасы жөнінде сөз басқа. Тек XX ғасырдың 20 жылында 500-ге тарта кітап баспадан шықты. Оған Ә.Жиреншиннің, Ә.Нарымбетовтың, т.б. қазақ кітаптары тарихынан жасаған библиографиялық көрсеткіштері, 1971 жылғы “Қазақ кітаптары”, 1986 жылы “Революцияға дейінгі қазақ тілінде шыққан әдеби кітаптар”, 1978 жылы жарық көрген

библиографиялық көрсеткіштер куә бола алады. Атап айтсақ, сөз өнерінің ең күрделі жанрлық түрі – романның алғашқы үлгілері осы ғасыр басында дүниеге келді. М.Дулатовтың “Бақытсыз Жамалы” (1912), С.Торайғыровтың “Қамар сұлу” (1914), “Кім жазықты” (1915), С.Көбеевтің “Қалың малы” (1914) т.б. атты прозалық шығармалары арқылы күрделі жанрлық түр – роман дамыды.

XX ғасыр басында алғашқы драматургиялық туындылар, пьесалар, спектакльдер, трагедиялық, комедиялық драмалар т.б. және әдеби сын, поэзиялық жанрлық түрлер пайда бола бастады.

Осы кезеңдерде жан-жақты байытылып жатқан әдеби мұралар мен жаңа рухани құбылыстардың нәтижесінде олардың көркемдік ерекшеліктерін, стилдік ізденістерін, жанрлық өзгешеліктерін анықтау мақсатында әр алуан әдеби ағымдардың өріс алғаны да белгілі. Мәселен, романтизм, символизм, сыншыл және социалистік реализм т.б. Бұл ағымдар қазақ сөз өнері өрісіне мынадай жанрлық түрлерді өмірге әкелді: С.Сейфуллин – тарихи-ғұмырнамалық, С.Мұқанов – тарихи - әлеуметтік, Ж.Аймауытов – психологиялық, М.Әуезов – әлеуметтік-психологиялық, тарихи - философиялық роман жанрларының көш бастаушылары болды. Әдебиетті кезеңдеу мәселесінде 1922 жылы жарияланған М.Әуезовтің “Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі” атты мақаласы алғашқы іргетас болды. Міне, бұлардың бәрі XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттану ғылымының

іргесін қалап, оның зерттейтін нысаналарын анықтап бергені кәміл. Және XX ғасыр басында әдебиеттің үлкен бір саласы болып табылатын қазақ әдеби сынының қалыптасу процесі басталды.

1920 - жылдары Қазақстанда ескіні жойып, жаңаны орнықтыру үрдісі жүріп, баспасөз беттерінде ашық қоғамдық және әдеби ой - пікірлер айтылып, бұрындары жол берілмейтін сөз бостандығына демократиялық негізде мүмкіндік алынған еді.

Міне, осынау қоғамдағы, саяси-әлеуметтік, рухани өмірдегі жаңа өзгерістердің бәрі ұлттың өзін-өзі тануына дәнекер болды. Ал, олар әдеби процестің тарихи өзгеруіне алып келді.

“Қазақ әдебиеті әлемінде идеялық-көркемдік ізденістер мен бағыттарды белгілейтін әр алуан атаулар болды, - дейді осы кезеңнің білгір маманы Т.Кәкішев, – Кеңес жолындамыз дегендердің қаламдарынан байшыл, ұлтшыл, буржуазияшыл-ұлтшыл, оқыған байшыл, кертартпа романтизм, алашшыл, алашордашыл, жатыпатар дегендей толып жатқан даттаушы атаулар қолданылды. Бұған сол кездегі партия-кеңес жұртшылығы тапшыл, төңкерісшіл, марксшіл, революцияшыл, жалған лепірімешілер, өтірік ұрандатқыштар, жалаңаш шындықшылдар, сауатсыз натуралистер дегендерді боратты. Тіпті әрі беріден соң “аймақтық таным-білік өңірлері” де кездесті. Қазақстанда тапшылдық түсінік белең алып, бет қаратпай қойған соң, Ташкентті “қазақтың эмиграциялық орталығына” айналдырмасқа

шарасы қалмады. Сондай-ақ, Қазақстаннан жылы қабақ көре алмаған оңшылдар мен солшылдар “Мәскеуде оқып-жетілуді” машыққа айналдырып алды. Мұны республика басшылары “оппозиция болдырмаудың амалы” ретінде “құрметпен аттандырып” жолдама берудің аяр түріне айналдырды. Осылайша жіктелу мен жіктеу идеялық-көркемдік таным-білікті айтып, жазуға ықпал етті” (202-б.).

Әдебиетші-сыншы сол кезеңнің саяси, қоғамдық, әдеби-сыны жайындағы хал-күйін осылай дәл анықтап береді.

Ақтаңдақтар арқылы айқындалған ақиқаттың нәтижесіне жүгінсек, XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттану ғылымында екі ірі әдеби бағыттың орын алғанын байқаймыз. Бірі –Алаш зиялылары, атап айтқанда А.Байтұрсынов,М.Дулатов,М.Жұмабаев,Ш.Құдайбердиев, Ж.Аймауытов, С.Сәдуақасов, т.б. бастаған ұлттық сөз өнеріндегі әдеби дәстүрді ұстанған, барлық шығармадан тек қана көркемдік талапты шеберлік шеңберінде қарастырып, зерттеуге құлықты қалам қайраткерлері ұстанған бағыт болса, екіншісі – С.Мұқанов, С.Сейфуллин, Ғ.Тоғжанов, Н.Төреқұлов т.б. бастаған әдебиетті тек саяси тұрғыда танып, ұлттық әдеби дәстүрді кеңестік кезеңнің идеологиялық талабына салып, еңбекшіл, тапшыл бағытты ұстанғандар еді. Алайда, араға жетпіс жыл салып қайта оралған арыстарымыздың көркем туындылары арқылы ғана сөз өнерінің өлмес рухани мұра екендігіне көз жеткіздік.

XX ғасыр басындағы әдеби-көркем сынындағы тәлім аларлық өнегелі бір тәжірибе – баспасөзде жарық көрген әрбір көркем шығармаларды замандастарының қырағы көзі тез шалып, таланттарын танып, танытып, көркем жүйеге ендіру еді. Мәселен, М.Әуезовтің “Мен Мағжанды сүйемін” деп жар салуы, Ж.Аймауытовтың елдің бәрі Мағжанды байшыл, ұлтшыл деп даурығып жатқанда “Мағжанның ақындығы” деп баяндама жасауы, А.Байтұрсыновтың 50 жылдығында С.Сәдуақасов пен Т.Шонанұлының орыс және қазақ тілінде әдемі баяндама жасап, ұлт көсемінің кім екендігін өзге жұртқа да, өзімізге де танытып, мойындатулары шын мәніндегі талантты танытудың, бағалаудың үлгісі еді.

Әдетте, әдеби сын жарқ еткен жаңалыққа, әдебиетке өзінің үнімен келген талантты туындыларды танудан, олардың жаңа ой, тың түрлік ізденістеріне деген ізгі ілтипаттан бастау алатыны белгілі. Ал, жеке жазушының жүрек қозғаған көркем шығармасы туралы сөз қозғау сол кезеңнің әдеби әлемін, поэтикалық әуенін, кезеңнің көркемдік қуатын, бір сөзбен айтқанда сөз өнерінің өресін, бағыт-бағдарын анықтауға мүмкіндік береді.

Сондай аласапыран кезеңде таланттардың бір-бірлерін танулары, олардың авторларын әдеби-көркем, ғылыми айналымға ендіруі оқырман назарын сол жаққа бұруы, сөз жоқ ірі тұлғаларға ғана тән ірілік болса керекті. Бұл жөнінде саңлақ суреткер Ә.Кекілбаев былай дейді: “...Күйзелмегенде қайтерсің. ...Ғасыр басындағы Сұлтанмахмұт қайтыс болғандағы Шәкәрімнің, Ахмет

Байтұрсынұлы тойындағы Мұқтардың, Мағжан жайындағы Жүсіпбектің жүрекжарды сөздерінен кейін қазақ қаламгерлері бір-бірі жайында айтса, ауыздары қисайып кететіндей көрінеді де тұрады. Отызыншы жылдардағы жаппай от лақтырыстыру рухани дүниемізде атом бомбалары жарылғандай алғашқы алапат болды. Біреудің мүйізі сынғаннан, біреуге мүйіз шықпайтынына, біз секілді азғантай қауымның бірінің бірі тілегін тілесіп, бірінің жетістігіне бірі қуанып жүре алғанда ғана көсегесі көгеретініне сол жолы көзіміз әбден жеткен шығар деп едік. Бір атым насыбайдан көңілі қалысып, бірінің ізін бірі шабақтау әлі де орын алып келеді”¹.

Ал, Әлихан мен Кәкітай, Тұрағұл арасындағы шынайы достық, бір-біріне деген адалдықтары жайында академик Рымғали Нұрғалидың: “Алаш азаматтарының қалтқысыз достығына қайран қаласың”, - деп тамсануы да тегін болмаса керек.

Алайда, қазақтың қанына сіңген күншілдік қазақ зиялыларының арасында болуы өкінішті-ақ нәрсе. Оның бірден-бір дәлелі – ұлт ұстазы атанған Ахмет Байтұрсыновқа деген өшпенділіктің өріс алуы оның 50 жасқа толған мерейтойында жасалған С.Сәдуақасовтың баяндамасынан кейін, ал, ұлы ақын М.Жұмабаевқа бағытталған мылтықсыз майдан Ж.Аймауытовтың Ташкент студенттері алдында жасаған әйгілі “Мағжанның ақындығы” деген баяндамасынан соң басталды.

¹ Жортқанда жолың болсын, жолбарысым. // «Егеменді Қазақстан», 2005, 5 наурыз.

Қазақтың мінезіндегі осы мініне кезінде Халел Досмұхамедов “аламандық” деп атау беріп, қатты сынға алған еді. Алайда, көпшілік болған соң пендешілігіміз де аз болмаса керек.

1920 жылы 30 қарашада Қазақ АССР Орталық Атқару Комитеті республикадағы “оқыған қазақтардың тізімін алу, оларды қоғамдық - әлеуметтік және қаламгерлік іске тарту” жөніндегі қаулысына сәйкес жер - жердегі оқыған жастарды, әсіресе елге сөзі өтімді қолында қалам-қаруы бар ақын-жазушыларды, журналистерді, әдебиетшілерді т.б. баспасөз орындары арқылы саяси сайыстарға, әдеби айтыстарға тартты. Сондай-ақ, 1922 жылы “Шолпан” журналында, “Еңбекші қазақ” пен “Степная правда” газеттерінде қазақ қаламгерлерін осынау игілікті іске шақырған, олардың атқарар міндет-парызын айқындаған үндеуі жарияланды. Осы тұста А.Байтұрсынов қазақ жазушыларының съезін шақыру идеясын қолға алған еді. Алайда, ірі қайраткердің бұл ойы толық жүзеге аса алмай қалады. Оның себебін автор 1922 жылы 8 шілдеде “Еңбекші қазақ” газетінің 29 санында жарияланған “Қазақ қайраткерлерінің жайынан” атты мақаласында былай түсіндіреді: “... Жалғыз қалам қайраткерлері емес, қазаққа жаны ашитын басқа азаматтар да қазақтың басқалардан көрген кемшілігін айтпай тұра алмайды. Қазақтың сөзін қаймықпай сөйлеу керек. Бауырмал десін, қазақшыл десін, ұлтшыл десін, оған құлақ асып, көңілге ауыр алмау керек. Қазақ қасындағы жұрттардың қатарына жетіп, теңелуіне керекті ісімізді қолға алайық... Басқалармен мәдениеті

теңеліп, жарыса-жармаса күн етуге қазақ жеткен күні қазақты қасындағылар қаңсылатуды қояды... Қазақ жем болудан түбінде “декрет қуатымен құтылмайды, мәдениет қуатымен құтылады...”

А.Байтұрсыновтың бұл жан айғайы көпшілікке арналды. Қазақ білімді болса ғана ешкімге құлдық ұрмайтынын ескертеді. Алайда, бұл мақала А.Байтұрсыновтың партиядан шығып, комиссарлықтан кетуіне себеп болады. А.Байтұрсыновтың бұл ерлігі - өмірлік рухани құндылықтар мен ірі концептуалды идеялар жолында қызмет етіп, нағыз ұлтжанды, халық перзенті екендігін танытты.

XX ғасырдың 1920-30 жылдар аралығында мерзімді баспасөздерде жарияланған әдеби мақалалар мен Алаш зиялыларының әр саладағы жазған зерттеу еңбектері, оқулықтары қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасуына қызмет етті.

1.2 Әдеби-сын және эстетикалық көзқарастар

1921-1925 жылдары қазақ баспасөзінде әдебиеттің жалпы мәселесінен гөрі жеке таланттардың шығармашылығы жөніндегі айтыстар көп болды. Бұл мақалаларда көркем шығарманы тану талаптары мен оларды көркем сын және теориялық тұрғыдан қалай талдау керек деген мәселелер де жиі сөз болды. Әсіресе, таза әдеби шығармаға қойылар көркемдік шарт әдеби сын мен эстетикалық талғамға деген биік деңгейді қажет ете

бастады. алайда, бұл кезеңдегі баспасөздегі мақалаларда қазақ қаламгерлерінің шығармашылығы, олардың қазақ әдебиетіне әкелген көркемдік жаңалығы, қосқан үлесі, тіл бейнелілігі, стиль мәселесі, жанрлық жаңалықтары т.б. секілді әдебиеттің өз категорияларын талдаудың орнына жеке басқа тиісу, тырнақ астынан кір іздеу т.б мәселелері басты рөл атқарды. Мәселен, қазақ прозасы мен поэзиясына өзіндік көркемдік ізденістері арқылы біршама стилдік жаңалықтар енгізген, қазақ әдебиетіндегі тарихи-ғұмырнамалық роман жанрының (“Тар жол тайғақ кешу” романы) негізін қалаған С.Сейфуллинді де өз замандастары тек таптық тұрғыдан ғана танып, талдады. Кеңес әдебиетіне сол кездегі саяси-әлеуметтік талапқа сай, уақыт талабына толық жауап беретіндей поэзиялық шығармаларында, бой көрсетіп тың бейнелеуіштік, көркемдік мүмкіндіктерін замандастары бағалай алмады. Ал, Сәкен Сейфуллин шығармашылығынан докторлық зерттеу еңбегін жазған белгілі ғалым, академик С.Қирабаев: “Сәкенмен тұстас әдебиетте қызмет істеген қайраткерлер Қазақстанда аз емес. Солардан Сәкеннің озық тұратыны – жас ақынның заман талабына ілесе ілгері басып, өмір өзгерістерінің сырын жіті аңғара білгендігінде. Ол өз шығармаларына жаңа заманның талап-тілегін арқау етті, азаттық аңсаған халықтың арман-мұңын арқалады. Алғашқы творчестволық еңбегін ХХ ғасырдың басындағы әдебиеттің демократиялық сарынында бастаған оның революция жылдары түлеп

шыға келгенінің, бірден күрес жыршысы бола кетуінің сыры да осында”, - деп дұрыс бағасын береді.²

Қазақ әдебиетінде енді ғана қалыптасып келе жатқан проза мен поэзияны кәсіби тұрғыдан кемелдендіріп, оның жан-жақты өркендеуіне өз дәрежесінде үлес қосқан талантты ақын, жазушы С.Сейфуллиннің қайраткерлігі де, қаламгерлігі де тек бір жақты, таптық тұрғыдан ғана зерттелді. С.Сейфуллиннің қоғамдық, мемлекеттік, қайраткерлік істері, әсіресе Қазақстан баспасын ұйымдастыру мен оның өнімдерін халыққа тарату жағына жетекшілік ететін қызметі оның үш кітабының 1922 жылы (“Асау тұлпар” атты өлеңдер жинағы, “Қызыл сұңқарлар” деген төңкерісшіл пьесасы, “Бақыт жолында” драмасы) баспадан жарық көруіне мүмкіндік бергені сол еді бәсекелестерінің саны күрт өсіріп, ол кітаптар жөнінде 20-ға жуық сын мақалалар жарияланды.

С.Сейфуллиннің “Қызыл сұңқарлар” пьесасына алғашқы болып “Шолпан” журналына “Қоңыр” деген бүркеніш атпен М.Әуезов сын жазды. “Болар бала басынан” дегендей, М.Әуезов шын талантты тани білгендігін байқатып, қаламгердің шығармашылығындағы кейбір шалағайлықтарды шамына тимейтіндей асқан мәдениеттілікпен мінейді. Онда пьесаның драматургиялық кемшіліктерін, диалогтардың нашар құрылғандығын, кейіпкерлердің бір кескінділігін сынайды. Дәл осындай жанашырлық сипатта жазылған

² С.Қирабаев. «Сәкен туралы сөз». 1984 жылғы мақаласы. Кіт: Шығармалар. (Сын мақалалар мен зерттеулер). 2-том. – Алматы: Жазушы, 1992. 244-б.

сын “Еңбекші қазақ” газетінде 1923 жылдың 2 ақпанында “Жыл құсы” деген тақырыппен жарияланды. Онда: “...Қазақ әдебиетінің бет алысын жаңа ағымға бұрып, жол салған – “Қызыл сұңқарлар”. Сондықтан ол – “жыл құсы”, - деп дұрыс баға беріледі.

Ал, “Асау тұлпар” өлеңдер жинағына “Темірқазық” журналында Нәзір Төреқұловтың атынан даттау мақала жарық көреді. (Атап айтқанда, “Қызыл сұңқарларға” – “Шолпан” журналының 2-3 санында, “Асау тұлпарға” – “Темірқазық” журналының 1 санында – Г.П.) Нәзірдің осы мақаласы 1923 жылы орыс, татар, башқұрт, өзбек, қырым татарлары, тағы басқа да тілдерге аударылып, басылады.

Бұл жерде зиялы қауым арасындағы күншілдік, шығармашылық барысындағы бақталастық деген мәңгілік кеселдің “үздік үлгісін” көруге болады.

1923-24 жылдары “Сынға сын”, “Журналист, жазушы, ақын һәм оқушы”, “Қазақ әдебиетіндегі орынды һәм орынсыз сындар туралы”, “Қазақ әдебиеті тарихынан”, “Қисық сынға әділ төре”, “Өзің адассаң да өзгені адастырма”, “Сынау һәм сынауды сынау”, “Қисынсыз жала” деген мақалалар Сәкен Сейфуллиннің кітаптары мен шығармаларына байланысты жазылды. Соның бірі – С.Мұқановтың “Сынға сын” атты мақаласы С.Сейфуллиннің “Асау тұлпар” жинағын сынап, жоғарыда ақын туралы түрлі лақап таратқан Н.Төреқұловқа жауап ретінде жазылып, ол “Қызыл Қазақстан” журналының 16-санында 1923 жылы жарияланды.

Н.Төреқұловтың (“Қызыл Қазақстан”, 1923, № 16); Мәжит Дәулетбаевтың “Сын орнына қисынсыз құн” деген мақаласы (“Бостандық туы”, 1923, № 37) да Сәкеннің шығармашылығына арналды. Бұл сындардың бәрінде ақынды ұлтшылдықты, ақсүйектікті, сұлу әйелдерді жырлайды, ал “Домбыра”, “Экпресс”, “Айт”, “Азияларында” түрік бірлігі көзделіп, ескі феодалдық-рушыл қоғам дәріптеледі”, - деп сөгілді.

М.Әуезовтің “Бәйбіше-тоқал” трагедиясына сын жазған Даниял Ысқақовтың тарапынан: “... Сын қайырымсыз қатал би болып та, қол қусырған құл болып та тіршілік ете алмайды” (“Сана”, 1923, № 1-2), - деген ғылыми сөздің айтылуының өзі 20-жылдардың бас кезіндегі қазақ әдебиеті сынының көркемдік дәрежесі өсіп, оған қойылар талап пен жауапкершіліктің жоғары екендігін көрсетсе керек. Және осы мерзімді баспасөзде кеңінен өріс алған әдеби айтыстар мен сын қазақ әдебиеті деген ғылыми түсінікті қалыптастыруға да мүмкіндік берді. Сөйтіп, XX ғасырдың басында әдеби-көркем сын тарихи-қоғамдық санаға сіңіп, әдеби процеске жан-жақты араласа бастады.

1923 жылы қаңтар айында Ташкентте Түркістан оқу халық комиссарлары жанынан “Сана” журналының алғашқы саны жарық көрді. Журналдың алғашқы саны Х.Досмұхамедұлының “Қазақ-қырғыз білім комиссиясынан” деген мақаласымен ашылып, онда аталмыш басылымның мақсат-міндеттері айқындалды. Журналдың осы санында М.Тынышбайұлының “Түрік-

монғол тарихы” деген мақаласы жарық көрді. Сол кезде Ташкентте жүрген қазақ зиялылары М.Әуезов, І.Жансүгіров т.б. бұл басылымның жұмысына белсене атсалысқанымен ол үш санынан соң, 1924 жылдың қарашасында жабылып қалды. Ал осы жылдың ақпан айында Москвада ұлттар ісін басқару жөніндегі комиссариаттың қазақ-қырғыз бөлімінің үні ретінде “Темірқазық” журналының алғашқы саны жарық көрді.

XX ғасыр басындағы мерзімді баспасөз беттерінде кеңінен өріс алған әдеби айтыстарда тұрпайы социологиялық сынға көп ұшыраған талантты тұлғаның бірі – М.Жұмабаев болды. Қазақ поэзиясына көптеген көркемдік құндылықтар қосқан ақын шығармашылығы өзіндік ерекшелігімен танылғаны белгілі. Мағжан Жұмабаевтың өлеңдері алғаш рет 1923 жылы Ташкентте Сұлтанбек Қожановтың алғы сөзімен жарыққа шықты. Белгілі қазақ қоғам қайраткері С.Қожановтың: “... Мағжан өлеңдерінің саяси мәнісінен гөрі, әдеби мәнісін көбірек кәде тұттық... Әдебиет тарихындағы соңғы 10-15 жылдағы ағымдарды тексеруге де жақсы құрал бола алады деп ойлаймыз. М.Жұмабайұлының өлеңдерінің тіл жағынан, әдебиеттану жағынан пайдасы көп болады деп сенеміз”, - деген сөзі әлі күнге дейін өз құндылығын жоя қойған жоқ.

Ақынның қазақ поэзиясына әкелген символистік сарыны қазақ өлеңіне тың өрістер ашқаны белгілі. Осы орайда белгілі мағжантанушы Ш.Елеукенов: “Мағжан символистік өлеңдерінде жан даусының бұлдыр, жұмбақ

тебіреністерін суреттеуге тырысты, - дей келе, – ...Өлеңді дыбыстық жағынан үйлестіру – қазақ поэзиясына Мағжан әкелген жаңалық”, - деп түйін түйеді³.

М.Жұмабаевтың қазақ өлеңіне қосқан көркемдік жаңалықтары жөнінде көптеген әдебиеттанушы ғалымдар, мағжантанушылар жазған болатын. Ең өкініштісі арқалы ақынның талантты туындылары 1988 жылдардан соң ғана қайта қаралып, әдебиеттің өз талабы мен теориялық категориялары талабынан талданып, өнер тарихындағы өзінің лайықты орнын алды.

Өткен ғасырдың басына қайта оралып, сол уақыттың лебін сезіну үшін тағы да тарихи құжаттарға, ғылыми деректерге көз жіберелік. Ақынның алғашқы жинағына орай Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде 1924 жылы 24 қарашада Нәзір Төреқұлов баяндама жасайды. Баяндама бастан-аяқ тұрпайы социологияға бой алдырғанын Н.Төреқұловтың мына сөздері дәлелдейді: “...Осы уақыттағы Мағжан өлеңдерін алсақ, қазақ әдебиетінен бөлек кеткен. Мағжан “дала ақынымын” дейді. Бірақ далаға ұқсаған жері жоқ. Барлық жазатыны өзінің ұшы-қиыры жоқ қиялы... Біз айтамыз, Мағжан Кеңес топырағына отыратын адам емес... Мағжанның өлеңінде қазақтың шаруашылығына, әдебиетіне, саясатына үлкен қарсылығы бар. Сондықтан ішін ашып тексермей, мынау әдебиет деп қабыл ала

³ Ш.Елеукенов. Мағжан (Өмірі мен шығармагершілігі). Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. 204-205-бб.

берсек, барлық идея – кәмунес жолымыздан айрылып қаламыз.

Біз “қазақ әдебиетіне жол салған – Абай” дейміз. Бірақ қазақ әдебиетінің атасы Абай дегенде, бәрін өзімізге қойып алу үшін емес, соның негізімен жалшылар әдебиетіне негіз, жол салу деген сөз. Мағжан ақын, бірақ қазақ ақыны емес, қазақтың тұрмысынан айрылған ақын. Осы күні “кәмунес жасасын”, “төңкеріс жасасын” деп сыдыртып жүргендер де бар. Олардың дегеніне еріп кетпей, демагогикасына жол бермей, сынап, ішін ашып қарап, тексеру керек. Мақтай берсек, бір күні онан да алданып қалуымызға мүмкін”.⁴

Бұл мақала Н.Төреқұловтың Мағжан шығармашылығын жоққа шығаруға тырысушылығын танытады. Тарихи деректерде Н.Төреқұлов пен Ғ.Тоғжановтың есімдері көбіне жағымсыз сипатта сөз болады. Оларға, әрине, уақыт төреші. Өйткені, уақыт-теңіз өзіне керегін қалқып алып, жарамсызын жаңқаша жағаға лақтырып тастайтыны белгілі.

Н.Төреқұловтың әлгі баяндамасынан соң сол жиынға қатысқан 60 жастың 20-сы баяндаманы қуаттап сөйлесе, жалғыз Жекен Сәрсенбіұлы ғана: “Мағжанды саясатпен ғана емес, әдебиет жағынан тексеріп, пайдалысын алсақ қайтеді”, - деген ұсыныс-пікірімен жақтап, сөз сөйлейді. Тарихи дерекке сүйенсек, осы жиында қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет дөрекі социологиялық қаулы

алынып: “...Мағжанның ұстаған беті, негізгі пікірі – түрік атағын көтеру, түрікшілдікті (пантюркизм) тарату екендігін, оның “...қазақ еңбекшілерінің ілгері басуына, жаңа туып келе жатқан жас әдебиетінің өркендеуіне кедергі болады, зиян келтіреді” деген саяси жала жабылады.

Марксизм, ленинизм жолына түскен жастар осы жиында көпшілік дауыс алып, төрт тармақтан тұратын мынадай қаулы қабылдайды:

1. “Мағжан өлеңдеріне сырты әдемі, ұйқасы, тізімі жақсы” деп қана қарау, саяси жағынан ескермеу, мазмұнын тексермеу – зор қата деп білеміз. Саяси жолы теріс, төңкеріске қарсы өлеңдер еңбекшілер әдебиетіне өң бермейді.

2. Бұдан былай жер жүзінің еңбекшілерімен бірге қазақ еңбекшілерін де бастап отырған кәмунестер партиясының жолына қарсы Мағжанның “Жұмбақты өлеңдері газет-жорналдар бетіне тексерусіз басылмасын” дейміз.

3. Қазақ еңбекшілеріне кәмунестер партиясының бағытымен жөн сілтеп, түзу басшылық етеді дейтін бірсыпыра кәмунес жолдастар (Мағжан кітабының басылуына, таралуына себепші болған жолдастар кіреді) Мағжан өлеңдеріне әдеби сын көзімен қарасын; әдебиетке “көркемдік, сыршылдық, суреттілік кіргізеді” деп, жолынан адаспасын, мына кітапты түсіндірусіз бұл түрде бастырулары қате екендігін еңбекшілер алдында мойнына

⁴ Т.Бейісқұлов әзірлеген Н.Төреқұловтың мақаласы. // «Жұлдыз», 2003. № 8, 196-б.

алсын және бұдан былай бұл секілді қате істерден сақтансын дейміз.

4. Мағжанның саяси жолы қазақ еңбекшілеріне зиян екендігін есімізге алып, бұл Мәскеудегі лениншіл жастар, оның өлеңдерінің зиянды жерлерін қазақтың еңбекші жастарына, жалшы, қырдағы бұқара еңбекшілерге толық түсіндіруді міндетіміз деп білеміз. Басқа жердегі жастарды да осы іске шақырамыз.

Күншығыс университетіндегі қазақ-қырғыз жастарының “Жерлестік” ұйымы атынан: Уәли Орынбайұлы, Ілияс Қабылұлы “Еңбекші қазақ” газеті, 1925, 14 қаңтар.

Бұл өрескел сынға 1925 жылы Ж.Аймауытов “Мағжанның ақындығы” деген классикалық мақала жазып, жауап бергенімен, тапшыл топтың өкілдері әдебиеттің өзіндік ерекшелігіне, көркемдіктің шарттарына назар аудармады.

Ал осы мақалаға қарсы жазылған “Еңбекші қазақ” газетінің бірнеше санында жарияланған Ғ.Тоғжановтың “Мағжанның ақындығы, Жүсіпбектің сыны” (1926) деген кітапшада эстетикалық талдаудан гөрі социологиялық баяндау басым екені оқыған кісіге бірден-ақ байқалады. Автор ол ойын 1929 жылғы “Әдебиет және сын мәселелері” атты кітабында одан әрі жетілдіріп, толықтырып, түрлендіріп, тағы да пысықтай түседі. Осы орайда біздің қарастырып отырған кезеңіміз болмаса да айта кетер бір жайт – 1931 жылы 25 ақпанда “Еңбекші қазақ” газетінде ҚазАПП-тың ұйымдастыру бюросы мен

коммунист жазушылар мәжілісінде қабылданған “ҚазАПП-тың алдындағы міндеттер туралы” қаулысы жарияланып, онда қазақ әдеби сынына қатысты көптеген кемшіліктер көрсетіледі. Міне, сол кезеңдердегі сынға белсене атсалысқан Ғ.Тоғжанов осы кемшіліктердің бәріне бір өзі кінәлідей бұрынғыдан бетер асыра сілтеушілікке салынып, өзі де өзгелерге сынды күшейткені белгілі.⁵

Ғ.Тоғжанов: “Өткен сынның үлкен бір кемшілігі көркем әдебиеттің жалпы искусствоның өзіне хас өзгешелігін ескермегендігі, осыдан барып біздің көп сынымыз бір беткей саясат сыны болып кетті”, - деп мойындайды.⁶ Кейін Ғ.Тоғжанов “Байтұрсынов және байтұрсыновшылдық” деген мақаласында өзінің барлық қателіктерін мойындағаны белгілі.

Бұл бір ғана Ғ.Тоғжановтың ғана емес, сол кезеңдегі сынға белсене араласқан барлық әдебиетші, қаламгерлерге тән ортақ олқылық еді. Тек әдебиеттің тарихында ВКП(б) Орталық Комитетінің 1932 жылғы 23 сәуірдегі қаулысы мен 1934 жылы 12-18 маусымда болып өткен қазақ қаламгерлерінің 1-ші Құрылтайында кеңінен әңгіме болған әдебиет, сынның мәселелері бұрынғыдай солақай партиялық деген бір жақтылықтан арылып, енді олардың көркемдік сапасы мен әдеби процестегі даму сатысының ішкі қыр-сырына үңіліп, теориялық жағына көп көңіл бөле

⁵ «Большевик Казахстана», 1933. № 4-6; Очерки по истории Алашорды. – Алма-Ата- Москва, 1985

⁶ Ғ.Тоғжанов. Қазақ әдебиетіндегі сын туралы кейбір өзгешеліктеріміз. // Социалды Қазақстан, 1933, 24 тамыз.

бастауы ғана әдеби сынның кәсіби деңгейде өріс алуына мүмкіндік берді. Десе де, 20 жылдың соңына дейін әдебиеттердегі солақай сын, партиялық басшылық, таптық көзқарас, ұлтшылдық т.б. жөніндегі әдеби айтыстар баспасөз беттерінен түсе қойған жоқ.

Бірінен соң бірін сынап, саңлақ суреткерлердің сағын сындыруға тырысқан Нәзір мен Ғаббастың сынынан арашаламақ болған жандар да табылды. Олар әсіресе, Мағжанның өзінен гөрі халыққа рухани қызметті мәңгілік атқаратын әдеби мұраларының мұқалмауын, таланттың тоқырамауын тілеп, ақынға моральдық тұрғыдан сүйеніш болуға тырысты. Оған бірден-бір дәлел – 1924 жылдың 16 мамырында Ж.Аймауытов пен Молдағали Жолдыбаевтың Мағжанға жолдаған хаты. Шын жанашыр достың жүрегінен шыққан шынайы лебізінде: “Сен – қазақтың ақынысың. Алаштың қайғысын жырлайсың, ұлтынды өліп-өшіп сүйесің, онымен бірге күйесің. Қазақтың келешегінен үміт жоқ болса, онда жойылып кету халіндегі халыққа көркем әдебиеттің керегі қанша? Біз сенен кеудемізге рух пен қуат құйып, дертімізден айықтыратын, бақытқа бастайтын сөз күтеміз.

Пушкинді Пушкин еткен – оның керемет ойы, сезімі және зор үміті. Сен – қазақтың байрағысың. Мейлі, тасбақа аяңмен жүр, бірақ өмірден үмітінді үзбе, өмірге орал, 20-ғасырда тұрғаныңды ұмытпа! Өрісіңнің кеңеюін тілеп, қайғылы сезімнің құрсауынан өз-өзіңді ептеп болса да босатуыңызды қалаймыз”,⁷ - деген өтініш-тілек бар.

⁷ «Егемен Қазақстан», 1992, 28 наурыз.

Шынайы таланттар ғана бір-бірін осылай бағалай білсе керек, солар бір-бірін осылай сүйсе керек!. Осындай қиыншылық кезінде бір-біріне қайрақ та, тіреніш те бола алатын тұлғалардың тапшы келетіні несі екен?!

1920-жылдары сынға көп ұшырағандардың бірі – М.Әуезов. 1922 жылы “Қазақ тілі” газетінің 20 санында “Ж” деген бүркеншік атпен Ж.Аймауытов “Қорғансыздың күні” әңгімесіне сын мақала жазды. Онда автор М.Әуезовтің шағын жанрдағы классикалық дүниесі ретінде бағаланған әңгіменің кейбір ұсақ кемшіліктеріне тоқтала отырып, қаламгердің қалам сілтесінен, соны сөйлем құрасынан, кейіпкердің ішкі рухани әлемін жете зерттеуінен сөз зергерін сұңғыла сәуегейлікпен танып, оның келешегінен көп үміт күтетінін, қазақ прозасын әлемдік өркениетке жеткізуге үлкен үлес қосатына сенім артады. “Қорғансыздың күні” сол кездегі әділетсіздікті аяусыз әшкерелеумен қатар қазақ әдебиетіндегі адамның жан диалектикасына тереңдеп барған, психологизмнің арнайы бейнелеу құралдарын кеңінен қолданылған классикалық туынды еді. Оны замандастары қанша іштарлық жасаса да мойындай білді. Айталық, Таутан Арыстанбековтің “Қызыл Қазақстан”, 1922 жылы, 10 санында “Сақа” деген бүркеншік атпен жариялаған “Сынға сын” деген мақаласында Ж.Аймауытовтың пікіріне толығымен қосыла отырып, сын айтқан кемшіліктерге өз тарапынан орынды да дәлелді жауап қайырады. М.Әуезовтің оқиғаны баяндаудағы ешкімге бұйырмаған суреткерлік шеберлігі, табиғат пен адамның

сезімдік-эмоциялық күйлерін жарыстыра бейнелеуі, диалогтардың ұзақтығын ұмыттырып жіберетін келісті көркемдік қасиет жайлы ғылыми пікір білдірген автор әсіресе, жазушының әйелдердің жан дүниесін, сана астарындағы психологиялық құбылыстарды нанымды бейнелеуге бейім екендігіне ерекше көңіл бөледі. М.Әуезовтің кәсіби шеберлігін танытқан тұңғыш әңгімесінің тақырыбы да табылып қойылғандығын, оның ішкі мазмұн-мәнін ашып тұрғанын мақала авторы жан-жақты талдап, дәлелдеп береді. Бұл сол кездері сирек кездесетін таза ниетті шын сынның үлгісінің бірі еді.

Енді осы кезеңдерде баспасөзде жарияланған әдебиетке тікелей қатысты әдеби-сын мақалаларды тізіп шығар болсақ, сол кезеңнің көркем шежіресі анықталары сөзсіз.

С.Сейфуллиннің “Әдебиет һәм оның бағыттары”, “Асау тұлпар туралы”, Сегізбаевтың “Халық әдебиеті туралы”, Сыздықовтың “Сынға сын”, Дәулетбаевтың “Қазақ һәм музыка”, “Театр жайы”, Әуезовтің “Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі”, Жұмабаевтың “Ақан серісі”, Желкектің “Театр һәм тұрмыс”, Рысқұловтың “Кеңес үкіметі тұсында мәдениет қандай болуы керек”, Нұржановтың “Наши поэты и литература”, Тоғжановтың “Сын беріліп тұрсын”, “Көркем әдебиет туралы марксшілдер, не дейді Жүсіпбек не дейді”, Мұқановтың “Ыбырай һәм халық әдебиеті”, “Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер”, Кенжебаевтың “Абай”, Сәдуақасовтың “Бейімбет” өлеңдері, Сәрбиннің “Көркем

әдебиет туралы”, Баймахановтың “Жастарды тәрбиелеудің қаруы – әдебиет”, Бабасұлының “Әдебиет майданынан” деген сияқты жалпылық және даралық сипаты бар мақалалар, зерттеулер жарияланды. Бұл жылдары әдеби талдаулар мен талқылаулар да жиі ұйымдастырылып, олар көбіне ұжымдық сипатта өтті. Осы мақалалардың тақырыптары олардың көтеріп отырған мәселелерін айқындап тұрғаны да белгілі.

Орыс әдебиетінде көптеген әдеби ұйымдар жетекшілікке таласып жатқанда қазақ әдебиеті бірігуді күн тәртібіне қойды. Осы орайда С.Сейфуллин РАПП және “Кузница” бірлестіктерімен байланысып, екеуінің платформасынан қазақтың төңкерісшіл жазушыларына онтайлы бағыт-бағдар жасауға кірісті.

1925 жылы 12 маусымда Қазақ өлкелік партия комитетінің қаулысына сәйкес КазАПП (Қазақстан пролетариат жазушыларының ассосациясы) құрылды.

1925 жылы 16 маусымда “Еңбекші қазақ” газетінде Сәкен Сейфуллин, Б.Майлин, Н.Феоктисовтың бірлесіп әзірлеген Кеңестер одағының еңбекші тап жазушылары ұйымының сана (идеология) және көркем сөз туралы жобасы жарияланды. 1925 жылы Москвада жүргенде М.Жұмабаев “Алқа” атты әдеби үйірме құрмақ болды. Алайда, ол сөз жүзінде ғана қалып, Мағжанның ойлаған әдеби бағдарламасының іске аспағаны ақиқат. Бірақ “Алқа” үйірмесінің платформасымен Семейдегі М.Әуезов, Ташкенттегі Ж.Аймауытов және А.Байтұрсынов пен Әлихан Бөкейханов та танысқан (Ш.Елеуқенов.

Мағжан.атты еңбегінде кездеседі 111-б.). Оны жүзеге асыра алмаған М.Жұмабаев өзінің теориялық ізденістерін барынша пайдаланып, “Табалдырық” деген әдеби платформа жасап, оны 17 дана етіп таратады. М.Жұмабаевтың 1924 жылғы шығармашылығының жаңа кезеңінде өз бетін айқындаған идеялық-эстетикалық өлшемі болған “Табалдырықтың” құрылымы: кіріспеден. “Революция және бүгінгі күн әдебиеті”, “Марксизм және әдебиет. Не жазуға керек?” деген бөлімдерден, “Алқаға кір!” деген қысқа үндеуден тұрады. Мағжан еңбегін “Қазақ әдебиеті тоғыз жолдың торабында тұр”, - деп бастайды. Автор: “біреудің тапқанын қайта күйсесек, құрығанымыз”, - деп, еліктеуден сақтандыруы әдеби бағдарламада көтерілген мәселенің мәнін тереңдете түседі.

1925 жылы “Қазақ әдебиетінде орынды һәм орынсыз сындар” (“Еңбекші қазақ”, 1925, 11 ақпан) деген мақала жарияланып, оның арты Жәкен Сәрсенбіұлы мен Ж.Аймауытовтың театр кітаптары мен драматургия туралы әдеби дауына ұласты. Еуропаның көзімен қазақ әдебиетіне де, драматургиясына да қарауға да, салыстыруға да болмайды деген дау маңында болған бұл айтыстар әдебиеттің барлық тек пен түрлерінің ұлттық ғылымда әлі де болса әлсіз дамып, зерттеліп, жаңа жанрлық түрлердің енді қалыптасып келе жатқандығын, олардың көркемдік қуатын өркениетті елдердің мәдени мұраларымен әсте салыстыруға келмейтінін қарапайым түрде түсіндіріп береді.

РКП(б) Орталық Комитетінің “Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты” туралы (1925) қаулысында еш ұйымға жетекшілік рөлді таңбай, еркін жарысу идеясы ұсынылып, тапшыл көзқарасты қатаң сақтау керек екендігі айтылды.

Өткен ғасырдың жиырма-отызыншы жылдары қазақ халқы үшін аса аласапыран кезең болды. Әсіресе, республика басшылығына 1925 жылдың қыркүйек айында Қазақстан Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып Ф.Голощекин келгеннен соң төңкеріске қарсы деп есептелінген адамдар, ұлтшыл, байшыл, алашшыл деп таңбаланып, ақыры халық жауы етіп шығарылды. Осы бағыттағы тартыс Голощекин мен қазақ оқығандарының арасында басталып, ол ұзаққа созылды, әрі қайғылы оқиғалармен аяқталып отырды. Келісімен-ақ, “... Қазан төңкерісі Қазақстанды жанап өтіпті, бізге Кіші Октябрь қажет” десе, кейінірек, 1932-жылғы 14 қаңтарда өткен Өлкелік партия комитетінің III-пленумында: “...Қазақ әдебиеті байтұрсыновшылдықпен, аймауытовшылдықпен, тағы басқа, осы сияқты төңкеріске қарсы ағымшылдықпен көбірек былғанған деп ойлаймын”, - деп жар салды. Сол-ақ екен, бұдан бұрын да өршіп тұрған социологиялық-эстетикалық содырлы сын майданы әдебиет төңірегінде қауға тиген өрттей лаулай түсті.

1926 жылы С.Мұқанов “Көркем әдебиет” туралы деген мақаласында әдебиеттің болашағы кімдікі деген мәселені қозғады. (С.Мұқанов.”Өсу жолдарымыз”, 1960, 33-б.). Онда: “... тап ақыны бар ма, жоқ па, кедейшіл

жазушыларды қолдау жоқ, кемсіту бар, оны өркендету жайы қозғалған жоқ”, - деген сыңайдағы сындар айтылды. Осы төңіректе мынадай мақалалар жарияланып, айтыс үдеді, ол 1927 жылға дейін созылды: Ө.Байділдин “Қазақ әдебиеті қазір қандай дәуірде”, Қ.Кемеңгеров “Көркем әдебиет туралы”, Ерғали Алдаоңғаров “Жазушылар мен көркем әдебиет”, Мәжит Дәулетбаев “Сыншылар мен көркем әдебиет”, С.Мұқанов “Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім”, Қ.Кемеңгеров “Сәбитпен айтысты доғардым”, С.Мұқанов “Мен айтысты доғармаймын”, Жәкен Сәрсенбіұлы “Көркем әдебиет туралы”, С.Сәдуақасов “Әдебиет әңгімелері”, М.Дәулетбаев, Сейітбаттал Мұстафаұлы, Жұмабай Орынбаев, Жақан Сыздықов ойларының “Көркем әдебиет туралы” атпен бірлесе жариялануы, Екеудің “Көркем әдебиет туралы”, Хамза Жүсіпбеков “Байдың толғағы”, Ыдырыс Мұстамбаев “Көркем әдебиет туралы”, Шаймерден Тоқжігітов “Әдебиет мәселелері”, С.Сейфуллин “Әдебиетке қандай көзбен қарап, сынау керек”, С.Мұқанов “Әркім өзінше ойлайды” деген мақалалардың бәрі де соңғы айтыстың айрықша өріс алғандығын көрсетеді.

1929 жылы “Садуақасовщина под маской “Молодого Казахстана” (Ө.Байділдин), “Тар жол тайғақ кешу” мен “Нәзірдің сыны туралы”, “Әдебиеттегі смағұлшылдық” (Ө.Тәжібаев), “Сәдуақасовшыл Мұстанбайұлы тазалау талқысында”, “Әдебиет майданында”, “Пролетар әдебиеті жөніндегі айтыстар”, “Кедей айнасы”, “Көшпелі дәуірдегі

қазақ әдебиетінің күйлерінен” (С.Сейфуллин), “Сұлушаш”, “Қарагөз” (Ж.Орманбаевтың сөз әлпеті... Махаббатқа пролетариат тымағын кигізген “Сұлушашта” ешбір мақсат жоқ. Не тап тілегі, не басқаша бір тілек қоймайды”) (“Жаңа әдебиет”, 1929, № 4), “Байшылдықты жоямын да, тапты жоқ қыламын” (Хабиболла), “Сұлушашқа сын” С.Үсенов: “Сәбит бұрынғы бетінен айныды, құлпырды. Надандықты, ескілікті, санашылдықты дәріптеп, соны жырлап кетті” 1929, № 11), “Әдебиет майданындағы мақсұттарымыз” (Х.Жүсіпбеков) 1930 жылы “Таласты қойып, іске кірісейік” (Е.Қалымбетұлы), “Жікшілдіктің түбі – жолбикелік” (Ө.Мүсин), “Әдебиеттегі жікшілдікке қарсы”, “Жолдастарға жауап” (Ғ.Мүсірепов), “Жікке жол жоқ” (І.Жансүгіров), “Әдебиеттегі Сәкеншілдер”, “Жазушыларға жала” (Ж.Сыздықов), “Жікке қарсы жік”, “Ғабитке справке” (С.Мұқанов), “Ілияс туралы бір-екі сөз” (Ө.Тәжібаев), “Ілияс жолбике емес”, “Социалистік қайта құру дәуіріндегі көркем әдебиет мәселелері” (М.Қайыпназаров), “Ақсап қалмайық” (Ғ.Малдыбеков), “Сәбит, Бейімбет, Ілиясқа жолдастық хат” (Ғ.Тоғжанов) сияқты мақалалар жарияланды.

1925 жылдың 31 наурыз күнгі “Еңбекші қазақ” газетінде Байтас деген есіммен “Кекесін болмасын” деген мақалада мерзімді баспасөз беттерінде қаптап кеткен сынның шын жанашырлық адал пікірден гөрі бір-бірін орынсыз сынау, мінеу, кекету, мұқату екендігін айта келіп, соның салдарынан жазушының көпке пайдалы

сөзінен жаңылып қалатын да шақтар болады. Айтатын мақсатынан бұрылып алыстап кетіп те жатады”, - дейді.

Оған мысал ретінде “Еңбекші қазақтың 1925 жылғы 287 санында жарияланған Жәкен деген жолдастың “Ескертудің есіне салу” деген мақаласын алады. Оның Жүсіпбектің “Ескерту” деген мақаласына “сын жазғанын”, яғни сынға жауап болса керек. Өйткені, “Жәкен Жүсіпбекке “өз пиесенді баспаған соң өкпелегенің ғой, тазы ашуын тырнадан алады деп мені бас салдың” дейді. Ал, автор Жүсіпбектің сөз ыңғайын былай түсіндіреді: “әр маманды өз ісіне жұмсау керек. Бұл пиеса басылмағандықтан шыққан әңгіме емес, айтылуға лайықты негізгі пікір. Мұнда қанша терістік бар”, - деп сауал тастай отырып, өз ойын ортаға салады. Автор бұл кездің төңкерістің қызу шағы өтіп, шаруа түзеліп, бейбіт тұрмыс ене бастағанын, соған лайық өнер де өсе бастағанын, ал оның иелеріне тұрмыстық жағдайлардың жасалып, бұрынғыдай ликбездіктен гөрі әр маманның өз ісіне жегілуіне баса назар аударыла бастағанын баяндайды. Сондай-ақ, Жәкен жолдастың “Тап тартысы” туралы Ілияспен айтысқан мақаласында да ақынды кекеткені туралы айта келіп, шағын мақаласын: “Жазушылар кекесінді әдет қылмасын”, - деген сөзбен аяқтайды.

Осы онжылдықта әдебиеттің маңызды жәйттеріне ерекше назар аударған мақала - Шаймерден Тоқжігітұлының 5 тармақтан тұратын “Әдебиет мәселелері” (Айтыс ретінде) болды.

Автор мақаласының 1-ші тармағында жалпы әдебиет мәселесін, қан төгіс майданнан құтылып, ендігі іс дәуірінде пікір майданының өріс алғанын, әдебиеттің өзі – пікір жүзіндегі мәселе екендігін ескертеді. Бұл да таза әдеби сында бас араздығының болмауын, көпке пайда боларлық құнды пікірлерді қолға алудың қажет екендігін айтады.

Ал, 2-ші тармақ – “Әдебиет мазмұны туралы” деп аталады. Сталиннің “Әдебиеттің сырт пішіні ұлттыкі болсын, іш мазмұны еңбекшілердікі болсын” деген сөзін негізге ала отырып, Мағжан сынды ұлтшыл, байшыл әдебиеттің жолы өсетін емес, өшетін жол, олар жаңа әдебиеттің орнығып келе жатқанын көрмейді деп сөгеді. Сондықтан “әдебиетке партия басшы болу керек. Әдебиет мазмұны еңбекшілер жолына, жаңа жұртшылық негізіне қарай құрылу керек”, - деп түйін жасайды.

“Ұйымшылдықтың түрі” атты 3-ші тармақта жазушылар жеке ұйым болса, оның міндеті – қаламгерлердің басын қосу, әдебиеттерді сынау, түзеу болу керек. Екіншіден, әдебиетшілердің бөлектенуінен гөрі бірігіп, айтысса да “... жақсысын алып, жаманын шығарып, жолбикелерді өз жолымызға қосып алу керек” - деген пікір білдіреді.

“Үлгі тақырыпты” деген 4-ші тармақта “Үлгі, пішінді ұлтшылдардан алмаймыз” деп кейбір жолдастар ат-тонын ала қашады, алатын үлгі де жоқ деп соғады. Жаңа жұртшылықтың жасалу жолында біз ескінің керегін алып, жарамсызын тастаймыз. Мұны ұғатын уақыт жетсе керек

еді”, - деп өкпе айта отырып, Абай, Сұлтанмахмұт, тіпті ұлтшыл Міржақып, Мағжандардың да “... сырт пішін жағынан, тіл шеберлігі ретінен, қаламға ұсталық жөнінен үлгі беретін орындары бар. Мұны көрмегендік, ескінің қалдығы бардың керектісін пайдаланбағандықтың аты – не көрсоқырлық, болмаса бос қыңырлық (чванство). Біреулер қолындағы барды өртеп жіберу керек деп соғады. Бұл – біз езулік, бұл – тым солақай қарағандық. Дайын тұрған пайданы білмегендік”, - деп сөге отырып, оларды еңбекшілердің пайдасына шешу керектігін айтады. Әзірет Сұлтанның мешітін тарихи зат есебінде сақтауға тура келсе, “ұлтшылдардың” жазғандарын да қазіргі дәуірдің жабдығына қарай жарамды қылып ұстай білу керек. Мұнда автор әрбір өнер адамының еліктеу, ұқсау арқылы өсіп, өзіндік пішін, стиль қалыптастыратынын теориялық тұрғыдан тұжырымдай, нақты көркем мәтіндер арқылы дәлелдей сөйлейді.

Әсіресе, осы ғылыми зерттеу секілді көлемді еңбегінде автор А.Байтұрсыновтың қазақ тілі мен әдебиетіне әкелген іргелі жаңалығы жөнінде дұрыс пікір білдіреді. Оқып көрелік: “... Байтұрсынұлы Ахмет қазақ тілі жайында негізді-негізді кітаптар жазып жүр (Бұл өз замандастарының мойындауы десе де болғандай. – Г.П). Оның оқу құралдарын “Әліпби” ма, деп менсінбей тұмсығын көтеретіндер де бар. Керек болса, сол “Әліпбидің” өзі де – бір негізді еңбек. “Әдебиет танытқышты” да шығарып отыр. Мұны керек емес, ол – еңбек емес деп кім айтады. Әрине, қира кезік сыңар

езулер ғана айтады, түкті көрмейтін шелді көздер ғана айтады... Қазақтың “Әліпбиін” сыртқы пішінге қарай ала отырып, ішіне дұрыс тәрбие, дұрыс пікір орната білу керек. Керек десе, көбіміз “Әліпбидің лұғатын тексеріп, біреуге түсіндірмек түгіл, емле де білмейміз”, - деп түйіндейді ойын.

“Сын туралы” атты 5-ші тармақта сөз иесі қазақтың “Сын түзелмей, мін түзелмейді, Мін түзелмей, ел түзелмейді”, - деген мақалы негізінде әдебиеттің бір жанры есебіндегі сынға мынадай сипаттама береді: “Сынның не екенін сын деген сөздің өзі-ақ береді. Сынды біреулер бір кедергі есебінде жорып жүр. Бұл дұрыс емес. Сын – жетекші, түзетуші”, - дейді. Сын жазудың жауапкершілігі жөнінде мынадай орынды ой айтады: “...сын көрінгеннің қолынан келе қоймайды. Сын беруді, біреудің жазғанына толық баға беруді тапсырумен істеуге жарамайды. Сын беретін адам жазушыдан артық ұста, білімді болу керек. Толық сынды солардың аузынан ғана естуге болады.

Шаймерден Тоқжігітұлы газеттің екі (3-4) санында созылған көлемді еңбегінде әдебиеттің кейбір көкейкесті деген мәселелерін жан-жақты көтере білгендігімен, сын шын болуын, оның жеке бастың дау-дамайынан жоғары болуын, сөз өнерінің таптан жоғары екендігін түсіндіріп береді.

Осы жылдары сынға белсене араласқан автордың бірі – Ғаббас Тоғжанов. Ғ.Тоғжанов нағыз тұрпайы социологизмнің өкілі бола тұра, орыс және европа

мәдениетімен, әдебиеттанудың теориялық тұжырымымен терең таныс кәсіби әдебиетші ретінде де өзінің пікірлерін білдіріп отырған. Оның қазақ әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет “Абай” атты монографиялық зерттеу жазуының өзі оның әдебиеттанушы маман екендігін дәлелдесе керек. “Абай шығармаларын тек таптық тұрғыдан талдап, бір жақтылық танытқанымен, көркем тексті талдауда әдеби шығармаға қойылар көркемдік, теориялық талаптарды, ереже-қисындарды дұрыс қолданады. Кейде Абай, Ахмет секілді дарынды тарихи тұлғалардың әдеби көркем туындыларын да әділ бағалайды”. Оның “Көркем әдебиет туралы маркшілдер не дейді, Жүсіпбек не дейді” деген атақты мақаласына тоқтала кетуді жөн санап отырмыз.

Мұнда автор маркшіл сыншылар Троцкий мен Воронскийдің қай әдебиет болса да тап тілегін орындайды деген ойларын келтіре келіп, тап әсері болмаған әдебиет болмайды деген түйін жасайды. Одан әрі “Ақын кім?” деген сауал қояды да, сол төңіректе ой қозғайды. Ақындардың көбінде ұлттың, тіпті жалпы адам баласының мұңын мұңдап, қамын жеймін дегенімен бәрібір белгілі бір таптың мұңын көксейді. Бәрінің де тап тілегінен туған өзінше көзқарасы, мінез - құлқы болады.

Ақынның өзге жұрттан айырмасы не дегенге мынадай анықтама береді: “Ақын өлең, әңгіме жазса пернемен (образ) жазады. Көзі көргенді, жүрегі сезгенді өзінің сол көрген, сезген түрінде жазады. Ақын қарапайым жазушылардай (публицисты) сөзін дәлелдеп,

толқып ойлап отырмайды. Нағыз ақындар өзінің айтайын дегенін суретті, әдемі сөзімен, мұнды күй, сырлы жырымен айтады. Плехановтың ақын сөзі ақылға, ойға қонбайды, алдымен адамның сезімін қозғайды, сезгіш көңіліне қонады”, - дейді.

Ақынның өзгелерден тез сезгіштігін, қарапайым адам байқамайтынды байқап қоятындығын оның ерекше қасиеті ретінде көрсетеді. Және: “Ақын болу үшін адамда ақындық талант (қуат) болу керек”. Енді ақынға қойылар шартты былай қояды: “...Ақын өлеңнің (жалғыз өлең емес, әңгіме, роман, драмалардың) мазмұнын көркемдік-әдемілікпен ұқсата білсін, теңдей білсін. Өлеңнің іші (содержание) қандай болса, сырты (форма) да сондай асыл болсын. Көркем әдебиетке не сырты, не іші оңды болсын деп бірін ғана тандауға болмайды. Екеуі де керек. Біріне-бірі сай болсын”, - дей келіп, ақынға маркшілдік көзқарас осылай деп өз бағасын береді.

Жүсіпбек не дейді?. Енді соған келейік деп “Лениншіл жас” журналында жарияланған Жүсіпбектің мақаласына орай пікірін ортаға салады. Жүсіпбектің қандай да болсын өз ортасының, өз заманының перзенті деген сөзін құптағанмен соның артынша айнып, оның “...Тап ақыны қазақта әзір жоқ. Өйткені әдебиет тарихынан белгілі болғандай жаңаның келіп, ескінің кетіп жатқан өтпелі, көшпелі заманда әртүрлі бағыттардың орын алатынын, сондықтан қазақ әдебиетінде мұң-зар, торығудың сарыны, оның романтизмге айналатынын, сентиментализмнің орын алатынын, ал Мағжанның

көшпелі дәуір ақыны, ұлт ақыны екендігін айтқан пікіріне ашық қарсы шығып, осы мақаласын жариялайды. Жүсіпбектің қазақ әдебиеті, Мағжан туралы негізгі ойларын Маркс пікірі деп ұсынып отыр деп ашуға мінеді Ғаббас. Оны былайша береді: “Естігеніңнен естімегенің көп деген осы-ау. О заман, бұ заманда тап көзімен, саясат көзімен қарамай, Маркс көзімен қарау керек дегенді Жүсіпбектен естіп отырмыз!” - деп мұқата отырып Маркс жолы саудалайтын жол емес, Маркс жолы – тап жолы, еңбекшілердің саяси жолы.

“Қандай ақын болсын, өз тұсына ие. Өз заманындағы тарихи ағымға, әлеумет қозғалысына мойынсұнады. Ақынды сынау үшін “ақынның өскен ортасын, өлеңін арнаған оқушысын білу керек, қандай саяси тұрмыста, қандай халық ішіндегі тап тартысы уақытысында жазды соны білу керек.

Жүсіпбектің айтуынша кәмөнеске жақпаған ақынның шығармаларын өртеп жібереміз деген сөз бар. Бұл дұрыс емес. Атақты Шекспир, Гете, Пушкин, Толстойлар да пролетариат емес, бірақ оның сөздерін пролетариат табы үлгі етіп отыр... Ілгері-кейінгіге мұра болып отырмақ... Қазақ еңбекшілерінің басшысы болып отырған қазақ кәмөнестері өткеннің қадірін Жүсіпбек құрлы біледі”, - деп Жүсіпбектің өртеп жібергісі келеді деген пікірге түбірінен қарсылық білдіреді. Осы орайда, тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғалардың халыққа сіңірген еңбектерінен мысалдар келтіріп, өз ойын дәлелдей

сөйлейді. Мәселен, “...Қазақтың даласы тым-тырыс ұйықтап, орыс патшасының текпісінде жатқанда:

Қазағым, елім, қайқайып белің, сынуға тұр таянып.

Таяуда малың, қамауда жаның, аш көзіңді, оянып.

Қанған жоқ па, әлі ұйқың, ұйықтайтын бар не

сиқың, - деген Ахметті қазақ еңбекшілері

ұмытпайды. Бір кезде қазақты “сары маса” болып ызындап оятқан Ахметті қадірлей біледі. Көбіміз сол Ахметтің бауырында өскенбіз. Со кездегі Ахметтің әлі де ескірмеген үлгілі сөздері, үлгілі істері көп. Ахметтің тарихи ісін, тарихи маңызы бар өлеңдерін әлі де біз үлгі қыламыз. Абай, Ахмет сықылды өз тұсына ие болған тарихи адамдарын қазақ еңбекшілері сыйламақ. Өткендегі тарихи істерін біліп, тарихи сөздерін оқып сүйінбек », - дей келіп, сөз аяғын былай тәмәмдайды: “Құрметті Жүсіпбек сыншы, кәмөнестер өздерінен басқа ақынды өртеп жібереді деп таусылмай-ақ қойыңыз. Өртенген ақын болса, біз өртемейміз, заман өртейді, тарих өртейді, өзін-өзі өртейді”, - дейді (“Еңбекші қазақ”, 1925, 22 октябрь, № 390). Бұл мақалада Ғ.Тоғжанов Ж.Аймауытовтың мақаласындағы ойларға сын айта отырып, әдеби мұраға, оның жиналуы, зерттелуі, олардың мәдени-әдеби дерек ретінде рухани өмірдегі өлмес мұра бола алатындығын дұрыс бағалап береді. Біз сол кезеңнің саяси және әдеби ахуалын, пікір сайысын толық тану үшін өзіміздің талдауымыздан гөрі олардың еңбектерінен мол мағлұмат, ғылыми дерек көзін беруді көздеп отырмыз.

1926 жылы қарашада Қазақстан партия комитетінің Ш пленумы өтіп, онда: “Кіші Октябрьді сынағаны үшін С.Қожановқа, Ж.Мыңбаевқа, С.Сәдуақасовқа т.б. ұлтшылдар деген айып тағылды. Осы орайда, әдебиет, мәдениет саласында ұлтшылдарды аяусыз әшкерелеу етек алды. Әр жазушыдан, зиялы қауымнан идеологиялық қателер іздестіріле бастады. Баспасөздердегі әдеби айтыстарда көркемдік, идеялық, шығармашылық турасындағы талас тасасында шын мәнінде саяси астар жатты.

1925 жылдың 18 маусымындағы РКП(б) Орталық Комитетінің “Партияның көркем әдебиет саласындағы саясаты туралы” қаулысынан кейін пролетариат көркем әдебиетін жасау керек деген сылтаумен ауыл жөнінде жазғандар да жазғырылды. Ұлтшыл, алашордашыл ретінде әшкерелеу мақсатындағы 1924 жылы Орынборда М.Жұмабаевқа ұйымдастырылған әдебиеттік соттан кейін де оған тыныштық берілмей, оның шығармашылығын сынау жалғасып жатты. Сол тұста жазушылардың ҚазАПП ұйымы құрылғанмен, ала ауыздықты ауыздықтай алмады. Керісінше, жазушылардың арасында “жікшілдік” деген жаңа ұғым туды. Ол, әсіресе 1928-29 жылдары асқындап кетті. Ол жөнінде әдебиет сынының тарихын жақсы білетін маман Т.Кәкішев: “Замана шындығы көрінбей, ұрандату, жіктелу, айтысу-тартысу, орынсыз кінә тағып қаралау, елде болып жатқан шындықты жел сөзбен жабу, көлеңкелеу орын алды”, - деп көрсеткен еді⁸.

⁸ Тұсаулы ой толқындары. // Жұлдыз, 1993.

Міне, осы он жылдықтағы әдеби айтыс-тартыстың бел ортасында М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров, Қ.Кемеңгеров, С.Мұқанов, Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов т.б. болды. Әсіресе, М.Жұмабаевтың 1912 жылы “Шолпан” атты өлеңдер жинағы мен 1922, 1923 жылдары екі рет өлеңдер жинағы жарияланған кездері ол пікірлер оң болатын. Алайда, М.Әуезовтің “Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі” (“Шолпан” журналы, 1923, №№ 4-5) және Ж.Аймауытовтың “Мағжанның ақындығы” (“Леніншіл жас” журналы, 1923, № 5) деген мақалалары жарияланысымен-ақ осыған дейінгі сынның беті күрт өзгеріп шыға келді. Оған ұлтшыл деген ат тағыла бастады. Оған от құйған тағы да Нәзір Төреқұловтың Сәкеннің “Асау тұлпар” кітабы жөніндегі мақаласы (“Темірқазық” журналы, 1923, № 1) болды. Онда Сәкеннің шығармашылығын емес, жеке басының кемшіліктерін, оның өзінде сорақы сөздермен дәлелсіз даттау орын алды. Осы мақалаға қарсы “Сынға сын” деген мақала “Қызыл Қазақстан” журналында, 1923, 16 санында жарық көрді. (“С.М.” деген бүркеншік атпен, оны Т.Бейісқұлов С.Мұқанов болар деп болжайды). Автор Сәкенді жақтап, Н.Төреқұловтың айтқаны сын емес, таза қаралау екенін әшкерелейді. Ал, “Ақжол” газетінде “Қазақ әдебиетінің тарихынан” деген мақала “Темірбай” деген автордың Сәкенді “өтірікші, мылжың, соқыр, арсыз, әңгі” деп жөнсіз сынаған мақаласына Ғ.Мүсірепов “Қисық сынға – әділ төре” деген мақаланы “Еңбекші қазақ” газеті, 1924, 24 санында жариялап, “... Әдебиетке жаны ашыған

кісінің сөзі емес, тек ұнатпайтын адамның бетін тырнау”, - деп сынаған.

Ғаббас Тоғжановтың “Қандай әдебиет үстем болмақ, қандай әдебиетіміз бар” деген мақаласында (“Жаңа әдебиет” журналы, 1928, № 5) А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ғ.Қарашев, С.Дөнентаевтарды байшыл-ұлтшыл ақын-жазушыларға жатқызып, сынайды.

1927-1930 жылдары “Қазақ әдебиеті қандай жолмен дамуы керек” деген мәселелер төңірегінде қызу пікірталастар жүргізілді. Осы орайда С.Сейфуллин бірнеше мақала жазып, пролетариат әдебиетін қолдау, байшыл әдебиетке қарсы мәселе көтерді. Сондай-ақ, І.Жансүгіровтің “Бетім анадай емес, мынадай” деген мақаласында (“Еңбекші қазақ”, 1928, 5 сәуір) өзінің “Сағанақ” деген тұңғыш өлеңдер жинағына С.Мұқановтың жазған беташар сөзін құптамай, онда «ел» деген сөздің жиі кездесетініне шамданады. “Еңбекші қазақ” газетінің 1928 жылғы 11 санында С.Мұқанов “Бас асаулық” деген тақырыпта қарсы мақала жазып, Ілиясты жолбике деп сөгеді. Сөйтіп, жұмысшы, қара шаруа бағытында дегендердің де арасына жарықшақ түседі. Сол кездегі “Еңбекші қазақ” газеті редакторының орынбасары (редакторы Ғ.Тоғжанов) “Көркем әдебиет мәселесіндегі айтыстар туралы” деген (1929, 17 сәуір) мақаласында Ғаббастың Сәкен, Бейімбет, Сәбит “пролетариат жазушылары” деген атты алуды көтермейді, бұлар төңкерісшіл жазушылар», - деп айтқанын қолдайтынын білдіре отырып, кейбір сыншының оларды пролетариат

жазушылары ретінде танитынымен келіспейді. Әсіресе, Сәкен туралы оң пікір білдіргендерді жазғырады. Бұған қатты күйінген Сәкеннің сағы сынып, ақыры “Менің қателерім туралы” деген мақалада олардың дұрыс, бұрыстығына мән бермей мойындауға мәжбүр болады. Ал, Ғ.Мүсірепов пен Ә.Тәжібаев Сәкенді қорғамақ болады. Ғ.Мүсірепов “Әдебиет айтысына” деген мақаласында (“Еңбекші қазақ”, 1929, 4 тамыз) пролетариат әдебиеті бар ма деп сұрақ қоюдың өзі дұрыс емес деп сол пікірдегі әдебиетшілерді сынап кетеді. Ол Сәкен, Бейімбет, Сәбиттің “қателерін” бетіне басып, айғыздап жатқандардың ертең барлық талантты ақын-жазушылардан, содан кейін пролетариат әдебиетінен, ақынынан т.б. айрылады деп ескертпе жасайды. Ал Ә.Тәжібаевтың “Тар жол, тайғақ кешу” мен “Нәзірдің сыны туралы” (“Еңбекші қазақ”, 1929, 15 қыркүйек) мақаласы Сәкеннің шығармашылығын емес, жеке бастағы кемшіліктерін тізбелеп, сынаған Н.Төреқұловқа қарсы бағытталған. Осы мақаласы арқылы Ә.Тәжібаев С.Сейфуллинді жөнсіз сыннан қорғайды, әрі кітап жөніндегі өз көзқарасын білдіреді: “... Кітаптың саяси маңызы күшті. Қазақ тарихының көбі содан табылады, реализм жолымен көргенін, білгенін, болғанды жазған”, - деп жоғары баға береді. С.Сейфуллин шығармашылығы жөніндегі әр түрлі тақырыптағы, әр деңгейдегі, түрлі мақсаттағы әдеби айтыстар 30-38 жылдарға дейін үзіліссіз жүріп жатты.

Бұл жылдардағы сын-айтыстың негізгі объектісі, алашорда басшыларынан кейін неше түрлі шындықтар деген таңбалармен жікшілдік төңірегінде өрбіді. Голощекинге қарсы келген белсенді қайраткерлерге қара күйе жағылып, 1928 жылдың аяғында әр түрлі жолдармен “әшкерелеген” алашорданың 44 қайраткері түрмеге камалды. Олардың ішінде А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Х.Ғаббасов, Ж.Аймауытов, Ә.Байділдин, Д.Әділев т.б. бар еді. Соңғы үшеуіне ату жазасы берілді. М.Дулатов және бірнешеуі лагерьлерде қайтыс болды. Екінші рет 1930 жылдың қыркүйек айында 40 шамалы зиялы адамдар қамауға алынды. 1932 жылы М.Әуезов ашық хат жазып, өзіне тағылған айыптарды мойнына алып, босанып шықты. 1929 жылғы партиялық тазалаудан әрең-әрең аман қалған ақын-жазушылар енді сақтыққа көшті. Десек те сөйлеп қалған ауызда тыным, қызғаныш, күншілікте шек болмады.

“Жазушылар мен көркем әдебиет” (айтыс ретінде) деген мақала авторы Ерғали (“Еңбекші қазақ” газеті, 1926, 3 желтоқсан) қазақ әдебиетіндегі түрлі бағыттардың орын алғандығын, оның ішінде төңкерісшіл әдебиеттің тәжірибесі болмағандықтан төмен екендігін, оның көбіне “күшпен, еліктеумен” жазылып келе жатқанын әңгіме өзегі етеді. Қазақта үлкен жанрларда жазылған шығармалардың жоқтығы, бола қалғанның өзінде оны оқушының түсіне қабылдай қоюы қиын екендігін ескерте отырып, қысқа, ұғымды, тілі жеңіл әңгімелелердің көп болғандығын, оған Бейімбет шығармаларының бейім

екендігін дәлел етеді. Осы орайда әдеби тіл мәселесіне, оның қолдану нормаларына тоқталады: “Осы күнгі әдебиетіміздің көбінің тілі қотыр. Халық ішінен шыққан қарапайым жазушыларымыздың өздері кітап тілін қолданып, әдеби, кірме сөздерді қыстырам деп әуелгі тілінен айрылып қалып жүр. Сондықтан жас жазушылардың еңбектерін көп кісі оқымайды, - деген батыл сындар айтады (191-б.)

Әдетте, жаңаны тосырқай қабылдау қай кезде де орын алғаны белгілі. С.Сейфуллиннің төңкерісшіл әдебиеттің талабына сай жаңалықтарды танытарлықтай тың түрлі ізденістерін замандастары тосырқай қабылдағанын, тілдің қолданысы мен сөздің көркемдігі кеміді, жұтаңдады деген сындардың себебінің бірі де осы еді. Дегенмен сол кездері әдебиеттің түрлі тектері мен түрлерінде өздерінің стильдік өрнектерін байқатып, үлкен жанрдағы шығармаларымен танылып қалған Бейімбет, Жүсіпбектердің шығармаларын жұрт жылы қабылдағанын сүйсіне жазады автор. Мәселен: “... Бейімбет ел тұрмысын (бытописание) жазғанда кейіпкерді айнытпай алады. Егер осының үстіне (тіпті анық көрсеткенмен) көркемдік үшін әңгімесіне сәл ойдан мысал қосса (фантазия) тіпті оңды болып шығар еді. Әдебиет заңында бұлай ажарлау рұқсат етілетін нәрсе (художественная компоновка).

Шын тұрмыстан алып, қызық тақырыпқа жазғанда, төңкерістің алғашқы оқиғаларын әлеумет бойындағы, тап тартысындағы көрінген көріністерді романтизм

бағытымен жақсы қылып жазуға болады. Мысалы, үлкен геройлық, батылдық көрсетумен жаза алса, кісі өлімімен тынатын қылып жеңіл роман жазуға болады. Жүсіпбектің “Ел қорғаны” сықылды.

Жазушылардың бірсыпырасы, әсіресе Сәкен өздерінің қолымен істеп, өз бастарынан кешкенін өз өмірбаянынан алып жазады,» - деп өз замандастарына әдеби мінездеме бере отырып, сол кездегі әдеби процестен жан-жақты хабардар да етеді.

1926 жылы драматургия саласындағы мақалар өте көп жариялануының басты себебі жылдың басы (1926 жылы 13 қаңтар) және Қазақ драма театрының шымылдығы М.Әуезовтің “Еңлік - Кебек” пьесасымен ашылды. Қазақ халқының мәдени өміріндегі үлкен рухани құбылыс болған бұл оқиға театр өнері, сахна саңлақтары, драматургиялық шығармалар т.б. турасындағы көптеген пікірдің туындауына әсер етті. Атап айтсақ, 1926 жылы 14 қаңтарда Қ.Жұбанұлының “Біз де ұлт театрына маңайладық” атты мақаласы “Еңбекші қазақ” газетінде жарияланса, 29, 31 қаңтарда осы басылымда С.Сәдуақасовтың “Алғашқы тәжірибелер”, “Бәйбіше-тоқал” деген мақалалары жарық көрді. Осы жылдың ақпан айында “Әйелдер теңдігі” журналының алғашқы саны шықты. 1926 жылы “Еңбекші қазақ” газетінде М.О.Әуезовтің “Жалпы театр өнері және қазақ театры” (8, 9, 10, 11, 15, 17 ақпан), М.Дәулетбаевтың “Ойлау керек қой”, “Театр сыншысы”, “Білімсіз артист болмайды” (7,

10, 29 ақпан), М.Жолдыбайұлының “Сын” (14 ақпан) деген мақалалары жарияланды.

“Еңбекші қазақ” газетінде (16 мамыр) М.Дәулетбаевтың “Ұлт театры бірнеше ай ішінде”, А.Сегізбаевтың “Пікір алысатын мәселелердің бірі” (23 мамыр), І.Жансүгіровтің “Алдоңғарұлының пікірі ағат” (6 маусым), Ә.Марғұланның “Музыка өнері” (16 маусым), Ж.Сыздықовтың “Сын беті ашылсын” (18 тамыз), М.Дәулетбаевтың “Ұлт театры туралы” (27 тамыз) т.б. мақалалар жарық көрді. Ал, 1927 жылы “Еңбекші қазақ” газетінде А.Елшібековтің “Еңлік-Кебек” (3 қаңтар), С.Мұқановтың “Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім” (4 қаңтар), Б.Майлиннің “Артист” және С.Сәдуақасовтың “Ұлт театрына бір жыл” (13 қаңтар), Ж.Аймауытовтың “Торайғырұлының жиналған сөздері” (24 қаңтар), “Мектеп қандай болуы керек” атты мақалалары жарияланды.

Қ.Кемеңгеровтің “Мектеп қай тілде болуы керек” (1 ақпан) және Ж.Сәрсенбіұлының “Көркем әдебиет туралы” (2 ақпан) мақалалары “Еңбекші қазақ” газетінде жарияланды.

1927 жылдың 7 ақпан күні “Еңбекші қазақ” газетінде оқшау сөздерге (фельетондар мен сатиралық әңгімелерге) бәйге жарияланды. Осы жылдың 2 тамыз күні “Еңбекші қазақ” газетінде “Көркем әдебиет туралы” деген жалпы тақырыппен М.Дәулетбаевтың, Ж.Орманбаевтың, Ж.Сыздықовтың мақалалары жарық көрді.

[Введите текст]

1927 жылы 18 тамызда Октябрьдің он жылдығына арнап әдеби жинақ құрастыру мақсатымен “Ақындар, жазушылар, қапы қалмандар” деген атпен “Еңбекші қазақ” газетінде ашық хат жарияланды. Осы жылдың қараша айында “Жыл құсы” альманахының алғашқы саны жарыққа шықты. Ж.Аймауытовтың қазақ қызының тағдырын суреттейтін “Ақбілек” романы “Әйел теңдігі” журналының бірнеше санында (2, 5, 10, 11) басылды. Бұл қазақ әдебиетіне үлкен жаңалық, тың жанрлық түр-психологиялық романды алып келген ірі рухани құбылыс еді.

Сондай-ақ, театр, драматургия мәселесіне байланысты жарияланған мақалаларының мән-маңызы әлі де жойыла қойған жоқ.

Айталық, Мәжит деген автордың “Еңбекші қазақ” газетінің 1926 жылғы 29-шы желтоқсанындағы санында “Сыншылар мен көркем әдебиет” (айтыс ретінде) деген тақырыпта пікірталасы жарық көрді. Осы мақала төңірегінде баспасөзде біршама айтыс болды.

XX ғасыр басындағы баспасөздерде әдебиетке, оның ірі өкілдерінің шығармашылықтары төңірегіндегі әдеби әңгімелелер мен жеке ақын-жазушылардың шығармашылықтарына, олардың көркемдік деңгейіне, оларда көтерілген идеялар мен тақырыптарға қойылған талаптар жайлы әңгімелер көп болды. Олардың дені жалпы қазақ әдебиетінің көкейкесті мәселелеріне арналды. Әрине, қазақ сөз өнерінің кәсіби тұрғыдан жаңа

қалыптасып келе жатқан кезеңіндегі әдеби талғам төңірегіндегі сөз басқа.

1.3 Баспасөздегі әдеби айтыстар әлемі

XX ғасыр басындағы әдебиеттегі ренессанстық рухани құбылыстар, жаңашыл бағыт-бағдарлар, таланттар шоғырының көрінуі, ұлттық мәселелердің концептуальды түрде көтерілуі бір кезең ұрпақтары үшін аз болмаса керек-ті.

Көркем әдебиет туралы айтыстар арқылы сол кезеңнің көркем шежіресін, сынның деңгейін, әдебиеттің жалпы ахуалын тануға болады. Оны Ыдырыс Мұстанбаевтың 1928 жылғы “Жаңа әдебиеттегі” ”Біздің таластарымыз” атты мақаласында осы айтыстарды жинақтай келе, былай дейді: Осы күнгі әдебиет айтыстарымыздағы талас мәселелер: 1) Ақын кім. Ақынды қалай бағалау керек. 2) Ескі мұраларды қалай пайдалану керек. Кімнен үлгі алу керек. 3) Осы күнгі ақындарымызға үйрену керек пе, жоқ па?. Олардың қандай кемшіліктері бар?. Жолбикелер кім?. Олармен арамыз қандай болуы керек?- деген сияқты көптеген сауалдарға жауап іздейді. Және осы айтыс, дау-дамайдың маңында тағы да С.Мұқанов көп көзге түседі. Оның “Еңбекші қазақта” (1926, 14, 15 октябрьде) жарияланған. “Көркем әдебиет туралы” мақаласында Қазақстан автономия алған алты жылда әдебиет қандай жетістікке жетті деген сауал төңірегінде ой өрбітеді. Осы алты жылда еңбекші шаруадан шыққан жазушылардың аздығын, олардың білімінің таяздығын, Мағжан, Жүсіпбек, Мұхтарлардың кітаптарын есепке алмайтынын,

қазақ әдебиетін тек еңбекшілер арасынан шыққан жазушылар ғана жасауы тиіс деген өзінше бір қисын, түйін жасайды автор. “Еңбекші қазақ” газетінің 1, 12, 26 сандарындағы әдебиет туралы бұл айтысқа М.Әуезұлы, Қ.Кемеңгерұлы, Ерғали Алдонғаров, Абдрахман Байділдин, Мәжит Дәулетбаев, С.Мұқанов т.б. белгілі жазушылар мен ақындар қатысты. Біз талдағалы отырған Қошкенің мақаласы Сәбит Мұқановқа қарсы мақала. Кейін Сәбит Мұқанов “Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім” (“Еңбекші қазақ”, №№ 4, 5, 1, 27) деген мақаласымен айтысты қайта жалғастырады. Сәбит сөзіне көңілі толмаған Қошке “Сәбитпен айтысты доғардым” (“Еңбекші қазақ”, 1927, 30 қаңтар), - деп қысқа ғана жауап қайырады. Бұған қарсы Сәбит тағы да “Мен айтысты доғармаймын” дегенмен, Қошке тарапынан пейіл болмаған соң айтыс одан әрі қарай жалғаспайды.

“Көркем әдебиет туралы” бұл айтысқа төрелік қорытынды пікірді білдірген “Екеу” деген бүркеншік атпен (“Еңбекші қазақ”, 1927, 3 тамыз) Ж.Аймауытов пен М.Әуезовтің мақаласы жарияланады. Халқымыздың екі бірдей талантты ұлдары әдебиет туралы айтыстарда белең алған жеке басқа тиісу, туындыны таптық тұрғыдан талдау секілді солақай саясаттың жөнсіздігін, өркениетті елдердегідей: “үйірге жаңа түскен сәуірікше бірін-бірі сауырламай, мүйіздемей, сынаса да өздерін емес, сөздерін сынауды үйренсек”, - деген түйін-тұжырым айтады.

Он жылға созылған әдеби тартыста С.Мұқановтың “Еңбекші қазақ” газетінің 1923 жылғы 1 наурызда шыққан

санында “Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер!” деген мақаласы өте шулы болды. Мақала тақырыбының өзі меңзеп отырғандай мұнда шынында да даулы мәселелер көп көтерілді, жөнсіз сынау жол алды. С.Мұқанов бұл атақты мақаласында халқымыздың бетке ұстар біраз азаматтарына кір келтіріп, тапшыл көзқараспен сынап-мінейді. Оның сырын “20-30 жылдардағы қазақ әдебиеті” деген монографиядағы “Әдебиеттегі жаңа дәуір” деген мақала авторы Б.Дәрімбетов былай түсіндіреді: “1923 жылы Орынборда Ахмет Байтұрсыновтың 50 жылдығына арналған салтанатты мәжіліс болып өтеді, сол кеште С.Сәдуақасов “Ақанның алдында” деген баяндама жасайды. Міне, осы баяндама көңіліне жақпаған С.Мұқанов жоғарыдағы мақаласын жазған. С.Мұқановтың сайтанын қоздырған баяндамада С.Сәдуақасов қазақтың үлгі тұтар бес азаматының атын атайды. Олар: Кенесары, Шоқан, Ыбырай, Абай, Ахмет Байтұрсыновтар болатын. Бұл тізім мен сөзі дуалы С.Сәдуақасовтың оларды мадақтауы С.Мұқановтың жынын қоздырып, аталған алаш ардақтылары жөнінде аузына ақ ит кіріп, қара ит шығады. Мәселен, Ыбырай туралы С.Мұқанов былай дейді: “... Сондықтан еңбекшіл таптың адамдары Алтынсариндей не қазақ болмай, не орыс болмай, не діншіл, не саясатшыл болмай өлгендерді ауызға алуға арланады...” десе, Абай туралы: “Жеті атасы би, тобықтыны бір шыбықпен айдаған тұқым. Қай күнде де ақсүйекте ұлтшылдық та, ақжүректік те азғантай болатын еді! Арғын-найман

жиылса, таңырқаған сөзіме, қайран сөзім қор болды, тобықтының өзіне!... деген өлеңі өзінің кім екендігін сездіреді. Бұл сөзінен: бір кезде арғын-найманды билейтін Абай қазір қолынан сыйы кетіп, ақыр аяғы өзінің тобықтысына да қадірсіз болғандығын, оған Абайдың назаланатынын көрсетеді”, - деп жазады. Кенесары, Шоқан, Ахмет жөнінде де осы мағынадағы сөздер бұл мақалада жеткілікті.

Мәселен: “... Ахаң қазақтың Ахаңы болса, мен Жақаң деп жүрген Міржақыптың “Оян, қазақтағы” мәслихати, тариқати, шарифати, мағрифати, табиғати, қайриати, жамиғати дегендері соқыр кісі болмаса, көзі барға ноғайға еліктегендігін көрсетіп отыр. Аханды алсақ, ол жалпы қазақтың Ахаңы емес, қазақтың ақ жағалыларының, байларының, болмаса, көзсіз көбелектерінің Ахаңы... Қысқасын айтқанда, ақ жаға мырзалар Аханды Ахаң демей, құдай деп шоқынып отырса да еркі. Бірақ қазақтың еңбекшілері Ахаңның ұранына қосылмайды. Дүние жүзінің кедейлерінің бірлік ұранына қосылады.

Ахаңа беретін бағасы – етікшінің шеберлігін мақтағандай-ақ, Ахаңның өлеңшілігі, Әліпби жазғандығы.

Сондықтан, шешендер, тілмарсып Аханды еңбекшілерге майлап өткіземін деуді қоюы жөн. Еңбекшіл қазақтың арасынан Ахаңа орын жоқ. Ахмет – байдың Ахаңы, күле кіріп, күңірене шығып жүрген арамзалардың, болмаса, ақ жағалылардың әкесі. Еңбекшілердің Ахаңы да емес, әкесі де емес, досы да емес. Еңбекшіл қазақтың әкесі

– өзінің қолын теңдікке жеткізген өктәбір төңкерісі. Енді шешендерге айтатыным: қисынсыз сайраймын деп еңбекшілдердің қара тақтайына жазылып қалып жүрмеңдер”, - деп сөзін түйіндеген. Сәбит Мұқановтың “Еңбекші қазақ” газетінің 1923 жылғы 1 наурыз күнгі санында жарияланған бұл мақаласы сол кездегі ең даулы айтысқа айналды.

С.Мұқановтың бұл мақаласына қарсы жауап берген С.Сәдуақасов “Қазіргі дәуір – іс дәуірі” деген еңбегінде: “... Бұл пікір сырттан қарағанда, рас, жаңа сықылды. Бірақ мұның негізі дұрыс емес. Біз ескіге қарсы болғанда оның шын шіріген, ескірген жеріне қарсымыз. Осы күнгіні гүлдендірудің орнына бүлдіретін, шірітетін, ілгері басуға бөгет болатын жеріне қарсымыз. Біз өткен заманнан осы күнгінің арасын шорт кесіп тастамаймыз. Менен бұрынғының бәрі ескі, менікі ғана жаңа, сол жаңа өзіме жетеді, өзімді қанағаттандырады деп біз еш уақытта да айта алмаймыз”, - деген даналық сөзін бүгінде уақыт-төреші дұрыс бағалап отыр.

Жоғарыдағы мақаладағы алты жылда алған биігіміз қайсы деген С.Мұқановтың қате пікірлерін Қошке Кемеңгеров те батыл сынап: “Сәбит басқаны көрмесе де, Бейімбет пен Сәкенді көруі керек еді. Басылған пьесаларды, газет-журналдардағы өлеңдерді, әңгімелерді көруі керек еді. “Қартқожа” сияқты романдарды көруі керек еді. Осының бәрі алты жылдың жемісі емес пе?». (“Еңбекші қазақ”, 1926, 1 декабрь), - дей келе – “Алдымен 6 жылдың ішінде Сәбиттің өзі ілгерілеп отыр. Әдебиетке

көзқарасын кеңейтіп отыр. Ертеректе Абай мен Ақанды іске жарағысыз қылған Сәбит: “... ұлтшылдықты отаршылық туғызды. Масаны әжетке жаратып... Заманды әркім билемек деп Абайдан мысал келтіріп отыр”, - деп Сәбиттің өзіне шабуыл жасайды. Сол арқылы 6 жылдың әрбір жазушыға еткен әсерін, олардың ой-өрісінің өсіп, тәжірибесінің молайып келе жатқанын мойындатады”.⁹

Қ.Кемеңгеровтің Мағжанға байланысты ойлары “Көркем әдебиет әңгімелері” (айтыс ретінде) атты мақаласында жан-жақты баяндалады. Автордың осы ойларына кеңірек тоқталар болсақ, сол кезеңнің хал-ахуалын, сыр-сипатын, үнін тереңірек танып, толық уақыт панорамасын кеңірек көрген болар едік. Алты беттік зерттеуде сол кезеңнің көркем айнасы кеңінен көрініп тұр, Сәбиттің үлкен уайымының бірі ұлтшылдардың көркем әдебиеті көп басылып кетті дейді... Өзі ұлтшыл болғанмен, бұқара, кедей тұрмысын жазатын болса, не айып, шамы бар. Жүсіпбектің пьессаларынан, “Қартқожасынан” қандай кінәмшіл адам болғанымен ұлтшылдықтың исін таба алмас. Мұхтардікі де осындай. Орыстың бұрынғы жазушыларында Достоевский мен Феттен оң пікірлі жан өтпейді. Осы күнде соларды далаға тастап жатқан жоқ. Осы күнде қалай дәріптеп отырғанды, Пушкин, Толстойды қалай құрметтейтінді ақын Сәбит жақсы білуі керек, - дей келе, – Қазақ әдебиетінде тойып секіретін күн әлі туған жоқ, – деп қатты ескерту жасайды. Өзінің көлемі шағын болса да іргелі зерттеуге бергісіз бұл

⁹ 121-6.

мақалада Бұхаринның “өнер дегеніміз – сезімдерді суретпен жүйелеу” деген сөзін алға тарта отырып, ұлтшылдардікі көп басылса, көркемдігі үшін басылған шығар”, - деп тұжырым жасайды. Және осы еңбекте көркем жазушылық пен жәй жазушылықтың арасы жер мен көктей деп, олардың шеберлік пен көркемдік өлшемдері жайлы ойларын, кез-келген көркем шығарма өз кезеңінің көркем шежіресі болатындықтан “... нені болса да заманына, тарихи жағдайларға қарай бағалау керек” деп тұжырым жасай келе, бұл ойын нақты мысалдармен дәлелдейді: “Оян, қазақ” пен “Шолпан” шыққанда жазба әдебиет қандай күйде еді. Мұны Сәбит ескермейді. Орыстың әдебиеті жаңа басталған дәуірде Карамзин, Дмитриев, Державин сықылдыларды әулие аспан көрген. Осы күнде солардай жазушыларға, ақындарға орыс оқушылары пысқырып та қарамайды”, - деп шеберлікті әдебиет көркемдігінің шыңы деп қарайтындығын көрсетеді. Осы салыстырулар арқылы Сәбитке сабақ берумен қатар, өзінің де талғамының жоғары екендігін танытады.

Осы мақалада Сәбиттің кішкене үгіт, кішкене айғай керек дегенін сынайды. Ол: “Үгіт, айғай пайдалы шығар, бірақ онымен ақын, жазушы шығаруға болмайды. Және Сәбиттің ойынша ақын тегінде: “... үйренумен, атақты жазушылардан үлгі алумен суретші болатын көрінеді”, - деген ойларының орашалақтығына мысқылдай отырып, былай жауап береді: “... Мен де (мақтанып жіберейін) бір қазақтың баласындай орыс әдебиетімен таныспын, өлең

жазу әдісін де білемін, бірақ қанша тырбансам да, Мағжандай болатын емеспін. Таланттың өзгешелігі жан, дене құрылысына байланысты. Үйретумен, атақты жазушылардан үлгі көрсетумен Сәбит Мағжандай ақын қылатын болса, мен Сәбиттен оқыр едім”, - дейді.¹⁰ Осы мақаласында қазақ әдебиеті игеруі тиіс көптеген тақырыптарды атай келіп, ұлттық әдебиетке мынадай анықтама береді: “Мінеки, осы тақырыптардың бәрі көркем әдебиеттің толық еншісі болса, сонда ғана толық ұлт әдебиеті болады. Сонда ғана қазақ ұлтының өзгешелігі айқын көрінеді, - дей келе, Жоғарыдағы тақырыптар азаматтық құқын алса, жазушылар ұйымдасу керек. Әзірге қазақ әдебиетінде 2 ағым бар: “біреуі – кедейшілдік, екіншісі бұқарашылдық”. Қалай да болса, әдебиетшілер ұйымы туралы мәселені шешетін мезгіл жетті.

Қандай ұйым болса да, негізі көркем әдебиетті гүлдендіру болу керек”, - дейді. Сөз соңында қазақ қаламгерлері де жараны бетімен, таңбаны тексермей, ауруды сау қылмай, күн шығысты құлдықтан құтқарған октябрь төңкерісін кінәламай, қазақ ұлтының өткен, қазіргі дәуірдегі тұрмысын көркем әдебиет айнасына түсіру керек.

“Сәбитпен айтысты доғардым”, - деп Сәбит сынды теріс пікірлі жандармен пікірталасқа түсіп, уақытын қор етпейтінін ескертеді.

С.Мұқановтың “Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім” мақаласы Қызылорда қаласында шығып тұрған

¹⁰ 125-б.

“Қызыл Қазақстан” журналының 1-ші санында (1927 жылы 5 январьда) жарияланған. Мақала 12 тараудан тұрады. Мұнда Мұқанұлы Сәбит: “Менің көркем әдебиет туралы жазған мақалама “Еңбекші қазақ” газетінің 267-санында Көшкенің қарсы жазған мақаласы басылды.

«...Мен бұл мақаламда кекету, мұқату деген ойдан аулақпын. Менің ойым – Қошкенің қателескен жерлерін көрсетіп, көркем әдебиет туралы өзімнің қорытынды пікірімді жазу. Мәселенің тетігі Қошкеге тірелгендіктен алдымен оның жазған сөздерінің біраз терістерін айтып кетуді мақұл көрдім”, - деген алғы сөзбен бастайды. Бұл тек Қошкеге жауап ретіндегі сөз ғана емес, көркем әдебиет туралы сол кезеңдегі ой бөлісу, пікір алысу және көркемдік жөніндегі әдеби айтыстың нағыз өзі десе де болғандай. Әрине, бұл мақаладан сол кездегі уақыт ағымы, ой мен таным, талғам мен білім деңгейі де сезілмей қоймайды. Дегенмен бұл мақаланың құндылығы әдеби айтыс арқылы сол кезеңнің ақиқаты да айтылады: “... Мағжанның атын атап ол да үйренген десек, Қошке пышақ ала ұмтылудан қашатын емес. Азар болса, одан жаман тулар (тағы да айтайын), Мағжан түгіл, Абай да үйренген, Абай да еліктеген », - дей келе Абайдың күшті ақын болған себебін орыс поэзиясынан үлгі алғандығын, әсіресе оның өлеңдерінің ең сұлуы – Теректің сыйы – Лермонтовтікі”, - деп түйін жасайды. Сондай-ақ, осы мақаласында Мағжанға деген өзінің сын көзқарасын толық айтып салуға тырысады: “...Мағжанның өлеңдерінде 75 пұрсент еліктеу бар. Мағжанның еліктеген

ақындары: Тоқаев, Рамеев, Пушкин, Лермонтов, Бальмонт, Соловьев, Мережковский, Блок – осы ақындардың өлеңдеріне еліктеген, кәттә тәржіма қылып, өз өлеңім деген Мағжаннан жүздеген өлең табуға болады. Бұған таласуға жол жоқ”ы сынға алады. Мағжанға деген жүрек қыжылын аямай төгеді. Тіпті қыза келе Қошкенің өзіне де тиісе кетеді: »... Үйренбей, білмей, Қошке қанша тырбанса да Андрей Белый бола алмайды», - дейді. Сөйтіп, ол бастапқы өз ойынан қайтпай, оны нақтылап, тереңдете түйіндейді: Таланты ұйықтап жатқан кісіге ақылдың керегі жоқ. Ал таланты бар кісіге де ақын бол, ақын бол деп қақсай бергенмен, тағы да түк шықпайды. Оған айтатын ақыл үйрен, біл болу керек. Біздің еңбекші жазушылардың бұл ұлы міндетінің біреуі».

Ал, “III. Бізде қазір неше бағыт бар”, - деген тарауда автор Ғаббастың ұлтшылдарға таққан белгісінің ең қолайлылығына Қошке ие бола кетіп, өзіне бірнеше кісіні серік қылып ала қойғысы келген. Сөйткенде де қазақта әдебиеттің екі-ақ бағыты бар. Біреуі – бұқарашылдық, біреуі – кедейшілдік деген тым оңай олжаға ие болған екенсіз, азамат Қошке. Шапанға қызығып қоңсы қонамыз деуіңіз жарайды. Бірақ бадырайып тұрған жұмысты жасыру ұятырақ болар! Қазақтың көркем әдебиетінің қазіргі бағыты екеу емес, үшеу: - деп олардың әрқайсысына жеке-жеке мінездеме береді.

Сондай-ақ, автор әдебиеттің өз категорияларын да ұмытпайды. “VII. Мазмұн мен пішін туралы” (Форма и содержание) деген тараушада еңбекші жазушылардың әлі

жетіспей жатқан кемшілігі ретінде – өлеңнің мазмұны мен пішінін түгел түсіре алмауы екендігін айта келіп, өз замандастарының осы реттегі кемшіліктеріне баса назар аударады. Мәселен, Мағжанды ескі өмірді жырлайды, бірақ бұл да мазмұн! Бірақ мазмұн деген нәрсе өмірге сүйкімді болмаса, қасиетсіз болмақ, дей келе екі түрлі мысал келтіре отырып, нақты мәтіндерді талдау арқылы өз ойын дәлелдегісі келеді.

1. Әуелі мақтау керек бір құдайды,

Басқадан нұрлы қылды күн мен айды,
- мазмұны қандай. Күн мен айды жарық қылған құдайды мақтау керек. Осы да мазмұн ба. Жоқ. Ол – діннің кезінде мазмұн еді. Қазір ойыншық мазмұн, -дейді.

2 ... Ертедегі адамдардың бәрі де ер,

Түн жағында ел бар екен, орыс дер,
Сол ерінен айрылған

Алты алаштың жүрегінде дерт екен.
деген өлеңде қандай мазмұн бар?. Кешегі адамның бәрі ер де бүгінгі адамның бәрі жасық па?. Осы да мазмұн ба?», - деп сауал тастай отырып, мазмұн жағынан біздің еңбекші жазушылар мақтана алады. Қазақтың еңбекші табы өскен сайын, еңбекші жазушылары өрттей қаулап келеді. Сондықтан еңбекші жазушылардың жазған сөзінің мазмұнына пішіні ілесе алмай отыр деп кемшілікті де көрсете кетеді.

С.Мұқановтың бұл мақаласына келесі жауапты белгілі қоғам және әдебиет қайраткері С.Сәдуақасов береді. Ол өзінің “Әдебиет әңгімелері” (айтыс ретінде)

деген мақаласында жақсы болсын, жаман болсын әйтеуір әдебиет туралы баспасөзде пікір туып, айтыс, әңгіме болғанының өзі сол кездегі рухани сұраныстың өскендігін көрсетеді. Ол жөніндегі пікірін автор сөз басында-ақ жақсы бастайды: “... Меніңше, айтыс үшін уайым жеуге болмайды. Айтыс жаңа пікір, жаңа ой туғызады. Қазақ әдебиеті өзгеден өлсе де, айтыстан өлмейді. Қазақ әдебиетін сынау керек. Сынайтын уақыт жетті. Қазақ әдебиеті ақсаса, сынның көптігінен емес, дұрыс сынның жоқтығынан ақсап отыр”, - деп орынды сын айтады.¹¹

1928 жылы Қазақстан баспасының бас редакторы С.Мұқанов І.Жансүгіровтың 20 б.т. қолжазбасынан 4-ақ т.б. өлеңдерін тандап, өзі алғы сөз жазып шығарады. Бірақ, өз сөзінде ол ақынның өлеңдерін таптық беті айқын емес деп сынға алады (“Есею жылдары”, А., 1964, - 477 б). Бұған қатты шамданған ақын “Еңбекші қазақ” (1928, 5 сәуір) газетіне “Бетім анадай емес, мынадай” деген мақала жариялап:»... сауатсыз, қатесі қалың, кей сөзімнің көзі жоқ, кей пікірімнің ізі жоқ. Өзім лайықтаған бөлімдерге бөлінбеген. Қолы шалақ, құлағы шұнақ, мұрны пұшық, шала туған... Сәбиттің мұнысы – бұқпантайлық, жасырынбақ», - деп өкпе айтады. Сөзінің соңында : »... Мәселеге объективно емес, субъективно қарау, өзінше тыңнан теория табуға талаптану, өзінен өзгеге көнбейтін асаулық, дүмше молдаша хадистің қарпіне таласушылық (буквоедство), кейде біле тұра сөз көтеру үшін, өзінің кедейшілігін сонымен әйгілеу үшін беталды белсенділік

¹¹ 251-б.

қылып дау қозғау, жоқ жерден кінә шұқылау, елді ауру деу – міне сәбитшіліктің сүйегі осылар”, - деп анықтама береді.

Сол өтпелі кезеңдегі әдебиет төңірегіндегі айтыс-даулардағы көп өкпенің С.Мұқанов есіміне байланысты болып жатуының тегін еместігін, оның себеп-салдарын аюға таяқ ұстатқандай етіп, ашып берген, оған дәл диагноз қойған да осы І.Жансүгіровтің ащы да болса ақиқатына сүйенген анықтамасы болса керек. “Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды” дегендей, бізге көпке шейін көмескі тартып, белгісіз болып келген шындықтар қазір тәуелсіздіктің арқасында және архивтегі көп материалдардың, сол кездегі баспасөз беттеріндегі айтыс-даулардың бүгінгі кириллицаға көшіріліп, газет-журналдарда ашық және сол қалпында жарияланып жатқандары, ақтандақ беттердің арнайы ғылыми зерттеу жұмыстары нәтижесінде айқындалып, дәлелденіп жатуы көп жайдың сырына қанықтырады. Ол айтыс ұзаққа созылады.

Шын мәнінде 20-30 жылдар – аласапыран арпалыс дәуірі, жаңа дәуір мен ескінің қалдықтары арасындағы күрес дәуірі болды.

1929 жылы желтоқсанда Өлкелік партия Комитетінің V Пленумы өтеді. Ол пролетариат әдебиетін өркендетудегі кедергілерді, жікшілдікті ашып, оларды жоюдың жолдарын қарастырады. Пленум қаулысына үн қосу мақсатында Ғ.Мүсірепов “Еңбекші қазақ” газетінде (1930, 26 қаңтар) деген мақаласын жариялайды. Онда: «...

Сәбит пен Сәкеннің алашорда деген айқайының астынан жікшілдік иісі аңқып тұрады... Қызылжарға барып Сәбит ҚазАПП секциясын жамылып жікшілдігін жүргізді», - деген кінә тағылады. Осы мақаладан кейін ойындағысын айтып қалуға тырысқан Ілияс “Жікке жол жоқ” (“Еңбекші қазақ”, 1930, 17 қараша) атты мақала жариялап, онда Сәбитті жікшіл деген Ғабит пікірін қолдап шығады.

Ал, Сәбит болса оларға қарсы мақала ретінде “Ғабитке справка” (“Еңбекші қазақ”, 1930, 13 желтоқсан) жазып, Сәкеннің жігінде болғаным жікшілдік емес, партия жолы үшін күрескендік. Мен Ғабит қателерін көрсетсем, ол жікшілдік бола ма деп ақтала сөйлеп, Ілияспен татуласу ниеті барлығын мойындайды.

Газет алқасы әдебиетіміздің үш ірі тұлғасына да ескерту жасап, олардың орынсыз айтысынан өздері болмаса да оқырмандардың жалыққанын, одан да жікшілдікті қойып, қазақ пролетариаты әдебиетін өркендетуге атсалысуға шақырады.

Қазақ АССР-інің он жылдығы қарсаңында ҚазАПП-тың ұйымдастыру бюросының мүшелері С.Мұқанов, Б.Майлин, І.Жансүгіров пролетариат жазушыларының барлық секцияларына, жеке мүшелеріне арнап “Ашық хат” жазды. Ол “Еңбекші қазақ” газетінің 1930 жылғы 30 қыркүйектегі санында жарияланды. Онда ҚазАПП-тың 1925 жылы маусымда ашылу себептерін және осы бес жылда нендей шаруалар атқарылғанын, нендей кемшіліктерге жол берілгенін, келешектегі нақты міндеттер қандай деген сауалдар төңірегінде ой қозғайды.

1932 жылға қарай Алматыда бірлесіп жұмыс істеу міндеттері жөнінде комсомол белсенділері мен ҚазАПП мүшелерінің бас қосқан жиналысында Р.Байжасаровтың баяндамасында Сәкен, Сәбит, Ғабит, Ғаббас, Илияс, Бейімбет – бәрі де қатты сыналып, Ү Пленум қаулысын теріс талқылады деген кінә қойылады. Бұл жаңа қатердің, өзара саяси айыптасуларға бой ұрғандықтың белгісі еді.

Оның ақыры 1937 жылғы қызыл қырғынға алып келгені тарихтан белгілі.

1932 жылғы 10 ақпанда ВКП(б) Өлкелік комитетінің Мәдениет және насихат бөлімі мен Қазақстан марксизм-ленинизм институтының Сталин жолдастың хатына байланысты Қазақстанда теория майданындағы күрес міндеттері туралы “түсіндірме хаты”, аты айтып тұрғандай әлгі отты одан әрмен өршітті. Көп ұзамай, яғни 1932 жылғы 26-29 ақпанда, Қаз АПП-тың бірінші съезі өтіп, қателіктер мен кемшіліктер қатты сынға алынды.

1932 жылы партияның “Көркем өнер ұйымдарын қайта құру туралы” қаулысынан соң да әдебиет төңірегіндегі пікірталас созылып, 1934 жылы Қазақстан совет жазушыларының тұңғыш съезі өтті де алдында жойылған Қаз АПП-тың орнына Жазушылар одағы құрылды. 1933 жылы республика басшылығына Л.Мирзоян келіп, әдебиетте де оң өзгеріске жол ашылғандай болды. Дегенмен, осы он жылдықтағы әдеби айтыс-тартыстардың кесірінен, яғни 1927-39 жылдардағы саяси зобалаң, репрессия кезінде демограф-ғалым М.Тәтімнің дерегіне сүйенсек, тікелей атылғандар саны 25

мың, ұзақ мерзімге сотталып, ГУЛАГ түрмелерінде өлгендер – 75 мың, барлығы 100 мың қазақ зиялылары опат болған екен. (Қазақ ұлтының қасіреті // “Егемен Қазақстан”, 1996, 18 сәуір). Солардың ішіндегі мерт болған ақын-жазушылар ұзын тізімді құрауы осы онжылдықта мерзімді баспасөздерде орын алған қазақ зиялыларының бір-бірін орынсыз сынға алуының, әдебиетті тапқа бөліп, әдеби шығармадан көркемдік пен шеберлікті емес, тапшылдық көзқарасты, тырнақ астынан кір іздеу секілді саяси сойқанның салқыны екенін сезбеу мүмкін емес. Қалай десек те, XX ғасыр басындағы 20-30 жылдардағы осындай саяси өмір қазақ зиялыларының қалыптасып, қазақ әдебиеті мен өнеріндегі, мәдениетіндегі жаңа өзгерістерімен де есте қалатын тарихи кезең болғанын ескеру шарт және әсіресе, қазақ сөз өнерінің, оның әр алуан жанрлық түрлері мен салаларының кәсіби өсу деңгейлерінің биік деңгейге көтерілуі тұрғысынан атап өткен жөн¹².

¹² Т.Бейісқұлов. Аласапыранда (мақала) // «Жұлдыз», 2003, № 8.

2.ТАРАУ. 1950 - 80 жылдар аралығындағы әдеби - көркем сын

2.1. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеттануы

Бұл кезең негізінен Ұлы Отан соғысы аяқталып, ел еңсесін көтере бастаған әрі осынау қанды қырғында ойсырап қалған халық шаруашылығы мен әлеуметтік мәселелерді қайта қалпына келтіру жолында жемісті еңбек еткен жылдарды қамтиды.

Әдебиет – қашанда өз кезеңінің көркем шежіресін шертсе, қазақ әдебиеттану ғылымы сол әдеби процестің даму заңдылықтары мен әр алуан әдеби жанрлардағы көркем шығармалардың рухани құндылықтарын, эстетикалық әсерін теориялық тұрғыдан талдауға, зерттеуге зейін қоя бастады.

XX ғасыр басында қарқынды өрлеу дәуірін бастан өткерген қазақ прозасының көрнекті өкілдері мен олардың талантты туындыларын саяси тұрғыдан тұтқындаған сталиндік репрессия, оның ізін ала жүргізілген ашаршылық, екінші дүние жүзілік соғыс т.б. халықтың рухани өмірін өркендетуге еш мүмкіндік бермегені де белгілі.

Соның бір айғағы - 1946 жылы М.Әуезовке және Қ.Жұмалиевке (Абай поэзиясының тілі) ғана филология ғылымдарының докторы деген жоғары ғылыми дәреже берілгендігі еді. Әсіресе, ұлттың рухани дамуына қызмет

еткен қоғам және қалам қайраткерлерінің еңбегі көбіне елеусіз қалып отырды.

Ал, екіншіден, 1950-ші жылдардағы қазақ әдебиеттануының еркін өсіп-өркендеуіне үнемі тосқауыл құрған тоталитарлық режим, тілді тұсаулап ұстаған саяси тосқауылдар көп болды. Оның сорақы үлгісі – 1947 жылғы “Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы” қаулысы мен ескі әдеби мұраларға сын көзбен қарамағаны және Шортанбай, Мұрат, Дулат, Нарманбет, Мәшһүр-Жүсіп, Сұлтанмахмұт т.б сияқты ескішіл, алашордашыл ақындарды мадақтағаны, Кенесары қозғалысын зерттегені, Абай мектебін насихаттағаны үшін т.б. деген сияқты саяси айыптаулар мен жаптым жалалар еді. Саяси астары қатпар-қатпар әлгідей қаулылар қазақтың бір туар зиялыларының бетке шығар қаймақтарын сылып алып кететін әдетімен осы жолы да Е.Бекмаханов, Б.Сүлейменов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, Қ.Мұхамедқановтарды жазықсыз жазаға тартты. Ал, Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, С.Мұқанов, А.Жұбанов, І.Кеңесбаев, Ә.Марғұлан, Б.Кенжебаев, Ә.Қоңыратбаев, Т.Нұртазин, Ә.Мәметова сынды қайраткерлер қызметтен қуылып, жұмыссыз қалды.

Міне, осынау көркемдік ойлау жүйесінде жиі-жиі орын алатын ойсырау қазақ ғылымы мен әдебиетінің, оның тағы бір талантты топтарының қалыптасуына, өркендеп-өсуіне кері әсер еткені тарихтан белгілі. Бұл

жөнінде көрнекті әдебиет тарихшысы, академик С.Қирабаев былай дейді: “... Әдебиет сыны мен әдебиетті зерттеу ғылымы үшін бұл дәуір аса қиын әрі күрделі кезең болды. Партияның идеология саласындағы қаулылары, космополитизмге қарсы күрес, ең алдымен әдебиет пен өнердегі “бұрмалаушылықтардың” бәрін сын мен ғылымнан көрді. Қазақ әдебиетіндегі “ұлтшылдықты” әшкерелемей отырған да сын мен ғылым боп шықты. Сондықтан да Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің “Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателіктер туралы” қаулысы қаһарын сын мен ғылымға төкті” (15-б.)

Шынында да осындай саяси науқан кезінде рухани кеңістіктегі келеңсіздіктерді көре тұра әдебиет сыны мен әдебиетті зерттеу саласынан соны сөз, тың талпыныстар, тіпті ғылымдық пікір күтудің өзі қиын еді.

Тек 1953 жылы халықтар көсемі атанған И.В.Сталин қайтыс болып, жеке басқа табынушылықтың тұманы сейіліп, идеологиялық асыра сілтеушілік те саябыр тапқан тұста ғана қазақ халқы еңсесін көтере бастады. Сотталғандар қайтарылып, жұмыссыз жүргендер қызметтеріне оралды. Содан соң ғана қазақ ғылымы жаңа тыныс ашып, жас кадрлар мен ғылыми қызметкерлер сандарын өсіруге көңіл бөле бастады. Қазақтың көрнекті ғалымдары Е.Ысмайлов 1957 жылы (“Ақындар” атты диссертациялық еңбегі үшін), Б.Кенжебаев 1959 жылы

(Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары), М.Ғабдуллин 1963 жылы (Қазақ халқының ауыз әдебиеті), Т.Нұртазин (Жазушы және өмір) т.б. деген тақырыптарда докторлық зерттеу жұмыстарын жазып, жоғары ғылыми дәрежеге ие болды.

Соғыс жылдарында күн тәртібіндегі көкейкесті мәселелерді көтеріп, зәрулік танытқан публицистика, очерк, өлең-жыр сияқты шағын жанрлардың шоқтығы биік болғаны белгілі. Өйткені, өз кезеңінің уақыт талабын шапшаң әрі табанды түрде орындап отырған бұл жанрларға ұшқырлық тән болды. Ал, әдебиет сыны мен әдебиетті зерттеудегі іргелі монографиялар мен адамның ішкі әлеміне тереңдеп баруға тиісті үлкен жанрлардағы туындыларға ұзақ уақыт қажет еді. Сондықтан да болар, М.Әуезовтің “Абайы” (4 томдық эпопеяның 1-ші кітабы), Ғ.Мүсіреповтің “Қазақ батыры”, Ғ.Мұстафиннің “Шығанағы”, соғыстан кейінгі бейбіт жылдары жазылып, жарық көрді. Қазақ әдебиетіне үлкен рухани резонанс жасаған бұл туындылар дер кезінде әдеби-ғылыми айналымға түсіп, әр түрлі дәрежедегі пікірталастарға, теориялық талдауларға негіз болды. Айталық, 1957 жылы 25 наурызда “Абай романы – қазақтың тұңғыш эпопеясы” деген тақырыпта конференция болды. Бұл туынды тек төл әдебиеттану ғылымында ғана емес кеңестік әрі әлемдік әдебиетшілердің назарында болды. Конференцияда сөз алған әдебиетші ғалымдар қазақ топырағындағы тұңғыш роман-эпопеяның көркемдік, эстетикалық, рухани

құндылықтары жөнінде әр түрлі сала бойынша теориялық тұрғыдан талдаулар жасады. Атап айтар болсақ, “Абай жолы – қазақтың тұңғыш эпопеясы” деп, оның қазақ әдебиетіндегі тарихи орнын анықтаған М.Қаратаев болса, “Абай және оның дәуірі” туралы толғақты ойларды А.Нұрқатов таратып, баяндап берді. Эпопеяның көркемдік ерекшеліктерін әдебиеттану ғылымының өз категориялары арқылы жан-жақты әрі терең талдаулар жасаған З.Шашкиннің баяндамасы өте жоғары теориялық деңгейде болды. Осы конференцияда сөз сөйлеген М.Әуезов, З.Ахметов, З.Қабдолов, Ғ.Мұсабаев, С.Бегалин, Б.Шалабаев, Қ.Қуанышбаевтардың пікірлері конференция материалдары негізінде жарық көрген “Қазақтың тұңғыш эпопеясы” деген жеке кітапта жинақталған.

Және сол жылдың 28 қыркүйегінде М.Әуезовтің туғанына 60 жыл, ғылыми-педагогикалық және қоғамдық қызметіне 40 жыл мерейтойын атап өту – ұлы жазушының шығармашылық портретін толықтырып, көптеген ғылыми зерттеулерге, әдеби пікірталастарға өзек болғаны белгілі. Суреткердің көркем шығармалары мен ғылыми зерттеулері кеңестік әрі әлемдік әдебиеттану ғылымында орынды бағасын алды. Оған осы кезең аралығында М.Әуезов шығармаларының бірнеше шет тілдерге аударылып, кеңінен насихатталғаны куә бола алады.

1950-ші жылдардың соңына қарай төл әдебиеттану ғылымында сапалық өсу, тәжірибесі мен білімі терең маман-кадрлармен толығу қарқын ала бастады. Оның

жарқын көрінісі – 1958 жылдың 9-10 маусымында Қазақ ССР Ғылым академиясының жалпы жиналысының сессиясында Ғ.М.Мүсірепов, Ә.Х.Марғұланды Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, М.С.Сильченко, Е.С.Ысмайылов, Ғ.Мұстафинды Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі етіп сайлауы еді. Бұл ұлттық әдебиеттану ғылымының даму дәрежесін, оның жоғары лауазымды мамандармен толығып, сапалы түрде өсуін танытады.

Сондай-ақ, осы кезең аралығында қазақ әдебиеттану ғылымы жас ғылым докторларымен толықты. Атап айтсақ, Н.С.Смирнова (ХҮШ ғасырлардағы қазақ әдебиетінің очерктері. 1951), М.Қаратаев (Қазақ әдебиетіндегі социалистік реализм проблемалары. 1964), С.Қирабаев (Сәкен Сейфуллин. 1964), З.Ахметов (Қазақ өлеңінің құрылысы. 1965), т.б.

Осы кезең ішінде бірнеше ғылыми зерттеу жұмыстары жазылып, баспа бетін көрді. Мысалы, “Қазақ әдебиетінің кейбір мәселелері”. (Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1957. - 384 б.); “Қазақ совет әдебиетінің мәселелері”. (1-том. Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1957, -185 б.; “Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі”. (Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1958, -512 б.), т.б. және жеке ғалымдардың іргелі зерттеулері: (М.Қаратаев. “Туған әдебиет туралы ойлар”. Алматы: ҚМКӘБ, 1958, - 444 б.; Е.Ысмайылов. “Революционер ақын”. (Алматы,

1958, - 38 б)., М.Әуезов. “Әр жылдар ойлары: Зерттеулер мен мақалалар”.(Алматы: ҚМКӘБ, 1959, - 556 б., т.б.).

1950-80 жылдар аралығындағы рухани өмірімізде және ұлттық әдебиеттану ғылымындағы ірі жаңалықтардың бірі – 1961 жылдың 6 мамырында Қазақ ССР Ғылым академиясының құрамында жаңадан Әдебиет және өнер институтының ашылуы мен оған заңғар суреткер, көрнекті ғалым М.Әуезовтің есімі берілуі еді. Институттың тұңғыш директоры болып М.Б.Базарбаев тағайындалды.

1963 жылы (28 қарашада) ҚКП Орталық Комитеті мен Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысы бойынша Алматыда Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің әдеби-мемориалдық музейі ашылды . Осы екі ғылыми мекеме күні бүгінге дейін қазақ әдебиеттану ғылымының ордасына, орталығына айналып отыр.

Соғыс жылдарындағы халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының күрт төмендеуіне байланысты жабылып қалған қазақ әдебиеті мен ғылымының тікелей насихаттаушылары, олардың ой-идеяларының алтын қазығы болған “Қазақ әдебиеті” газеті, “Әдебиет және искусство”, “Леніншіл жас” сияқты басылымдар т.б қайта қалпына келтіріле бастады.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің көш бастаушыларының көзін көріп, өнегесін алған М.Әуезов, С.Мұқанов, Ә.Марғұлан, Қ.Мұхамедқанов, Б.Кенжебаев, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, М.Ғабдуллин т.б тәрізді

көрнекті ғалымдардан білім алған М.Қаратаев, С.Қирабаев, З.Ахметов, З.Қабдолов, Б.Уахатов, Б.Сахариев, Б.Шалабаев, Т.Кәкішев, Р.Нұрғалиев, С.Қасқабасов, Р.Бердібаев, т.б. осы кезеңдерде бірнеше зерттеу еңбектер жазып, ғылыми жоғары дәрежелер алып, ғылыми-педагогикалық қызметтерде шыңдалып қалған еді.

2.2 Әдебиет теориясының мәселелері

Ұлттық әдебиеттану ғылымымызда әдебиет теориясының негізін қалап, оның пән сөздерін жүйелеп, оларды ұлттық ұғымға лайықтап жазған А.Байтұрсынұлының ғылыми тұжырымдарын бірде жасырын, бірде жария түрде шәкірттерінің санасына құя жүріп, оның кәсіби сапаға ие болуына сүбелі үлес қосқан Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайылов, З.Шашкин болды. Олардың іздерін ала көбіне орыс әдебиеттанушыларының еңбектеріне сүйене отырып, әдебиет теориясын жалғастырған ғалымдар – З.Қабдолов, З.Ахметов, Е.Жовтис еді. Олар ұлттық әдебиеттану ғылымының жетістіктерін одан әрі тереңдете дамытумен бірге кеңестік, әлемдік әдебиеттану ғылымындағы әдебиет теориясы, эстетика, этика, философия, мәдениеттану, психология т.б. салаларындағы соны жетістіктерін жақсы меңгерген кәсіби мамандар-тын.

Қазақ әдебиеті тарихын сонау көне түрік дәуіріндегі әдеби-мәдени мұралардан бастап, жүйелеу керек деген ойды қазақ әдебиеттануында тұңғыш қозғаған Б.Кенжебаев болды. Оның жетекшілігімен осы кезеңде жоғары оқу орындарда (әсіресе, филология факультеттерінде) әдебиет тарихы көне түрік дәуірінен бастап, оқытылды. Және жеке өзі бір мектепке бергісіз мамандар даярлаған Б.Кенжебаев өзінің шәкірттеріне әдебиет тарихын жаңаша жүйелеудің жобасын жасап осы тұрғыдан ғылыми зерттеулер жүргізуге бағыттады. Оның нақты нәтижелері шәкірттерінің әр жылдар жарық көрген ғылыми зерттеулері, осы саладағы шығармашылық ізденістері екендігі белгілі. Атап айтсақ, Мырзатай Жолдасбековтің “Асыл арналар” (Жазушы, 1986), Ханғали Сүйіншәлиевтің “Ғасырлар поэзиясы” (Жазушы, 1987), Алма Қыраубаеваның “Ғасырлар мұрасы” (Мектеп, 1988), Немат Келімбетовтің “Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі” (Мектеп, 1986), Мұхтар Мағауиннің “Қобыз сарыны” (Жазушы, 1968) атты еңбектер. “Ертедегі әдебиет нұсқалары” (Мектеп, 1967) хрестоматиясы мен “Алдаспан” (Жазушы, 1970) антологиясы да осы кезеңдерде жарық көріп, халықтың этникалық, тарихи санасын оятуға, ұлттық рухты көтеруге, біздің әдеби мұраларымыздың жастарды өз ұлтына деген мақтаныш сезімдерін тәрбиелеуде орасан зор рөл атқарғаны да белгілі. Алайда, қазақ әдебиетінің тарихын әріден бастау, яғни бес ғасырға, одан әргі заманға жылжыту, бұрындары

«ешбір өркениеті болмаған жабайы, тек кеңес кезінде ғана көзі ашылып ел қатарына қосылды», - деген теріс пиғылдағы кеңес ғалымдарына соққы берген бұл ізденісте көптеген қиыншылықтар болғаны, оны Б.Кенжебаев бастаған бір топ қазақ ғалымдарының табандылығының нәтижесінде бұл сірескен сана мен сенді бұзуға күрт бет бұрыс жасалғаны да белгілі. Мысалы, М.Жолдасбековтің монографиясы 1969 жылы жазылып біткенмен, тек 17 жылдан соң, А.Қыраубаеваның еңбегі 14 жылдан соң ғана жарық көрген.

Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеуді жаңаша жүйелеудегі тың талпыныстар, ежелгі әдеби-мәдени мұраларды насихаттау, оларды зерттеуге деген игі талпыныстар 1957 жылдың 8 шілдесіндегі Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитеті “Қазақ халқының әдеби-поэзиялық және музыка мұрасын зерттеуді сын тұрғысынан қарап пайдаланудың жайы және оларды жақсарту шаралары туралы” атты қаулыдан соң ғана жүзеге асырылғаны мәлім. Халықтың тарихына, жалпы мәдени мұраларға деген нигилистік көзқарастар мен жеке адамға табынудың салдары ұзақ жылдар бойы үстемдік алып, шектеліп келген тарихи шығармаларға, классикалық рухани мұраларға көп болмаса да сәулесін түсіре бастады. Жоғарыда аталған қаулының нәтижесінде бұрындары зерттеуге тыйым салынған 300-ге жуық батырлар жыры, көне дәуірдегі ақын-жыраулар шығармалары, ғылыми айналымға түсіп, баспа бетіне

жолдама алды. Олардың таралу тираждары өсіп, әртүрлі нұсқалары оқырмандар назарына ұсынылды.

Сан ғасырлар бойы ауызша таратылса да талай толқын ұрпақ өкілдерін ұлттық рухта тәрбиелеген әдеби мұраларды зерттеудің зәру мәселелері әр түрлі әдеби пікірталастардың, ғылыми кездесу, конференциялардың басты тақырыптарына айналды. Мәселен, 1950 жылы 13-15 маусымда өткен Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институты мен Қазақстан Жазушылар одағы бірлесіп өткізген А.Құнанбаевтың әдеби мұраларын талқылауға арналған жиыны, 1953 жылғы 12-15 көкектегі қазақ эпосының мәселелері жөніндегі әдеби диспуттардың өтуі т.б. соның айғағы болса керек. Онда М.Әуезов, М.Ғабдуллин, Қ.Жұмалиев, С.Мұқанов, Қ.Мұхамедқанов т.б. сынды көрнекті ғалымдардың пікір білдіріп, арнайы баяндамалар жасауы бұл істің маңызды екендігін көрсетті. Сондай-ақ, 1959 жылдың 16-19 маусымында өткен қазақ әдебиетінің проблемалық мәселелері жөніндегі ғылыми-теориялық конференцияларда да әдеби мұра, халық эпосы, оларды зерттеу мәселелері кеңінен әңгіме болды. Жоғарыда аталған қаулылар мен КПСС ХХІ съезі шешімдеріне байланысты қазақ әдебиеті тарихын зерттеу, кезеңдеу, т.б. тәрізді теориялық мәселелерді конференцияда баяндама жасаған әрбір зерттеуші ғалымдар ортаға салды. Айталық, “КПСС ХХІ съезі шешімдеріне байланысты қазақ совет әдебиетін зерттеу ғылымының міндеттері” (Қазақ ССР Ғылым

академиясының корреспондент-мүшесі Е.Ысмайылов), “Қазақ поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық жайында” (М.Базарбаев), “Қазақтың бұрынғы және советтік фольклорын зерттеу проблемалары (корр. мүшесі Н.С.Смирнова), “ХҮІІІ ғасырдың соңы мен ХІХ ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ әдебиетін зерттеу мәселелері” (корр.мүшесі Қ.Жұмалиев), “ХІХ ғасырдың 1950-70 жылдарындағы қазақ әдебиетін зерттеу мәселелері” (ф.ғ.к. Ы.Дүйсенбаев), “ХІХ ғасырдың 1980-90 жылдарындағы қазақ әдебиетінің негізгі тенденциялары мен бағыттары туралы” (корр. мүшесі М.С.Сильченко), “ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті туралы” (ф.ғ.д. Б.Кенжебаев) т.б. атты баяндамаларда сол кезеңдегі қазақ әдебиеттану ғылымының алдында тұрған өзекті мәселелер сөз болды. 1950-80 жылдар аралығында ерекше көңіл бөлініп, мемлекеттік тұрғыдан арнайы бағытта жұмыс жүргізілген “Әдеби мұра және оны зерттеу мәселелері” 1961 жылы осындай атпен шығарылған конференция материалдары негізінде шығарылған кітапта жан-жақты қозғалған.

Сондай-ақ, Қазақстан жазушылар одағында дәстүрге айналған әрбір жылдың қорытындысында сол кезеңдерде жарық көрген көркем шығармалардан бастап, әрбір ғылыми монографиялар мен зерттеулерге шолу жасалып, арнайы талқылаулар өткізіліп отырды. Оның соңы әдеби-ғылыми пікірталастарға ұласып отырғаны белгілі.

Сталиннің нұсқауымен М.Горькийдің қуаттауымен кеңестік дәуірдегі әдебиеттің мықты қаруы, негізгі идеялық тұжырымы болған социалистік реализм әдісі жөнінде тұрақты түрде жұмыстар жүргізіліп, ол әрбір жазылып жатқан көркем дүниелерден, зерттеу жұмыстарынан талап етіліп отырды. Социализм жолында күрес жүргізіп отырған жаңа қоғамның әлеуметтік-саяси, философиялық, эстетикалық идеяларын уағыздап, өмір шындығын осы идеялар негізінде бейнелеуді талап еткен бұл әдіс жөнінде кеңестік дәуірде көптеген жұмыстар жүргізіліп отырды. Мысалы, 1958 жылы 25 маусымдағы Қазақстан Жазушылар одағында социалистік реализм әдісіне арналған теориялық конференцияның өтуі және 1959 жылдың 9-11 наурызындағы Қазақстан жазушыларының ІҮ съезінде жасалынған баяндамалардың дені соцреализм әдісінің қазақ әдебиеті мен ғылымындағы көріністеріне, советтік жаңа адамның тәрбиеленуіндегі оның рөліне аса зор көңіл бөлінуі соның айқын дәлелі болса керек.

1942 жылы 1-томы, 1947 жылы 2-томы шыққан М.Әуезовтің “Абай жолы” романы солақай сынның төпелеуінде қалды. 1951 жылы 13-15 маусымда Абай шығармашылығына Ғылым академиясы мен Жазушылар одағы бірігіп өткізген жиында Абай мектебі, Абай дәстүрі деген ұғымдарға қарсы шығушылар болып, Абайды зерттеушілерге саяси айып тағылып, кейбірі абақтыға жабылды да.

1950 - жылдардың соңында тоталитаризм құрбаны болған С.Сейфуллин, Б.Майлин, І.Жансүгіров т.б. азаматтық тұрғыдан ақталып, әдеби мұралары халық игілігіне айнала бастады. 1958 жылы М.Жұмабаев азаматтық тұрғыдан ақталар тұста Жазушылар одағының М.Жұмабаев жөнінде шығарған арнаулы қаулысынан соң ақын өлеңдері “зиянды” деп табылып, жиналынбады, зерттелінбеді. Тап осындай жағдаймен Ш.Құдайбердиевтің де мұрасы жарыққа шықпай қалды.

Осы жылдары әдеби өмірге әдебиет тарихын зерттей келген жастың бірі – С.Қирабаев еді. Ол әдебиеттану мен сынды әлі күнге дейін бөліп - жармай қатар алып келе жатқан бірден-бір ғалым, сыншы. С.Қирабаев С.Көбеевтің өмір жолы мен шығармашылығынан кандидаттық, көрнекті ақын, әдебиетші Сәкен Сейфуллиннің шығармашылығынан докторлық диссертация қорғады. 9, 10 сынып оқушыларына арналған бірнеше оқулықтың авторы. Ал, сыншылық өмірі өзінше бір бөлек дүниелер. Сыншының 1956 жылы “Ғ.Мұстафин” атты сыни-өмірбаяндық кітапшасы, 1960 жылы “Өрлеу жолында” атты жинағы жарық көрді. Сондай-ақ, ол педагогтық қызметімен қатар үнемі әдеби процеске қатынасып, әр кезең әдебиеті жайлы өзінің пікірін білдіріп отырды.

Х.Әдібаев әдебиеттану мен сынға қатар келді. 60-шы жылдары өзіндік өремен өршіл екпінмен келген сыншы “Сыншының профессионалдық шеберлігі туралы” (“Жұлдыз”, 1961, саны), “Оценивать верно, говорить

прямо” (“Простор”, 1963, 6 саны) кеңес дәуірі әдебиетін зерттеумен айналысты.

1950-60 жылдары әдебиетке осылай білімді, екі тілді теңдей меңгерген маман-әдебиетшілер, сыншылар келе бастады. Оларға игі әсер еткен сол кезеңнің рухани өрлеуі еді.

1950-60 жылдардағы сынға белсене атсалысып, сол кезеңнің әдеби ағымына үзбей үн қатып отырған сыншы, көрнекті әдебиетші-ғалым Рахманқұл Бердібаев. “Әдеби сын өркендей түссін” (“ҚӘ”, 1958, 28 наурыз), “Оқушыға ой салу шарт” (“ҚӘ”, 1960, 4 наурыз), т.б. мақалаларында көркем әдебиеттің толғақты мәселелерін қозғады. Зерттеушінің 1964 жылы “Әдебиет және өмір”, 1967 жылы “Роман және заман” атты сын мақалалар жинағы жарық көрді.

Өзінің әдеби өмірін сыншылдықпен бастаған ғалым, ф.ғ.д. проф. Т.Кәкішев ұлттық әдебиеттану ғылымындағы көркем сынның қалыптасу кезеңдері мен даму заңдылықтарын зерттеді. Ол 20-жылдардың әдеби процесті зерттеу барысында, әдебиетке бұрындары белгісіз болып келген көптеген жаңа есімдерді алып келді: Мәселен, Ж.Тілепбергенов, Ш.Иманбаева, С.Ерубаев, С.Шәріпов, Ғ.Тоғжанов, Х.Жүсіпбеков, т.б.

Өзінің әдебиеттану ғылымындағы көтерген тақырыбына адал берілген зерттеушінің 1962 жылы “Октябрь өркені”, 1967 жылы “Дәуір суреттері”, 1967 жылы “С.Сейфуллин” атты еңбектері жарық көрді.

Ғылым жолына 1960 жылдары келген С.Ордалиев қазақ драматургиясын, оның жасалуы мен қалыптасуы жолдарын зерттеді. Нәтижесінде “Қазақ драматургиясы және советтік өмір” деген сын мақалалар мен зерттеу жинағын жарыққа шығарды.

Белгілі ғалым Б.Сахариеттің 1960 жылдары “Жұлдыз”, “Қазақ әдебиеті” басылымдарына жарық көрген мақалалары, кейін “Уақыт тынысы” атты жинағы жарық көрді.

Ф.ғ.д., проф. Ә.Нарымбетов 1950-60 жылдар аралығында қазақ поэмасының жанрлық сипатын, көркемдік ерекшеліктерін зерттеді. Әдебиетші ғалым әрі библиограф “Әдеби өмір шежіресі” атты библиографиялық-көрсеткішті бірнеше жылдар бойы үзбей жазып, үнемі әдеби процеске белсене араласып отырды.

2.3 Көркем сынның кәсіби қалыптасуы

КПСС Орталық Комитетінің 1972 жылы “Әдеби-көркем сын туралы” арнайы қаулысынан кейін “Литературное обозрение”, “Литературная учеба” журналдары шығарылып, Қазақстанда “Жазушы” баспасынан сын редакциясы ашылып, сын еңбектерге кең жол ашылғаны белгілі. Соның нәтижесінде сын жанры жайында 1974 жылы 20-ға жуық әдеби-көркем еңбек жарық көрді. Жыл сайын он бес баспа табақ көлемінде шығарылып тұратын “Уақыт және қаламгер” атты сын жинағы дүниеге келді. Бұл жинақтың сапасы жөнінде Жазушылар одағының сын кеңесі арнайы жиын өткізіп, талқыға салып отырды. Оның 10 кітабы тыңның 25 жылдығына дейін жарық көрді. Содан кейінгі 7 жылда 5 кітабы шығарылды.

Жоғарыда аталған қаулы негізінде 1973 жылдан бастап “Уақыт және қаламгер” атты сыншылардың мақала, зерттеулерінен тұратын жыл сайынғы дәстүрлі кітап шығару қолға алынды. Ол 1980 жылға дейін, оныншы кітапқа дейін ұласып келді. 1973-тен 1981 жылға дейінгі аралықта әдеби сын мен зерттеуге бағышталған 28 кітап жарық көрсе, бір ғана жылдың өзінде 11 кітапқа дейін ғылыми еңбектер оқырман назарына ұсынылып жатқан кездер болды. Бұл деректер 1980-90 жылдар аралығында әдеби-көркем сын саласындағы қыруар еңбектер атқарылғанының айғағы болса керек. Және 1980 жылы

1976 жылғы КПСС Орталық Комитетінің “Творчестволық жастармен жұмыс туралы” қаулысын жүзеге асыру мақсатында “Сөзстан” атты сериямен де жас сыншылар мен әдебиеттанушы ғалымдардың еңбектері жинақталып беріле бастады. “Сөзстан” – ұлттық әдебиеттану ғылымы саласындағы тұңғыш тәжірибе, тұсау кесер топтама болды. Алайда, 1990 жылдардағы тоқырау кезеңдері қаржы жағынан қысылған баспалар жыл сайын шығып тұрған “Уақыт және қаламгерді” де, “Сөзстанды” “Жастар жастар туралы” деген әдеби-сын мақалалар жинағын тоқтатуға тура келді.

Ал, Одақ көлемінде жыл сайын шығып тұратын “Контекст-72” ден бастап, әлі күнге дейін жыл сайын болмаса да екі-үш жыл еңбектерін жинақтап, әдеби дәстүрді жалғастырып келеді. Бұл жинақтарда әлем әдебиеті контексіндегі бүкіл әдеби үдеріспен, әдебиеттану ғылымының соны жаңалықтарымен таныстырып қана қоймай, бұл басылым әдеби дамудың көркемдік ерекшеліктерін теориялық-методологиялық тұрғыдан талдаудың озық дәстүрін қалыптастырып келеді. Әрі әдебиеттанушы ғалымдардың ғылыми ортасына айналғаны да белгілі.

Қазақ әдеби-көркем сынындағы өзгеше бір өрлеу, сапалық жағынан өсу дәуірі болған 1960-80 жылдар аралығындағы кемелдену, профессионалды сынның қалыптасуы, олардың көрнекті өкілдері саналған З.Серікқалиев, А.Сүлейменов, С.Әшімбаев,

Т.Тоқбергеновтердің т.б әдеби сынға деген адалдықтары, бұл саланың рухани-эстетикалық, моральдық-этикалық арсеналын молайтуға қосқан үлестерінен айқын көрінді. 60-шы жылдардың екінші жартысы мен 80-ші жылдар арасындағы әдеби-көркем сынның дамуының басты бағыттары қазіргі аға буын мен жоғарыда аталған әдебиетші, сыншы, ғалымдардың есімдерімен тікелей байланысты екендігі дау тудырмаса керек-ті.

Жастардың алғашқы сын мақалаларынан құралатын бұл жинақ 1980 жылдарға дейін үзбей жарияланып тұрған өзін-өзі ақтаған, өзіндік дәстүрі қалыптасқан басылым десе болады. Аталмыш жинақ қазақ әдебиетінің бағыт-бағдарын аңғартатын, әдеби процестегі көкейкесті мәселелерді дер кезінде көтере білетін өзектілігімен құнды. Сондай-ақ, жинақ жас сыншылардың тұрақты мінбері (трибунасы) болды, оларды тәрбиелейтін, оқырманға танытатын, қаламын қалыптастыратын мектеп бола білді.

Әрі әдеби процесті үнемі қадағалап отырарлық, уақыт тынысын танытарлық жинақ екені де белгілі. Ол бейне бір аға ұрпақ пен жас толқын арасындағы рухани көпір, солардың пікір алмасар аймағы секілді әсер қалдырады.

Осы қаулыға сәйкес сыншы кадрларын даярлау мәселесіне айрықша назар аударылды. Жоғарғы оқу орындарында әрбір ұлт әдебиетіндегі сын тарихы арнаулы пән ретінде өткізілетін болды.

Әдеби-көркем сынның кеңінен қанат жаюы – соғыстан соңғы халық шаруашылығын қалпына келтіру кезеңіне сай келді.

Орталық Комитеттің 1946-48 жылдары идеология мәселелеріне, оның ішінде өнер мен әдебиетті өркендету жағдайларына арналған қаулы-қарарлары әдебиет зерттеушілері мен сыншыларды жаңа шығармашылық ізденістерге, тың бағыттарға сілтеді. Төл әдебиетіміздің бай да құнарлы әдеби-сыни пікірлерімен тереңдей танысып, талмай сусындаған талантты топ әлемдік әдебиеттану ғылымының кеңістігін де еркін меңгеріп, сыншылдық-эстетикалық ойлардың соны өріс табуына мүмкіндік берді.

“...1950 - жылдардың 2-ші жартысынан былай қарай сыншылар жасағы молайды. Ғылымның мәнді арна тапқаны қазақ әдебиетінде сыншы-ғалым, ғалым-сыншының творчестволық тұлғасының қалыптасуына мүмкіндік берді. Әдебиетшілердің жинақтары, еңбектері, монографиялық зерттеулері жарияланып, аз уақыт ішінде қазақ әдебиетінің 6 томдық тарихының жазылуына, жоғары мектеп оқулықтарының жасалуына ұласуы советтік заманда социологиялық-эстетикалық ой-өрісінің есейгендігінің бір көрінісі еді,” - дейді осы саланың білікті маманы, көрнекті ғалым Т.Кәкішев (Оңаша отау. Жаңа заман – жаңа эстетикалық мұрат. 9-б.).Т.Кәкішев осы еңбегінде қазақ әдебиет сыны мен әдебиеттану ғылымының тарихын үш кезеңге бөліп қарастырған.

Зерттеушінің кезеңдеуі бойынша біз қарастырып отырған 1950-80 жылдар қазақ сынының өркендеу сатысы екен. Шынында да XX ғасыр басында қазақ әдебиетінің бір саласы ретінде қалыптасып, біраз тәжірибе жинақтаған сын 1950-80 жылдары сапалық тұрғыдан өсіп, үлкен өркениетке ие болып, сыншылық-эстетикалық және этикалық ой-пікірдің кемелдігін көрсетеді.

XX ғасыр басында ұлы ақын Абай Құнанбайұлының алғашқы тырнақтай туындысын тауып ала салысымен “Қазақтың бас ақыны” деп жер жаһанға жар салып, ұлттық сынның, тіпті ұлттық әдебиеттану ғылымының іргесін қалаған ұлы реформатор, ағартушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлының сыншылдық ой-пікірі қазақ әдебиетінің әдеби - эстетикалық талғам-танымының өркендеуіне, әсіресе 1950-80 жылдардағы кәсіби сынның дамуына дәнекер болғаны белгілі.

Сол кезеңде “Оян, қазақ!” деп ұрандата келген қазақ халқының ұлы перзенті М.Дулатовтың “Бақытсыз Жамал” романы, Ж.Аймауытовтың “Ақбілек” атты психологиялық романы, “Қартқожа” романы, М.Жұмабаевтың “Шолпанның күнәсі” атты классикалық әңгімесінің т.б. жарық көруі сыншылдық, әдеби ой-пікірлердің және теориялық талдаулардың туына қандай себеп болса, 1950-80 жылдары әдебиетке келген І.Есенберлин, Ә.Нұрпейісов, Ә.Кекілбаев, Ш.Мұртаза, С.Мұратбеков, т.б. сынды көптеген жазушылар көркем сынға келген З.Серікқалиев, А.Сүлейменов, Т.Тоқбергенов, С.Жұмабек

т.б. сияқты кәсіби сыншылардың тұсауын кесті. Осы орайда, қазақ әдебиеттану ғылымындағы әдеби - көркем сынның теориялық негіздерін зерттеген ғалым Д.Ысқақтың:”...XIX ғасырдағы орыс әдебиетінің М.Ю.Лермонтов, В.Гоголь, Герцен, Толстой сияқты алыптары Белинский, Добролюбов, Чернышевский, Писарев сияқты классик сыншыларды шығарды, - деген пікірін ескерер болсақ, сынның талдауына зәру, соған лайықты, сол сынды тудыруға мәжбүр ететін көркем шығарма екендігі сөзсіз.

Сын туралы сөз – әдебиет туралы сөз болуы керек. Шынында да сын әдебиеттің ең жедел жанры. Өмірге жаңа көркем дүние келсе, оған ең бірінші жанашырлық танытып, пікір білдіретін де сын болары сөзсіз. Ал сынның дәрежесі автордың әдеби білімінің дәрежесін танытады.

Осынау тарихи кезең аралығында қазақ сыны мен әдебиеттануы бастан талай тоқырауды, қиындықты, сонымен қатар шығармашылық ізденісті де бастан кешті. Даму диалектикасында жетістік пен кемшіліктің қатар жүріп өсуі заңды құбылыс. Осынау қиындықтармен шындалып өскен аға ұрпақ – М.Қаратаев, Р.Бердібаев, С.Қирабаев, Х.Әдібаев, Мұрат Әуезов, Т.Кәкішев, З.Қабдолов, З.Ахметов, З.Серікқалиев, Н.Ғабдуллин, Р.Нұрғалиев, М.Дүйсенов, А.Нағыметов, Т.Тоқбергенов, Ә.Жәмішев, Ф.Оразаев, А.Сүлейменов, С.Әшімбаев, т.б. 50-80 жылдар аралығында жарияланған әдеби - көркем

сын еңбектері ұлттық әдебиетте кәсіби сынның қалыптасып, дамығанын және бұл салада арнаулы білімі бар, тәжірибелері бай мамандардың өсіп - өнгендігін дәлелдейді.

“Өнерге өліп-өшкен шынайы сүйіспеншілік жоқ жерде сын да жоқ”, - деп А.С.Пушкиннің айтқанындай сынға шын жанашырлық танытқан, көркем шығарманың эстетикалық құндылығын ішкі бір түйсік, терең талғаммен талдап, танып, оқырман жүрегіне жеткізе білетін сыншылар ғана әдебиетті, сын мен әдебиеттануды жасай алады.

1950 - жылдары әдебиетке арнайы дайындықпен келген кәсіби сыншылардың (М.Қаратаев, С.Қирабаев, З.Қабдолов, Ш.Елеукенов, Т.Кәкішев, т.б.). ізбасарлары - Ә.Кекілбаев, З.Серікқалиев, А.Сүлейменов, Қ.Ысқақов, С.Әшімбаев, Ж.Әбдірәшев, Т.Тоқбергенов, Т.Әлімқұловтар т.б. әдебиетке эстетикалық, лингвистикалық, интеллектуалдық талдаулар, жаңа бетбұрыстар әкелді.

Алғашқы беталыстарынан-ақ өткір ой, өзіндік пікірімен танылған талантты топ туралы М.Әуезов былай деген: “...олар эстетикалық талғам ала келген, соны бастаманың иегерлері болды. Олар нені жазса да біліп жазды, олар не туралы айтса да ақиқатын айтты. Дос-жаран демеді, жақын - туыс демеді, сондықтан да сын шын болды, шын сын болды”.

Осы жылдары жаңа кітапқа жазылатын рецензия, пікір, шолу, портрет, эссе, т.б. секілді сын жанрлары

структуралық талдау, интерпретация, микроталдау сияқты түрлермен т.б. толығып, олардың рухани құндылықтары мен сапасы өсті. Ой жарыстары, ашық пікірталастар пайда болды. Қаламгерлердің шығармашылық ізденістері, жанрлық, түрлік, стилдік ерекшеліктері эстетикалық тұрғыдан талданып, мағыналық мазмұн мәні артты. Оның бірден-бір дәлелі – 1960 жылдары “Жұлдыз” (1963, 4 саны) журналында жарияланған А.Сүлейменовтың “Түр туралы бірер сөз” деген сын мақаласы бірнеше ай бойы ашық пікірталасқа шақырды. Қазақ әдебиеттануында алғаш рет көркем шығармадағы тілдік қолданыстар, стилдік өрнектер, баяндау тәсілі мен бейнелеу құралдарының берілу түрлері т.б. сияқты теориялық мәселелер жазушылар мен сыншылардың ой бөлісуіне дәнекер болды. Айталық, журналдың келесі санында сыншы З.Серікқалиев “Ойлы досқа айтар сөз” деп қазақтың көркем прозасындағы поэтикалық әлем, түр табу жөніндегі ізденістер, баяндау тәсілдері туралы А.Сүлейменов бастаған ойды ары қарай жалғастырса, белгілі жазушы -драматург Қалихан Ысқақовтың “Еліктеу ме, жоқ мұқтаждық па” деген (1963, 5 саны) мақаласында классикалық эпикалық баяндау түрін батыс әдебиетіндегі жаңашылдыққа (модернизм) жақындатып, бірінші жақтан баяндау мен ішкі ой толғаныстарына ерік беру тәрізді түрлік құбылтуларды сынға алынады.

Шындығына келсек, “Көркем прозаның түрі, тәсілі туралы бұлай мәселе көтеріліп, пікір таласының басталуы

қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет байқалып отырған құбылыс” (З.Серікқалиев. Ойлар, толғаныстар. Алматы: Жазушы, 1967, 127-б.).

Осы алпысыншы жылы әдеби сында өзіндік пікірімен, тосын табиғатымен, ерекше тіл қолданыстарымен көрінген ойлы сыншының бірі – А.Сүлейменов еді. Ол жөнінде сыншы Сайлаубек Жұмабеков былай дейді: “Асқар Сүлейменов әдебиетке сыншы болып келді де, бірден көркемдік ақиқаттарға әділдікпен, парасатпен жүгінуге ден қойған, соған лайық бес қаруы бойында алдаспан сыншы ретінде ғаламат тез танылды, ғаламат аңызға тез айналды. Даңқтың олимпіне – биік тұғырына жиырма бестегі жалаңтөс жігіттің ашқұрсақтығынан аскеттігі, тектілігі басым “бірішек” аспиранттың шырқай көтерілуі өзін де, өзгелерді де тым ерен таңқалдырды” (“Алматы ақшамы”, 1992, 29 желтоқсан).

А.Сүлейменов сын мақалаларында шығарманы көркемдік өлшемдер тұрғысынан қарап, талдауды, автормен бірге ой жарыстыруды бірінші кезекке қойды. Ол үшін күн тәртібінде тұрған идеялық, тақырыптық, т.б. көкейкесті мәселелер көркем шығарманың тағдырын шешпейтін болды. Сыншы әрбір туындыдан сөз өнеріне тән көркемдік құндылықтарды, тілдік қолданыстағы шеберлікті, ой тереңдігін, стильдік, көркемдік ерекшеліктерді талап етті. Оған А.Сүлейменовтің сын мақалалары куә: “Түр туралы бірер сөз”, “Тәкеңнің

шаңқанбоздары”, “Даладағы дүрбелең”, “Ой арманын аралағанда”, “Өлшеніп өнер тартылса”, “Болмыспен бетпе-бет”, “Күлкіден күміс шашқан” және тағы басқа да әр жылдары мерзімді баспасөздерде жарияланған сын-эсселері, мақалалары куә бола алады. Тіпті оның “Ситуация” атты прозалық шығармасының өзі осы сын жанрының көркем шығармаға айналған түрі болып табылады. Мұнда да сегізінші кітабын трактористер өмірінен жазып, жақсы қалам ақыдан үміткер “халтура” еңбектің ешқандай көркемдігі, не мазмұн-мәні, не эстетикалық талғамы жоқтығы қатты сынға ұшырайды. Шығарма сюжеті сол кездегі әдебиетте орын алған орасан зор рухани олқылықтардың көркем шежіресі сияқты.

Сыншы да өз дәуірінің перзенті. Жалынды публицист, оперативті төреші ретінде өз кезеңінің өнер туындыларына ой жібере отырып, әділ сөзін айтуға тиіс. Қоғамдық пікір тудырып, оқырман қауымы атынан сол кезеңнің рухани айнасы болар сыншы арқылы жұртшылық жаңа шығарманы ғана емес, оның иесінің де көркемдік талғамын, шеберлігін, ой-өрісін таниды. Шындығына келгенде жазушыны танытатын да сыншы. Қай таланттың да шығармасы сыншының меңгеруінен соң ғана әдеби айналымға енетінін ескерсек, ұлы жазушы, кемеңгер ойшыл Л.Н.Толстойдың өзі Пушкинді В.Белинский арқылы таныған ғой. Оған В.Белинскийдің А.С.Пушкин туралы мақаласын оқып

болғаннан кейін суреткер : “... Мен енді ғана Пушкинді таныдым”, - деген екен.

Сондықтан сынсыз әдебиет жоқ, әдебиетсіз сын жоқ, әдебиеттің сынмен көркейетіні бесенеден белгілі жайт. Осы орайда белгілі қоғам, әдебиет қайраткері Смағұл Сәдуақасұлының мынадай сөзі әлі күнге дейін өз құндылығын жоймайтыны хақ: “Біз әдебиет туралы сөйлегенде екі - үш кісіні айналдыра бермей, барлық жазушыларды сынауға кірісуіміз керек. Сонда ғана жас жазушылар әдеби тәрбие ала алады.

Қазақ әдебиетіне толық сын керек. Сынағаннан әдебиет ақсамайды, қайта сынның жоқтығынан әдебиетті тот басады. Жазушының қайрағы – сыншы” (С.Сәдуақасұлы. Әдебиет әңгімелері. “Еңбекші қазақ”, 1927, 15-16 ақпан).

Міне, XX ғасыр басындағы әдебиет сыны осылай сөйлейді. Енді М.Жұмабаевты тыңдап көрелік:

“Жазушының шығармашылығы немесе жекелеген туындысы жайлы пікір айту үшін сыншы ол кітапта көтерілген мәселені білу жағынан автордан кем түспеуі қажет. Турасын айтсақ, білімділік жағынан сыншы қаламгерден бір мысқал болса да жоғары тұруы керек.”

Олай болса, кезінде М.Жұмабаевтың поэзиясының құдыреті жайлы тамаша пікірлер білдірген Ж.Аймауытовтың “Мағжанның ақындығын сынауымызға біліміміз, күшіміз кәміл жетеді деп айта алмаймыз, толық сынау үшін оның алды-артын орап, өрісін тарылтып

шығарлық сегіз қырлы, негізді ілім керек”, - деп қарапайымдылық ,бекзаттық,жауапкершілік танытуында терең мән бар екен. (М.Жұмабаев. Шығармалары. Алматы, 1989, - 400 б.)15-16 бет.

Міне , халқым деп жанын, елдің ертеңі, келешегі үшін өз өмірлерін құрбан еткен ардагерлеріміздің сөз өнеріне деген адал армандарын ,үлкен жауапкершіліктерін алпысыншы жылғы әдебиетке келген тегеурінді жастар жүзеге асыруға атсалысты . Және олар XX ғасыр басындағы алаштың ардақтылары секілді тобырымен келіп, қазақ әдебиетіндегі сын саласының интеллектуальдық, теориялық деңгейін көтеруге сүбелі үлес қосты.

XX ғасыр басындағы Алаш зиялыларынан тағлым алып, әдебиетке жақсы дайындықпен келген 1950-80 жылдарғы сыншылар әдебиетке көркемдік-эстетикалық талғам алып келді.Сол кезеңде сынға белсене атсалысқан Т.Әлімқұловтың “Жұмбақ жан” туындысы интеллектуалдық деңгейі жоғары,теориялық талдауы терең дүние. Мұнда автор Абай Құнанбаевтың шығармашылығын қазақ әдебиетіндегі ірі рухани құбылыс ретінде талдай отырып, ақынның өлең құрылысына алып келген көркемдік, түрлі жаңалықтарын атап көрсетеді. Абайдың қазақ сөз өнерінде бұрын-соңды байқала қоймаған тіл байлығы, дүниетанымның кеңдігі, шығыс, батыс әдебиетіндегі әдеби тәжірибені терең меңгергендік, әрбір өлең жолындағы философиялық,

мағыналық, ойшылдық, сыршылдық сипат т.б тәрізді даралық қасиеттері жан-жақты талданады.Тіпті, автор қазақтың өлең құрылысының теориясын жасаған, өзінің бүкіл саналы ғұмырын Абайдың шығармашылығын зерттеуге арнаған теоретик ғалым, академик Зәки Ахметовпен жиі-жиі пікірталасқа да түсіп отырады. Әрине, бұл жәйт сыншының жан-жақты білімдар, эстет болуымен қатар әдебиеттану ғылымының теориялық тұжырымдарымен кеңінен таныс әдебиет зерттеушісі екендігін айғақтайды.

“Жұмбақ жан” жинағы – Т.Әлімқұловтың әлемдік әдебиеттегі рухани құбылыстарға жете қанық,өзіндік сыншылық ой-пікірі қалыптасқан,теориялық талдауы мен эстетикалық талғамы жоғары әдебиетші-сыншы екендігін танытарлық туындысы. Жинақтағы кез-келген мақала көркем тілімен, көрікті ойымен,терең талдауларымен еліктіріп, оқушысын тың ойға шақырып отырады. Мысалы, Қ.Аманжолов, Ғ.Орманов, А.С.Пушкин, В.В.Маяковский, А.Тоқмағамбетов, Х.Ерғалиев сынды саңлақ суреткерлердің шығармаларын,олардың көркемдік құндылықтарын талдаған мақалалары (“Поэзия және поэзия сыны”, “Өнер алды – қызыл тіл”, “Кейіпкер сипаты”, “Сыншының табиғаты” т.б) сол кезеңдегі әдебиеттің өзекті мәселелерін қозғаған.

Осы орайда айта кететін бір жәйт – әдеби деректерге сүйенсек,азулы сынның мерзімі қашанда аз болған. Себебі, өткір сынға өшігушілер көп. Сондықтан да

сыншы-мамандар алғашында батыл ойларымен көрінеді де уақыт өте көп қысымға шыдас бермей, басқа мамандыққа ойыса бастайды. Біздіңше, оның бірден-бір себебі Т.Тоқбергеновтің сөзіндегі ащы шындықта жатса керек: “Сорақы тірліктің бірі сыншы мақалаларын жарыққа шығара қалған тұстың өзінде ащылау айтылған, өзін ғана емес, өзгелерді ойға салар-ау деген тұстарды сыдырып, жонып, жоғалтып жіберетін қырсық тағы бар. Сыншы еңбегінде сөз болған объект – атақ-абыройы, бедел-қызметі биігірек біреу болса – онда баспасөзіміз “ашы айтылған” тұсты автордың сыртынан-ақ сыпырып тастай беріп, сидитып, “сындарлы” ғып, тікірейген қылшықты “тазартып”, жүнін жығып, жүдетіп шығарып жатады. Бұндай ғадет барлық баспада бар. Сосын, әлгі сын жоқ, сыншыда азу қалмаған, марапаттан аспайды дескен жалпы байбаламға сол газет, баспаларда отырғандардың өзі қосақтала шауып, қосыла кетеді”.

Сыншының бұл жан айғайында бүкіл сыншылардың сор маңдайындағы тағдыр теперіші толық айтылған. Сын жанрының тұрақты түрде дамып, жанданып-гүлденуіне де, міне, осындай кедергілер кесірін тигізетін секілді. Сыншы - мамандардың қалыптасып, өзіндік мектеп, шәкірт даярлайтындай қомақты қоғам құрып, дәстүр дамытарлық үрдістің жоқтығы да, міне, осындай олқылықтардың орын алуынан болса керек.

Және бір кемшілік – сынның, оның иесі сыншы еңбегінің бағаланбауы, кітаптарын жариялаудың, Одаққа

мүшелікке өтудің қиындығы, баспана алудың, т.б. тәрізді толып жатқан ұсақ, тұрмыстық кедергілер т.б.

Шындығына келгенде, сыншы- әдебиет ұстазы. Әдебиет атаулының әділ таразышысы. Ол үшін сыншыға жазушыдан да артық шеберлік, ақыннан да артық шабыт, тереңдік, ойлылық, ең бастысы әділдік, қара қылды қақ жарарлық турашылдық қажет. Өйткені сыншы бір ғана жанрда тұрақтап қалатын жазушы немесе ақын емес, оның қолынан қолжазбаның түр-түрі, шығарманың мың саласы өтеді. Және жақсысы да жаманы да, үлкеннің де кішінің де туындылары өз талдаушысын, өздері жайлы жаман болсын, жақсы болсын, әйтеуір бір пікірді баспасөз бетінен естігісі, көргісі келетіні табиғи талап-тілек. Сонда оларға ағынан жарылып, әділ пікір білдіру үшін сыншыға “түгі бар жүректілік”, төрелік танытарлық тереңдік, өз абырой-ары ғана емес, қазақ әдебиетінің абыройын арттырарлық асқан білімдарлық қажет.

Сондай-ақ сыншыға қойылар тағы бір талап – автормен ой жарыстыра білу керек. Оқушы сынды оқи отырып, жарыққа шыққан жаңа туындымен, ондағы жазушының айтпағымен қарадүрсін қарап шығар танысу ғана болмай сыншының да ой-өрісі, өз характері, ішкі жан-дүниесі, қалам сілтесі, шеберлігі де танылуы тиіс. Сыншы бейне бір өзі шығарма жазып отырғандай шабыттанып, ойды дамытып жазбаса ол бір жайдақ, солғын бір сын-рецензия болып қана шығады. Ал, әдеби сынның ең бірінші міндеті мен абыройлы борышы –

талантты тани білу, шығарманың көркемдігін ашып, таныта білу және оны оқырман жүрегіне жеткізіп, әдеби жүйеге енгізу болса керек.

Осы кезеңде әдебиет тарихы да, сыны да, көркем шығармалар да жаңадан жазыла бастады. «Елу жылда ел жаңа» дегендей ғасыр басында жаңадан қалыптаса бастаған қазақ сөз өнері бұл кезеңде көркемдікті меңгеруде талай биік деңгейге, кәсіби шеберлікке жетіп, көптеген тәжірибе жинағандықтан оларды сын саласында игеріп, ғылыми тұрғыдан талдауға деген талап та күшейгені белгілі. Сынның сапасы өсіп, қазақтың көркем сөз өнерін зерттейтін ұлттық әдебиеттану ғылымына, оның тарихына, теориясына деген көзқарастар да өзгере бастағаны белгілі. Нәтижесінде қазақ әдебиет тарихы қайта, жаңаша сарапталып жазыла бастады. Оның бірден-бір дәлелі - “Қазақ совет әдебиеті тарихының очеркі” мен 6 томдық “Қазақ әдебиеті тарихының” қайта қаралып, толықтырылып басылуы еді. (1958-1967 ж.ж.)

Әдебиетке жаңа келе бастаған сыншыларға аға буын өкілдері үлгі - өнеге көрсете бастады. Мысалы, М.Әуезовтің “Әр жылдар ойлары” (1959), “Уақыт және әдебиет” (1962), С.Мұқановтың “Өсу жолдары” (1960), “Жарқын жұлдыздар” (1964) атты еңбектері, Ә.Тәжібаевтың “Өмір және поэзия” (1960) зерттеулері жарық көрді. Міне, осы еңбектер жас сыншыларға үлкен мектеп бола білді. Көркем шығарманы талдаудың

көркемдік үлгісін танытты, бұл еңбектер. Осы орайда, сыни еңбектер де жарық көре бастады.

Айталық, Е.Ысмайыловтың “Сын мен шығарма” (1960), “Жаңа белеске” (1962), Б.Кенжебаевтың “Шындық пен шеберлік” (1966), Қ.Жұмалиевтің “Стиль – өнер ерекшелігі” (1966), М.Қаратаевтың “Шеберлік шыңына” (1963), Т.Әлімқұловтың “Жемісті жолда”, “О прошлом и настоящем” (1958), С.Қирабаевтың “Өрлеу жолында” (1960), А.Нұрқатовтың “Идея және образ” (1962), Қ.Нұрмахановтың “Литературные заметки” (1961), “Дәстүрлі достық” (1962), М.Базарбаевтың “Живые традиции” (1962), “Әдебиет және дәуір” (1966), Т.Кәкішевтің, Б.Сахариевтің, Т.Сыдықовтың жинақтары жарық көріп, әдебиет сынын жоғары деңгейге көтерді. Аталған сыншылар арнаулы білімі бар теориялық дайындықтары жоғары әдебиет методологиясын терең меңгерген кәсіби әдебиетші-ғалымдар, сыншылар еді.

Ә.Қоңыратбаевтың “Сынның сырқаулары”, С.Қирабаевтың “Әдебиет сынына не бөгет болып отыр” деген (“Қазақ әдебиеті”, 1956, 24 наурыз) сияқты мақалалары оқырманға көп ой салды.

Енді осы кезең аралығында байқалған кемшіліктерге тоқталсақ, 1950-60 жылдар аралығындағы сындарда жалпылама сөз, көңілжықпастық жайдақ сын, талдауға алынып отырған көркем шығарманың жетістігі мен кемшілігі неде деген сауалдарға тікелей жауап іздеуден гөрі оның мазмұнын баяндаушылық, оның тақырыптық

маңыздылығын, идеялық сапасын алдыңғы орынға қойып, көркемдік шеберлікті көлеңкеде қалдырып қоятын сыңаржақты сындар орын алды. Соцреализм әдісінің талабы бойынша қазақ әдебиеті, көп ұлтты совет (кеңес кезеңі) әдебиеті дәуірлеп тұрған кезеңде жағымды, жағымсыз кейіпкер деп жікке бөлу, жұмысшы, партия қызметкерлері туралы шығармалардың аяғы жерге тимей мемлекеттік мүдде тұрғысынан жазылған құнды дүниелер қатарынан табылатын-ды. Алайда, осы бір жалған патриоттық, науқаншылыққа айналып, көркем шығармадан талап етілетін көркемдік, шеберлік, жанрлық, стилдік ізденістер тақырып тасасында, күн тәртібіндегі көкейкесті мәселелер көлеңкесінде қалып қойды.

Сол кездері сын жанрының шолу, рецензия секілді шағын түрлері ғана жиі көрініп,оның өзі көбіне оқырмандардың атынан ұйымдастырылып, жалпылама баяндаудан,мазмұнды қайталаудан аса қоймады. Жеке шығармаларға жазылған пікірлер, сын мақалалардан кейін көп орын алған жанрлық түр – жыл қорытындыларында, әдеби жиындарда жасалатын баяндама есебінде жазылатын шолулар болды. Сондықтан да бұларда кәсіби мамандардың көркемдік жүйелеу,теориялық талдауға соғарлық мінезді, салмақты, ойлы дүниелері тапшылық танытты.

Шығармалардың мазмұнын қайталау, ондағы идеялық-саяси ахуал, күн тәртібіндегі тақырып пен жағымды кейіпкер бейнесі т.б сияқты соцреализм әдісінің

талаптарына сай қойылатын таптаурын мәселелер сынды сыңаржақ көзқараста қалыптастырды. Бұл кемшілік сыншыларымыздың кәсіби шеберліктерінің, эстетикалық талғам-танымының төмендігінен емес, керісінше сынға деген жауапкершілік пен шынайы жанашырлықтың жоқтығынан орын алған-ды. Соның салдарынан таза талант пен дарынсызды, көркемдік пен көріксізді айыра білерлік білгірлігі мен эстетикалық талғамы, ішкі мәдениеттілігі жоғары сыншылардың (А.Сүлейменов, З.Серікқалиев т.б) сыннан шеттеуіне тура келді.

1955 жылы белгілі суреткер Ғабит Мүсірепов “Қазақстанда әдебиет сынының жайы мен міндеттері” деген тақырыпта баяндама жасайды. Осында жазушы қазақ әдебиетінің жай-жапсары, творчестволық кадрлардың қалыптасып келе жатқаны жөніндегі көптеген келелі мәселелер турасында ой бөліседі. Әсіресе, қай кезеңде де көңіл толмайтын, қай кезде артта қалып, елді алаңдатып отыратын сын саласы жайлы, сол шын сынның жоқтығынан әдебиетіміздің ақсап отырғаны, көркем шығармаларда көркемдіктің кемшін түсіп жатқандығын ашына айтқан болатын. Суреткер сол кезде айтқан сөзінің құндылығы, сол кезде көтерілген мәселелердің зәрулігі әлі де кездесетінін ескере отырып, жазушының жан айғайын сол қалпында үзік-үзік үзінділер арқылы беріп, ой жарыстыруды, ой жалғауды ойлап отырмыз.

Жазушы: “Біздің шығармаларымыздағы идеялық-көркемдік сәтсіздіктердің себебін басқа жақтан – творчестволық үйренуге немқұрайлы қараушылықтан, жалқаулықтан, жазушының өзіне тиісті талапты қоймайтындығынан іздеу керек, ал бұл айтылған сайып келгенде өз өнеріміздің шеберлігін, өз өнеріміздің мәдениетін үстірт игеруге әкеліп соқтырады”, - деп жалпы әдебиеттің өсіп-өркендеуі жеке жазушылардың ізденулерінен тұратындығын ескерткен.

Қазақ әдеби көркем сынындағы кемшілік-мамандардың жастығы мен аздығында ғана емес, сыншы еңбегін – қоғамдық ойдың ең озық өкілі жасайтын, нағыз творчестволық және қасиетті еңбек деп санайтын қажетті мәдени дәстүрдің жоқтығында деп біледі Ғ.Мүсірепов. Шынында да ұлттық құндылықтарды насихаттап, оның жақсы - жаманын айыра білетін талғамы жоғары, білімі терең кәсіби сыншылар қай кезеңде де сирек. Бұл, әрине, өкінішті жағдай.

Ғ.Мүсірепов те сынның біркелкі, қарадүрсін, бір мазмұнды болып келетініне көңілі толмайды. Тәжірибесі шамалы сыншылар не сөгеді, не жалған мақтап бөседі дейді. Оларда теориялық тұрғыдан талдау, ой тереңдігі жетісе бермейді. Осы орайда сөз өнерінің қадірін бір кісідей біліп, бағалайтын суреткер сыншыларға мынадай қатты сын айтады: “Біздің әдебиет сынымыз тайыз, ешқандай сабақ бермейді және көбіне сыңаржақ. Біздің сынымыздың бір шығарма туралы айтқан пікірі сол

шығарманың маңынан ұзамайды, өзінің негізгі идеясы арқылы әдебиеттің қандай болмасын жалпы творчестволық проблемаларын қозғамайды”. Міне, бұл сын жанры сөз болған жерде міндетті түрде айтылатын, көтерілетін келелі, ең бастысы күн тәртібінен түспейтін толғақты мәселелер. Тап қазір де сын мәселесі осы ойларды айтуға мәжбүр етіп отыр. Сондықтан 1955 жылғы баяндама дәл қазір айтылғандай, сынды дәл бүгінгідей жоқтап отырғандай зәру.

Жалпы сыншы қауымы әдебиеттің әрбір қадамына, бағыт-бағдарына, келешегіне өте жауапты қарайтын ардақты шаруа. Өйткені, әдебиетте кеткен бір кемшілік болса, қай жанрда ойсырап жатқан олқылық болса бәріне сыншы жауапты. Сыншы тек өзінің ғана емес, бүкіл бір елдің, халықтың рухани өміріне жетекшілік ететін мамандар. Ол әдебиеттің төрешісі, әділ бағыттаушысы, жөн сілтеушісі.

Ол турасында жазушы былай дейді: “Қазақ ақындары мен жазушыларының біразы өздерінің творчествосында тоқырап, кейін кетіп барады. Ал сыншылардың олармен ісі жоқ. Әдебиет сынының мұндай халде қалуы өскелең әдебиет үшін төзуге болмайтын жағдай”.

Міне, байқап қарар болсақ, сыншыға қандай жауапкершілік, мерейлі міндет жүктеліп отыр. Әрине, мұндай абыройлы істі атқару кімге де болсын үлкен абырой болары сөзсіз. Алайда, жаттандылықтан, бір сыдырғылықтан сәл ауытқып, өткірлікке өтіп кетсең,

солай қамқорлық көрсетіп отырған ағалардың өзі аяқтан шалып, сыннан аластатуға тырысатыны жоғарыда турашыл, әділ сыншы Т.Тоқбергеновтің жан айғайында жан-жақты айтылды емес пе?!

Рухани аренаға 60-шы жылдары шыққан буынның көрнекті өкілі, сыншы З.Серікқалиевтің шығармашылығы – “Ойлар, толғаныстар” (1967), “Жылдар сазы” (1971), “Ақыл таразысы” (1976), т.б. атты таңдамалы жинақтарында көрініп, сыншының көл - көсір білімін, аналитикалық ой жүйесін, әлем әдебиетін терең білетін сұңғылалығын танытты.

Сыншының алғашқы жылдары өткір мақалаларды өндіріп жазған кездері білім тереңдігімен, өз кезеңінің өмір мен өнер шындығын терең білетіндігімен танылғаны белгілі.

Сыншы “Парасат” журналына берген бір сұхбатында “Сынды қалай жақсартуға болады” деген сауалға былай деп жауап береді: “Қара қылды қақ жарған әділетті сынды тек жанкешті сыншылар ғана жаза алады. Сын да, сыншылар да ең алдымен сұрыпталу белесінен өтуі керек. Сынның сұрыпталуы – әрине, қызмет бабының, ғылыми дәреженің көтерілуі емес. Кім, не жазғанын, қалай жазғанын, кімді бағдар тұтарын, кітабының саны емес, сапасын ұғынар ұрпақ табылады және олар өз қалауын айқындай алады деп сенемін. Әдебиет сыншысының көлденең бір себептермен уақытша “тілі байланса да”, ол тіпті, жоғарыда айтқанымыздай, бойынан қуат, жүзінен әр

тайғандығын аңғартпайды. Осының өзі – көбіне іштей тынып, межесін белгілер сұрыпталу сатысын тиянақтай береді. Меніңше, осы саралану үрдісі (сынның жасану, даралануының бір шарты) сырт көзге бадырайып байқалмағанымен, іштей тынымсыз жүріп жатыр. Шын мағынасында нағыз сын, менің ұғымымда, бастапқы жазушы қалам тартқан, жоғарыда Л.Леонов айтқандай, сүйікті тақырып байлығын әрі қарай жандандырушы, қаламгерлермен жарыса толғанып, автор ойын ұштаушы, қажетті жерінде тіпті жетілдіруші, дамытушы. Барлық кезде бірдей ол жазушыны, шығарманы тек түсіндіруші болып қала бермеуге тиіс. Осы талаптан шыға алсаң, онда айыңның оңынан туа бастағаны. Көзі тірісінде өзінің парасат-зердесімен ар-ожданын пір тұтып, артында қалдырар жазбаларымен келешек ұрпақ алдында да жауапты екенін жете сезінген, кейінгілер күле қарап, қасиетті қаламының қор болмауын көксейтін кез-келген сыншы, өзіне-өзі ұялмай есеп беретін бір сәт туар деп ойлаймын. Сын жақсарсын деп сынды сүю шарт емес, сынмен санасу шарт” (1994).

Сол айтқандай сынды өрістетіп, кәсіби деңгейін көтеру үшін сынға өріс беру, жағдай жасау керек. Олардың өткір сынын қырып, жұлып тастау секілді сорақылықтарды тоқтату қажет.

Алпысыншы жылдары өзінің өршіл дауысымен, айтары бар айбарымен, ойы бар оймақтай сын мақалаларымен танылған таланттың бірі – Төлеген

Тоқбергенов. Сын жанрының табиғатына Тәкен Әлімқұлов, Асқар Сүлейменов секілді аға замандастарының әрбір баспасөзде жарияланған мақалаларын қалт жібермей қадағалай оқып, бар бояуына, сырына Созақта жүргенде-ақ жақсы қаныққан Төлеген Тоқбергенов Алматыдағы әдеби өмірін қазақ радиосынан бастаған ол көп ұзамай-ақ “Тоғыз тарау” атты сын мақалалар жинағын жариялады. Білімді сыншы әр алуан жауапты қызметтерде жүрсе де әдебиетке деген жауапкершілік пен сүйіспеншілік, оның мың сан проблемалары толғандырып жүргенін бірінен соң бірі жарық көрген “Үш тоғыс”, “Қос қағыс”, “Ай мүйіз” атты жинақтары мен әдеби зерттеулері арқылы танытты. Сын өрісін кеңейткен бұл еңбектер авторының қаламгерлік қабілетін, талантты тани білетін сезімталдығын, сыни көзқарасының қалыптасып, эстетикалық талғамының биіктігін байқатты. Сондай-ақ, сыншы бір ғана сынмен шектеліп қалмады. Аударма саласында едәуір қызмет атқарды. Ол К.Симоновтың “Тірілер мен өлілер” дилогиясының “Өнегелі өмірлер” сериясымен жарыққа шыққан “П.П.Семенов-Тянь-Шаньский”, жоғары оқу орындары ұстаздар мен студенттеріне арналған ұжымдық “Эстетикалық тәрбие” атты оқу құралын қазақшалады.

Ең бастысы, Т.Тоқбергенов арқылы қазақ сыны өзінің тағы бір талантты, білгір, талғампаз сыншысын тапқаны белгілі. Оның қай еңбегі де сыншының тынымсыз ізденімпаздығын, әлем әдебиетінің соңғы жетістіктерін

терең танып, оны өз мәдениеті мен әдебиетімен бағдарлап, бағалауда, саралауда сонылық, жаңаша көзқарас, жаңаша пайымдаулар жасауда да жаңа бір қырынан танылды. Жеке жазушылардың шығармашылығын талдаса да, бір туындыны нысанаға алса да сыншы жүрегінің бір түкпіріндегі бүкіл қазақ әдебиетінің, сыны мен өнерінің көкейкесті мәселелері сөз болды. Мәселен, “Бастауда” деген мақалада өнер табиғаты, сұлулық мұраты жайлы теориялық, тарихи-эстетикалық барлау жасалса, “Тоғыз тарауда” М.Шолоховтың көркемдік тәжірибелерін талдап, таразылайды. “Шоң мұзарттан көз тартқан” атты мақаласында әлемдік деңгейдегі жазушы Шыңғыс Айтматовтың шығармаларындағы тақырыптық, көркемдік, суреткерлік шеберлік хақында ой толғаса, “Тағылым тапқан Тахауи” деген сын мақалада Т.Ахтановтың творчествосы теориялық тұрғыдан тереңдетіле талданып, зерттеледі. Атай берсек, сын да, мақала да жетерлік. Олардың алып отырған объектісі, талданып отырған тақырыбы, көтеріліп отырған мәселелері әр алуан болғанымен, олардағы ортақ арна – жалпы қазақ әдебиетінің елу- жетпісінші жылдардағы төл шындығы, көркемдік шежіресі.

Сыншы еңбегінде 1960-70 жылдары жарық көрген көркем туындылардың ешқайсысы да шет қалмаған десе де болады. Оған – М.Әуезовтің “Абай жолы”, “Қилы заман” романдары мен академик жазушы Ғабит

Мүсіреповтің “Ұлпан” романы, І.Есенберлиннен бастап кешегі Марат Қабанбаевқа дейінгі қазақ қаламгерлерінің қолдарынан шыққан шығармалардың ешқайсысы да ескерусіз қалмаған. “Құланның ажалындағы” (А.Нұрманов) психологиялық құбылыс, “Тұйықтағы” (Қ.Ысқақов) лирикалық сарын, “Ақ шағылдағы” (Ж.Нәжімеденов) тарихи тақырыптардың игерілу барыстары мен кейінгі жастардың творчестволарындағы тың бағыттар, соны бір ізденістер, стилдік, көркемдік жаңалықтар сыншының қырағы назарынан тыс қалмаған. Сыншы, әсіресе, қандай да бір әдебиеттің мәселесі бойынша ой қозғамасын өз көзқарасын дәйім әділ әрі таза сезіммен жеткізе білетіндігі қуантады. Т.Токбергеновтің мүшел жасына орай жазылған мақаласында (1985) әріптесі,сыншы, көрнекті қоғам қайраткері З.Серікқалиев былай деген еді: “Бұл кітапта біз сын өнері жетістіктері мен жыр өнері өнегесі жайында да сөз жүлгесін табамыз” (Автор “Үш тоғыс” туралы айтып отыр).

Ал, 1994 жылы қарашада жазылған әдебиетші-сыншы Әлия Бөпежанованың Т.Токбергеновтің туғанына 60 жыл толуына орай жазылған мақаласында мынадай баға береді: “Қазақ әдеби сынындағы эссе, портрет жанрларының да өрісін кеңейткен сыншы кітаптарын қайтара оқысаңыз – қазақ әдебиетінің 70-90 жылдар аралығындағы картинасын тұтас көре алатындайсыз”.

1970-80 жылдары әдеби сынға өзіндік “менін” таныта келген талантты сыншының бірі – Сағат Әшімбаев болды.

Сынға келген бетте-ақ өзінің терең білімімен, көркемдікті зерделеп тани білетін талғам түйсігімен, табиғи талант дарынымен таныла келген Сағат өмірінің соңына дейін осы сын саласының бар азабы мен жауапкершілігін ауырсынбай арқалай білген азамат. Өзі тынымсыз ізденімпаз жас не туралы сөз сөйлесе де арғы-бергіні теріп, тереңінен қазып, ой қозғайтын С.Әшімбаев өткір сынды, ойлы сындарды рухани аренаға қайта жаңғыртты, сынға соны бір леп, тың көзқарастар, жаңаша талдаулар алып келді. Ең бастысы, ол сынға ағыл-тегіл ой, телегей теңіз терең білім, арқа-жарқа ашық ақиқаттың ауылын алып келді.

Оның, тіпті, студент шағында-ақ оқырмандар мен аға ұрпақтың назарын аудартқан терең ойлы мақалалары мен тұңғыш кітабы “Сын мұратының” бірден көзге ілігіп, дер кезінде лайықты бағаланғандығының өзі талай нәрсені ұқтырса керек-ті. “С.Әшімбаев бізге азаматтық тұғыр-тиянақ, адамгершілік туралы бір-бірімен өзектес біраз зерделі мақалалар сыйлап кетті” (“Азаматтық формуласы”, “Азаматтық позиция – айқындаушы күш”, т.б.) З.Серікқалиев.

С.Әшімбаевтың тынымсыз ізденістерінен туған “Сын мұраты”, “Талантқа тағзым”, “Парасатқа құштарлық”, “Шындыққа сүйіспеншілік” атты кітаптарының аттары-ақ айтып тұрғандай сын жанрының табиғатына тән шындық, парасаттылық, ойшылдық, тереңдік, т.б. қасиеттер оның тұла бойынан да, ақыл-ойынан да табылатын-ды. Ол

мақалаларында: “Сын – өнер. Сын – уақыт қажеттілігінен туған, қоғамдық, философиялық ой-сананың өзгеше бір формасы” (“Парасатқа құштарлық”, 15-б.) деп жазса, енді бірде: “... сынды жанымен сүйіп, барша тәнімен күймейтін адамдардың сынның беделін түсіргеннен басқа берер пайдасы шамалы...”, - (сонда, 41-б.) деп сынға талапты күшейтті.

С.Әшімбаев сын биігін игергенге дейін ұзақ ізденіс жолынан, талай-талай таным баспалдақтарынан өтті. Оның әрбір мақаласы бейне бір философиялық толғаулар секілді әлемдік рухани әлемдегі байлықтардан сусындатқызатын білім бұлағындай еді. Әлемдік әдебиеттегі соны бір жаңалықтарды елдер сол Сағаттың жаңа бір мақаласынан оқып, білмекке асығып тосып отыратын-ды.

Ендігі бір айта кететін мәселе жас сыншылардың 1970-80 жылдар аралығында аға буынның тәжірибесінде тәрбиеленіп, маманданып келген жастардың бір тобы – Ә.Сығаев, А.Егеубаев, Б.Ыбырайымов, Н.Ақышев, Б.Сарбалаев, М.Серғалиев, Ж.Сомжүреков, Ә.Бөпежанова, С.Жұмабеков, М.Құлкенов, М.Айымбетов т.б. болды. Бұл сыншылардың аяқ алысы, ой орамы, талдау талабы, таным шеңбері іштей дайындықтарының мол екендігін көрсетті.

Әйтсе де көркем әдеби сында терең білімдарлық, көркем шығарманы әдебиеттің өзінің көркемдік өлшемдері мен шарттары тұрғысынан талдап, таразылар

теориялық талдаулардың тапшы екендігі аңғарылады. Автор мен сыншының ой жарыстырулары, пікірталасы, шын мәніндегі әдебиеттің келелі мәселелері қозғалар мәнді мақалалар жетіспей жатады.

Алайда, қазіргі қазақ сыны – үнемі творчестволық ізденіс, өсу үстінде келе жатқан кең тынысты сын. Сондықтан да бүгінгі әдебиетіміз қандай да бір айтулы табыстарға жетпесін соның бәрінде сынның да өзіндік үлесі бар.

1950-80 жылдар аралығында қазақ әдебиеттану мен сынында белең алған әдеби үрдіс пен творчестволық ізденістердің бағыт-бағдарына, даму сатысына, жеткен жетістіктері мен кемшіліктеріне осы әдеби процеске белсене атсалысқан көрнекті ғалымдар мен сыншылардың азды-көпті еңбектеріне тоқтала отырып, сол кезеңдегі уақыт пен рухани кеңістіктегі көркемдік жүйеге көңіл бөлінді.

Сондай-ақ, XX ғасырдың соңы, 1980-ші жылдардан бастап қоғам тынысы кеңі бастағаны белгілі. Әсіресе, СОКП Орталық Комитетінің 1985 жылғы сәуір пленумы мен тарихи XXVIII съезден кейін кеңестік қоғамның идеология, мәдениет майданында қайта құру, жариялылық процестері жедел түрде жүзеге аса бастады. Бірнеше жылдар бойы жеке басқа табынудың, жалған саясаттың салдарынан талай талантты тұлғаларынан айрылып, еңсесі езілген халықтың ұлттық рухын «қайта құру, жариялылық, жеделдету, бетбұрыс, демократияландыру,

адам факторы» деген жаңа сөздер мен ұғымдар көтеріп, қоғамның дамуына серпіліс берді. Қашанда қоғамдық ой-сананың алдыңғы шебінде жүретін тәуелсіздік алғанға дейін коммунистік партияның басты идеологиялық қаруы саналған әдебиет пен оның өкілдері де осы тарих сынынан шет қалмады. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасынан соң да талай қазақ зиялыларының, ғалымдарының жұмыстан қуылуы секілді тарихи деректер ұлы орыс шовинизмінің әр кезеңде бір сылтаумен қылаң беріп, қазақтың ұлттық рухани қаймақтарын қалқып алып тастауды әсте ұмытпайтынын аңғартады. Әйтсе де, қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымы қашан да елдің рухани өмірінің көшбасшысы қызметін атқарып келеді. Сол 1980 жылдардан бастау алған саяси бұғалықтан босану тенденциясы ақыры халқымыздың рухани тәуелсіздігінің тұсауын кесті.

Оның бірден-бір көрінісі – ұлттық сөз өнерінің тарихында орны ойсырап, олқы тартып тұрған “ақтаңдақтарды” айқындау міндеті еді. Осы кезеңдегі басты бағыттағы жұмыстар 1988 жылғы “қаулыдан” соң жүзеге асты. Бұрындары қазақ әдебиетінің ұлттық тарихи құндылықтары тек Қазан төңкерісімен ғана қарастырылып келсе, түркі халықтарына ортақ мәдени мұра- ежелгі дәуір әдебиетінен бастау ала бастады. Әдебиетіміздің тарихы түбірімен өзгеріп, тұтастай бір жаңа көркемдік ойлау жүйесі қалыптасты. Ұлттың әдеби-мәдени мұраларына жаңаша көз жіберіп, оларға сөз өнерінің өзіндік

категориялары арқылы теориялық және көркемдік тұрғыдан баға беру жағы қолға алынды. Осы орайда, әдеби-мәдени даму мен әдеби процестің басты сипаттары айқындалып, ұлттық әдебиеттану ғылымы саласындағы оң өзгерістерге кең өріс ашылды. Жарық көрген ғылыми еңбектер мен іргелі зерттеу жұмыстарында жүйелеген теориялық тұжырымдар т.б. бір ізге түсіп, ғылыми айналымға енді. Ұлттың рухани құндылықтарының бастау көздері ашылып, кәсіби қалыптасуы, даму жолдары, әдебиет теориясы, сыны, тарихы жаңаша көзқарастар тұрғысынан сарапталды. Әдебиетіміздің тарихы көптеген жаңа есімдермен, жалған жаланың кесірінен жетпіс жыл әдеби айналымнан шығып қалған көркем шығармалармен және XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси мәселелерді, ұлттық сананы оятуға әсер еткен ғылыми-публицистикалық еңбектермен толықты. Олардың бәрі қазақ әдебиеттану ғылымының жаңа беттерін ашуға мүмкіндіктер тудырды. Әсіресе, КПСС Орталық Комитетінің 1972 жылғы “Әдеби-көркем сын туралы” арнайы қаулысынан кейін қазақ әдебиеттану ғылымымен бірге әдеби-көркем сынның да профессионалдық деңгейі қауырт өсті деуге болады. Кәсіби сын әдеби үрдістің дамуына өзіндік үлесін қоса білді. Сынның белсенділігі мен оның сапалық қасиеті өсу үшін оны теориялық жағынан қаруландыру, бұрынғыдай көркем шығармадағы оқиғаны баяндаудан гөрі ондағы сюжеттік желіге, көркем образдарға, бейнелеу құралдарының міндетіне т.б.

ғылыми тұрғыдан талдау жүргізу талаптары қойыла бастады. Әдебиеттану ғылымы осы тұста сынның да ролін жақсы атқара білді. Ғалымдардың көркем шығарма табиғаты, ондағы жазушының шеберлігі т.б. деген өзекті мәселелер төңірегінде ғылыми-теориялық тұрғыдан талдау жасаған жұмыстар саны көбейді. Көркем шығармалар таза сөз өнері тұрғысынан қарастырылып, талдана бастады. Әдебиеттің жалпы табыстары қазақ әдебиеттануы мен сынның да негізгі зерттейтін объектілері, сондай-ақ осы жылдар аралығында қазақ әдебиетінің негізін қалаушылар мен көзі тірі көрнекті ақын-жазушылар, әдебиетші-ғалымдар төңірегінде де ғылыми зерттеу жұмыстары жүре бастады. Және әдебиеттің жекелеген салалары мен жанрлары да (поэзия, драматургия, проза, роман, сатира, әдебиеттер байланысы, әдебиет теориясы мен сыны т.б.) туралы да іргелі еңбектер жазылып, докторлық диссертациялар қорғалды. Атап айтсақ, олар М.Дүйсеновтің, Ә.Тәжібаевтың, Р.Бердібаевтың, Е.Лизунованың, Т.Қожакеевтің, Х.Әдібаевтың, З.Қабдоловтың, Т.Кәкішевтің зерттеу еңбектері. Және сыншы-әдебиетшілерден: Ә.Нарымбетов, С.Ордалиев, З.Серікқалиев, Ж.Ысмағұлов, М.Атымов, Б.Уахатовтардың т.б. әдеби-сын жинақтары жарық көрді.

Осы кезеңдер аралығындағы ғылыми - теориялық тұжырымдар мен сын еңбектерде ғасыр басындағыдай бет жыртысу, таптық көзқарас пен саяси астар іздеу секілді сорақылық саябырсып, мәдениетті, сыпайы, сауатты сын

өріс алды. Сынға ғылыми сипат, ал ғылымда әдеби-эстетикалық сыни көзқарас негізге алынды. Алайда, сынның шын мәніндегі өз дәрежесіне жетуі үшін оны өнер деп танитын талантты жастардың бұл жұмысқа жегілуі керек еді. Осы мақсатты З.Серікқалиев, А.Сүлейменов, С.Әшімбаев, Т.Токбергенов, Б.Сарбалаев, Қ.Ергөбеков, Б.Ыбырайым, Н.Ақыш, Б.Алдамжаров, Ә.Сығаев, Т.Жұртбаев, Қ.Керейкұлов, Б.Дәрімбетов, Ә.Бөпежанова т.б. сияқты таза әдеби сын саласында табанды еңбек еткен талантты жастар жүзеге асыра білді.

Аталған мерзім ішінде Қазақ ССР Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институты ғалымдарының қатысуымен “Дәстүр және жаңашылдық” (Ғылым. 1980, 29 ақпан. Жауапты редакторы М.Қаратаев), “Қазақ поэзиясындағы дәстүр ұласуы”, “Көркемдік кілті – шеберлік”, “Әдебиеттер туыстығы” т.б. сияқты ұжымдық жинақтар жарық көрді (1986).

Осы жылдың 4-5 наурызында Қазақстан Жазушылар одағы 1979 жылдың әдеби қорытындысын шығарып, онда әдеби сын мен әдебиеттану ғылымы саласы бойынша жарық көрген кітаптар төңірегінде сыншы Сағат Әшімбаев арнайы баяндама жасады.

Сондай-ақ, осы жылдың 5-6 шілде айларында Қазақстан Компартиясының 60 жылдығына арналған республикалық ғылыми-теориялық конференция өтті. Онда ССР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі З.А.Ахметов “Әдебиеттану ғылымының дамуының кейбір

қорытындылары мен перспективалары” деген тақырыпта баяндама жасады. Онда қазақ әдебиеттану ғылымының әлі де зерттелмей жатқан теориялық мәселелері, оны сөз өнерін зерттеудегі іргелі сала ретінде қалыптастырып, оның бүткіл салаларын әлемдік ғылыми жүйедегі контексте қарау мәселелері мен оның даму процесін егжей-тегжейлі әңгіме етті.

15-17 наурыз аралығында өткен Қазақстан жазушыларының ҮІІ съезінде әдебиет сыны турасындағы баяндаманы С.Қирабаев жасады. 17 наурызда ҮІІ съезінде сайланған Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші пленумы болды.

1980 жылы Алматыда “Өнер” атты мамандандырылған кітап баспасының ашылуы осы күнге дейін арнайы зерттеле қоймаған қазақ өнерінің тарихын, оның теориялық мәселелерін, оның сан алуан салалық, жанрлық түрлерін қарастырып, ғылыми тұрғыдан талдауға мүмкіндіктер туды. З.Серікқалиевтың жетекшілігімен жарық көрген Лев Любимовтың “Батыс Европа өнері” (А., Өнер. 1982, -336 б.), “Өнердің ықшам тарихы” (В.Б.Мириманов. А., Өнер. 1989, 328 б.) атты 2 томдығы, Ө.Жәнібековтің еңбектері, театр тарихы, бейнелеу өнері т.б. туралы көптеген еңбектер жарық көрді. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында бейнелеу өнері, музыка, театр бөлімдері ашылып, жаны да, тарихы да өнерге бай қазақ халқының

өнер тарихы, оның даму жолдары, жанрлық, көркемдік, теориялық мәселелері зерттеле бастады.

1980 жылдың 19-20 ақпанында ССРО Жазушылар одағы басқармасының жанындағы сын мен әдебиеттану жөніндегі кеңестің пленумы өтті. Пленумда Қазақстаннан сыншы Рымғали Нұрғалиев сөз сөйледі. Баяндамада қазақ әдебиеттану ғылымы мен әдеби сынының көкейкесті мәселелері жан-жақты әңгіме болды. Ол “Литературная газетаның” 1980 жылғы 27 ақпан, наурыз айындағы санында жарық көрді.

1981 жылы Совет жазушыларының VII съезі одақтық әдебиеттану ғылымының жаңа бағыттағы ізденістеріне жол ашты.

Осы жылдың 2-3 ақпан айында өткен Қазақстан әдебиетшілерінің әдеби жыл қорытындысында Р.Нұрғалиев әдеби көркем сын мен әдебиеттану ғылымының қол жеткізген ғылыми жетістіктері мен орын алған олқылықтары жөніндегі ойларын көпшілік талқысына ашық салған мазмұнды да мәнді баяндама жасады. Ал, соның артынша 10 ақпанда ССРО Жазушылар одағы басқармасы жанындағы сын мен әдебиеттану жөніндегі кеңестің пленумы өтіп, онда Қазақстаннан С.Әшімбаев сөз сөйлеп, ұлттық әдебиеттану ғылымының кейбір көкейкесті мәселелері көпшілік талқысына салынды.

1980-2005 жылдар аралығында бірнеше саяси-қоғамдық өзгерістер, әдебиет пен мәдениетке тікелей

қатысты қаулы-қарарлар қабылданды. Мәселен, Советтік Социалистік Республикалар Одағы құрылуының 60 жылдығы мен Қазақстанның өз еркімен Россияға қосылуының 250 жылдығын атап өту қазақтың әдебиеті мен әдебиеттану ғылымындағы ізденістерге түрткі болды. КПСС Орталық Комитетінің “Әдеби-көркем сын туралы”, “Идеологиялық және саяси-тәрбие жұмыстарын одан әрі жақсарту туралы”, “Әдеби-көркем журналдардың коммунистік құрылыс тәжірибесімен творчестволық байланыстары туралы” қаулылары да әдебиеттану ғылымының сапалық өсуіне өзіндік үлес қосқаны белгілі. 1982 жылы академик М.Қаратаев “Көргендерім мен көңілдегім” деген кітап жазды. С.Әшімбаевтың “Жазушы” баспасынан “Талантқа тағзым”, Т.Кәкішевтің “Оңаша отау” деген еңбектері қазақ әдебиеттануына қосылған қомақты еңбектер еді. Олардың жемісі 1980 жылдары жеке жинақтар болып жариялана бастады. 1960 жылдары әдебиетке келіп, өздерінің алғашқы туындыларын сыннан бастаған З.Серікқалиев, А.Сүлейменов, Т.Тоқбергенов, Т.Әлімқұлов т.б. әдебиет мәселелері жөніндегі әділ пікірлерінен айнымай өтті. Олардың бір тобы таза ғылымға ауысып, әдебиеттің көкейкесті мәселелерін теориялық тұрғыдан талдап, іргелі зерттеу жазуды қолға алды: Олар З.Ахметов, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Т.Кәкішев, Ш.Елеукеновтер еді т.б. Түйіндеп айтар болсақ, қазақ әдебиеттануының бұл кезеңі әдеби-көркем сынның кәсіби жағынан өсіп, кемелденген кезеңі болды.

3. ТАРАУ. Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеттануы

3.1 Қазақ әдебиеті тарихын жаңаша жазу мәселелері

Тәуелсіз Қазақстан өркениетті елу елдің қатарына қосылып, мәңгі жасайтын мемлекет болуды көксеген заманалық мұрат-мақсатында қайта өрлеуді іске асыруы қажет. Міне, осы тұста қазақ әдебиетінің тарихын зерттеп, тәуелсіз елдің еркін ой-санасы тұрғысынан төл тарихымыз бен ұлттық құндылықтарымызды түгендеп, руханиятымыздағы бүкіл ақтаңдақтардың орнын толтырып, көне дәуірден бергі барлық өркениетімізді жүйелі түрде жинақтап, жаңаша бағытта жазуды өмірдің өзі талап етіп отыр. Сондықтан да кеңестік дәуірде бір жақты, тоталитарлық сана талабы бойынша талданған құнды әдеби-көркем мұраларымыз сол түпнұсқа қалпында қайта қаралып, тарихтағы өздерінің шынайы орындарына ие бола бастады.

Осы ретте орта ғасырлардағы ренессансты саралаған академик Н.И. Конрадтың: «Қайта өрлеу (ренессанс) дегеніміз – әлемдік гуманизмнің дәуірі. Ол VIII - XII ғасырларда Қытайда басталып, IX-XV ғасырларда Орта Азия (Қазақстан) мен Иран және оған іргелес жатқан Үндістан жерінде жалғасып, XIV-XVI ғасырларда Еуропада аяқталды» деген сөзіне иланбасқа шара жоқ. Сол кездері дүние жүзін дүр сілкіндірген түркі әлемі, мұсылман ренессансы адамзат өркениетінің

шарықтау шегі болғаны белгілі. Неміс ғалымы Карл Беккер «біздің орта ғасыр дегеніміз - Батыстың Шығысқа еліктеуі» десе, оны Освальд Шпенглер осыдан сегіз ғасыр бұрын «Араб өркениеті шығыс қалаларынан күн сияқты шығып, батыс елдерінің үстінен өтті» деп бейнелейді.

Түркі өркениетінің негізін қалаған мәдениеттегі (ғылым, өнер, әдебиет) тәжірибеден жеміс алған тәуелсіз Қазақстанның ендігі қол жеткізер жетістігі сол Шығыс өркениетінің өз құндылықтары негізінде дамуы даусыз. Ұлттық ғылым, әдебиет, мәдениет, өнердің әрқайсысының өз салалары бойынша үлкен жаңалықтарға қол жеткізуі арқылы қоғам да жан-жақты өрлеуі тиіс.

Тәуелсіздік алып, рухани еркіндікке ие болған соңғы жылдары бірнеше ғасырлық тарихы бола тұра арасында ақтаңдақтары мол ұлттық сөз өнерін өзінің бастапқы бар бояу-болмысымен сақтап, болашаққа жеткізу мақсатында жасалып жатқан игілікті істің бірі – қазақ әдебиеті тарихын жаңаша көзқарас бойынша қайта жазу және зерттеу мәселесі. Өйткені, «Өр мәдениеттің өз өркениеті бар» деген даналыққа сүйенсек, мәдениеті, кең байтақ жері бар, 2500 жылдық тарихи жазуы бар халық мұрасы – өркениет деп есептелінетінін ескерер болсақ, осы уақытқа дейін мол мәдени, әдеби, жазба мұрасы бар қазақ әдебиетінің тарихы өз деңгейінде ғылым ретінде, қазақ деген ұлттың, халықтың рухани тарихы, көркем шежіресі ретінде өзінің толық тарихын жан-жақты

қамтып, зерттелмеген еді. Әрине, оған уақыт та, саясат та мәжбүрлеген шығар. Ал, қазіргідей рухани тәуелсіздікке ие болғаннан кейін олардың бәрін өзінің заңды тарихи орынына келтіру бүгінгі ұрпақтың міндеті. Өркениет – рухани мәселе. Біз зерттеуді 1991 жылдан бастап қана шындап қолға ала бастадық. Ірі, іргелі ғылыми зерттеу жұмыстары үшін бұл, әрине, аз ғана уақыт. Әрі жаңа қоғамның қалыптасып, ұлт өкілдері тәуелсіздікті сезініп, еркін оймен тарихқа үңілу үшін біраз уақыт қажет болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында мерзімді баспасөз беттерінде шашыраңқы түрде бұрындары айтылмай жүрген жайттар, зерттелмеген тың тақырыптар қоғамдық ойға қозғау салар пікір ретінде жиі-жиі баспасөз беттерінде әңгіме болып жүрді. Алайда, күрделі зерттеулерге барған ғылыми жұмыстар соңғы кездері ғана жүйелене бастады. Ұлттың тарихын, әдебиетін, мәдениетін, өнерін, жалпы ұлттық құндылықтарымызды қайта қарап, өзінің тарихтағы лайықты орнын алуы үшін ғылымға мемлекеттік тұрғыдан көңіл бөлініп, мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы өмірге келді. Осы бағдарлама негізінде қаншама құнды археологиялық, мәдени-әдеби, ғылыми құндылықтардың құлыптаулы жатқан қазыналарының кілті ашылып, тұсауы кесілді. Қазақтың таза тарихы, әдебиеті, өнері өркендей бастады.

Ұлттық ғылымның барлық салалары еліміз егемендікке ие болып, еркіндікті сезіне бастасымен өзінің төл тарихын жаңаша жазуды қажет етті. Ұлттық мәдениет

пен жазудың сан ғасырлық тәжірибесін қорыту, әлемдік ғылыми ойдың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері негізінде ғылым, гуманитарлық білім берудің мемлекеттік тілдегі толыққанды қорын құру жөніндегі жұмыс басталды. Өйткені, Қазақстан әлемнің бәсекеге бейім елу елінің қатарынан лайықты орын алуы үшін өзінің қазба байлығымен қатар жазба байлығын да, яғни мәдениеті мен ғылымын, білімі мен білігін-жалпы айтқанда ұлттық рухани әлеуетін күллі адамзатқа жарқырата көрсете білуі керек. Осы ретте 360 миллион халқы бар, YII ғасырға дейін бүкіл әлемді дүрліктірген айбынды Түркі қағанатының тікелей ұрпағы-бүгінгі күні дүние жүзінде 25-тен астам тегі бір, түбі бір түркі тілдес мемлекеттерге ортақ тарихы бай рухани қазыналарымызды зерттеуге, насихаттауға көп көңіл бөлінуде. Айталық, XX ғасырдың алпысыншы жылдардың аяқ кезіне дейін қазақ әдебиетінің тарихы XVIII ғасырдан бастап оқытылып келгені баршаға мәлім. Ал, қазір ұлттық, эстетикалық, көркемдік таным білім бастауларын көне жазба ескерткіштерінен бастауға көңіл аударыла бастады. Соның нәтижесінде республикамыздың жоғары оқу орындары филология факультетінің оқу бағдарламаларына «Ежелгі дәуір әдебиеті» деген жаңа пән қосылды. Бүкіл түркі халқына ортақ әдеби, мәдени мұралардағы қазақи ұғымдар мен тілдік көріністер төл танымдық рухани құндылықтар ретінде зерттеліп келеді. Көрнекті ғалымдар Мұхтар

Мағауиннің («Қобыз сарыны»), Мырзатай Жолдасбековтің («Ежелгі дәуір әдебиеті» (1967), «Күлтегін» (1986), «Асыл арналар» (1986), «Мөлдір бастаулар» (1992), Алма Қыраубаеваның «Ежелгі дәуір әдебиеті» (1991) тұңғыш рет қазақ мектептеріне және жоғары оқу орындарына арнап жазылған оқулық ретінде бағаланды. Кеңес дәуірінде аударылып, көпшілікке ұсынылған шығыс дастаны «Махаббатнама» (1985), «Түркі әдебиеті» оқу құралы (1988), «Ғасырлар мұрасы» (1988), «Қисса жанрының өзіндік ерекшеліктері» (1985), «Шығыстың қисса–дастандары» (1997), кандидаттық және докторлық ғылыми дәреже үшін жазылған зерттеулері т.б де жанаша көзқараста жазылды. Ал, Немат Келімбетовтің «Ежелгі дәуір әдебиеті» (2005), «Көркемдік дәстүр жалғастығы», «Қазақ әдебиеті бастаулары», Әбсаттар Дербісәлінің «Тарих-и-Рашиди», «Жаһан наме», «Қазақ даласының жұлдыздары», «Ежелгі әдеби мұралар және Ислам мәдениеті» т.б атты еңбектері мен Мекемтас Мырзахметұлының «Бітпес» деген зерттеуінде т.б ежелгі дәуірдегі түркілердің мәдени өмірінің тұтас тарихы, әдебиетінің мұралары, сол дәуірдегі тарихи тұлғалардың еңбектері бүгінде түркі халықтарына ортақ рухани қазына ретінде зерттеледі.

X-XII ғасырларда өмір сүрген энциклопедист-ғалым, философ, математик, музыка теоретигі, әдебиет зерттеушісі, ақын Әбу Насыр әл-Фараби, Махмұт Қашқари – «Диуани лұғат-ат түрік», Жүсіп Хас Хажыб

Баласағұн, – «Құтадғу білік», Ахмет Йүгінеки – «Хиба-ул хақайық», Қожа Ахмет Йасауи – «Диуани хикмет», Сүлеймен Бақырғани – «Бақырғани кітабы», Мұхамед Хайдар Дулати «Тарих–и Рашиди», Қадырғали Жалаири – «Жами–ат тауарих» т.б сынды түркі халықтарына ортақ тарихи тұлғалардың есімі мен шығармаларын жаңаша зерттелуі және мектептен бастап барлық жоғары оқу орындарында арнайы пән оқулықтары ретінде оқытыла бастауы қуанарлық жәйт. Қазақтың ұлттық тарихы мен әдебиеттану ғылымында сақтардың қаһармандық дастандары «Алып Ер Тоңа», «Шу», «Оғыз-қаған», «Атилла», «Көк бөрі», «Ергенекөн» дастандары мен «Авеста» сияқты қасиетті жазбалар жинағы мен түркі жазба жәдігерліктері «Күлтегін», «Тоныкөк» жырлары мен «Қорқыт ата кітабы» т.б. жайлы көптеген тың деректер табылып, жаңаша көзқарастағы зерттеулер жазылды. Айталық, Қадырғали би Қосымұлының “Жамиат-тауарих” (“Жылнамалар жинағы”) атты еңбегі ортағасырлық түркі жазба мәдениеті үлгілерінің бірі. Оның ортағасырлық қазақ тарихы мен әдеби мұраларын, тілін зерттеуде алар орны ерекше. Алайда, халқымыздың тарихын тануда үлкен үлес қосар бұл еңбекті зерттеу тек тәуелсіздік алған соңғы он –он бес жыл көлемінде ғана қолға алына бастады. Алғашқы ізденіс академик, тілші ғалым Рәбиға Сыздықова мен тарихшы ғалым, профессор Мәмбет Қойгелді тарапынан жасалыпты. Олардың “Қадырғали би Қосымұлы және оның жылнамалар

жинағы” атты еңбегі 1991 жылы 272 бет көлемінде А.”Қазақ университеті” баспасынан жарық көрді. Кітап төрт бөлімнен (“Жами-ат-тауарих”-мәдениет ескерткіші және тарихи дерек”, ”Жами-ат-тауарихтың “тілі “, “Араб графикасынан транскрипцияланған “Жами –а – тауарихтың”тексі”, “Б.Годуновқа арнау және Қадырғали бидің өзі жазған дастандары”) тұрады. Оның бірінші және екінші бөлімдерінде “Жамиат-тауарихтың” авторы туралы түсінік, еңбектің өмірге келген кезеңі т.б жөніндегі фактілік материалдардың деректік мәні, сондай-ақ ортағасырлық жазба ескерткіші ретінде тілдік қолданыстар жан-жақты талданады. Кітаптың үшінші бөлімінде ескерткіштің бізге мәлім тізімдері негізінде даярланған авторлық тексі берілген. Ал, соңғы төртінші бөлімінде Қадырғали бидің кітап басында берген орыс патшасы Б.Ф.Годуновқа арнауы және еңбектің дербес бөлігі, яғни ортағасырлық қазақ тарихына тікелей қатысы бар тоғыз дастанының бүгінгі қазақ тіліне аудармасы берілген . ХҮІІ ғасырдың алғашқы жылдары жазылған (1602 ж.аяқталған) Қадырғали бидің тарихи еңбегі академик Ә.Марғұланнның сөзімен айтсақ, - қазақ жазба мәдениетінің алғашқы үлгісі. Осынау үлкен тілдік ескерткіш туралы алғаш сөз айтқан және жарыққа шығарған Қазан университетінің профессоры И.Н.Березин болған. “Шежіре тілінің стильдік ерекшеліктеріне назар аудару керек,өйткені бұл шығарма-қазақ авторы қаламынан шыққан тұңғыш проза туындысы. Қадырғали

мұнда тарихи шығарма жанрына барған проза жазушысы әрі проза аудармашысы. Борис Годуновқа арнаған “Мадақ сөзінде” Қадырғали жазушы болып көрінеді. Бұл шешен тілмен көркем түрде берілген монолог, оның көркемдігін ауызша поэтиканың мәнерімен ұйқаса, үйлесе келген құрылымдар танытады. Мұнда қайталаулар, параллелизмдер, метафоралар, эпитеттер, теңеулер сияқты стильдік тәсілдер өте шебер пайдаланылған”-дейді авторлар (105 бетте).

Бүкіл адамзат мәдениеті тарихындағы құнды мұраның бірі - “Монғолдың құпия шежіресінде” (ХІІ-ХІІІ ғасырлардағы көшпелілер шежіресі). Ауд. М.Сұлтанияұлы. А. Өнер. 1998 ж. – 224 бет/ - түркі тектес тайпалардың тарихы,ірі мемлекет қайраткері Шыңғыс ханның жүргізген саясаты, сол кездегі тарихи оқиғалар баяндалумен бірге мұнда көшпелі тайпаларға қатысты әдеби-мәдени, тарихи, тіл-тұрмыстық және жер-су, жағрапиялық атаулар, кісі есімдері жайлы құнды деректерде бар. Көшпелі халықтарға тән ауыз әдебиетінің үлгісімен жазылған шежіреде халықтың ән-жыры, шешендік сөздері, термелері, тіпті әр бөлім сайын 20-30 өлең қамтылған. ”Сұхбаттар мен төл сөздер көбіне өлеңмен жазылған. Бұл шығармада көне монғол тілінің әуені, жыр ұйқасы (поэзия) және қара сөздік шығарма (проза) үлгісі көп қолданылған.”(10 бет).

Тәуелсіздік алған алғашқы жылдары туған халқымыздың тарихына, оның көне жазбаларындағы

көмбелерге көз салу, оларды ең алдымен қазіргі қазақ тілінің транскрипциясына салып, қалың оқырманның әдеби айналымына аударып, оларды біртіндеп зерттеу ісіне жаппай бет бұру кезеңі болды десек артық айтқандық емес. Осы күнге дейін мұрты бұзылмай келген қаншама құнды тарихи, әдеби, мәдени мұралаларымыз халқымыздың рухани игілігіне айналды. Соның бірі – Махмуд Қашқаридің XI ғасырда жазылған үш кітаптан тұратын “Диуани лұғат ит-турк” атты “Түркі сөздерінің жинағы”. Бұл еңбекті тұңғыш рет қазақ оқырмандарына ұсынған тәржімашылар –Қанапия Бекетаев пен Әрсен Ибатов (“Түбі бір түркі тілі” /”Диуани лұғат ит-турк”/ А.”Ана тілі” 1993 ж –192 б) . Түркілердің ділмәр-шешендері мен зерек қабілет иелерінің бірі болған ұлы бабамыз аталмыш кітабына арнайы тәртіппен 6800 түркі сөзін топтастырып (110 жер-су атына, 40 ел мен тайпаға) араб тілінде анықтама-түсінік берген. Кітапқа інжу-маржан екі және төрт жолдық 242 шумақ бәйіттер мен 262 мақал-мәтелді мысал ретінде пайдаланған. Бір ғажабы ”Диуанға” енген 875 сөз бен 60 мақал-мәтел қазіргі қазақ тілінде қаз-қалпында пайдаланылып келеді .

“Диуан”-түркі тілдерінің бірінші салыстырмалы сөздігі және ең әуелгі филологиялық зерттеу. ”Диуанда” сол кездегі түркі тайпаларының тілдері тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан жүйеленеді. Ондағы жеке сөздердің тек қана мағыналары емес, этимологиясы да түсіндіріледі. Сонымен бірге ол сөздердің қандай тайпаның тіліне тән

екендігі анықталады. Бұл мұраның зерттелуіне тіл мамандары профессор Әбжан Құрышжанов, Р.Сыздықова, А.Егеубаев, т.б үлес қосқаны белгілі.

1993 жылы 262 бет көлемде А.”Мұраттас” ғылыми зерттеу және баспа орталығынан ғалымдар М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шафиғилардың қазақшаға аударуымен аты әйгілі Қожа Ахмет Иасаудың “Диуани хикметі” (“Ақыл кітабы”) тұңғыш рет қазақшаға түсіріліп, толық күйінде жеке кітап болып жарық көрді. Бастан-аяқ ақыл-өсиет, үлгі-өнеге айтуға құрылған және араб тіліндегі құран мен шарифат заңдарын өлеңмен 149 хикметте өрнектеп, төрт түрлі нәрсеге-(шарифат, тарихат, хақиқат, мағрипат) ерекше көңіл бөлінген кітап Құраннан кейінгі екінші кітап саналған. Құранды тұңғыш рет түркі тілінде сөйлеткен Қожа Ахмет Иасауи еңбегі жайлы қазір барлық гуманитарлық ғылым салаларында жан-жақты зерттеліп келеді. Мысалы, түркі жұртшылығына Ясауиді тұңғыш рет кеңінен таныстырған түрік ғалымы проф. Мехмет фуат Көпрүлүннің 1913 жылы жазылған “Ахмет Ясауи мен оның шағатай әдебиетіне ықпалы” деген мақаласынан бастап, орыс, өзбек, қырғыз, қазақ ғалымдарының еңбектерінде зерттеу нысанасы болып келеді. Кезінде М.Дулатов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, Е.Жұбанов, Ә.Құрышжанов, Р.Сыздық т.б ал, соңғы жылдары М.Жармұхамедов, Р.Бердібаев, М.Шафиғи, Ө.Күмісбаев, С.Дәуітов т.б Ясауи мұрасы жөнінде бірнеше зерттеу еңбектерін жазды. Бұл ұлттық

әдебиеттану ғылымының рухани тынысы кеңейіп, өрісі өскендігін танытады. Қожа Ахмет Ясауидің “Хикметтер” деп аталатын даналық сөздерін жазба дүниеміздің баға жетпес ескерткіші ретінде танып, әр қырынан зерттеу жұмысы әлі де жалғасын табуда.

Сондай-ақ, көне түркі тілін ұйғыр тілімен тамырластырып, зерттеп жүрген жас әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы Алимжан Тиливалди Хамраев өзінің “Рифма и проблемы звуковой организации уйгурского стиха” (А.”Гылым”1996 –177с) және “Древнетюркский книжный стих” (Формирование древнеуйгурской книжной версификации и проблема аллитерационного стиха) /А.2002-228 с/ деген зерттеулерінде түркі тектес халықтарға ортақ жазба мәдениеттің мәселелерін кітаби өлеңтану ғылымы тұрғысынан танып, өлең сөздің көркемдік әлемін, олардың ұқсас ұйқастарының байланысын қарастырады. Оған ғалымның монографиялық еңбегіндегі тараулар атаулары дәлел бола алады: ”Своеобразие словесной культуры древнетюркских народов и ее развитие в период VI-XIII вв”, ”Об истоках стихотворной речи древнетюркской народов” т.б.

Бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымына үлкен бір сала болып енген ежелгі дәуір жәдігерлерін, атап айтсақ, ”Күлтегін”, ”Құтты білік”, ”Қорқыт ата кітабы”, ”Оғызнама. Мұхаббатнаме”, ”Тотынама”, ”Кабуснама”, ”Жами ат-тауарих”, ”Тауарих-хамса”, ”Шежіре-и түрк”,

”Диуани хикмет”, ”Хикметтер” сынды жазба әдебиет үлгілерінің ең алдымен осылай қазіргі қазақ тіліне аударылуының өзі зор жетістік деуге болады.

Жалпы түркі халықтарына ортақ көне түркі әдебиеті мен мәдениетіне, сөз өнеріне Орхон ескерткіштері (VIII ғасыр), ”Қорқыт” (VIII ғ.), ”Оғыз-нама”(IX ғ) т.б сияқты әдеби жәдігерлер жайлы М.Жолдасбековтің “Асыл арналар”, ”Ежелгі дәуір әдебиеті” хрестоматиясынан, Қ.Өмірәлиевтің “VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері”, Х.Сүйіншәлиевтің “Қазақ әдебиетінің тарихы”, Ә.Қоңыратбаевтың “Көне мәдениет жазбалары” деп аталатын еңбектерінен білуге болады. Бұл тізімді бүгінде тіпті ұзартып соза да беруге болады. Өйткені, тәуелсіздік алып, өзімізді-өзіміз танып, тарихымызды, көне мәдениетімізді тереңдеп зерттей бастаған соңғы он бес жыл көлемінде қазақ, жалпы түркі өркениеті жөніндегі зерттеулер қатары мен олардың сапалық серпілістері көңіл қуантады. Алайда олардың бәрін бір еңбекте талдап та шолып та шығу мүмкін емес. Әрі олардың көбі біздің назарымызға түспей қалуы да әбден мүмкін.

Ендігі жерде бір айта кетер жәйт-осы көне әдеби мұралардағы шешендік өнердің түп тамыры мен оның ұлттық сөйлеу мәдениетінің дамуы мен қалыптасуындағы алатын орны жөніндегі еңбектердің көріне бастауы. Бұрындары жазылған Н.Төрекұлұлының “Қазақтың 100 би-шешені” (А.”Қазақстан”. 1995), ”Шешендік

шиырлары” (А.”Қайнар” 1993), Б.Адамбаев. Алтын сандық. (А.Жазушы. 1989), Қ.Өмірәлиев. ”Абай афоризмі” (А.Қазақстан. 1993) т.б еңбектерде қазақтың төл тарихындағы шешендік өнер жөнінде айтылса, соңғы жылдары жарық көрген Г.Қосымованың ”Қазақ шешендік өнерінің негіздері” А.”Білім”. 2003-260 б. атты оқу құралында оның зерттеу нысанының кеңістігі кеңейіп, көне сөз өнеріне бойлапты. ”Шешендік өнердің қалыптасу тарихы” деген тарауында ”Ежелгі түркі шешендігі”, ”Көне түркі шешендігі”, ”Орта ғасырлық түркі шешендігі”, ”Билер шешендігі”, ”Ақын-жыраулар шешендігі”, ”Қазіргі шешендік” т.б деген тараушаларда ежелгі дәуір әдебиетіндегі шешендік өнердің тарихына тереңдеп бойлап, бүгінгі күн тұрғысынан талдап,салыстыра зерттейді.

Әдебиеттанушы Серік Негімовтің ”Шешендік өнер” (А.Ана тілі,1997-208 б) атты оқу құралында да ұлттық шешендік өнердің табиғаты, билер мұрасындағы шешендік өнерге қатысты ой-пікірлер таразыланады. ”Би” деген ұғымның этимологиясын, шешеннің болмысын, психо-физиологиялық ерекшеліктерін, шешен сөйлеудің логикалық-композициялық құрылысын жаңаша зерттейді.

Осы аталған әдеби мұралар бүгінде ұлттық әдебиет тарихының тамыры ретінде ұлттық философия, мәдениеттану, ұлттық психология, педагогика, тарих, этнография, этнопсихология, т.б сияқты негізгі ғылым салаларында да жан-жақты зерттеліп келеді. Қуаныштысы

олардың бәрі оқулықтарға еніп, арнайы пән ретінде оқытыла бастады. Бұл ”Мәдени мұра” бағдарламасының 3-ші кезеңінде талап етілген жас ұрпақтың төл тарихын тануы тиіс деген мақсаттың жүзеге асырылуын дәлелдесе керек.

Жалпы қазақ өркениетінің тарихы, оның мәдени және философиялық бастауы мен тамыры – ғұн, сақ-скифтерде жатыр. Мәселен, ресейлік Троп деген ғалымның »Скифтер» деген еңбегінде Үндістаннан табылған (бұдан бес мың жыл бұрын жазылған) бір көне кітапта »қазақ», »Жетісу» деген сөздерінің ұшырасқаны жөнінде айтылады. Бабаларымыз қолданған сына жазуы шумерлерден тарағаны (Шумер деген мемлекет болған) жөнінде қызықты деректер де бар: Павлодар қаласы жанынан шумер жазуының сынықтарын, ал Түркістаннан »Қаңлылардың жазуы» деген жазулар табылуы да тегін емес. Бұл тастың кемінде үш мың жылдық тарихы бар деп есептелінуде.

Орайы келгенде айта кетер бір мәселе - қазақ әдеби тілінің тарихы да жеке кезеңдерден тұратындығы, ол жөнінде тілші мамандардың дәуірлеу туралы пікірлері де әрқилы екендігі Р.Сыздықованың ”Қазақ әдеби тілінің тарихы” (ХҮ-ХІІІ ғасырлар)” А. ”Ана тілі” 1993-320 б/- деген еңбегінде жүйелі түрде жан-жақты айтылады.

Қазақ халқының мәдени мұраларының және тілінің тарихы өте көне замандарға кететіндігі жөнінде ”Ертедегі әдебиет нұсқалары” атты еңбекте Б.Кенжебаев,

М.Жолдасбеков, М.Мағауин, Х.Сүйіншәлиев, Қ.Сыдықовтар 1967 жылы айтқан болатын.

Әрине, ортақтықтың белгілерін, арнаның іздерін табу- арнайы зерттеушілердің міндеті. Әсіресе ол белгілердің қазіргі түркі әдеби тілдеріне қатысын, яғни әсерін, үлгісін, элементінің сақталуын т.т.сөз еткенде, ұсынылатын тұжырымдарды нақты фактілермен дәлелдеу керек болады. Мысалы, орхон-енисей ескерткіштері тіліндегі сөздердің лексикалық топтарына, мағыналары мен сыртқы тұлғаларына қарай оны осы күнгі түркі тілдеріне жақын келетін немесе алыс тұратын сәттерін айқындау айқындау болып табылады. Ол жөнінде айтылған пікірлер мен нақты зерттеулер аз емес. Мысалы, бұл ретте С.Е.Малов, В.В.Радлов, А.Н.Кононов, Ғ.Айдаров, А.С.Аманжолов, Ә.Құрышжанов, М.Томановтардың еңбегін атауға болады.

Осы еңбегіндегі “Орхон-Енисей ескерткіштерінің тілі-қазақтың ауызша және жазба әдеби тілдерінің бір арнасы” деген тарауында зерттеуші бізге жеткен көне түркі жәдігерлер жөнінде былай дейді:

« 1) V ғасырға жататын руна (сына) жазулы талас-енисей ескерткіштері: құлпытастардағы эпитафиялар, олар 1-2 сөйлемнен 5-6 сөйлем көлемінде айтылған тарих;

2) VIII ғасырға жататын руна жазулы орхон ескерткіштері: құлпытасқа қашалып сызылған (жазылған) түркі тайпаларының сол дәуірдегі атақты қағандары мен

батырлары, Білге қаған, Елтеріс қаған, Күлтегін, Тонықұқтар туралы тарихи шежірелер;

3) VIII-X ғасырлардағы ұйғыр жазулы жору, аян айту, діни аңыз түріндегі ескерткіштер (жазбалар)». /42 б/

Тап осы ойды кеңестік дәуірде айтып, ғылыми тұрғыдан тұжырымдап берген Қ.Өмірәлиев – өзінің 1971 жылы “Қазақстан мектебі” журналының 9-шы санындағы “Көне түркі сөз үлгілері” атты мақаласында көне түркі поэзиясының әдеби тілінің тамыры түркілердің ауызша поэзиясында, яғни тұрмыс- салт жырларында, жоқтау өлең айту салтында, дидактикалық шешендік толғаулар, мақал-мәтелдер арқылы өте ерте дәуірде жасалған деген пікір айтады. Алайда, кеңестік дәуірде түркі жұртын, оның ішінде қазақ халқын тым жабайы, сауаты жоқ, көне дәуірде ешқандай әдебиеті, мәдениеті болмаған ұлт санайтын Мәскеу ғалымдарының менсінбеушілігінен, қасақана мойындамауынан туындаған Орхон-енисей жазуларын “поэзиялық туынды” деген жалған дақпырт фактінің ғылыми негізі жоқ екендігі бүгінде дәлелденіп отыр емес пе?. Евроцентристік танымды ұстанған орыс зертеушілері әлі де мәселенің төркініне сынмен қарай алмай отыр. Қ.Өмірәлиев ол шығарманың жанрлық, стильдік жағынан нақты мәтіндерді талдау арқылы өлең өлшемінің тіл табиғатымен тамырлас дамитын тұтас көркемдік құбылыс екенін дәлелдеген болатын.

Қ.Өмірәлиевтің осынау батыл пікірін бүгінгі күні жоғарыда келтірілген көптеген тың ғылыми, әдеби

деректерге, теориялық тұжырымдарға сүйене отырып, М.Мырзахметұлы өз ойын былайша жеткізеді: “...Осы тұрғыдан алғанда, Тұранның ұлы қағаны, Алып Ер Тоңа (б.з.д.626 жылы опат болған) туралы жырланған эпостық тарихи жыр жолдары (шамамен 600 жолдай өлең) М.Қашқари сөздігі арқылы бізге жетіп отыр. Ондағы өлең ұйқасы 7-8 буынды желілі ұйқас түрінде (аааб) келген. Осы өлең ұйқасы XIX ғасыр ақындары Дулат пен Абай поэзиясындағы жетілдіріліп, жаңартылған дәстүрлік жалғастықты көрсетіп отыр.”/179 б/ М.Мырзахметұлы “Түркістан Тараз арасы...” Астана: Білге. 2002-432 б). Бұл пікірді тілші маманы Р.Сыздықова да қолдайды: “...Қайткен күнде де орхон-енисей жазбалары-әдеби тілдік дүниеліктер, өйткені бұлардың тілінде белгілі бір нормалар, дәстүрлі үрдістер бары даусыз”/42 б/. Жетпіс жыл бойы жабайылықтан, рухани құлдықтан арыла алмай келе жатқан қазақ жұртының арғы тегі текті, тарихи, мәдени тамыры тереңде әрі құнарлы екендігіне бүгінгі қазақ, түркі өркениеті жөнінде жазылып, зерттеліп жатқан көне ескерткіштеріміз дәлел болса керек.

Көшпенділер қалада тұрған, ал қала мәдениеттің мәйегі екендігі мәлім. Оған дала данышпандарының сол қала аттарымен аталуы дәлел. Қоғамдағы әлеуметтік – саяси түбірлі өзгерістердің ең алдымен өнерде, әдеби мұраларда көрініс беретіні де сондықтан болса керек.

Мәселен, филология ғылымдарының докторы, профессор Тұрсын Жұртбаевтың «Дулыға: Көне түркі

батырлары туралы әфсаналар» атты (Алматы. Жалын, 1994ж.) зерттеуінде көпшілікке мәлім емес көшпелі тайпалар тарихында есімдері белгілі, алайда талай жылдар бойы аттары аталмай келген көне түркінің ірі тұлғаларының тағдырына көз салып, төл тарихымызды түгендеуге тәуекел еткен. Еңбектің мазмұнын бір шолып өткенде-ақ автордың арғы тегімізді түгендеп, тамырымызды тануда үлкен тынымсыз еңбек еткені байқалады. «Скиф - ишкуз дәуірі» деген бірінші тарауында 16 тарихи тұлғаға (атап айтсақ, Тарғытай, Ишпақай, Партатуа, Мәди, Анақарыс, Тоқсары, Тұмар, Шырақ - Сирақ, Иданбарыс, Зарина, Ескіл, Атей, Сыпатай, Сатир, Евмель, Балақ, Саймақ) тоқталса, «Хұндар» деген екінші тарауында тоғыз (Тұман, Мөде, Лаушаң-Қызай, Елжау би, Қоянды, Оңқай би, Баутиан, Шөже, Мойыншор) дала даналарының даңқты істері мен ізгі істерін нақты тарихи деректер келтіріп, оларды белгілі тарихшы, түркітанушы ғалымдардың зерттеулеріндегі ғылыми болжамдармен, ғылыми негізі бар пікірлермен дәлелдеп, бірнеше бізге белгісіз тұлғаларды тірілтіп еді. Бұл еңбекті оқыған оқырманның қаншама құнды құжаттарға, қызғылықты тарихи деректерге жолығары сөзсіз. Тап осындай мақсатпен жазылған жазушы, әдебиетші Бексұлтан Нұржекеұлының «Жүз тұңғыш. Жинақ (Кітап. Алматы. “Жалын” баспасы. 2005. 320 бет) атты еңбегінде отыз жеті тарихи тұлға туралы толық мәліметтер береді. Айталық, әлемнің тұңғыш жеті

данагөйінің бірі болған қазақ бабасы, қазақтың арғы бабаларының ішінде тұңғыш рет шет елде білім алған сақ, қазақ шежіресі мен жазба тарихта аты бірдей сақталған Арыс, біздің дәуірімізге дейінгі YI ғасырда өмір сүрген Иданфирс (Арыстың немере інісі), тұңғыш құн империясын құрған Шәнүй бабамыз, Қытай Императорын әскерімен қоса тұңғыш қаша соғысу әдісімен қоршап алған қолбасы Мүде Шәнүй, Үйсін мемлекеттігін тұңғыш құрған ұлы Күнби, қазақтың үйсін дәуірінде тұңғыш билер басшылығын құрған күнби Майқы би, Еуропада 434-453 жыл аралығында тұңғыш құн империясын құрған құн көсемі Аттила, тұңғыш Түрік қағанатын құрған адам, Қаған атанған тұңғыш түрік ханы Бумын қаған, тұңғыш тас кітапқа тарих жазып қалдырған баба жазушы Йоллығ тегін, тұңғыш түрік халықтарының мекенін көрсететін дөңгелек карта сызған ғалым, түркі әлемінде «Түрік сөздігі» атты тұңғыш кітап құрастырып жазған ғалым, түркітану ғылымының негізін қалаған Махмұд Қашқари, т.б басқа да тарихтан ойып өз орнын алар зиялыларымыздың өмірі мен еңбектері жайлы жақсы танымды дүние десек болады.

Тарихы бірнеше ғасырларға ұласқан ұлы рухани көштің иесі екендіктерін таныта бастады. Осы орайда бір ғана мысал келтіре кетелік. Осыдан бірнеше жыл бұрын сонау VI ғасырда өмір сүрген Византия мемлекетінің елшісі Принсктің көне грек тілінде жазылған қолжазбасы табылған. Ол ежелгі түркі елінде болған бір сапары жайлы

былай деп таң қала, тамсана жазады: «Түркі қыздарының, әйелдерінің киімдері әсем әрі ыңғайлы болып келеді. Асыл заттардан жасалған сырға, білезік, шолпы, жүзік оларға ерекше сән мен көрік береді. Біз түркі патшасының қабылдауында болдық. Қонақтар алтын, күміс шанышқымен тамақ жеді. Кешке бізді тас моншаға алып барды..»

Міне, осы кішкентай ғана қолжазбада қаншама ақиқат пен шындық жатыр.

Еуропалықтар тас моншаны XYIII ғасырда ғана сала бастағанын ескерсек, бұл дерек көне түркі жұртының өркениетке ерте келгендігінің бірден-бір дәлелі осы емес пе.

Тәуелсіздікке қол жеткізілген соңғы жылдардағы ғылыми деректер мен дәйекті пайымдауларға зер салар болсақ, Қазақстан жерінде YI-XII ғасырлардың өзінде көптеген қалалардың барлығы анықталып отыр. Олардың көбі кезінде өнер мен білімнің, сауда-саттық пен саяси өмірдің ордасы болғандығы жайлы көптеген деректер бар. Араб жиһанкездері әл-Истахри, әл-Макдисидың айтуынша Сырдарияның атырауы мен орталық бөлігінде 20 қала салыныпты. Олардың ішінде Сығанақ, Жаңакент, Исфиджаб (Сайрам), Отырар, Сауран, Сүткент, Құмқала, т.б белгілі қалалар болған. Ал, Баладж, Барукент, Барух сияқты қалалардың орындары әлі күнге белгісіз. Сондай-ақ, IX-X ғасырларда Талас аңғарында Тараз (Жамбыл), Хамукент (Майтөбе), Күл (Ақтөбе) сияқты 12 қала

орнаған екен. Әл-Максиди: «Жетісу бойында 22 қала көрдім» - деп жазады. Атайтындары: Құлан, Мерке, Қойлық, Екі-өгіз, Баласағұн, т.б Тараз, Атлах, Суяб-Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар.

Француз королі ІХ-Людовиктің елшісі Вильгелм Рубрук Іле алқабындағы ірі қалалардың бірі деп Қойлықты атайды. Араб географы Ибн Хордадбек «Жолдар мен аймақтар» атты кітабында Құлан қаласын сипаттайды.

«Қыпшақ қаласының гаваны» аталған 15 мұнаралы қорғаны бар Сығанақ қаласы бір кезде астана болған. Академик В.В.Бартольд Константинополь қаласының кітапханасынан Сығанақ тұрғыны жазған бір шумақ бәйіт тауып оқығанын айтады:

«Ерте кезде бұл алқап мұңсыз еді,
Ғұлама, дана адамдар мекендеді...
...Десе-тағдыр қайтадан өмір бердім
Сығанақта тууды қалар едім».

Бір кезде Батыс-Түрік, Қарлұқ қағандығының астанасы болған, әйгілі «Құт негізі-білік» дастанын жазған Жүсіп Баласағұнидің туған қаласы Баласағұн орны күні бүгінге дейін белгісіз болып келді. («Тарихтан тартқан сыр» А.Әлмұхаметов. 22.06.2007).

Өркениетті ұлт ең алдымен, сол тарихымен, мәдениетімен, ұлтын ұлықтаған ұлы тағдырымен ерекшеленеді.

Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени өмірінде маңызды орны бар тарихи қала орталықтарында жүргізілген археологиялық, этнографиялық зерттеу мен консервациялау, мұражайландыру жұмыстары сол сан ғасырлық мәдениеттің құнарлы топырағында туып, қалыптасқан халық екендігімізді әлемге әйгілеуде. Мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан жүргізілген жұмыстар нәтижесінде Дамаск қаласында әл-Фараби кесенесі мен этно-мәдени орталығын салу үшін жер учаскесі бөлінді. Сұлтан Бейбарыстың Дамаск қаласындағы кесенесі мен Каирдегі мешітін қайта жаңғырту жұмыстары қолға алынды. Көне түркілердің жазба мұрасын тауып, оны зерттеу және таныту мақсатында 2007 жылы Монғолия аумағына ғылыми-ізвестіру экспедициясы ұйымдастырылып, нәтижесінде «Тоныкөк», «Тариат» тастарының көшірмелері Қазақстанға әкелінді.

Қазақтың екі мың жылдық тарихындағы ішкі және сыртқы түрлі себептердің салдарынан орын алған сансыз «ақтаңдақтар» әлемі еркін ойлы егеменді елдің зерттеушілерінің табанды ізденістерінің нәтижесінде түгенделіп, төл тарихи, рухани мұраларымыз тұтас кезеңдерімен жүйеленіп, бір ізге түсе бастады.

Осы орайда, Шығыс Қазақстан облысы аумағындағы Берел обасынан табылған археологиялық алтын бұйымдарды құрастыру, тазарту және олардың куәліктерін дайындау жұмыстары жүргізілді. Бүгінде

Президенттің Мәдениет орталығының қорында Берел қорғанынан табылған 300-ге жуық археология құндылықтары тіркеулі тұр. «Көшпелілердің мәдени мұрасы проблемалары жөніндегі қазақ ғылыми-зерттеу институты» және Ұлттық кітапхана қызметкерлерінің қатысуымен Париж және Берлин қалаларының мұрағаттары мен кітапханаларына экспедициялары ұйымдастырылды. Нәтижесінде Қазақстан және Орталық Азия тарихы мен этнографиясына қатысты 17-20-ғғ. қамтитын 100-ден аса құнды мәдени, тарихи деректер табылды. Бұл деректердің бүгінге дейін қазақстандық ғалымдар үшін белгісіз болып келген еді.

Соңғы 25 жылда алғаш рет жеке адамдардан шағатай тілінде 5 қолжазба кітап, атап айтқанда, 18-19-ғасырлар аралығында жазылған Иасауидің, Науаидің, Физулидің еңбектері және «Көрұғлы» дастанының ертеректе жазылған нұсқалары 455 мың теңгеге сатып алынған.

Осы бағдарлама бойынша қазақ кітаптарын, Қазақстанға қатысты басылымдарды әлемнің басқа кітапханаларынан іздестіру жұмыстары жүргізілген. Аталған 5 қолжазбадан басқа баспадан шыққан бірнеше кітап және 130-ға жуық сирек құжаттық мұралардың электронды, ксеро көшірмелері алынған. Бұл шара Қытай Халық Республикасының бірнеше қаласына, Ресейдің Мәскеу, Санк-Петербург, Қазан қалаларына ғылыми-экспедиция жіберу арқылы, екіжақты келісім шартпен

жүзеге асырылған. Еуропаның 5 мемлекетіне – Англия, Германия, Испания, Италия, Францияға кәсіби дайындығы мол екі маман барып 77 қолжазбаның және 200-ге жуық кітаптың көшірмесін алып келген. Онан кейінгі кезекте Ватиканның құпия архивін ақтаруға да екі рет мүмкіндік туған. Сол әкелінген материалдардың ішінен тарихшылардың өзін қайран қалдырған деректер табылған. Ватикан архивінен 14-15-ғасырларда Алтын Орда хандары мен Рим папалары арасында жазылған елшілік хаттар табылып отыр. Бұл хаттар Алтын Орданың Еуропа елдеріне қалай ықпал еткендігінің дәлелі.

2003 жылы Қытай астанасы Пекинде жарық көрген «Жұңғы тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер» деп аталатын аса құнды екі томдық ерте тарихтан басталатын библиографиялық көрсеткіш әкелінген.

Мәселен, Ұлттық кітапханада сақталған ең көне Құран Кәрім 12 ғасырда куфа жазуымен жазылған. Куфа жазуы дегеніміз діни аңыздарда айтылғандай, топан судан кейін Нұх пайғамбар (ғ.с.) кемесінен түсіп мешіт тұрғызған Куфа қаласының көркем жазу шеберлері қалыптастырған араб жазуының бір түрі. Куфа жазуының негізін салушы хазіреті Мұхамед пайғамбардың күйеу баласы, төртінші халиф Әли Әбу Талиб. Бұл куфа жазумен жазылған Қазақстандағы жалғыз Құран Кәрім болып саналады. Ол Ұлттық кітапханада сақталған.

Ғылым үшін бір кітаптың қай нұсқасы да құнды екендігі белгілі. Мәселен, Бақырғанидің хикметтері 10 рет

жарық көрген болса, он данасы да кітап қорында сақталуы керек. Айталық, «Еңлік-Кебек» жырының 1912 жылы Семейде жарық көрген нұсқасы жақында табылып, оның көшірмесі Ұлттық кітапхана қорына өткізілген. Сондай-ақ Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтің «Сарыарқа кімдікі екендігінің» 1907 жылғы нұсқасы, «Қисса Кене хан һәм Наурызбай» жырының 1903 жылғы нұсқасы алынған.

2003 жылы қазан айында ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мәдени және табиғи мұралар Комитетінің шешімімен алтын қорымыздың ең асылы бес қолжазба кітап Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енді. Олар шығыс қолжазбаларының ең құндылары болып саналатын-Қожа Ахмет Иассауидің екі «Диуани хикметі», ата-тегі жазылған «Насабнамасы» және «Мират-ул құлыбы», сондай-ақ оның ізбасары Сүлеймен Бақырғанидың 14-16 ғасырлар арасында жазылған хикметтері. Осы тізімде дүние жүзі бойынша 100-ге жуық қана кітап пен қолжазба қоры бар екенін айта кету керек. Бұл қолжазбалардың тағдыры әлемдік деңгейде шешіледі.

«Мәдени мұра» бағдарламасының науқандық шаруа емес екендігін, оны жылдар, ғасырлар бойы жүйелі, үнемі жүргізіліп отыратын мемлекеттің стратегиялық тұрақты ұлттық ұстанымы екендігі әрбір секцияның әзірлеуімен баспалардан түрлі кітаптар жарық көрген «Бабалар сөзі», «Қазақ өнерінің тарихы», «Әлемдік әдебиеттану», «Әлемдік өнертану», «Әлемдік фольклортану», «Әлемдік философиялық мұра», «Армян дерек көздеріндегі

Қазақстан тарихы», «Мұстафа Шоқай шығармалары», «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», «Орхон ескерткіштерінің толық атласы», т.б сериялар бойынша 43 аталым кітап шығарылып, 33 аталым кітап өндірісте екендігі, ал 9-ы әзірленуі толық дәлелдесе керек-ті. Мұндағы бір жаңалық – «Тарихи-мәдени мұраны пайдалану және қорғау мәселелері бойынша заңнамалық актілерге өзгерістер енгізу туралы» заң қабылдануы. «Қазақстан» ұлттық энциклопедияның орыс тіліндегі нұсқасы 5 том, ағылшын тілінде 1 том даярланған. «Мәдени мұра» бағдарламасы қазақ елінің төл бағдарламасы болғандықтан басқа тілге аударылмасы хақ. Келешекте балалар энциклопедиясы мен салалық энциклопедиялар шығару қолға алынбақ.

Осы орайда, «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша жарық көріп жатқан 100 томдық «Бабалар сөзінен» бастап, 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» және тарихи-археологиялық қазбалар арқылы табылып жатқан мол ескерткіштеріміз бен көне қалаларымыз, әр түрлі мәдени ошақтарымыздың орны мен музейлеріміз, т.б. сондай-ақ ғылымның әр саласынан жүйелі түрде зерттеліп еліміздің рухани игілігіне айналып отырған монографиялық зерттеулеріміз, оқулықтарымыз бар екендігін атап өткен жөн.

Әдебиет тарихындағы осындай ақтаңдақтар мен олқылықтардың орнын толтыру Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін ғана мүмкін болып отыр. Қазақ

әдебиетінің тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген көптеген көне мұралар көмбесін ашуы, тарихымыздағы ақтаңдақтардың ашылуы, кеңестік зұлмат кезеңіндегі әдебиет тарихының дұрыс кезеңденіп, зерттелмеуі салдарынан Алаш мұраларының да мұрты бұзылмай мұрағаттарда жатқан дүниелерінің шаңы қағылып, ұлттық ғылым мен тарихтың рухани кеңістігінің кеңеюіне себеп болғаны кәміл. Ежелгі ұлт мұраларының ұлт мәдениеті мен әдебиеті тарихында зор рол атқарғаны жөнінде кезі келгенде зерттеушілеріміздің орайын тауып айтып та жазып та жүргені белгілі.

3.2 Ежелгі дәуір әдебиеті

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы фольклортану, эпостану салаларында көптеген еңбектер жазылғаны белгілі. Алайда, ежелгі дәуір әдебиеті мен оның көне кезеңдеріне, ондағы мәдени мұралардың түп-төркініне тереңдеп бару, оларды тарихпен, археологиямен, этнографиямен, өнермен, жалпы оларды бар салаға қатысы бар ортақ рухани құндылық ретінде қарастыру мәселесі тәуелсіздік алған 1991 жылдан бастап қана шын мәнінде қолға алына бастады. Сөз өнерінің архаикалық көне кезеңін ,ондағы далалық ойды даналық дәрежеге жеткізіп, халқымыздың ғасырлар бойы жасалған рухани дүниелерін әлемге таныту барысындағы іргелі зерттеулер жүргізуге ғалымдарымыздың енді қол жеткізгені мәлім.

Біздің төл тарихымызды түгендеп, тануға, оның шындығына көз жеткізуге ешқандай сәуегейлік жасаудың керек еместігін, керісінше, бүгінгі “ Мәдени мұра” бағдарламасы арқылы ғылыми айналымға ене бастаған алуан түрлі археологиялық қазба жәдігерлері мен көне қолжазбалардың көмегі көп екендігін әркез ескеріп отырғанымыз жөн. Осы орайда, батыл ойларын ортаға салып, нақты ғылыми ұсыныстарын айтып жүрген көрнекті ғалым М.Мырзахметұлы «Қазірден қамданбасақ» деген сұхбатында: /Түркістан газеті. 1сәуір, 2004/ – «Қазақ әдебиеті дәуірін біз бір кезде Бұхар жыраудан бастадық . Бертінде профессор Бейсенбай Кенжебаев VIII ғасырдағы

Орхон-Енисей жазуларын қосып, тарихын әріге жеткізді. Ол да құлаққа кіріп, ойға қонған соң мақұлдадық. Менде қазір мынандай ұсыныс бар. Түрік халықтары әдебиеті тарихын «Алып Ер Тона» жырынан бастасақ деймін. Ол біздің эрамыздан бұрынғы VII ғасырда «Мадай» атымен мағлұм болған. Яғни, 626 жылы оған парсы патшасы у беріп өлтірген..... Сонда біз әдебиет тарихымызды гректерден де ары бастаймыз. Бұл арқылы біз көне заманда кең даланы бекер босқа көшіп-қонған жабайы халық еместігімізді дәлелдейміз. Сол көшпелі өркениетті жасаған негізінен осы біздің түрік халықтары. Неге? Себебі, көшпелі дәуірдің барлық ұғымы, салтын, дәстүрін бүгінгі күнге алып келген түрік халықтарының қара шаңырағының иесі қазақтар» ,– дейді. Осы ойын ғалым «Бітпес» деген ғылыми зерттеу еңбегінде қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу жүйесін жаңаша жасау керектігін, оны қазіргі уақыттың өзі мен тарихи, әдеби құжаттар талап етіп отырғаны жөніндегі ұсыныстарымен жалғастырады: «...Бірінші кезең: Қазақ әдебиеті тарихы бастау алар көздерінің түп төркіні б.ж.с. дейінгі VII ғасырдағы Алып Ер Тоға жайлы эпостық тарихи жырда жатыр деген танымды ұстанамыз. Өйткені, бізге жеткен көлемі алты жүз өлең жолынан тұратын жыр шумақтары біздерге М. Қашқаридің XI ғасырда жазылған түрік сөздігі арқылы жетіп отыр. Бұл – тарихи әдеби құжат». Одан әрмен зерттеуші бұл эпикалық тарихи жырдағы өлең уәзіні бүкіл түркі халықтары поэзиясында өз көрінісін берген көне

өлең өрнектерінің кейінгі қазақ поэзиясында бар бояуымен қайталануы, көркемдік жалғастығын табуы жөнінде ой толғайды.

«Екінші кезең: Қазақ әдебиеті тарихының VIII-XII ғасырлардағы екінші кезеңі бүкіл түркі халықтарына тән ортақ әдебиет тарихымен тамырлас жатқан дәуір шеңберінде қарастырылады. Бұл кезең Қараханидтер династиясы тұсындағы сопылық сарын басым жатқан Жүсіп Баласағұни, Иүгінеки, Иасауи, Махмұт Қашқари туындыларын қамтиды.

Үшінші кезең: Шыңғысхан шабуылынан кейін пайда болған Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет. Бұған түркі халықтары әдебиетінің басым көпшілігі негізінен көшпелі тұрмыс қалпын ұстанған Жошы ұлысы билігіндегі ұлан-байтақ кең далада қанат жайған түркі халықтарының жазбаша, ауызша түрде пайда болған өзіндік қайталанбас ерекшелігі басым әдебиет ескерткіштері ортақ құбылысты қамтитын кезеңі деп қаралады...» Одан әрі осы кезең әдебиетіне шолу жасалады .

«Төртінші кезең: XV-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет тарихы. Бұл кезең қазақ әдебиеті тарихы үшін айрықша өзіндік қайталанбас ерекшелігі бар кезең болуымен дараланады... Қазақ қауымындағы қоғамдық, саяси-әлеуметтік өмірде атқарылар барлық іс-әрекеттердің барша түрі ауызша сөзбен атқарылып жатты. Ауызша поэзия түрінде пайда болған ақын-жыраулар туындысы шешуші орынға шықты.

Көшпелі өмір салты тудырған ауызша поэзия өнер иелері бұрынғы жазбаша әдебиет дәстүрінен біртіндеп қол үзе бастады. Міне, осы себепті қоғамдық өмірдегі күнделікті атқарылатын әлеуметтік барлық іс ауызша сөзге түсті». Одан әрі зерттеуші ауызша поэзияның табиғатына сай жаңадан пайда болған ауызша әдеби тілдің нормалары қалыптасқандығын, соның нәтижесінде ауызша поэзияның классикалық түрлері туғандығы жөніндегі өз ойларын ортаға салады.

«Бесінші кезең: Қазақ халқы өзінің тәуелсіздігінен айрылып, ұлан-байтақ қазақ жерінің бір бөлігі Қытай отаршылдарының, ал басым жағы Ресей патшалығының қол астына өткен соң пайда болған әдебиетті отаршылдық дәуірдегі әдебиет тарихы деп атаймыз. Бұл отаршылдық дәуірдегі әдебиеттің өзі отаршылдық мақсат-мүддені көздеп жүргізген әртүрлі саяси-әлеуметтік реформалар мен оқтын-оқтын уақытша қабылданған заңдардың нәтижесіне байланысты орын алған өзгерістерге орай іштей бірнеше кезеңдерге бөлінетіні бар. Бұл ерекшелікті терең тарихи тұрғыдан түсінбейінше яғни оны танып білмейінше ол кезеңдерде пайда болған әдебиеттің табиғатын тап басып ұғына алмаймыз. Оларды жеке-жеке өз алдына жүйелей қарағанда ғана сол кезеңдегі әдеби құбылыстардың табиғаты ашылады», - дей келе автор «а.ә.б.в.д.» деген кішігірім тараушаға бөліп сол кезеңдегі әдеби құбылыстарға, қоғамдық-саяси, әлеуметтік мәселелерге кеңірек тоқталып, олардың себеп-салдарын

айқындауға, оларды тарихи дерек, әдеби құжаттармен, нақты көркем мәтіндегі ой-толғамдармен дәлелдейді. Осы жерде бір тоқталар жәйт, «д» тараушасындағы «XX ғасыр басындағы ояну дәуіріндегі әдебиет» деп жаңадан атала бастаған қазақ әдебиеті тарихының дәуірі бұрындары кеңестік тоталитарлық жүйенің идеологиялық қысымымен екі бағытқа бөлініп қаралатын: I. Ағартушылық-демократиялық бағыттағы әдебиет (С.Көбеев, С.Торайғыров, С.Дөнентаев т.б)

II. Буржуазияшыл ұлтшылдық бағыттағы әдебиет (А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов т.б). екі бағытта жіктеле қаралатын. Бұлайша жіктелудің негізі кеңестік идеологияның тұрғысынан таптық күрес пен әдебиеттің партиялылығы деп аталатын танымнан туындаған социалистік реализм әдісінің теугеурінді талабынан пайда болған жасанды идеологиялық құбылыс еді... Ояну дәуіріндегі әдебиет тарихы 1917 жылғы Ресейде болып өткен қазан төңкерісіне дейін созылды». Одан әрі осы кезеңдегі көркем әдебиеттегі өзгерістер, жаңа жанрлық түрлердің көбеюі, проза саласындағы соны ізденістер, қазақ қаламгерлерінің поэзия мен прозадағы, әдеби көркем-сын, драматургия, тіл білімі мен әдебиеттану ғылымындағы жаңалықтары жан-жақты нақты деректер арқылы зерттеледі. Қазақ әдебиетінің тарихын дәуірлеу мәселесі осылайша орнықты ешқандай саяси идеологиялық қысымсыз өзінің даму заңдылықтары мен сол кезеңдердегі тарихи шындықтармен қоғамдық

ахуалдармен ұштастырыла саяси астарсыз нақтыланып, айқындалған. (Тараз. Ой толғаныстары. Түркістан. 2005) Мырзахметұлының еңбегінің құндылығы қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселесін бүгінгі тәуелсіз ой бостандығы тұрғысынан қайта тарзылап және сол кезеңдегі тарихи ахуалдарды тереңдей зерттеп, әдебиеттегі рухани құбылыстардың көркемдік бағыттарының хал-ахуалын, себеп салдарын, негіздерін нақты жағдайлармен байланыстыра қарастыруында десек болады.

Бүгінде тәуелсіз ел ретінде ұлттық құндылықтарымызды қайта қарау нәтижесінде қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеуді де бірнеше ғасырға кейін шегеруге болатынын, оның тарихи негізі бар екенін ғалымдарымыз осылай дәлелдеп жүр.

Белгілі ғалым Б.Кенжебаевтың қазақ әдебиетінің қалыптасу тарихын бес кезеңге бөліп жүйелегені мәлім. Осы кезеңді оның шәкірттері Н.Келімбетов, А.Қыраубаева, М.Жолдасбеков, М.Мағауин т.б бүкіл түркі халықтарына ортақ көне мұралардан бастайды. Мәселен, А.Қыраубаева «Ежелгі дәуір әдебиетін» заманымыздан бұрынғы жазу-сызулар, аңыз-жырлардан бастайды. Бұл тарауда мына мәселелер қарастырылады: «Сақ, ғұн, үйсін дәуірі. (б.з.б.ҮІІ ғ. - б.з. ІҮ ғ.). Алып Ер Тоңға (б.з.б.ҮІІ-ІІғ.), Тұмар патша (б.з.б. ҮІ ғ), Ширақ батыр (б.з.б.ҮІғ), Сақ патшасы – Зарина сұлу (б.з.б.Ү ғ), Мөде батыр (б.з.б).

Түрік қағанаты дәуіріндегі әдебиет (Ү-ҮІІ ғ.ғ). Көкбөрі туралы екі аңыз. Орхон ескерткіштері. Көне түркі алфавиті.

Оғыз дәуіріндегі әдебиет (ІХ-Х ғ.ғ) Қорқыт ата (ҮІ-ҮІІғ.ғ) т.б және «Ислам дәуіріндегі әдебиет (Х-ХІІғ.ғ)

Ал, Н. Келімбетов ежелгі дәуір әдебиетін, ондағы әдеби жәдігерлерді, жалпы қазақ әдебиетінің көне тарихын тұтас қарап, зерделеуге, жүйелеуге үлкен үлес қосқан ғалым. Оған зерттеушінің VI-ҮІІ ғасырларда тасқа қашалып жазылған дастандардан бастап, қазақ хандығы құрылған кезеңге (XV ғасыр) дейінгі түркі тілдес халықтардың бәріне ортақ болған әдеби мұраларға жан-жақты талдау жасаған “Ежелгі дәуір әдебиеті” (Жоғары оқу орындары филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық. Алматы: Ана тілі, 1991, 264 бет), “Көркемдік дәстүр жалғастығы” (Ежелгі Түркі поэзиясы және қазақ әдебиеті бастаулары) Зерттеу. Астана: Елорда, 2000, 288 бет) сынды көлемді монографиялық зерттеулері айғақ бола алады.

Ғалымның негізгі ғылыми зерттеу еңбектерінің қатарында: Шәді ақын. А., 1974; Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. А., 1986; Ежелгі дәуір әдебиеті. «Қазақ әдебиеті тарихы» сериясының бірінші кітабы. А., 1991; Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы. Монография. А., 1998; Қазақ әдебиеті бастаулары. Зерттеу. А., 1998; Древний период истории казахской литературы. А., 1998; Ежелгі әдеби

жәдігерліктер. Астана. 2004, сынды т.б. кітаптарын атауға болады.

Ғалым Н. Келімбетовтің 1986 жылы «Мектеп» баспасынан жарық көрген «Ежелгі дәуір әдебиеті» деген оқулық еңбегінде халқымыздың төл әдебиеті туғанға дейінгі ежелгі кезеңді, яғни YI-XV ғасырлар аралығындағы әдебиетті үш дәуірге бөліп қарастырады: I) YI-IX, ғасырлардағы түркі әдебиет ескерткіштері, II.) X-XII ғасырлардағы әдебиет және III) XIII-XV ғасырлардағы әдебиет.

Зерттеуші «Ежелгі дәуір әдебиеті» деген оқулықтың «Автордан: атты кіріспе бөлімінде былай дейді: «Біз қазақ әдебиетінің қайнар бастаулары Түрік қағанаты (YIII ғасыр) тұсында өмірге келген «Күлтегін» және «Тоныкөк» жырларында жатыр деп келдік. Бұл кезінде ғылыми тұрғыдан негізделген тұжырым еді. Алайда мұндай ғажайып жырларды жазуға үлгі-модель болған шығармалар бұрын бар ма еді деген сауал үнемі ойда тұратын.

Соңғы жылдары тюркология ғылымы саласында қол жеткен жетістіктер дәл осы сауалдың жауабын табуға мүмкіндік береді. Ежелгі түркілердің арғы ата-тегі саналатын сақтар мен ғұндар дәуірінің көркем сөз үлгілері: «Алып Ер Тоңға», «Шу батыр» «Аттила», «Көкбөрі» және «Ергенекон» дастандарының жеке-жеке үзінділерін, фрагменттерін, сюжеттік оқиғаларын ұзақ жылдар бойы іздестіріп, тырнақтап жинап, белгілі бір

логикалық жүйеге келтірдік... Міне, мұның бәрі аталмыш оқулықтың бұрынғы басылымдарын жаңа ғылыми деректермен толықтыра отырып, бүгінгі күннің биік талаптарына жауап берерліктей жаңа кітап дайындауға тиіс болдық», - деп атап көрсетеді. \4 бет\.

Одан әрі ежелгі дәуір әдебиетіне енетін әдеби мұраларды талдауға көшеді.

Бірінші бөлімін «Исламға дейінгі әдебиет» деп бөліп алып, ондағы алғашқы әдеби мұра ретінде – «Алып Ер Тоңға» дастанын алып талдайды. «Сақтардың қаһармандық дастандары» деген тараушада «Томирис», «Шырақ» деген дастандардың шығу тарихы мен сюжеті сөз болады. Автор сақтар тарихына шолу жасай келе адамзат тарихында алғаш жазылған кітаптардың бірінен саналған «Авестаның» да сақтар жайлы жазылғандығын, көне грек тарихшысы Геродоттың жазбаларында да сақтар жайлы мәліметтердің молдығын, атақты ежелгі Эллада елінің ұлы ақыны Гомердің де «Одиссеясында» сақтың аты аталып, олар жайындағы жыр жолдарының молдығы мақтанышпен сөз болады. Геродоттың «Тарих» атты көп томдық еңбегінде келтірілген скиф, яғни сақтардың шығу тегі туралы аңыз-әңгімелерден соң талданған «Томирис» дастанының да сюжеті осы еңбек арқылы бізге жеткендігі айтылады. Геродоттың дастанға – эпос деп жанрлық түр таңғанын, оның шын мәнінде тарихи-қаһармандық дастан екендігін автордың тарихи жазбалары арқылы дәлелдейді. Дастанның басты қаһарманы – сақтар елінің мәликасы,

патшасы Тұмар (Томирис) мен Каир патша арасындағы соғыс жайлы талданады. Дастанның мазмұны айтылып қана қоймай оның көркемдік ерекшеліктері, жазылу тәсілі де әңгіме болады. Шетел басқыншыларына қарсы күреске шақыратын «Томирис» дастанындағы қанды оқиға, аяусыз жеңіліс, парсы елінің Кирден кейінгі патшаларына да сабақ болмай Дарий I (б.э.б, 521-485) деген патшаның сақтарға жорығы жырланған «Шырақ» деген дастанда осы есімдес батырдың өмірге келіп, тарихи және әдеби тұлғаға айналуына дәнекер болады. Алайда, бұл дастанның өзі сақталмай сюжеті грек тарихшысы Полиэннің (б.э.б II-ғасыр) «Соғыс тактикасы» деген кітабында сақталып, бүгінгі ұрпаққа жетеді. Шырақ деген жылқышы жігіттің айлакерлікпен парсы патшасы Дарийді қалың қолымен жеті күн, жеті түн бойы адастырып, сақтардың жеңіске жеткендігі туралы тарихи шежіре екендігін Полиэн өз еңбегінде атап көрсетеді. Сақтардың ерлікке толы шежіресін жыр еткен қаһармандық дастандарының өмірге келуіне осындай тарихи-әлеуметтік негіздер бар екендігін айта келіп, автор «Алып Ер Тоңға» мен «Шу» батыр жайлы дастандарға арнайы тоқталады.

Зерттеу еңбегінің екінші бөлімін құрайтын «Ислам дәуірі әдебиеті» деген кезең кеңестік дәуірде бұлай арнайы дәуірленіп, зерттелмек түгілі айтылуы мүмкін емес еді. Еліміз егемендік алып, тәуелсіз санаға ие болған 1991 жылдан бері ғана ұлтымыздың тарихы, әдебиет тарихы қайта қаралып, рухани құндылықтарымыз

түгелденіп, көне ғасырдан бертінге дейінгі ақтандақтар әлемі туралы әңгіме қозғала бастағаны белгілі. Осы дәуірді ұлттық әдебиеттану ғылымына белгілі бір кезең ретінде ендіре отырып, бұл әдеби ұғымның қалыптасып, орнығу жайына мән береді. Түркі халықтары әдебиеті тарихында ислам дәуірі (X–XII ғасырлар) ерекше орын алады. «Ислам дәуірі әдебиеті» деген термин–ұғымды алғаш рет өз зерттеу еңбектерінде кеңінен қолданған ғалымдар Ф.Көпрүлузден, Банарлы және Г.Грюнебаум еді. Ал, Ахмет Байтұрсынов бүкіл түркі халықтарының X–XII ғасырлардағы тарихына қатысты болып келетін «ислам дәуірі әдебиеті» деп аталатына кең мағынадағы ұғым-түсінікті, бертін келе қалыптасқан қазақ әдебиетін дәуірлеуге бөлу процесінде зор білгірлікпен нақтылай түскен сияқты».

Өйткені, кеңестік кезеңде Мұхамед Хайдар Дулатидің «Тарих–и Рашиди» (14–16 ғ.) еңбегінен бастап кешегі Ыбырай Алтынсариннің «Қазақ хрестоматиясы» оқулығына дейін «Біссімілла рахим Алла атымен » бастап және «Алла Тағалаға мінәжат айтумен» аяқталып келген шығармалардағы мінәжат жанры өшіріліп, өзгертіліп, тек ағартушылық бағыттағы ойлары ғана теріліп берілгені анықталып отыр. Өшкен жанып, жұмбақ сырлардың шешуі ағытыла бастады. Соның бірден-бір көрінісі де осы «Ислам дәуірі әдебиеті». Қазақ тарихында бұрындары аты аталғаны болмаса, олардың еңбектерін ғылыми айналымға, әдеби ортаға таныту тасада қалып келгенінің

сыры да сол баяғы «көшпелі, жабайы жұрттың өркениеті болмаған» деген жалған ақпаратқа ақау түсірмеудің амалы екен ғой. Жоғарыда Н.Келімбетовтің зерттеулерінде жазылған мол әдеби, мәдени мұрағаттарымыздың сол көне заманда-ақ талай өркениетті деген Батыс, Еуропа елдерінің әдебиетіне әсер етіп, олардың өсіп-дамуына дәнекер болғандығын нақты ғылыми мәліметтермен дәлелдеген.

Ұлттық әдебиеттану ғылымында өзіндік орны бар ғалым – **Мұхтар Мағауин**. Жазушы әрі ғалымның алғашқы еңбегі – 1968 жылы “Жазушы” баспасынан шыққан “Қобыз сарыны” атты монографиясы. Бұл еңбекте ғалым XV–XVIII ғасырларда жасаған қазақ ақын-жырауларының шығармашылық мұраларын зерттеу нәтижесінде сол уақытқа дейін қазақ әдебиетінің тарихы Бұхар жыраудан басталады деген сипатта қалыптасып үлгерген қағиданы тұңғыш рет жоққа шығарып, әдебиет тарихын XV ғасырға жылжытқан-ды. XV ғасырда көркем сөздің көрігін шыңдаған Кет-Бұға, Асан қайғы, Сыпыра және Жұма-Құл жыраулардың, аты аңызға айналған дара ойшылдардың сөз саптауы мен өлең тереңінде тұнып жатқан философиялық байламдардың өзіне дейінгі жасалған үлкен қазыналардан нәр алғанын пайымдайды. Автор Қазтуған шығармашылығын қазақ атымен аталатын әдебиеттің бастауы дей тұрып, жалпы ұлттық сөз өнерінің алғашқы қайнары тіпті арыда, көшпенділердің көне

мәдениетінде жатыр, оларды бірте-бірте ашу, тану, таныту келешектің еншісі деген тұжырым жасайды.

“Қобыз сарынында” Бұхарға дейінгі қазақ жыр өлкесінде қадау-қадау мұра қалдырған тоғыз ақын-жыраудың өмірі мен шығармашылығына қатысты тың пікір, соны ой айтылды. Мысалы, Қазтуған жырау, Асан қайғы, Доспамбет жырау, Шалкиіз, Жиенбет жырау, Марғасқа жырау, Ақтамберді жырау, Тәттіқара жырау, Үмбетей жырау толғаулары ел еңсесін көтерген рухы биік мұралар болды.

Осы монографияға арқау болған ақын-жыраулардың шығармашылығын топтастырып, 1971 жылы “Алдаспан” деген атпен үлкен жинақ шығарады. Бұл еңбектің алғы сөзінде: “Қазақ әдебиетінің түп негізі қадым ғасырлар – түрік қағанаттары дәуіріне тіреледі. Заманына сай біршама дамыған мәдениеті болған, сөз өнерін ерекше қастерлеген, төл жазуы болған ата-бабаларымыз XII–XIII ғасырлардың өзінде мәңгі өлмес мұралар жасады. Ғылымда “Орхон–Енисей жазулары” деп аталатын, түрік тайпаларының байырғы қоныс мекендерінен табылған бұл ескерткіштер – қазір адамзат мәдениетінің даму тарихындағы ең елеулі жәдігерліктердің бірі деп саналып отыр” – дей келе, әдебиет тарихының жаңа бір көкжиегін тануға бағыттаптын жетекші ой ұшқынын тастайды.

Мұхтар Мағауин жыраулар поэзиясын негіз етіп алған “Қазақ хандығы дәуіріндегі әдебиет” атты еңбегінде (Ана тілі, 1992) жыраулар поэзиясының ұлттық

құндылықтардан да жоғары көтеріліп, “XV–XVIII ғасыр шегіндегі бүкіл әлемдік мәні бар аса құнды әдеби мұраға” айналғанын паш етті. Өйткені, шын мәнінде жыраулар поэзиясы жалпыадамзаттық ізгіліктерді көксеген адамдық биік парасаттың шынайы үлгілері болды. Сахарадағы рухани өмірдің өзіндік ерекшеліктерін айқын танытатын көшпенді тірліктің таным көкжиегін барынша кеңейткен табиғи мүмкіндіктерін таныта білген жыраулар поэзиясының қоры мен сырын, мәні мен маңызын, талабы мен талғамын жете ашып көрсетуі М.Мағауиннің жалпы қазақ әдебиеттану саласын жаңа сатыға көтеруіне де негіз болғаны хақ.

“Ғасырлар бедері” деген аты айтып тұрғандай әдеби зерттеулер жинағында жыраулық поэзияның табиғи жалғасы сол өнеге мектебінің өміршең қағидаларын жаңа қырынан танытқан жаңа кезеңдегі – XIX ғасырдың алып тұлғалары Абай мен Шәкерім, Абай төңірегіндегі басқа да ақындардың әдеби мұралары жайлы толғамдар топтастырылған.

Автор “Нұрлы бастау” атты мақаласында: “Тарихы болмаған, мәдениеті мен жазу–сызуы болмаған қазаққа Бұхар жыраудың өзін көп көріп жүрген ортада одан мыңбұрынғы қазыналарды” жариялап, рухани өмірімізге тың жаңалық әкелген-ді. Өзіндік тұрпаты ғана емес, өзгеше сын сипаты да енді ғана таныла бастаған үлкен арнаның алғашқы қадамына байсалды пікір білдірген Мұхтар Мағауиннің Орхон ескерткіштерінің әдеби мұра

ретіндегі рөлі мен орны туралы пайымдаулары да бүгінгі күні аса құнды болып саналады.

Өзінің еңбегін “Қазақ тарихының әліппесі” деп атап, Алаш жұртының төрт ғасырлық тарихына байыптау жасаған автор өз еңбегін сауат ашу сабағы деп те атайды. Ғылыми зерттеуінде, көркем шығармаларында талай тарихи шындықтың бетін ашқанмен белгілі себептермен оларды толықтай ашық айта алмаған арман-мұрат бұл еңбекте ғылыми-көпшілік сипатындағы орамды ойлардың оралымды тілмен жеткізілуіне мүмкіндік берген.

“Қазақ тарихының әліппесі” (Алматы, Қазақстан, 1995) қазақ әдебиеттануы үшін де аса маңызды рөл атқарады. Өйткені дәл осы тарихи тұжырымдар әлі де танылмай жатқан сөз өнері мұраларына жаңаша көзқарасты қалыптастыратын, әдебиетке тарихи сана тұрғысынан пайымдаулар мен талдау жасаудың методологиялық арналарына із салуымен құнды.

Ежелгі дәуір әдебиетінің білгірі атанған А.Қыраубаева ұстазы Бейсенбай Кенжебаевтың кеңесімен Алтын Орда-қыпшақ дәуірінің әдеби жәдігерлері «Рабғұзи қиссалары», Хорезмидің «Махаббатнамасы» атты туындыларды кейінгі қазақ жырларымен байланыстыра зерттеді. Ғалымның 1986 жылы жарық көрген «Ғасырлар мұрасында» XIII-XIV ғасырлардағы түркі тектес халықтар әдебиеті қазақ жазба әдебиетінің қайнар бастаулары ретінде қарастырылады.

Түркі тектес халықтардың бұдан 2500 жыл бұрын 26 әріптен тұратын өз әліппесі болғанын ғалым осы еңбегінде нақты деректер арқылы дәлелдейді. Зерттеушінің бұл тұжырымдарын бүгінде көрнекті ғалым Мекемтас Мырзахметұлы мақұлдап, бұлтартпас дәлелдер келтіреді. Ол «Жазу таңбаларын өзгерту сыры неде ? » деген мақаласында («Алтын Орда» 7 қараша 2007): «..Бүгінде бүкіл әлем халқына танымал қазіргі түрік тілді халықтардың түп аталары болып саналатын ғұн, сақ, үйсін, қаңлылардың б.э.б. ғасырлардан бастап, V-VIII ғасырлар арасында мемлекеттік тұрғыдан қолданысқа түскен жазу таңбалары бір сөзбен атағанда ойма жазу (тасқа қашалып жаазылуы себепті) деп аталады. Оның шығу төркіні ру таңбаларында жатқаны ғылыми әдебиеттерде айтылып жүр. Әлемде монотеистік дүниетанымда тұңғыш рет келген түріктер «А» сызықты жазудың оқылуына орай тұңғыш өркениетке қолы жеткендер де солар екені туралы тарихи жаңатаным ұсынылып отыр», - деген ойлар айтады. Осы ойма жазудың тарихы мен оның түркі өркениетінде атқарған рөлі жөнінде М. Мырзахметұлы бірнеше зерттеу мақалалар жазып, батыл ойлар мен ұсыныстар айтып жүр. Бірақ, оған жіті көңіл бөліп, ой қосқан қазақ зиялылары байқалмайды. Ойма жазудың кейбір тілдер сияқты жиі қолданыстан алынбай келуінің себебін «Өйткені өзіндік эволюциялық даму, қалыптасу кезеңінен өткен өзіндік қайталанбас даму, қалыптасу жолы бар ерен мәдени

құбылыс» екендігінде деп түсіндіреді.. Әйтседе халықтың тарихи жадын өшіріп, мәңгілік рухани құлдық тұтқынында ұстау үшін жазу таңбасын жоюға отаршылардың бәрі де құмар болған.

А.Қыраубаева XIII-XIV ғасырлардағы «Рабғұзи қиссалары», «Махаббатнама» атты тарихи жәдігерлердің бірін – аударма-нәзира, екіншісін-тыңтума әдебиет деп, олардың жанрлық, тақырыптық, көркемдік сипаттарын қарастырады.

Ежелгі дәуір әдебиетінің күрделі мәселерін зерттеген ғалым оны тұтас ғылыми концепция тұрғысынан қарап одан кейінгі еңбектерінде үзбей сабақтастықта жалғастырып отырды.

1997 жылы жарық көрген «Шығыстық қисса-дастандар» деген монографиясында қазақ қисса-дастандарының тарихына, олардың өзге елдердің әдеби жәдігерлерімен шығыс дәстүрімен байланыстыра отырып, олардың өзіндік өрнектерін, ерекшеліктерін айқындап берді.

«Ұстазы Бейсенбай Кенжебаев қазақ әдебиеті тарихын 13 ғасырға жылжытып тереңдетсе, шәкірті Алма Қыраубаева әдебиет тарихы бастауларын мың жылдықтан әрі асырды» дейді ф.ғ.д. Өмірхан Әбдіманұлы («Жас қазақ»газеті. 4 мамыр. 2008).

Қазақ әдебиеттануы ғылымында Орхон ескерткіштерін тұңғыш зерттеген, осы салаға соны соқпақ салған көрнекті ғалым, әдебиет тарихшысы

Мырзатай Жолдасбековтің де қазақ сөз өнерінің тарихына қосқан үлесі қомақты.

Зерттеуші көне түрік тіліндегі «Күлтегін» мәтінін тікелей түпнұскадан жаңа түрік тіліне, яғни қазақ тіліне аударды. Осы арқылы көне әдеби жәдігердің жаңа бір қырлары ашылды. «Күлтегін» ескерткіші тек түркілер қағанатының тарихи шежіресі ғана емес, ескі түркі тіліндегі ғажайып әдеби мұра екендігі де дәлелденді. Бүгінде эпосы көп, сөз өнерінің қазба байлығы жөнінен әлемдегі бірден-бір бай ел саналатын қазақтың әдеби мұраларының қайнар бұлағы, түп-тамыры қайда екендігіне нақты көркем мәтіндер, ғылыми тұжырымдар арқылы көз жеткізілді.

М. Жолдасбековтің мемлекет басшыларына сұраныс жасай жүріп, «Күлтегіннің» көшірмесін Астанаға әкеліп орнатқанын көзі қарақты оқырман жақсы білсе керек. Ғалым концепциясындағы тұтастық оның негізгі ғылыми еңбектерінде («Ежелгі дәуір әдебиеті» (1967), «Күлтегін» (1986), “Асыл арналар” (1986), «Мөлдір бастаулар» (1992), «Жүз жыл жырлаған жүрек» (1993), «Асыл сөздің атасы» (1996), «Тоқсан толғау» (1992), «Тастар сөйлейді» (2001), «Ел тұтқа» (2002), «Шың мен шыңырау» (2002), «Орхон ескерткіштерінің толық атласы» (2005) т.б) жүзеге асырылғаны мәлім.

«Ежелгі дәуір әдебиеті» атты оқулық–хрестоматиясында ғалым YII ғасырдағы Орхон – Енисей

жазба ескерткіштерінің өзіне тән стилін сақтай отырып, алғаш рет толық аудармасын жариялады. Аталмыш ғылыми еңбектің нәтижесінде, қазақ әдебиетінің тарихы он екі ғасырға дейін тереңдеді. Осы зерттеуі арқылы Мырзатай Жолдасбеков қазақ әдебиеттану ғылымына зор жаңалық енгізіп, қазақ әдебиетінің тарихы YII ғасырдағы Орхон ескерткіштерінен басталатынын бұлжымас ғылыми негізбен дәлелдеп шықты.

Ғалымның негізгі ұстанымдары халқымыздың рухани мұрасын жүйелеп зерттеуге айналған. Жоғарыда аталған әдеби һәм тарихи жәдігерлерге сүйене отырып, түркілердің жазба әдебиетінің негізі VII–VIII ғасырларда қаланған деген нақты ғылыми тұжырым жасайды. Ең бастысы, ғалымның пікірінше, қасиетті бұл мұралар тек түркі жұртының ғана рухани қазынасы емес, бүкіл адамзатқа ортақ мәдени ескерткіш және исі түркі тектес халықтарының әлемдік өркениетке қосқан сүбелі де айшықты үлесі болып табылады.

Тәуелсіздік кезінде көрнекті ғалым **Т. Кәкішев** көне түркі әдеби ғылымының түп-тамыры “екінші Аристотель” атанған әйгілі энциклопедист ғалым Әл-Фарабиден басталатынын батыл айтты. Ал, қазақ әдебиетіндегі көркем сынның тарихын Алаш зиялыларының еңбектерінен тамыр алатынын сол кезеңдегі мерзімді баспасөздердегі нақты ғылыми мәліметтерге сүйене отырып, дәлелдеп берген. «Қазақ әдебиет сынының тарихы» деген жалпы оқу курсының бағдарламасы 1982 жылы жасалып, содан

бері арнаулы курс ретінде бүкіл Қазақстанның филология, журналистика факультеттерінде оқытылып келеді. Ғалымның «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы». Оқу құралы (2 кітап А., 2001, 2002); Қазақ әдебиеті сынының тарихы (2 кітап, 1994, 1995, 2002, 2003) т.б еңбектері зәруліктен бірнеше рет қайталанып, жарық көрді.

Т.Кәкішевтің ғылыми жетекшілігімен жарық көрген “Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы” атты екі кітаптан тұратын оқулығында төл әдебиетіміздің көне кездерінен бастау алған еңбектер, әсіресе даңқты тұлғалар Анархасис, Алып Ер Тұңға, Мәде, Қорқыт, Асан Қайғы, Бұқар, Махамбет, Шоқан, Ыбырай, Абай және жазықсыз репрессияға ұшырап, қайта ақталған қаламгерлер – Ш. Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Садуақасов, Ә. Бөкейханов, Ғ. Тоғжанов т.б туындыларының тарихы орны айқындалады.

Оқулықта «Ертедегі көшпелі тайпалар әдебиеті» деген бөлім берілген:

I бөлім:

1. Аталар жырының айғағы. 2. Тарих тұнығы тереңде;
3. Көне әдебиет көгіндегі көк бөрі
- 4 «Авеста» әлемі;

II бөлім:

1. Түрік ескерткіштері. Түрік қағанаты дәуіріндегі әдебиет. Орхон ескерткіштері.

2. Оғыз дәуіріндегі әдебиет. (Қорқыт ата; Оғыз қаған жыры)

3. Ислам дәуіріндегі әдебиет (Сыр бойы әдебиеті, Өл–Фараби, Ахмет Йасауи, Ахмет Жүйнеки, Қарахан әдебиеті, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари); Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет. Сайф Сараи.

III бөлім: Қазақтың төл әдебиеті (15–18ғғ). Бұл бөлім: Жыраулар поэзиясының зерттелу жайы: «Жыраудың әлеуметтік тұлғасы; Жырау поэзиясының басты сарындары, көркемдік ерекшеліктері; Жыраулар поэзиясының көркемдік негіздері, дәстүрлі арналары» атты тараулардан тұрады.. Асан Қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марқасқа, Қожаберген, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар жырау.

IV бөлім XIX ғасырдағы әдебиет:

1. Ұлт – азаттық күрес жырлары. Тарихи өлеңдер. Махамбет Өтемісұлы.

2. Зар – заман әдебиеті. Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы.

3. Қазан хандығы және әдебиет. Мәделі Жүсіпқожаұлы, Құлыншақ Кемелұлы, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Сүйінбай Аронұлы.

4. Айтыс.

5. Сал – серілер поэзиясы.

6. Шешендік өнер табиғаты.

7. Қазақ арасына кең тараған шығыс қисса – дастандары.

8. Жаңа жазба әдебиет. Абай, Ыбырай, Шоқан.

Оқу құралының екінші кітабында ХХ ғасыр басындағы Алаштың азатшыл әдебиеті қарастырылған: Мұнда Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Жүсіпбек Аймауытов т.б шығармалары талданса, “Кеңес дәуіріндегі әдебиет” деген тараушада С.Сейфуллин, І.Жансүгірұлы, Б.Майлин, Жамбыл, М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсіреповт.б қаламгерлердің өмірі мен ғылыми еңбектеріне шолу жасалған.

ІІІ-ші тараушада “Шетелдегі қазақ әдебиеті” мен “Қазақ әдебиеті – әлем халықтары тілінде” деген мәселелер бүгінгі көзқарас тұрғысынан қарастырылып, ондағы көкейкесті мәселелер сөз болады.

“Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы” міне осы мәселелерді жан-жақты талдай отырып, тарихқа бүгінгі күн тұрғысынан жаңаша сараптама жасайды. Соңғы жылдары зерттелген әдебиеттің мәселелеріне баға береді. Бұрындары зерттеу нысанына алынбаған әдеби шығармалар мен тұлғаларды ғылыми айналымға ендіреді.

Қазақ әдебиетінің тарихы көне дәуірдегі түркі тектес халықтармен тамырлас екендігі мемлекеттік “Мәдени мұра” бағдарламасы арқылы жүзеге асырылып жатқан неше түрлі әдеби, мәдени дүниелер арқылы айқындалып, бүгінде олар білім беру салаларында оқулықтарға еніп, оқытыла бастағаны белгілі. Бұл “Мәдени мұра” бағдарламасының үшінші бағыты бойынша

мемлекеттік тұрғыдан талап етіліп отырған ұлттық рухани құндылықтарды жас ұрпақтың санасына сіңіру мақсатында жүргізіліп отырған игілікті шаралар.

Мәселен, М. Жолдасбековтың «Асыл сөздің атасы» (1996), А. Қыраубаеваның «Ежелгі әдебиет» (1994), Н. Келімбетовтың «Қазақ әдебиеті бастаулары» (1998), «Ежелгі түркі поэзиясы әдебиетіндегі дәстүр жалғастығы» (1998), А. Жақсылықовтың «Образы, мотивы и идеи с религиозной содержательностью в произведениях казахской литературы» (1999) зерттеулері соңғы жылдары жоғары оқу орындарында оқулық ретінде пайдаланылады.

М. Мағауин, А. Қыраубаева, М. Жолдасбеков, Н. Келімбетов еңбектеріндегі көне заман әдебиет үлгілері де оқу бағдарламаларына ене бастады. Осы орайда, «Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы» (екі томдық) (2001, 2003), Ә. Құрышжановтың «Ескі түркі жазба ескерткіштері» (2001), Б. Байғалиевтің «Абай өмірбаяны архив деректерінде» (2001) атты зерттеулерді де атауға болады.

Айталық, академик, философ, абайтанушы, әдебиетші Ғарифолла Есімнің 2006 жылы жарық көрген «Қазақ философиясының тарихы» (Алматы: «Қазақ университеті» (2006), академик, философ Әбдімәлік Нысанбаевтың жетекшілігімен жарияланған «Қазақ даласының ойшылдары» (Алматы: Ғылым, 1995) атты 4-кітаптан тұратын ұлттық философия пәнінің оқулықтары, «Әлеуметтік философия» хрестоматиясы (Алматы «Ақыл

кітабы» 1997), философ Н.Иманкұлдың «Ойлау туралы ойлау» атты «Қайнар» университеті шығарған (Алматы: 1998) еңбегі және «Мәдени–философиялық энциклопедиялық сөздік» (ғылыми редактор Ғ.Есім. Құраст: Т.Ғабитов, А.Құлсариева) т.б жоғарыда аталған көне түркі халықтарына ортақ әдеби мұраларымыз мен оның авторларының тарихын қайта жазып, қазіргі талапқа сай ұлттық рухани құндылықтарымыз ретінде ұсынылады.

Ал, «Таным және студент» атты оқулықта б.з.д. соңғы 5–6 мыңжылдықтан бастап б.з. ХҮ ғасыр аралығындағы ұлттық тәлім-тәрбие жүйесі жайлы сипаттама берілген. Мәселен, бұл еңбекте Еуразия даласындағы алғашқы қауымдағы тәрбие, Сақ, Шумер, Үйсін-Қаңлы, Ғұн мемлекеттеріндегі тәлім-тәрбие, Орхон-енісей жазулары, Қорқыт–Ата, әл-Фараби, Түркі педагогикасының тәлімдік ілім-білімдерінің дамуына Қ.А. Иасауи, Ж. Баласағұн, М. Қашқари, А. Иүгінеки т.б ықпалдары қарастырылады. Ұлттық тәлім–тәрбиенің тамырын көне тарихтан іздеген педагог ғалымдар ұлы даладағы халқымыздың танымдық мұраларын Орхон-енісей жазулары мен Түркі қағанаттарының білім жүйелеріне сүйене отырып, ой айтады.(«Таным және студент» Алматы. Санат. 2007–209-б. С.Ж. Пірәлиев. Л. Керімов.)

«Ұлттық мәдениет–сол халықтың дәстүрлі дүниетанымын, тарихи-мәдени және эстетика-этикалық ұстанымын, тілі мен ділін, болмыс–бітімін айғақтап,

әлемдік өркениеттегі орнын айқындайтын рухани құндылықтар мәйегі. Әбу Наср әл–Фараби мен Махмұт Қашқари, Ахмет Иасауи мен Абай Құнанбаев сияқты даналар шыққан ұлы дала ұрпақтарының мәдениеті тұтас бір өркениет жемісі ретінде бұрын арнайы қарастырылмайтын. Тек қана еліміз тәуелсіздік алған соңғы жылдары ғана мәдениеттану ғылымына назар аударыла бастады» – дейді енді ғана еңсесін көтерген ұлттық мәдениеттану ғылымының мамандары.(«Мәдени–философиялық энциклопедиялық сөздік. Құраст. Т.Ғабитов, А.Құлсариева және т.б – А. Раритет, 2004.–320 б) –3 бет. Осы сөздікте тұңғыш рет төл мәдениеттану ғылымының терминдері мен ұғымдарының анықтамалары жүйеленіп, түсінігі беріліп, оның өкілдері жайлы мәліметтер берілді. Сөйтіп, ұлттық ғылымда қазақ мәдениеттануы атты жаңа ғылым саласы оңаша отау тікті. Тап осы сияқты өзін-өзі енді танып, төл рухани құндылықтарымыз нәтижесінде жеке отау тігіп, өз орындарын тауып жатқан салаларымыз қазір жеткілікті. Соған шүкіршілік еткен жөн. Оларға негіз болар,талданатын, оқылатын әдеби де, мәдени да мәтіндеріміздің бар екендігі тіпті көңіл қуантатын жай. Әрине , олардың талдайтын, зерттейтін тұлғалары мен туындылары бір болғанымен әркім өз саласы бойынша сараптама жасайды. Сондықтан біз олардың бәріне тоқталып жатқанды жөн көрмедік, тек қазіргі қазақ ғылымының өзінің заңды жолын тауып, ұлттық таным

тұрғысынан дамып, әркім өз өлкесі мен өрісіндегі өркениетті игеруге деген ниетіне қуандық. Алайда, бір байқағанымыз – олардың дені тарихты тұлғалық деңгейде игеріп жатқандығы, алайды тарихты құрайтын да сол жеке тұлғалар мен солардың дара еңбектері екендігін ескерсек, жас ғылым салаларына ол олқылық та емес сияқты.

Енді қазақ әдебиеті тарихының қайта зерттелуіне тоқталар болсақ, ол ежелгі дәуір әдебиетінен бастап бүгінгі әдебиетке дейінгі кезең аралығындағы барлық көркем дүниелер мен әдеби жәдігерлер, ең біріншіден, тек төл тарихымыздың мұрасы ретінде және екіншіден, бұрынғыдай идеологиялық тұрғыдан бағаланып, талданбай таза әдеби ескерткіш және көркем шығарма тұрғысынан әдебиеттану ғылымына тән категориялар арқылы талданып, ғылыми айналымға енуі деп айрықша атап өткен жөн сияқты.

Тәуелсіздік әдебиеттануында бұрындары есімдері белгілі болғанымен шығармашылығын зерттеуге тыйым салынған жеке әдеби тұлғалар туралы зерттеулер мен диссертациялық жұмыстар да жазыла бастады. Тарихтың өзі жеке тұлғалардан тұтасатынын ескерсек, әрбір әдеби тұлғалардың шығармашылықтары қазақ әдебиетінің белгілі бір кезеңдерінің ақиқатын анықтауға себеп болатыны белгілі.

Көшпелілердің жан дүниесіндегі өзімен бірге туған азаттық идеясының көне дәуір әдеби мұраларындағы қалыптасқан еркіндік рухы бүгінгі тәуелсіз Қазақстан

әдебиетінде, ғылымында өзінің жарасамды жалғасын тауып, өркендеп келе жатқаны белгілі.

Көрнекті ғалым, шығыстанушы Әбсаттар Дербісәлі тәуелсіздік кезеңінде қазақ әдебиетінің көне кезеңдеріне көз тігіп, ұлттық сөз өнерінің қалыптасу, ежелгі дәуірдегі жазба жәдігерлерін тауып, төл тілімізге аудару, олардың ғылыми түсініктемелерін жазып, жүйелеу, жарыққа шығарып, кеңінен насихаттау мәселелеріне терең мән беріп келеді. Әсіресе, ХҮІІІ ғғ. қазақ даласының дана ойшылдары мен сөз өнерінің көрнекті өкілдерінің өмірі мен шығармашылықтарын, әдеби мұраларын, ғылыми зерттеулерін, оларды төл тарихымыздың мәдениеті мен тарихындағы лайықты орындарын айқындауға, ұлттық руханияттағы рөлін белгілеуде табанды еңбек етіп келе жатқан ғалым. Таяу және Орта Шығыс, Орталық Азия, Ресей ғылым ордаларының қолжазба қорларындағы бүгінгі ғылымға белгісіз болып келген елуден астам әдебиетші, тілші, ойшылдардың (оннан астам Фарабилер Әбуәл Қасым әл Фараби, Исмайл әл Жауһари әл Фараби, Әбу Ибраһим Ысқақ әл Фараби, Бурһан ад Дин Ахмад әл Фараби, үш кердерилер, үш сайрамыл, жеті түркістанилер, Байлақ әл Қыпшақи, Хасан Әли Жалайыри, үш таразилер, жеті жендилер және т.б) еңбектерін тауып, ғылыми айналымға енгізді. Әсіресе, «Қазақ даласының жұлдыздары» атты еңбегі жоғарыда аталған көне ойшылдардың қазақ даласында туып, еңбек еткендерін нақты тарихи деректермен дәлелдей отырып,

ғылыми тұжырымдар жасауы жоғары бағаға ие болды, еліміздің ғана емес, күллі түркі өркениетіндегі айтарлықтай жаңалық болды.

Түркі халқының ірі тұлғасы Мұхамед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашиди» атты тарихи-мемуарлық еңбегін тұңғыш рет парсы тіліндегі қолжазбасынан ана тілімізге аударуды ұйымдастырып, зерттеп, оған алғы сөз жазуы және жалпы редакциясын басқарып, жариялауы десек артық айтқандық емес. Бұл біздің қазақ әдебиеті тарихын түгендеу барысындағы елеулі еңбек екендігін ерекше атап өткен жөн. (М.Х. Дулат. Тарих-и-Рашиди. Алматы: «Тұран» баспасы.) Мұхамед Хайдар Дулатидің әлем кітапханалары мен қолжазбалары қорларында жатқан еңбектерін тауып (ТМД, Азия, Еуропа елдері бойынша), олар жайлы әлем халықтарының көптеген тілдерінде жарық көрген. Сондай-ақ, соңғы жылдары қазақ тарихы мен мәдениетінде, жалпы руханиятында өзіндік іздері бар ірі тұлғалар туралы танымдық еңбектер көптеп шыға бастады.

Ежелгі түркі мәдениетіне қатысты аса ірі әдеби жазба мұралар – Жүсіп Баласағұнның “Құтадғу білік” дастаны, Махмұт Қашқаридың “Диуани-лұғат-ит-түрк” атты энциклопедиялық сөздігін түркі тілінен қазіргі қазақ тіліне аударып, зерттеп, ғылыми айналымға қосқан ф.ғ.д., түрколог Асқар Егеубай осы зерттеулерімен қазақ ғылымына зор үлес қосты. Әсіресе, Жүсіп Баласағұнның “Құтадғу білік” (“Құтты білік”) дастанын ана тілімізде

сөйлетіп, оның поэтикалық трактат екенін танытты. Аударып, алғы сөзі мен ғылыми түсініктерін жазып, тұңғыш рет қазақ оқырмандарына таныстырған зерттеуші әлемдік ғылыми этикаға тән талапты сақтап, әр сөздің арабша, латынша және қазіргі қазақ графикасындағы жазылу түрі, яки транскрипциясын, олардың қазақша түсіндірмесімен қоса беріп отырады. Зерттеуші бұл еңбектерінде Орхон - Енисей жазбаларынан бертіңгі дәуірге дейін жалғасып отыратын тұрақты, бейнелі фразологиялық тіркестер түзіліміне ғылыми талдау жасайды. Қазақ сөз өнерінің тарихылығын айғақтайтын көне түркі мәтіндеріне жүйелі барлау жасап, бір ізге түсіреді.

“Түркі сөздігінде” бұрындары айтылғаны болмаса ғылыми дерегі болмаған Шу батыр туралы аңыздың тарихы, оның Ескендір Зұлқарнайынның алдынан шығып, неше түрлі әскери әдіс-тәсілдерді қолдануы, оның жорыққа алып жүретін күміс хәуісі (жорықтарда қаз-үйрек, аққу-қаздарын жүздіртіп, жорықтарын ойластыруы) жайлы этнографиялық деректердің кездесуі, сегіз кітаптан тұратын үш томдық сөздіктегі бүкіл қазақ тарихына, оның тарихи шежіресіне қатысты географиялық, этнографиялық, топонимикалық, ономастикалық мағлұматтар, дөңгелек картаның жасалуы мен қазақтың сөз өнеріне қатысты көптеген мақал-мәтелдердің, шежірелердің, аңыз-әңгімелелердің, шешендік сөздердің, әдеби және әскери терминдердің жасалуы, түсіндірілуі,

жинақталып, жүйеленуі т.б сияқты жұмыстар жасалынған. Осы еңбектер жөнінде кезінде академик Зәки Ахметов былай деген еді: “Көне кезеңдерден сақталған мұралардың ішінде осы “Құтадғу білік” пен “Диуани-лұғат-ит-түрктен” көлемді, ғылыми-көркемдік жағынан үздігі жоқ. Қазақ сахарасында, қазақ топырағында жаратылған шығармалар. Мәдениеттің дамуына да, рухани тірлігімізді тың өріске бастайтын бай да құнарлы материал игерілді. Бұлар соңғы кезеңдегі айтулы әдеби деректер. Үлкен белес. Ұлттық, рухани тәуелсіздік мүмкіндіктері осындай зерттеулерден танылады. Бұл еңбектер-әдеби ісіміздегі құбылыс, ұлттық мәдениетіміздің мәртебесін көтерген зерттеулер”. (“Ана тілі” газетінің 2000 жыл. 7 желтоқсанындағы санында). Шынында Асқар Егеубайдың орта ғасырлық ежелгі түркі әдеби мұраларын зерттеу мен аудару, оларға ғылыми түсініктеме жазу, оларды жүйелеп әдеби және ғылыми айналымға ендіру жөніндегі жұмыстары жеті томға жетіп жығылады. Атап айтсақ, “Кісілік кітабы” монографиясы. А. 1998 ж. 320 бет.

“Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі” монографиясы. А. 1999 ж. 204 бет.

Жүсіп Баласағұн “Құтты білік” дастаны. А. 1986 ж. 650 бет.

(Оның Пекиннің “Ұлттар” баспасынан шыққан нұсқасы да бар 1989-1997 жж).

Махмұт Қашқари “Түрік сөздігі”. А. 1997 ж. I том. 592 бет.

II том. 1997 ж. 528 бет. III том. 1998 жыл. 600 бет.

Бұл еңбектердің бәрі бір-бірімен сабақтас , өзектес туындылар.

“Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиетінің көркемдік жүйесі” (1999) деген монографиялық еңбегінде қазақ, түркі әдебиетінің табиғатын, даму заңдылықтарын әдебиет пен өнер туындыларының ортақ табиғатын ашу арқылы көркемдік тұтастықты бірге қарастырады. А. Егеубай осы зерттеуінде түркі дүниесінің проторенессансы деген ұғымды алға шығарып, оған “түркі нәсілді жұрттардың алғашқы ренессансы ерте орта ғасыр дәуірі,- ” деп тұжырым жасап, анықтама береді. X-XII ғасырлардағы әдеби мұралардың көркемдік табиғаты мен өзіндік ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан жан-жақты талданады.

Әдебиеттанушы Ж. Дәдебай «Өмір шындығы және көркемдік шешім» (1991), «Бөлтірік Әлменұлы және қазақ шешендік өнері» (1996), «Жазушы еңбегі» (2001) атты зерттеулері арқылы қазақ әдебиеті тарихының бұрындары зерттелмеген белгілі кезеңдерін тануға, оны нақты шығармашылық тұлғалардың еңбектерін талдаулар арқылы жүйелеуге көңіл бөлсе , «Мырза Хайдар Дулат (1499\1551) тарихшы-қаламгер» (монография) 2007 352-б. Алматы) «Зерде» баспасынан шыққан зерттеу авторы Ислам Жеменей осы еңбектің негізінде жазылған докторлық диссертациясында халқымыздың ХҮ ғасырға

дейінгі рухани, әдеби-мәдени дүниетанымын М.Х. Дулаттың шығармашылығы арқылы танытады, зерделейді. Тарихи тұлға туралы соңғы кездері көптеп жарияланып жүрген еңбектерден бұл зерттеудің ерекшелігі – ерте дәуірдегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінің классикалық үлгісімен оқырмандарды таныстыру. Зерттеуші өз еңбегінде әлемге, оның ішінде қазақтарға ертеден әйгілі ирандық «Шаһнаме» дастанын халқымыздың тарихына, әдебиетіне қатысын жаңа қырынан тереңірек жеткізеді. Ислам Жеменей еңбегінің алғашқы үш тарауын тұңғыш тарихшының өмірі мен шығармашылығына, тақырыптың зерттелу тарихына арнайды. Сол кезеңдегі қоғамдық-әлеуметтік өмірдегі өзгерістер мен мәдени-ахуалды баяндай келе М.Х. Дулаттың «Тарих-и Рашидиге» қатысты барлық зерттеу еңбектерге тоқталып, оның әлемдік руханияттағы құндылығын айшықтайды. Еңбектің ІҮ, V, VI тараулары «Тарих-и-Рашидидің» әдеби мұра ретіндегі жанрлық, стильдік және көркемдік ерекшеліктеріне арналуымен бағалы. Мырза Хайдар шығармасында орта ғасырлардағы түркі-парсы халықтарының тарихы мен этнографиясы, мәдениеті мен философиялық ой-танымдарымен шектеліп қалмайды, мұнда сол дәуірдегі түркілердің рухани әлемі, поэзия, әдебиет теориясы, өлең өлшемі (аруз), шығармашылық әдістер, ақындық орта, сопылық ағым мен оның көрнекті өкілдері туралы жан-жақты сөз болған. Зерттеуші парсы, түркі өлеңдеріне шолу жасай отырып,

рубай, мүфрад, ғазал, мүшәйра, мадақ, мінежат, сынды шығыс поэзиясының тақырыптық, жанрлық түрлеріне байыпты талдаулар жасаған. Жұмыстың тағы бір ерекше маңызы – қазақ оқырмандарына онша таныс емес, Сағди, Жәми, Сәккаки, Лүпти, Атаи, Науаи, т.б шығыс ойшылдары мен шайырларына арнайы тоқталып, олардың шығармашылық өмірі туралы қызықты деректер келтірген.

«Мұхамед Хайдар Дулати» деген ғылыми-зерттеу мақалалар мен тарихи эсселер). Алматы, «Ататек», 2000, 312-б). деген еңбектің авторы Қожабек Албани Байұзақ Рахымұлы 1999 жылы ЮНЕСКО дүниежүзілік деңгейде 500 жылдық мерейтойын атап өткен тұңғыш тарихшы М.Х. Дулатидың ғұмырын, оның шығармасы «Тарих-и-Рашидиге», «Ататек» тектемесіне зерттеу жүргізеді. Тарихи тұлғаның атамекенінің, елінің тарихы туралы сұхбаттары мен эсселерінде қазақ оқырмандарына, зерттеушілеріне беймәлім болып келген тарихи құжаттар мен архивтік деректер келтіріледі. М.Х. Дулатидің шығармашылығын түркі халықтарына ортақ туынды «Бабырнамамен» байланыста қарастырады. Оған зерттеудің мазмұны толық сипаттама бере алады: «Хайдар мырзаның ғұмырнамасы» деген тарауға енген «Мұхамед Хайдар һәм қазақ тарихы», «Хайдар мырзаның бөлесі Бабыр һәм оның «Бабырнамасы», «Ұлыдан қалған ұлағат», «Моғолстан» т.б және «Хайдар мырзаның ата-тек тектемесі» - деген екінші тарауда «Бабыр»,

«Бабырнама», «Батыс түрік қағанаты», «Моғол мектебі», «Мұхамед Хайдар» т.б тараушаларында ұлы тарихшы өмір сүрген кезең, ондағы тарихи оқиғалар, ру, тайпалық қатынастар, әсіресе бұл еңбекте оның ата тегіне, мекеніне, өмір сүрген ортасына, айналасына, үрім-бұтағына көбірек мән берілген.

ХҮІ ғасырда өмір сүрген көрнекті мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, тарихшы, әдебиетші, ақын М.Х. Дулатидің «Жаһан наме» атты классикалық шығармасының төл тілімізде сөйлеп, толық көркем мәтінін талдап, ғылыми айналымға ендірген ғалым Әбсаттар Дербісәліұлы. Зерттеуші адал да таза махаббатқа арналған поэма туралы ғылымда алғаш хабардар еткен башқұрт ғалымы Ахмет Зәки Валиди Тоған (1891-1970) Берлин кітапханасынан кездейсоқ ұшыратып, оқып 1937 жылы неміс тілінде тұңғыш мақала жазған. Одан әрі ғалым дулаттанушылардың еңбектеріне толық шолу жасай отырып, бұл шығарманың көркем поэма екендігін ішіндегі мәтіндер арқылы дәлелдейді. Поэманы қазақшалаған зерттеуші оны шартты түрде бірнеше бөлімге бөліп қарастырады, алғашқы жүз он бәйітті «Кіріспе» деп қарастырады. Осы жерде ғалым мынадай түсінік береді: Ежелгі мұсылман Шығысы әдебиетінде кейбір көркем дүниелер әдетте «хамд» - мақтау, «мунажат»-мінажат, «наят»-теңеу» (эпитет), «мадх»-мадақ және «сабаи назми китаб»-кітаптың жазылу себебі іспетті шартты бөлімдерден тұрады. «Жаһан

намеде» осы қағида бұзылмаған. Әйтсе де Кеңес дәуірінде ондай шығармалардың көпшілігінің осы бөлімі коммунистік идеология шарттарына сай келмейтіндіктен алып тасталынатын. Біз сол әдетті бұзып, поэманың қылауына да тимей, дастан мәтінін толық та түгел бердік». Бұл бізге ежелгі дәуірдің әдеби мұрасының толық нұсқасымен жеткен құнды еңбек екендігін аңғартады. Бұл қазақ әдебиеті тарихын түгендеуге қосылған үлкен үлес екендігі де белгілі. Түркілік дүниетаным биігінен ой толғайтын поэмада Самин деген қалада Шаһсауар атты патшаның бір ұлға зар болып жүргенде көрген Фируз шахтың сүйген жары Перизат Назбойға деген шексіз махаббаты әңгіме болады. «Жаһан намені» көне парсы тілінен ана тілімізге аударып, ғылыми транскрипциясын жасап, оның архивтегі түпнұсқасын да толық беруі келешектегі зерттеушілерге дайын мәтін екендігі сөзсіз. Осы орайда автор дей тұрғанмен шығарманың тілдік сыр-сипатынан басқа суреттеу құралдары (теңеу, эпитет), образдар жүйесі, сюжеттік желілері, құрылыстары, ұйқас, жанрлық ерекшелігі және т.б мәселелер туралы арнайы сөз, әрине, алда», - дейді.

М.Х. Дулатидің жоғалдыға саналған «Жаһан наме» атты ғибраты мол әдеби мұрасы осылай Ә. Дербісәлінің қажырлы еңбегінің арқасында өзінің тарихи отанына оралып, ұлттық рухани құндылық қатарын толықтырды.

Дулаттану саласына соңғы жылдары өзге бірқатар ғылыми танымдық зерттеулер, жеке іздену жұмыстары

жазылуда. Олардың бәріне тоқталып, талдау жасау әдебиет тарихының міндеті.

Енді ежелгі әдеби жәдігерлер, олардың тарихы жөніндегі ғылыми зерттеу жұмыстарына шолу жасай кетсек (кандидаттық, докторлық) дейміз.

Көне түркі дәуірінен бергі әдеби жәдігерлеріміздің ұлттық таным тұрғысынан талданып, зерттелу жәйіне келетін болсақ, осы орайдағы ежелгі әдебиетіміздің туу, қалыптасу, даму заңдылықтары мен көркемдік ерекшеліктерін танытатын тарихи тұлғаларымыздың рухани мұраларының ғылыми айналымға енгізіліп, оларға жеке-жеке ғылыми жұмыстар жазылып жатқандығының куәсі боламыз. Ол үшін М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесінде қорғалып жатқан кандидаттық және докторлық ғылыми дәреже үшін жазылған зерттеулерге зер салсақ болғаны. Және бір ескере кетер жәйт осы қорғалған еңбектердің дені “Қазақ әдебиетінің тарихы” атты он томдық еңбекте “Ежелгі дәуір әдебиеті” жөніндегі екінші томда жеке-жеке тарау болып енді.

Айталық, соңғы жылдары институттың «Ежелгі әдебиет» бөлімі даярлаған ғылыми жұмыстар: Қыдыр Төрәлі Еділбайұлының «Орта ғасырдағы қазақ даласында ислами әдебиеттің тууы және қалыптасуы (XI–XII ғғ.)» (2005), Әлібекұлы Ақжігіттің «Мәмлүктер кезіндегі түркі–қыпшақ әдебиеті (дамуы, әдеби өкілдері, өлең өлшемі)» (2005), Құрманғали Гүлнәр Қанатқызының «Ахмет

Йүгінекидің әдеби мұрасы» (2006), Әбдірәсілқызы Айнұрдың «Қожа Ахмет Йасауи хикметтерінің көркемдік және құрылымдық ерекшеліктері» (2007), Мамиева Бахыткүлдің «Асан Қайғы туралы аңыздар» (2007) атты кандидаттық және Жеменей Исламның «Мырза Хайдар Дулаттың «Тарих–и Рашидиі» әдеби жәдігер» (2007), Еңсегенұлы Тоқболаттың «Көне түркі ескерткіштерінің көркемдік жүйесі» (2007) деген докторлық ғылыми дәреже үшін жазылған еңбектерін атап көрсетуге болады.

Осындағы әрбір әдеби өкілдердің еңбектеріне қатысты олардың төл тарихымыздағы лайықты орындарына сай көптеген тың ғылыми ақпараттар жүйеленіп, бабаларымыздың сан мыңдаған жылдармен өлшенетін түркілік өркениеті мен мәдениеті, төл тарихы мен әдебиеті, ешкімде жазу-сызу болмағанда оларда тасқа ойып жазылған мәңгіге қалдырылған төл жазуы, оның мазмұны мен көркемдігі, әдеби тілі бар екендігін айқындайтын айғақты ажарлы ескерткіштер екендігін жоғарыда аталған ғылыми зерттеулер әрқайсысы өз дәрежесінде дәлелдеп жазған. Мәселен, Еңсегенұлы Тоқболат былай дейді: «Біріншіден, түркі руна жазуымен жасалған рухани мұраларды тауып игермесек, әдебиет тарихында түркілердің төл әрпінен туындаған шығармалар жоқ сияқты болып танылады. Ең бастысы, ежелгі дәуірде бабалар жасаған шығармалардың бәрі түркілік-ұлттық рухта жасалынған тозбайтын мұралар.... Екіншіден, 500-ден астам үлкенді-кішілі тастарға

түсірілген көне түркі руна жазба ескерткіштерін жасап орнатуға біздің де ата-бабалырымыздың өз үлестерін қосқаны зерттеу барысында анықталып отыр... Әрбір қабырға тасқа түсірілген жазба ескерткіш әр рудың немесе тайпаның, қағанның иелігіне жататын рухани мұра екені белгілі»... Үшіншіден, көне түркі руна жазба шығармалары түгел жиналып, аударма жасалынып, тұтастықта зерттелінген емес. Оқырманға ең бірінші көне түркілердің төл жазуы және руна алфавитімен тасқа түсірілген шығармалардың негізгі мәтіні керек». /5–6 бет/. Осы орайда, ізденген диссертант жұмысында өзінің негізгі мақсатын көне түркі алфавитін, бейне–суретін, руна жазба шығармаларын мәдениеті ерте дамыған көрші елдердің төл жазуларымен салыстыра зерттеу арқылы көне түркі руна жазуы бағзы заманда туып, қалыптасқанын, яғни көне түркі руна жазуы б.з.б. ҮІІ ғасырдан бастап б.з. ІХ ғасыр соңына дейін өмір сүргенін дәлелдеу барысында біршама зерттеу жұмыстарын жүргізген.

Төл әдеби мұраларымыздың жиналып, тағы бір тәуелсіз ой-сана тұрғысынан талданған жұмыстың бірі фольклортану ғылымы бойынша жазылған Нартай Қуандықұлы Жүсіповтың «ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ фольклортану ғылымы» атты (2006) докторлық ғылыми дәреже алу үшін жазылған зерттеуі. Мұнда ғалым ХХ ғасыр басындағы халықтық мұраларды кімдердің, қашан, кімдерден, қалай жазып алғандығын,

қалай жарияланғандығын анықтап, оларды салыстырып, баспа бетінде жариялану жай–күйін зерттеген.

Ұлттық әдебиеттің түп – тамыры тереңде, ежелгі әдеби мұраларда жатқаны- кеңес кезеңімен ғана шектеліп келген қазақ әдебиеттануы үшін басты мәселе, тың жаңалық болды. Көне дәуірлердегі құнды көмбелелерде жатқан небір көркем дүниелеріміздің көзі ашылып, қаншама жаңа туындылардың тұсауы кесіліп, бұрындары баспа бетін көрмеген бүтін бір дәуір әдебиеті өз әлемін ашты. Олардың көбі зерттеу нысанына айналып, ұлттық әдебиеттану ғылымының қоржынын толықтырды. «Қорқыт ата» кітабының – 1300, «Алпамыс батыр» жырының – 1000 жылдықтары түркі тектес елдерге ортақ әдеби жәдігер ретінде арнайы аталып өтілді.

Тәуелсіздік тұсында қазақ әдебиетінің тарихынан ежелгі дәуір әдебиеті, осылай, өзінің лайықты тарихи орындарына ие болды.

3.3 Қазақ әдебиеті тарихының 10 томдығы

Қазақ әдебиетінің тарихы ежелгі дәуірден бастап, он том болып тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан тұтас бір жүйеге түсіріліп, жаңаша көзқараспен қайта жазылды.

Қазақтың халық ауыз әдебиеті, фольклордың тарихы тұңғыш рет жаңаша зерттеліп, тың ғылыми талдаулар мен жаңаша пайымдаулар арқылы “Қазақ әдебиетінің он томдық тарихының” бірінші томында ұлттық әдебиеттану ғылымының фольклорлық кезеңі қайта қаралып, зерттелген. «Қазақ фольклорының тарихы» атты алғашқы томның жалпы редакциясын басқарған және зерттеуге ғылыми жетекшілік жасаған ҚР ҰҒА –ның академигі Сейіт Қасқабасов. Осы күнге дейін тарихи тұрғыдан арнайы зерттелмеген фольклор, оның бірнеше ғасырларға созылған даму жолдары, яғни генезисі мен поэтикасы ұлттық сөз өнеріндегі көркемдік дәстүр мен жаңашылдық категориялары арқылы әрбір жанрдағы даму заңдылықтары, көркемдік сипаттары, жанрлық жаңарулары, түрлік жаңғыртулары, әдеби әдіс-тәсілдерінің түрленуі тұрғысынан теориялық талдаулар жасалып, бүгінгі өркендеген, көркемдік көкжиегі кемелденген әдебиеттің арғы тегі ретінде жазылған. »»Ежелгі және орта ғасырлардағы фольклордың көркем руханиятқа айналғаны және жаңа дәуірде фольклор жанрларының өзгеріп, соны формалардың пайда болғаны зерттелген. Соның нәтижесінде фольклордың көне түрлері

есте жоқ ескі заманда туып, алғашқы синкреттіліктен арылғаны,көп ғасырлар бойы дамудың арқасында қарапайымдылықтан көркемдікке жеткені, сөйтіп, қазіргі көп жанрлы, профессионалды әдебиетімізге, өнерімізге негіз болғаны дәлелденген», деп алғашқы томның авторлары өз істеріне анықтама береді.Бірнеше мыңжылдықты қамтитын қазақ әдебиеті тарихының бастау көздері кеңестік кезеңде үш түрлі бағытта зерттелгені, фольклор, авторлық ауыз әдебиеті және жазба әдебиет деп зерттелгенімен ол бір ғана сөз өнері өрісінде дамып, бүгінгі дәуірге жетуі - бұл еңбектің тұғырлық концепциясы болып табылады. Фольклордың мифтік, діни-нанымдық, ғұрыптық негізде пайда болып,олардың қандай жолдармен көркем фольклорға айналғаны біртұтас үдеріс ретінде жаңаша зерттелген.

«Бұрын жазылған «Қазақ әдебиетінің тарихында», басқа да еңбектерде «ауыз әдебиеті» деген ұғымға фольклорды да, ақын - жыраулардың шығармаларын да сыйғызып келдік. Екеуінің аражігі ашылмады. Соңғы жылдарда сөз өнерінің екі түрін бөліп, бірін «фольклор», екіншісін «авторлық ауыз әдебиеті» деп тану қажеттігі дәлелденіп жүр. .Еңбектің авторлық ұжымы екінші тұжырымды қисынды деп тауып, авторлық ауыз әдебиетін бөле-жармай, жалпы әдеби дамудың арасында қарастырды. Мұнда бір байқалған заңдылық - көшпелі- бақташылық салттағы мемлекеттерде міндетті түрде жыраулар институты болатындығы. Оны «көне Түркілер қағанаты

мен Алтын Орда, әсіресе, Қазақ хандығы тұсындағы әдебиеттен аңғаруға болады» - делінген Редакциялық бас алқада.

Бүкіл он томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» бірінші томы болғандықтан «Редакциялық бас алқадан» атты алғашқы мақалада алты томдық тарихтан 40 жылдан кейін жарияланып отырған қазақ әдебиетінің тарихына, яғни он томның жалпы мазмұнына, негізгі ғылыми жүйесіне шолу жасалады.

Ежелгі сақ, ғұн, үйсіндерден қалған әдеби жәдігерлер, түркілер қағанатының тасқа қашап жазған мәтіндері, сондай-ақ орта ғасырларда қолжазба қалпында сақталған шығармалар мен жаңа дәуірде баспадан шыққан туындылар жазба әдебиет үлгілері ретінде алғаш рет ғылыми негізделіп, нақты көркем мәтіндер арқылы анықталады. Тәуелсіздікке ие болған жылдардан бері ғымиланып келе жатқан «ежелгі әдебиет» фольклорда да осылай негізделіп, дәлденген.

«Кіріспеде» - «Қазақ фольклорының тарихы» деген ұғым мен зерттеу дәл өз мағынасында осы уақытқа дейін арнайы түрде күн мәселесіне қойылған емес. Оның бірнеше себебі болды. Біріншіден, ғылымда фольклорды жеке көркем жүйесі бар, көп өзіндік белгілерімен ерекшеленетін руханият деп түсінбей, оны көркем әдебиеттің бір саласы деп ұғыну орныққан еді. Соның салдарынан фольклор тарихы-әдебиет тарихы деп қарастырылып жүрді. Екіншіден, фольклортану

ғылымының өзі де көп уақыт бойы әдебиеттанудың ішінде жүрді және сол әдебиеттанудың теориялық, әдіснамалық амал-құралдарына сүйеніп, соларды пайдаланып келді. Әлбетте, одан ол үлкен зиян шеккен жоқ, бірақ фольклордың көптеген қасиетін толық тани алмады. Үшіншіден, әдебиет тарихы жүйелі түрде, кезең-кезеңге бөлініп зерттелді де, фольклор синхронды түрде, бізге жеткен қалпы бойынша сипатталып, оның тарихи даму жолдары, қандай дәуірлерді бастан кешкені ескерілмеді, жеке-жеке жанрлар ғана зерттеліп жүрді»- деген мәселені көтерген автор осылай бұл саланың зерттелу тарихына толық әрі нақты ғылыми теориялық түсінік береді.

Енді бірінші томның зерттелу құрылымына зер салсақ:

I. Бөлім. Ежелгі замандағы рухани мәдениет» деп аталады. Ол ірі үш тараудан тұрады.

I. тарау. Еңбек фольклоры. (Терімшілік пен аңшылық, мал шаруашылығы мен егіншілік жөніндегі фольклор).

II. Тарау. Ғұрыптық фольклор (маусымдық ғұрып фольклоры, наурыз мейрамы мен фольклоры, қымызмұрындық тойы мен өлеңдері, жарапазан, Отбасылық ғұрып фольклоры: үйлену ғұрып фольклоры, балалар фольклоры, жерлеу ғұрып фольклоры). Магиялық фольклор (арбау, жалбарыну, алғыс (бата), қарғыс, ант, бәдік, бақсы сарыны).

III. Тарау. Байырғы фольклор: (Миф, хикая, этиологиялық ертегі, қиял-ғажайып ертегі, көне эпос, жұмбақ).

II БӨЛІМ. Орта ғасырлардағы фольклор.

I-ТАРАУ. Түркі жазбаларындағы фольклор: (Түркі қағанаты кезіндегі фольклор, оғыз-қыпшақ дәуіріндегі фольклор, Алтын Орда тұсындағы фольклор).

II.-Тарау. Қазақ хандығы кезіндегі фольклор. (Хайуанаттар туралы ертегі, Батырлық ертегі, Батырлық жыр, Алпамыс батыр Қобыланды батыр, Едіге, Ғашықтық жыр:» Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры», Қыз Жібек» жыры. Аңыз, Әпсана, Хикаят, Шешендік сөз. Тарихи жыр. Мақал-мәтел, жаңылтпаш»).

III. БӨЛІМ. Жаңа дәуірдегі фольклор.

I. ТАРАУ. ХҮШ-ХІХ ғасырлардағы фольклор. (Новеллалық ертегі, Сатиралық ертегі, Аңыз, Тарихи аңыз, Күй аңызы, Тарихи жыр, Тарихи өлең, Дастан, Хикаялық дастан, Діни дастан, Ғашықтық (романдық) дастан, Әлеуметтік-сүйіспеншілік дастан, Лиро-эпикалық (балладалық) жыр, Айтыс, Лирикалық өлең, Қара өлең, Әңгіме).

II. ТАРАУ. XX ғасырдағы фольклор. (1916 жылғы көтеріліс туралы фольклор, Жұмысшылар фольклоры, Өлең, Жұмбақ, Мақал-мәтел, Әңгіме,).

Міне, осылай өз кезеңдерімен жанрлық даму сатыларымен сұрыпталған фольклорлық мұралардың бастау көздері мен көркемдік әлемі бүгінгі ғылыми

тұжырымдар мен көркемдік талап тұрғысынан талданып, жүйеленген. Бұл зерттеулер авторлары өз тақырыптары төңірегіндегі бүкіл теориялық ұғымдар мен тарихи деректерді молынан қамтып, көркем мәтіндерге сүйене отырып, нақты ғылыми жетістіктерге қол жеткізген деуге болады. Әсіресе «Қазақ фольклоры: статусы мен теориялық негіздері» деген тарауда қазақ фольклорының осы күнге дейінгі тарихи кезеңдері мен теориялық мәселелеріне жаңаша барлау жасалып, оның қазақ әдебиеті тарихындағы өзіндік орны мен статусына ғылыми сипаттама беріледі.

Мұнда бұрынғы кеңестік кезеңде «фольклор» терминімен тек халық әдебиетін, тек ауызша туып, ауызша орындалатын атау орнықса, басқа өркениетті елдерде «этнография» сөзі қатар қолданылады. Зерттеу авторы фольклордың негізгі функцияларын анықтай отырып, бүгіндері әрқилы сөз болып жүрген «фольклор» терминін қабылдап, орнықтыруды ұсынады. Ал, «халық әдебиетінің» «фольклор» ұғымын толық бере алмайтынын, оны тек синоним ретінде қолдануды қолдайды.

Фольклорды тек сөз өнері деген түсінікке зерттеуші былайша анықтама береді: «Өнер дегеніміз - өмірді, оқиғаны, құбылысты немесе сезімді көркем түрде бейнелеп, қайта жаңғырту. Олай болса, арбау, алғыс, қарғыс немесе әртүрлі ырымдар мен нанымдар болмысты, я болмаса сезімді көркем түрде бейнелеуді, жаңғыртуды мақсат тұтпайтындықтан сөз өнері бола алмайды. Бұған

қоса, өнер болу үшін шығарманың поэтикасы, композициясы, іс-әрекет атқаратын кейпкерлері, олардың қақтығысы, т.б қасиеті болуы керек. Осы тұрғыдан келгенде, ұлттық сөз өнерімізді үш түрге бөлуге болады: фольклор, ауыз әдебиеті (ақын, жыраулар поэзиясы) және жазба әдебиет. Бұлардың үшеуіне де ортақ белгілері болумен бірге әрқайсының өзіндік ерекшеліктері бар. Фольклордың үш сипаты бар: а) фольклор-ежелгі дүниетаным және көне мәдениет, әрі мұра; ә) фольклор-тұрмыстың бір бөлшегі; б) фольклор-сөз өнері».

Фольклордың көне дәуір адамдарының дүниетанымы екендігін автор «анимизм, тотемизм, магия, табу, шамандық, т.б сияқты фольклорда кездесетін ұғымдар мен түсініктерге анықтама бере отырып, бұл дүниетанымдардың қандай қызмет атқаратыны жан-жақты айтылады. Олардың о баста қандай ұғым-түсініктен туғандығын және олардың адам тіршілігінің өн бойында қолданылып, әр салада пайдаланылатын дүние екендігі, олардың утилитарлық қызметі эстетикалыққа ауысуы жөнінде сөз болады.

Автор “фольклордың сөз өнері ретіндегі қызметін – орындаушы мен тыңдаушы категорияларын анықтау арқылы айқындайды: ”Фольклор - әрі әдебиет, әрі театр рөлін атқарды, оның шығарушылары мен орындаушылары жыршы - ақындар болды, сондай-ақ тыңдаушылары мен көрермендері болды. Сондықтан фольклор өзіндік көркемдік әдіс, бейнелеу тәсілдер мен

көркемдеуіш құралдар жасап,орнықтырды.”-дейді. 24 б/.Фольклорды өнер етіп көрсететін басты белгілерге зерттеуші мыналарды жатқызады:”..романтикалық әдіспен типтендіру, тұтастану процесі, кейіпкерлерді суреттеу тәсілдері, жалпылық пен формулалықтың қатар жүруі, импровизацияның айрықша көрінуі, шығармалардың тұрақты композициясы мен өзіндік стилі, фольклорлық уақыт пен кеңістік,әлеуметтік утопия т.т. Бұлар фольклорды сөз өнері етіп әдебиетке жақындаса, енді бір ерекшеліктер бұл екеуін алшақтата түседі. Мәселен, фольклордың байырғы ұғымдармен, түсініктермен, әдеп-ғұрыппен байланысы, фольклорлық сана мен ойлау, индивидтік тілдің жоқтығы, даралық портреттің болмауы, іс-әрекеттің біржақты әрі дереу істелуі, кейіпкердің ғажайып туып-өсуі, оның ғаламат қасиеттерге ие болуы әдебиетке тән емес. Бірақ, бұл айтылғандар фольклордың өнер екендігін жоққа шығара алмайды”. /сонда/. Мұнда фольклордың әр кезде атқаратын әртүрлі қоғамдық-тұрмыстық, танымдық, тәрбиелік, эстетикалық міндеттерін теория тексеретінін және фольклорлық дәстүрдің әдебиеттегі дәстүрден ерекшелігін, яғни бұрынғы тәжірибені өзгертпей қабылдау және жалғастыру екендігін нақтылайды. Сондай-ақ , эпикалық стиль мен тұрақты формулалардың фольклорлық шығармаларға өзіндік баяндау тәсілін жүктейтінін ескерте келіп, сюжеттердің контаминациясы, жанрлардың синкреттілігі, фольклордағы импровизацияның рөлі мен орны, оның

шындыққа, тарихқа қатынасы, ұлттық ерекшеліктер мен типологиялық сюжеттер, фольклорлық сана мен орындаушының ара қатынасы т.б сияқты мәселелерді теориялық тұрғыдан талдаудың қажеттілігі айқындалады. Жалпы, бұл тарауда фольклордың теориясына қатысты ғылыми тұжырымдар жасалады.

“Ежелгі замандағы рухани мәдениет” деп аталатын І-ші бөлімдегі “Еңбек фольклоры” тарауында терімшілік пен аңшылыққа, мал шаруашылығына және егіншілік жөніндегі фольклор мәселелері арнайы зерттеледі. Бұрындары мұндай жеке-жеке тақырыпшаларға бөлініп зерттелмейтін фольклордың әр саласы егжей-тегжейлі ерекше ынтамен әңгімеленеді. “Ғұрыптық фольклорда” маусымдық ғұрып фольклоры, отбасылық ғұрып фольклоры-адамзаттың өмірге келгенінен бақилыққа дейінгі аралықта бастан өткеретін тұрмыстық салт-дәстүр жәйі сөз болса, магиялық фольклорда –арбау, жалбарыну, алғыс, бата, қарғыс, ант, бәдік, бақсы сарыны сынды жанрлық элементтердің адам өмірі мен санасына етер әсері туралы әңгіме қозғалады. Ал, “Байырғы фольклор” атты тарауда миф, хикая, этиологиялық ертегі, қиял-ғажайып ертегі, көне эпос, жұмбақ жанрларының көркемдік табиғаты жан-жақты ашылады.

“Орта ғасырлардағы фольклор” атты екінші бөлімде орта ғасыр аралығындағы мезгілде қалыптасып, дамыған барлық жанрлардың көркемдік-эстетикалық жүйесін орнықтырып, жаңа сападағы классикалық фольклор

түрінде дамығандығын нақты көркем мәтіндер арқылы талдап, таразылайды. Әсіресе, ұлттық әдебиеттану ғылымы үшін “Түркі жазбаларындағы фольклор” тарауы тың дүние десек болады. Осы кезге дейін тап осылай атау қойып арнайы зерттелмеген кезең енді ғылыми орнын алып, арнайы зерттеле бастады. Көне түркі әдеби ескерткіштері енді фольклорлық мұра ретінде ғылыми айналымға еніп, “біздің ежелгі мәдени мұраларымыздың тамыры қайда еді” деген даулы сауалдарға жауап іздей бастағаны танылады.

“Алтын Орда тұсындағы фольклор” деген тарауда осы кезеңде қолданылған фольклорлық мәтіндердің авторлық интерпретацияға түсетіні ерекше айтылып өтеді. Мұнда сол себепті де авторлар пайдаланған фольклорлық жанрлар мен сюжеттер, образдар зерттеу нысанына алынады. Айталық, Құранның он екінші сүресіне енген Жүсіп-Зылиқа, “Қорқыт ата кітабындағы” Бамсы, Насреддин Рабғузидің “Қисса-сұл-әнбиядағы” пайғамбарлар, “Қарлығаштың құйрығы неге айыр?” ертегісінің сюжеттерінің әр авторда әр түрлі интерпретацияға ұшырағанымен фольклорлық сюжеттің негізі сақталынатыны сөз болады.

“Екінші тарауды құрайтын “Қазақ хандығы кезіндегі фольклор” да бұрындары арнайы зерттеліп, айтылмаған аймақ екені айқын. “Хайуанттар туралы ертегі” деген аңшылық өмір кезеңімен байланысып, андар жайлы түрлі аңыздардың тууына себепкер болғаны,

олардың беттін келе типтік характерлік, образдық мазмұнға ие болуы (мысалы, түлкі-асқан айлакер, екі жүзді қу т.б), олардан мысал ертегі жанрының жандануы туралы көптеген ғылыми сараптамалар жасалған. Және олардың шығыс фольклорымен тығыз байланысы жөнінде де жаңа ойлар айтылған. "Батырлық ертегі" мен "Батырлық жыр" деген үлкен екі тарауда осы екі жанрлық түрлердің тамырластығы, туыстығы мен әрқайсының өзіне тән ерекшеліктері теориялық тұжырымдарға сүйене отырып, нақты мәтіндер арқылы айқындалған. Бұл тарауда "Батырлық жырға" жататын Алпамыс, Қобыланды, Едіге батыр жайлы толық мағлұматтар жиналып, жаңаша талданған. "Ғашықтық жырға" жататын классикалық үлгілері болып саналатын ЮНЕСКО тарапынан мерейлік тойлары аталып, әлемге әйгілі болған біздің әдеби інжу-маржандарымыз - "Қозы Көрпеш-Баян сұлу" мен "Қыз Жібек" жырлары да мұнда қазақ халқының жан-жүйесі, асыл сөзі ретінде қарастырылған.

Ежелгі әдеби мұраларды көп жинап, түркі әлеміне тән ескерткіштерді жақсы білетін маман Н.Г.Потаниннің "Батыстың орта ғасырлық эпосында Шығыстық сарын бар" деген сөзін ескерсек, әлемдегі әдеби мұралары бай және өте құнарлы ел, біз боламыз. Бірақ барды бағалай білеміз бе?.

Дүние жүзіндегі әдеби мұраға бай халықтың сөз өнерінің жанрлық түрлері де сан алуан. Қазақ хандығы кезінде өркендеп өскен, тілдік, көркемдік тұрғыдан

түрленіп, дамыған "Аңыз", "Әпсана", "Хикаят", "Шешендік сөз", "Тарихи жыр", "Мақал-мәтел, жаңылтпаш" туралы бұл тарауда көптеген жаңа әдеби мәтіндердің талданғанына куә боламыз.

Ал, "Жаңа дәуірдегі фольклор" деген үшінші тарауда ХҮШ-ХІХ ғасырдағы фольклор, оның "Новеллалық ертегі", "Сатиралық ертегі" және "Аңыздың, Тарихи, Күй аңыздары" деген түрлері арнайы зерттелген.

"Тарихи жыр" мен "Тарихи өлеңнің жанрлық ерекшеліктері айқындалып, олардың ортақ байланысы да әңгімеленеді. "Дастанның" "Хикаялық, Діни, Ғашықтық (романдық), әлеуметтік-сүйіспеншілік дастандары" әр тарауға бөлініп, олардың жанрлық ара-жігі айқындалып, олардың зерттелу тарихына, әдеби мәтіндердегі ерекшеліктерге мән берілген. "Лиро-эпикалық (балладалық) жыр", "Айтыс", "Лирикалық өлең", "Қара өлең", "Әңгіме" сынды жекелеген жанрлық түрлердің жазба әдебиетіндегі түрлерінен нендей айырмашылықтар бар, оларды фольклорлық жанрлар деп атаудың себептері неде деген сауалдарға тарау авторлары ғылыми-теориялық тұрғыдан талдау жасай отырып, өздерінің негізгі принципті ұстанымдарын ұсынады.

"ХХ ғасырдағы фольклор" атты екінші тарауындағы тақырып атаулары "Жұмысшылар фольклоры", "Өлең", "Жұмбақ", "Мақал-мәтел", "Әңгіме" да оқырман үшін тың дүниелер. Өйткені, жазба әдебиеттің дамыған кезінде қандай фольклордың болуы мүмкін деген сауалдарға бұл

тарауда талданған, нақты фольклорлық жанрға тән талап пен көркемдік шарт тұрғысынан зерттеу объектісіне түскен мәтіндер жауап береді. “Шындық деректер мен тарихи адамдарды бейнелеуде әңгімелеушілер кейде дәстүрлі хикаяның көркем тәсілдерін, фольклордағы хикаялық кейіпкерлерге тән ерекшеліктерді қолданғандықтан да оларда фольклордық басым келетіні белгілі.

Қалай дегенмен де “Қазақ әдебиеті тарихының” алғашқы томын құрайтын “Қазақ фольклорының тарихы” өзінің ғылыми мақсатына жеткен осы сала бойынша тың ойлар айтқан, бүкіл бір ұлттың ежелгі сөз өнерінің, фольклорлық мұраларының тарихына, теориясына, жанрлық түрлеріне, олардың мазмұндық, көркемдік ерекшеліктеріне жаңаша көзқараспен қарап, мол тарихи мағлұмат берген, бұрындары ғылыми, әдеби айналымға еңбеген көптеген фольклорлық мәтіндердің ғылыми жүйесін жасап, бір ізге түсіргені анық.

“Қазақ әдебиеті тарихының ” “Ежелгі дәуір және орта ғасыр әдебиеті” (Жалпы редакциясын басқарған ф.ғ.д., профессор Немат Келімбетов. А.2006-448бет) атты екінші томында ежелгі дәуір әдебиеті мен орта ғасырдағы көне түркі жазба ескерткіштері, Қарахандықтар тұсындағы және Алтын Орда заманындағы әдебиет тұтастай қамтылып, жан-жақты зерттеледі. Мұнда көптеген көне әдеби мұралар бірінші рет зерттеліп, ғылыми айналымға еніп отыр. Зерттеу барысында тек

қазақ тіліндегі ғана емес, түркі халықтары тілдеріндегі, араб, парсы, орыс, Батыс Еуропа тілдеріндегі ежелгі қазақ әдебиетіне қатысты дерек көздері пайдаланылған.

Кітапта ежелгі әдебиет тарихының хронологиялық шегі анықталып, негізгі даму кезеңдері айқындалған. Соның нәтижесінде әдебиетіміздің тарихи дәуірдегі әдебиетке қатысты жәдігерлер, көне түркі әдебиеті, Қарахандықтар тұсындағы әдебиет және Алтын Орда әдебиеті деп төрт кезеңге бөлініп қарастырылып, әр бөлімнің алдында кезең әдебиеті туралы кіріспе мақалалар берілген. Монографиялық тарауларда көне түркі жазба ескерткіштері — «Күлтегін», «Тоныкөк» жырлары, «Қорқыт ата кітабы», М. Қашқари, Ж. Баласағұн, А. Иасауи, А. Иүгнеки, С. Бақырғани, Хорезми, Рабғузи, С.Сараидың шығармашылықтары жан-жақты зерттелген. «Кодекс куманикус» атты қыпшақ тіліндегі сөздік әдеби ескерткіш тұрғысынан қарастырылған. Әлидің «Нахджул–Фарадис» атты шығармасы алғаш рет ғылым нысанына алынып отыр. Жалпы, көп ғасырлы көркем даму үрдісі сақ–ғұн дәуіріндегі әдебиет, Түркі–Қытай арасындағы мәдени мұралар, Иран мен Тұран әлеміне ортақ рухани мұралар, Түркі–Монғол бірлігі заманындағы мәдениет аясында қарастырылып, орта ғасырдағы қазақ даласында ислами әдебиетін қалыптасуына алып келгені туралы тұңғыш рет арнайы түрде зерттелді.

Томда ежелгі қазақ әдебиетінің маңызды кезеңдері тарихи жүйелілікпен алғаш рет кең көлемде және кешенді түрде қамтылған.

Атап айтсақ, кітаптың құрылымы мынадай: «Кіріспе», «Түркі дәуіріне дейінгі рухани мәдениет» атты үлкен тараудың ішінде: «Сақ–ғұн заманынан жеткен әдеби сарындар», «Сақтардың қаһармандық дастандары», «Көне Қытай деректеріндегі түркілік әдебиеттің белгілері», «Тұран жеріндегі рухани жәдігерлер», «Түркі–монғол бірлігі тұсындағы әдебиет іздері», «Хуастуанифтің әдеби жәдігері» деген шағын тараушалардан тұрады. Аталған тараушалардағы қарастырылып отырған әдеби мұралардың көбі біз үшін тың. Сондықтан да мұндағы әрбір ғылыми ақпарат оқырманға ой салары, тәуелсіз әдебиетіміздің ұлттық құндылықтарының тарихы тереңде екендіктерін, олардың мазмұны бай, көркемдігі жоғары екендігін де еске салады.

«Түркі дәуіріндегі әдебиет» атты екінші тарауда да біздің көне түркі әдебиетінің өкілдерінің өмір деректері мен шығармалары, олардың зерттеушілерінің еңбектері жан-жақты зерттелген. Еңбек барысында қарастырылған мәселелер тараушалардың тақырыптарынан айқын байқалып отырады. Мәселен, «Түркі қағанаты тұсындағы әдебиет» атты тараушада «Оғыз–қыпшақ заманындағы әдебиет», «Оғыз–наме», «Әл–Фараби», «Кодекс куманикус», «Қорқыт ата кітабы» туралы арнайы жазылған зерттеулер орын алса, «Қарахандықтар

тұсындағы әдебиет» деген тараушада осы кезеңнің сөз өнерінің иелері – «Жүсіп Баласағұн», «Махмұт Қашқари», «Ахмет Иасауи», «Сүлеймен Бақырғани», «Ахмет Игүнеки» өмірлері мен шығармалары» туралы сөз қозғалады. Ал, «Алтын Орда кезіндегі әдебиет» деген тараушада «Хусам Катиб», «Құл Ғали», «Рабғұзи», «Құтб», «Хорезми», «Сейф Сараи», «Дүрбек», «Әли» сынды ежелгі әдебиет өкілдерінің шығармашылықтары қарастырылады. «Мысырдағы қыпшақ әдебиеті» деген кезең де осы зерттеу барысында айқындалып, қазақ әдебиеті тарихынан өзіндік орнын алып отыр.

Соңғы жылдары дін, имани тәрбие туралы барлық баспасөз беттерінде жиі–жиі ғылыми–танымдық мақалалар мен жеке жинақтар, іргелі зерттеулер, монографиялар жарық көргенімен олар жүйеленіп, әдебиеттің тарихына ене қойған жоқ еді. Бұл мәселе де екінші томда арнайы зерттеліп, «Орта ғасырдағы түркі әдебиетіне ислам дінінің тигізген әсері» деген тақырыппен енгізілген.

«Көне түркі және орта ғасырлар әдебиеті» бүкіл түркі тілдес халықтардың ортақ әдебиеті қызметін атқарды. Қарахандықтар тұсындағы әдебиеттен бастап, түркі нәсілді халықтар түркі поэзиясының ежелден қалыптасқан өлең үлгілерін, жыр нұсқаларын ортақ пайдаланды. XII ғасырдағы сопылық поэзияның негізін салған Қожа Ахмет Йасауидің «Диуани хикметтегі» ақындық дәстүр өрнектері одан кейінгі Қазақ хандығы

тұсындағы әдебиетте жалғасын тауып, ХҮІ ғасырдағы Бабыр жырларымен сабақтасты. Сол сияқты ХІ ғасырда өмір сүрген көрнекті түркі ақыны, ойшылы Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі» жыр өлшемі Ахмет Йүгінекидің «Ақиқат сыйы» жинағындағы бәйіттерге түр жағынан ғана емес, мазмұн мен идея жағынан да үндесіп, жалғасып жатты. Орта ғасырлардағы әдебиет туындыларынан түркі поэзиясының ортақ дәстүр бойынша дамып, өркендегені айқын байқалады», – дейді «Кіріспе» авторы филология ғылымдарының кандидаты, доцент С.Қорабай.

Он томдықтың үшінші кітабы – «Алтын орда дәуірі мен қазақ хандығы тұсындағы әдебиет». (Жалпы редакциясын басқарған академик С.Қасқабасов, ф.ғ.д., проф. Н.Келімбетов. А.2008-530 бет) деген тақырыппен берілген. Кітаптағы ең көлемді тарау – «Жыраулық және ақындық поэзияның даму ерекшеліктері» деп аталады. Бұл еңбектің авторы ф.ғ.д., М. Жармұхамедұлы. Осы дәуірдің өкілдері жайында жазылған жекелеген монографиялық еңбектер тарихи тұлғалардың өмірбаяндары мен шығармаларына шолу жасап, олардың әдебиеттегі орындарына орынды бағасын береді. Айталық, «Сыпыра жырау», «Асан қайғы», «Шәлгез жырау», «Доспамбет», «Қазтуған», «Марқасқа», «Жиёмбет», «Бұқар жырау», «Үмбетей» деген тараушаларда аталған ақын – жыраулардың шығармашылығы жан – жақты қарастырылған. Олар бұрындары

бұрмаланып келген тарихи шындықтар мен туындылардағы көркемдік тұтастықты аша білген.

«Би-шешендер шығармашылығы» деген тақырыппен берілген шолу мақалада әдебиет тарихындағы өзіндік орны бар би–шешендер шығармаларына жалпылама шолу жасалып, сол кезеңдегі «әдеби үрдістерге, қоғамдық-саяси, әлеуметтік мәселелерге сипаттама беріледі. Ал, «Төле би», «Қазыбек би», «Әйтеке би», «Ақтайлақ биге» арналған арнаулы тараушаларда олардың шығармашылықтары кеңінен әңгіме болады.

Ендігі бір үлкен бір тарау – «Жазба әдебиет нұсқалары» деп аталады. Оның авторы – Б.Қапасова.

«Захир ад–дин Мұхамед Бабыр», «Мұхамед Хайдар Дулати», «Жалаири. Жамиат–тауарих», «Әбілғазы.Түрік шежіресі», «Кауам ад–Дин әл–Итқани әл–Фараби» – тараушалары аталған тарихи тұлғалардың өмір деректері мен туындыларындағы ең маңызды әдеби мәліметтерге құрылған.

Қазақ тарихында ерекше орын алған Алтын орда заманында, яғни ХҮ–ші ғасырдың ортасында пайда болған. Қазақ хандығы ұлттық мәдениет пен әдебиеттің өсіп–өркендеуіне кең өріс ашып, жағдай жасады. Өз алдына жеке ұлт болып қалыптасқан қазақ халқы өз мәдениетін, әдебиетін, оның ұлттық сипатын дамытуға зор ықпал жасады.

«Мұнда ежелгі мифологиялық аңыздар мен кейінгі фольклорлық шығармалар, орта ғасырларда күллі

Шығыста дәстүрге айналған қолжазба кітаптар мен тарихи–шежірелік туындылар, халықтық музыка мен ойындар, сондай-ақ ұлттық қазақ әдебиеті мен шешендік өнер – бәрі қатар, араласа, сабақтаса ғұмыр кешіп жатты. Әсіресе, ауыз әдебиеті айырықша дамыды. Оның басты себебі – Қазақ хандығындағы болмыстың өзі мен мемлекеттік құрылымның өзгелігі еді, яғни көшпелі өмір мен отырықшы тұрмыстың, бақташылық пен диқаншылықтың қатар болып, жарасымды дамуы сол тұстағы рухани өмірдің алдыңғы сапына өзіндік сипаты мол ауыз әдебиетін, дәлірек айтқанда, жыраулар поэзиясын және шешендік өнерді шығарды», – дейді «Кіріспе» авторы академик С.Қасқабасов.

Мұнда автор жырау деген әдеби ұғымға анықтама береді: «Жыраулар – мемлекеттегі, әсіресе хан сарайындағы көреген саясаткер, ханның ақылгөйі, мемлекеттің бас идеологі, елдің ақылшысы, қолбасы әрі дауылпаз ақын бола білді».

«Жалпы, қазақ жыраулары тарихи, қоғамдық және рухани тұрғыдан алғанда сонау Түркі қағанаты заманына меңзейді. Әйгілі Йоллығ - тегіннің жазбалары оның Күлтегін, Білге қаған мен Тоныкөк уақытында елдің бірлігін, бек пен қағанның атақ-абыройын ардақтаған жырау екенін дәлелдейді. Сол сияқты оғыздар дәуіріндегі Қорқыт ата, одан бертінгі Шыңғыс хан тұсындағы Кетбұға (Ұлық жыршы), Алтын Орда кезіндегі Сыпыра, бұлардың бәрі ХҮ-ХҮІ ғасырларда тарихи аренаға

шыққан қазақ жырауларының арғы түп-тамыры, бастауы еді. Қазақ жыраулары ежелгі ұстаздарының дәстүрін толық сақтап, дамыта әрі өз дәуірлерінің талап-талғамына, болмысына сәйкес өз заманындағы сөз өнерін тақырып пен мазмұн, идея мен түр жағынан байыта түсті».

«Жыраулар поэзиясы үш түрде жасалған: толғау, арнау, мадақтау. Алайда, ең жиі қолданылғаны – толғау. Толғау – алуан түрлі тақырыптағы, философиялық ойға, дидактика мен моральға, т.б. мәселелерге арналған лирикалық шығарма. Оның өлеңдік кестесі, ұйқасы, шумағы әрқашан біркелкі болып келмейді. Сондықтан онда тұрақты буын мен бунақ, үйреншікті тирада мен ұйқас сирек кездеседі де, көп ретте ырғақ басты роль атқарады».

Заман талабына сай қалыптасып, дамыған жыраулық өнердің жанрлық және түрлік ерекшелігін де автор айрықша атап көрсетеді: «Айтылу ситуациясы мен тақырыбына байланысты шумақ бірде көлемді, бірде шағын, ұйқасы кейде шұбыртпалы, кейде аралас, көп жағдайда анафора түрінде, буын саны да біресе 7-8, біресе 11, енді бірде 15, тіпті одан да көп болуы, сондай-ақ ассонанс пен аллитерацияның жиі қолданылуы - толғау үшін табиғи және бұл жағдай оны өлең – (қара өлең) мен жыр түрлерінен оқшауландырып тұрады.

Эмоциялық - экспрессивтілік мақсатты тұтынғандықтан толғауда психологиялық параллелизм, қайталау, кей уақытта дыбыс қуалаушылық та кең пайдаланылады.

Жалпы, поэзияға тән теңеу, шендестіру, әсірелеу, контраст тәрізді көркемдік әдіс-тәсілдер де толғауға жат емес».

Одан әрі автор осы жыраулық дәстүрді қазақ әдебиеті тарихында қалыптастырып, дамытқан тарихи тұлғалардың ел өміріндегі қызметін шығармаларындағы «мен» ұғымымен байланыстырып, қарастырады. Және ол Асан Сәбитұлы, Қазтуған Сүйінішұлы, Шалкиіз Тіленшіұлы, Айдамет Доспамбет, Жиёмбет Бортағашұлы, Ақтамдерді Сарыұлы, Тәтіқара, Үмбетей Тілеуұлы, т.б туындыларындағы көтерілген келелі мәселелер төңірегінде ой қозғайды.

«Қазақ әдебиеті тарихының» 4-5 ші және 6 - шы кітаптары тұтас бір дәуірдегі әдеби процестің ішкі-сыртқы заңдылықтарын ескере отырып, социалистік реализм әдебиеті алдындағы сөз өнерінің көркем шежіресін қарастырады. Бұл кезеңдер әдебиеті осы күнге дейін де ғалымдар назарынан тыс қалған жоқ. 1961 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» үш томдығының тұтас бір кітабы да осы кезең тарихына арналған еді. Әрине, осы кезеңнің әдеби өкілдерінің шығармашылықтарына байланысты жеке зерттеулер мен тұтас тарихты қамтитын монографиялар мен ғылыми дәреже алу үшін жазылған диссертацияларда, ұжымдық еңбектерде сол кезеңнің көзқарастары түрлі деңгейде көрініс тауып отырғаны табиғи заңдылық. Кеңестік идеологияның салдарынан қазақ әдебиетіндегі идеялық және көркемдік ерекшеліктер

тиісті дәрежеде бағаланбай қалғаны белгілі. Көптеген әдеби мұраларымыз бен ғасыр басындағы жаңа әдебиетті қалыптастырған Алаш зиялыларының еңбектері жетпіс жыл бойы қапаста қалып, тарихтан аластатылғаны да шындық. Міне , осылардың бәрі XX ғасыр басындағы әдебиет тынысын зерделеуге арналған бесінші томда қайта қарастырылып, жаңаша көзқарас тұрғысынан қайта оралған мол әдеби мұралаларымыз бен әдебиетіміздің ірі қайраткерлері Алаш әдебиетімен толықтырылып, әдебиет тарихы тарихи шындыққа жақындатылып, біртұтас үрдіс барысында зерттелді.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдеби үрдістерді талдауға арналған «Қазақ әдебиеті тарихының» 4-томы (жалпы редакциясын басқарған ф.ғ.докторы, профессор Асқар Құрмашұлы Егеубаев) сол кезеңдегі әдебиеттің даму жолдары мен бағыттар ерекшеліктеріне, ондағы әр алуан көркемдік бағыттары, белгілі сөз зергерлерінің әдеби мұралары сарапталған. Көркем әдебиет пен қоғамдық-әлеуметтік құбылыстардың сабақтастығы тұңғыш рет ғылыми деректермен негізделіп, тарихи шындық тұрғысынан сараланды. Шал Құлекеұлы, Махамбет Өтемісұлынан бастап, бірқатар көрнекті тұлғалардың туындылары арнайы талданды. Және тәуелсіз алып, еркіндікке ие болғанға дейін әдебиет тарихындағы орны жете сараланбай, шығармалары көркемдік тұрғыдан емес таптық-идеология тарапынан талданып келген К. Райымбекұлы, Д. Бабатайұлы, Ш.

Қанайұлы т.б сынды бірнеше ірі ақындардың шығармашылығына жаңаша көзқарас бойынша байыптама жасалды. Бұл томда «XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті» деген үлкен тарауда сол кезеңдегі әдеби үрдіс пен оның ірі өкілдерінің шығармаларына тәуелсіздік жағдайындағы ұлттық құндылықтар ретінде көз жіберіліп, олардың көркемдік және тарихи бағалары берілді. Сондай-ақ, бұл еңбекте 16 ақынның өмірі мен шығармашылықтарына арнайы бөлім беріліп, жеке-жеке талданды. Атап айтсақ, «Көтеш Райымбекұлы», «Шал ақын Құлекеұлы», «Қобылан Бөрібайұлы», «Жанақ Сағындықұлы», «Абыл Тілеуұлы», «Түбек Байқошқарұлы», «Сабырбай Ақтайлақұлы», «Дулат Бабатайұлы», «Махамбет Өтемісұлы», «Шернияз Жарылғасұлы», «Шөже Қаржаубайұлы», «Орынбай Бертағұлұлы», «Шортанбай Қанайұлы», «Сүйінбай Аронұлы», «Ұлбике Жанкелдіқызы», «Нұрым Шыршығұлұлы» т.б туындылары жан-жақты зерттелді. XIX ғасырдың I-ші жартысындағы қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіштері де берілген.

«Қазақ әдебиеті тарихының» төртінші томында халық әдебиеті мен жыраулар поэзиясының сол кезеңдегі хал-ахуалы мен жаңа әдебиеттің өркендеу жолына ұласу заңдылықтары қарастырылады.

Бұрындары социалистік реализм талабына сәйкес бұрмаланып бағаланып келген сол кезеңнің ірі өкілдерінің шығармашылықтары XIX ғасырдағы ішкі жаңғыру

заңдылықтарына орай ұлттық әдебиеттің тегеурінді, рухы асқақ, идеялық-көркемдік шарықтау дәуірі бола тұра тарихтан өзіне лайықты орнын таба алмай келгені шындық. Бұл кітаптың міндеті, міне, осы олқылықтың орнын толтырып, сөз өнерінің туындыларын әдебиеттің өз шарттары мен көркемдік талаптарына сәйкес талдауды мақсат тұтыпты. «Кіріспе» авторы осы орайда былай дейді: «Көркем әдебиет пен қоғамдық-әлеуметтік құбылыстардың сабақтастығы, сонымен қатар ұлттық әдебиеттің халықтық қасиеті тұңғыш рет ғылыми түрде негізделіп, басты сипаттары мен заңдылықтары дәйектелді. Көптеген ақындардың мұралары қайта қаралды, мұрағаттарда тұмшаланып жатқан деректер назарға алынды, жаңа көзқарастар тұрғысынан бағаланды». /3/

XIX ғасырда қазақ халқының жаңа әдебиеті қалыптаса бастады, әдебиет жанрлық, көркемдік шеберлік тұрғыдан іштей түлеп, тақырып аясын барынша кеңейтті. «Ұлттық сананың ояну» дәуірі ретінде танылған XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің мұралары да қазақтың тәуелсіздігі жолында жалындап өмірін өткізген, өнерін төккен халық ақындары мен сөз өнерінің өкілдері сол кезеңдегі саяси, әлеуметтік, экономикалық өзгерістерді өлеңдеріне қосты. Қоғамнан тыс әдебиет, адам болмайтынын ескерсек, тарихи шындықтарды жүректерінен өткізіп, көркемдік шындыққа ұластыру әрбір елдің ұлтжанды ұлдары мен өмірдегі әрбір өзгерісті

елден бұрын сезіп, жұрт байқамайтынды байқап, көрмейтінді көріп отыратын нәзік жүректі, терең таным мен биік парасатқа ие ақындардың алладан тілеп алған аманаттарындай екендігі де ақиқат. Осы кезеңді шебер бейнелеген жыраулық әдебиеттің мектептері, әдеби дәстүр уақыт талаптарына сәйкес соны көркемдік соқпақтарға ойысты. Қоғамдық-әлеуметтік мәселелер, ел қорғау, ел бостандығы, ер тәуелсіздігі сол кезеңнің өзекті тақырыбы болды. XIX ғасырдағы Еуразия кеңістігіндегі тарихи реформалар қазақ әдебиетінің де табиғатына өзгерістер енгізіп, тақырыптарына тың леп қосты. Ұлттың қамын, елдің келешегін ойлайтын қоғам мен қалам қайраткерлері деңгейіне көтерілген ақын-жыраулар мен би-шешендер хандық басқару жүйесінен арылып, алмағайып күй кешкен халықтың мұң-мүддесін, күңіреністі көңіл-күйін жырлады. Осы орайда кітапта: «Бұрқ етіп басталып, езіп-жаншылып, қайта бас көтеріп өршіп отырған ұлт-азаттық қозғалыс тарихының ұзақ мерзімді кезеңдерінде ақындардың сөзі, ұлттық әдебиет мұраты ғана өз жолынан да, жүрісінен де жаңылған жоқ».

/9 б/

Сондықтан да болар, XIX ғасырдың бас жағындағы әдебиетте (1800–1850) ұлттық әдебиеттің жаңа дәуірінің қалыптасуы мен даму заңдылықтары үзілмей, керісінше азаттық аңсаған елдің айбынды даусы ретінде ашық және жарқын танылды. Ол өзіне дейінгі ұлттық сөз өнерінде қалыптасқан әдеби үрдісті одан әрі дамытып, тың

тақырыптармен толықтырды, жаңа көркемдік-бейнелегіштік құралдармен байытты. Әдебиетімізде өзі ақын, өзі батыр, өзі ұлтжанды кейіпкерлер пайда болды. Және бұрындары ескі көзқарастағы ақындар деп ғылыми айналымнан шығып қалған ақындар Дулат, Шортанбай, Байтоқ, Жанұзақ, Нысанбай, Досқожа т.б сияқты сөз зергерлерінің әдеби мұралары жаңаша сипатта қарастырылып, тәуелсіз елдің әдебиет тарихындағы өзіндік орны бар тұлғалар ретінде танылып, соны сараптамалар жасалды. Бұрындары аса мән берілмей, шығармалары талдаудан тыс қалған көптеген ақын-жыраулардың да шығармалары арнайы зерттеліп, жаңа қырынан танылды.

«Демек, XIX ғасырды еңсеріп XX ғасырдың советтік дәуіріне аяқ басқан алғашқы ширегін қамтитын ұлттық әдебиеттің жаңа дәуір әдебиеті шартты түрде үш кезеңге сұрыпталып қарастырылмақшы. Бірінші кезең – XIX ғасырдың бірінші жартысындағы әдебиет, екінші кезең – XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет те, үшінші кезеңі XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі әдебиет деп желіленді. Ұлттық әдебиеттің бұл үш белесі, негізінен, қазақ ақын-жырауларының, зиялы қауым өкілдерінің елдік құрылымды, мемлекеттік тәуелсіздікті, елдік әдебиетті көкsep, сол жолда жанын салып ізденіп жұмыс істеген, ашық саяси күреске бел шешіп кірген тұсы. Бір ғасыр бойы жүрген ұлт-азаттық күресі мен ұлттық азаттық аңсары XX ғасыр басындағы Алаш

қайраткерлерінің қозғалысына барып ұласты. Қазақ әдебиеті мен тарихында мұндай азаматтық-саяси бағыты айқын тегеурінді дәуір болған емес. Алашорда қайраткерлерінің саяси күресі есіл кетіп, қазақ елінің кейінгі тағдыры советтік заманға жалғасқандығы мәлім» /10 б/.

Бұл еңбекте, ең бастысы, ХҮІІІ ғасырдың соңында дүниеге келіп, шығармашылық ізденістері ХІХ ғасырда көрінген ақын-жыраулар мен ХІХ ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүріп, әдеби шығармалар жазған тарихи тұлғалардың өмір жолы мен әдеби қызметі зерттелді. Яғни, отыздан астам ақын-жыраулар шығармашылықтары ғылыми айналымға енді.

Әйтседе, кейбір ақын - жыраулардың өмір деректері мен шығармашылықтары бұрындары мән беріліп, арнайы қарастырылмағандықтан анықталмай қалған жайлары бар. Ел ішінде олар туралы деректер болғанымен қағазға түспеген, ғылыми айналымға енбеген. Сондықтан олардың көбінің өмір деректері қайта қарастырылып, шығармаларын жүйелеп, түгендей мәселелері де қолға алынды. Оған тәуелсіздік алып, еліміз егемендікке ие болған жылдардан бері олардың есімдері жер-жерде аталып, «ел іші-өнер кеніші» дегендей әр ауыл өздерінің мақтаныш тұтар тұлғаларын таныту мақсатында атап өту, тойлар өткізу, ескерткіштер ашу, мұражайлар салу т.б сияқты көптеген игі істер атқаруда. Солардың нәтижесінде еліміздегі осы күнге дейін белгісіз болып

келген қаншама батырларымыздың, ақын-жырауларымыздың, өзге өнер иелерінің есімдері аталып, ұлттық құндылықтарымыздың қатарын көбейтуде. Кейінгі жылдары қаржының тапшылығы салдарынан бұрындары игі дәстүрге айналған ел-елге, жер-жерге барып халық арасындағы әдеби мұраларды жинау, сол жергілікті жерлердегі өнер иелерінің шығармашылықтарын арнайы ғылыми мамандандырылған экспедициялар шығару арқылы жинау, оларды сапасына қарай талдап, жүйелеп, жариялау мәселелері мүлде тоқтап қалу салдарынан әлі де болса көптеген құнды деректеріміз зерттелмей жатыр десек артық айтқандық емес.

Кіріспе авторы «Міне, осындай себептермен, жеткілікті зерттеліп, белгілі бір ғылыми тұжырым түйіп үлгермегендіктен ақын-жыраулардың енді бір қатарының шығармаларын академиялық зерттеу кітабына қосудың реті келмеді», – дейді. /11 б/ Дегенмен, әдебиеттің халықпен бірге мәңгі өмір сүретінін, ол үзілмейтін үрдіс екендігін ескерсек, ол олқылықтардың орны келешекте кезең-кезеңімен атқарылатын игілікті істермен жалғасын табары сөзсіз.

«ХІХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдебиеті» деген сол кезеңнің әдеби тарихы мен үрдісіне кеңінен шолу жасаған үлкен тарау өз ішінен бірнеше тарауға бөлінген. Мәселен, оларды атап көрсетер болсақ, «Жаңа дәуірдегі әдебиет», «Жаңа әдебиеттің тарихи-әлеуметтік алғышарттары», «ХІХ ғасырдың алғашқы

жартысындағы қазақ әдебиетінің негізгі сипаттары, басты сарындары», «Әдеби шығармалардың жанрлық-көркемдік сипаттары», «Әдебиет және қазақ қауымының әлеуметтік тұрмыс-тіршілігі», «Заман және ақын-жыраулар, ел мен жер тағдыры және ұлттық әдебиет, жаңа дәуірдегі әдеби дәстүрдің жаңғыруы», «Жаңа дәуір әдебиетінің көрнекті таланттары, әдебиеттегі саяси ағым белгілері», «Ірі жанрлардың ішкі түрленуі», «Жер мен жыр, ұлттық саяси лирика, Дулат Бабатайұлы, Махамбет Өтемісұлы», «Ұлттық саяси лирика» т.б.

Міне, бұл тараушалардың көтеріп отырған мәселелері қомақты әрі маңызды.

«Қазақ әдебиетінің тарихы. 5-том. XIX ғасырдың екінші жартысы (1850–1900)» – атты еңбектің жалпы редакциясын басқарған филология ғылымдарының докторы, профессор Асқар Егеубаев. Аталған том – «Кіріспе», «XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті», «Абай Құнанбаев», «Шоқан Уәлиханов», «Ыбырай Алтынсарин», «Ақмолла Мұхамедиярұлы», «Мұрат Мөңкеұлы», «Базар Оңдасұлы Өтемісов», «Ақан Қорамсаұлы», «Шәңгерей Бөкеев», «Мұсабек Байзақұлы», «Ақтан Керейұлы», «Біржан Қожағұлұлы», «Шәді Жәңгірұлы», «Майлықожа Сұлтанқожаұлы», «Әріп Тәңіргенұлы», «Нұржан Наушабайұлы», «Әсет Найманбаев» атты тараушалары және «XIX ғасырдың II-ші жартысындағы қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіштерінен» тұрады.

Он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихының» алдыңғы 4-ші томы мен оған жалғас жазылған 5-ші томы негізінен тұтас бір ғасырдың әдебиет тарихын қамтиды. Осыған дейінгі өз дәрежесінде дамып келген дәстүрлі әдебиет пен жаңа әдебиеттің арасындағы өзара үндестік пен көркемдік-эстетикалық бағыттарының ара жігі ескеріліп, арнайы қарастырылады.

«XIX ғасырдың екінші жартысында дүниеге келіп, ұлттық әдебиетті әлемдік мәдени процесс биігіне көтерген Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев тұлғалары мен олардың әдебиеттегі мәртебелі реформаторлық қызметіне арнайы тоқталып өту қажеттілігі бүгінгі таңда аса айқын көрінді», – дейді автор. /8 б/.

Ал, осы бесінші томның «Шоқан Уәлиханов» атты монографиялық тарауын жазған Зәки Ахметов: «Қазақтың рухани мәдениетін, тарихын, поэзиясын терең танып-білген Шоқан өз елінің тағдырын, өткені мен келешегінің зәру проблемаларын әлемдік өркениеттің, дүниежүзілік шығыстану ғылымының жетістіктері тұрғысынан қарап, талдап баяндады» деп баға береді /243 б/.

Қазақ тарихында ғылымның әр тарабын ұштастыра, қатарластыра дамытқан тұңғыш әмбебап ғалымның тек әдебиетке қатысты құнды ой-пікірлерін Зәки Ахметов үш тармақ тұрғысынан қарастырады: «Бірінші–тікелей әдебиет мәселесіне арналған еңбектері («Қазақтың халық

поэзиясының түрлері туралы» деген зерттеуі және өлең жырларды өзі жинап, бастырған мәтіндері).

Екінші – түгелдей не жартылай халықтың аңыз–әңгімелеріне, өлең–жырларына, басқа әдебиет нұсқаларына негізделіп жазылған, бірақ осы үлгілерді тарих, этнография тұрғысынан қарап тексеретін еңбектері («Орта жүз қазақтарының аңыз-ертегілері», «ХҮШ ғасырдағы батырлар жайлы тарихи аңыздар», «Шаман дінінің қазақ арасындағы қалдықтары» т.б.).

Үшінші – әдебиет туралы әр жерінде бөлек тоқталып, бірақ өте құнды пікірлер айтқан еңбектері («Қазақтың шежіресі», «Жоңғария очерктері», «Сібір қарамағындағы қазақтардың сот реформасы туралы жазба», «Қырғыздар туралы жазбалар» т.б.) /247 б/.

Шоқанның әдебиетке қатысты еңбектерін осылай жүйелеп алған зерттеуші олардағы әрбір құнды ой, ғылыми пікірлерге, оларда қолданылған көркемдік компоненттерге берілген теориялық тұжырымдарға тиянақты талдау жасайды.

Әсіресе, «Тарихи жағынан алғанда қазақ халқының поэзиялық рухы тамаша:

1) неге десеңіз, ескі замандағы батырлар жорығын баяндаған поэзия бізге төл қалпында жетіп отыр.

2) Әр уақытта жасаған әртүрлі ақындар бұл жырларға үлесін қосып тұтасқанда қымбат қазына тастап кеткен» деген Шоқанның пікірін зерттеуші өте жоғары бағалайды. Ежелден сөз өнерін қасиет тұтқан қазақтың

төл әдебиеті туындыларының әлі талай ғасырлар бойы ұрпақтар санасына ұлттық рух пен құндылықтарды сіңіріп, тарихи жадымыздың құнарлы топырағынан жанды нәр алып, сусындайтынымызға, сөйтіп, барып әлемдік өркениеттен өзіндік орнымызды алып, танылатынымызға нық сенеді, зерттеуші.

Әдебиет тарихын зерттеуде өзіндік мектебін қалыптастырған ғалым Шоқан сынды ұлы тұлғаның қазақ тарихындағы өзінің лайықты орнын: «Қазақ ауыз әдебиетінің нұсқаларын ғылымдық негізде жинау, әдебиеттің тарихы мен теориялық мәселелерін зерттеуді қолға алған бірінші қазақ ғалымы Шоқан екені талассыз болса, оның бұл игілікті істі жолға қою, қалыптастыруда зор еңбек атқарғаны сондай талассыз»,–деп жоғары бағалайды /258 б/.

«Қазақ әдебиетінің тарихы» атты ұжымдық еңбектің 5–ші томындағы тағы бір монографиялық тарауы – «Шәңгерей Бөкеев (1847–1920)» деп аталады.

3.Ахметов қазақтың жазба әдебиетінің дәстүрлерін дамытуға үлкен үлес қосқан, суреткерлік болмысы өзгеше, көркемдік шеберлігі өз тұтастарына ұқсай қоймайтын, жан-жақты білімді Шәңгерей Бөкеевтің шығармашылығын өзі өмір кешкен кезеңнің тарихи шындығымен шебер шендестіріп, тұтас зерттейді. Алғашқы өлеңдері 1911 жылы «Шайыр», «Көкселдір», ал 1926 жылы «Үш жоқтау» деген жинақтарда жарық көрсе, 1934 жылы жеке кітап болып басылып шығады. Әр

кезеңде әр түрлі оқу құралдарында жарияланып келген ақын мұрасы жайлы кезінде М. Әуезов, Қ. Жұмалиев пікір білдірген.

«Алпыс бөлме, жүз есік» деген өлеңінде өзі айтқандай көк орданың ішінде, Шәңгерейдің ұлы әкесі Жәңгір ханмен жойылған /1845/ хан ордасында дүниеге келген ақын Орынбордағы кадет корпусында оқыған, көзі қарақты сауатты болған.

Ол жөнінде зерттеуші былай дейді: «Шәңгерейдің орыстың әдеби тілін жақсы білгенін, оның әр түрлі сыр-баяуын терең түсінгенін, сөздің кесте - нақышының мәнін еркін айырып, ұға алғанын, оның М.Ю. Лермонтовтың «Беглец» атты поэмасын қазақшаға өңін түсірмей, әлсіретпей аударғанынан - ақ көруге болады. Қазақ халқының сөз өнерін терең меңгере алғаны, оның нәрін бойына сіңіре білгені, оған қоса, орыс классикалық әдебиетіне тереңдеп үніліп, тексеріп, таңдаулы нұсқаларын – өзіне үлгі еткені Шәңгерейдің шығармаларынан да байқалады. Ол – ұлттық сөз өнерінде жазба әдебиеті дәстүріндегі жаңаша түр-үлгілерді туғызған ақын. Қазақтың халық әдебиетінің дәстүрлерін, тіл, сурет байлығын жазба поэзияның өмір суреттеу әдісі, амал-тәсілдерімен ұштастыра алған». /356 б/.

Ұлттық әдебиетке осындай нақыш, түрлік құбылыстар ендірген ақын шығармашылығы тек поэзиялық туындылармен шектелмей, жазба әдебиеттің қабырғасын қара сөзбен де қалауға атсалысқанын атап

көрсетеді, зерттеуші. Ақынның кезінде «Қара мұрт» атты көлемді прозалық шығарма – роман жазғанын, өкінішке орай оның сақталмағанын ескерте келіп: «Ұзақ жасап, көп жылдар бойы өлең шығарып жүрген ақын қалдырған әдеби мұра, сөзсіз бізге келіп жеткенінен әлде қайда қомақты, салмақты, әлденеше есе мол болса керек. Содан әзір белгілісі қағазға түсіп, баспа көргені оннан бір нұсқасы ғана десе болады», – деген болжау айтады. Көлемі шағын болғанымен мағынасы терең, аз сөзбен көп ой айта білген кесек тұлғаның шығармаларындағы шұрайлы пікір, шырынды сөз сөздерін таңдап, талдай білген теорик ғалым, әсіресе, оның ғылым-білім туралы ой түю, өз өмірінің түрлі кезеңдерін бейнелеу, махаббат, достықты, саясатшылықты, табиғат құбылыстарын суреттеу шеберлігін тамсана жазады. Шәңгерейдің қазақ поэзиясында сыршыл лириканы, суретті бейнелеу тәсілін дамытқанын жоғары бағалап, әділ бағасын береді.

Зерттеуші ақынның аудармаға да жетік екендігін, сөз баламаларын дәл тауып, ойдың анық және дәл, көркем кестеленуіне көп көңіл бөлетіндігін жыр шумақтарындағы шұрайлы жолдарды дәйектей отырып, дәлелдейді: «М.Ю. Лермонтовтан аударған «Қашқын» атты поэмасы ақынның көлемді, күрделі шығарма тудыруға да шеберлігі жететінін аңғартады. Бұл поэманың идеялық мазмұны – халық мүддесінен қара басын артық санаған қоян жүрек қорқақты әшкерелеу, ерлік-батылдықты, намысын қорғай білушілікті уағыздау. Шәңгерей Лермонтов поэмасының

мазмұнын, идеялық құнарлылығын, көркемдік қасиеттерін қазақ тілінде көңіл толарлықтай етіп жеткізеді. Мұны мына үзіндіден-ақ көруге болады:

«Күн батты, сол арада тұмандатты,
Түнеріп жердің жүзін мұнар жапты.
Әлпелдің күн шығыстан исі келіп,
Жер жүзі перделеніп ақшыл

тартты...»./362 б/.

Осы жыр жолдары арқылы шығармашылық тұлғаның орыс тілінің де сөз өнерін бір кісідей игергенін, аударманың қыр-сырына қанық екендігін жеткізеді.

Бұрындары бүкіл шығармашылықтары туралы толық мағлұматы жоқ қазақ оқырмандарына Шәңгерей ақынның әдеби мұрасын жүйелей зерттеп, ғылым айналымға ендірген осы Зәки Ахметов десек артық айтқандық емес. XIX ғасырдың екінші жартысында қалыптасып, дамыған қазақтың жазба әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі – Шәңгерей Бөкеевтің қолда бар құнды шығармаларын танып, жоғары эстетикалық талғаммен талдау барысында зерттеуші мынадай қорытындыға келеді: «Шәңгерей шығармашылығының бір мәнді жағы – ол тілге ұста ақын. Келісті, ұтымды теңеу, салыстырулар тауып, орынды қолдана білді. Халық тілінің байлығын меңгере алған ақын сөзді орнын тауып, орайына келтіріп қолданады. Сөз кестесін өзінше пайдалана бермейді, соны, тыңнан туған суреттеулер, жаңаша, өзінше қиюластырылған сөз тізбектерін

пайдалануға ұмтылады. Сонымен бірге, Шәңгерей қазақтың байырғы сөздерін көп білген, оларды қисынды қолданған». /363 б/.

Өз кезеңінің тарихи шындығын осылай орамды ой, кестелі сөзбен көркем шежіреге айналдырған атақты ақын Шәңгерей Бөкеевтің бүкіл әдеби мұрасы академик Зәки Ахметовтің зерттеулері арқылы ұлттық әдебиетіміздің тарихынан өзінің әділ орнын алғаны ақиқат.

XIX ғасыр әдебиетінің тарихы мен теориялық мәселелері қамтылған «Қазақ әдебиеті тарихының» 5–ші томында топтастырылған Абай, Шоқан, Шәңгерей сынды тарихи тұлғаларымыздың шығармашылық әлемі жайлы монографиялық тараулары арқылы жаңаша жазылып жатқан қазақ әдебиеті тарихын түгендеуге, ондағы киелі сөз өнерінің ірі өкілдерінің туындыларын жүйелеп, зерттеуге, әділ бағалауға өзінің үлесін қосып үлгерген көрнекті ғалым, академик, өлеңтанушы Зәки Ахметовтің ұлттық әдебиеттану ғылымын дамытудағы еңбегі ересен екендігін ерекше атап өткен жөн.

Кеңестік кезеңде заман талабына сай әр түрлі көзқарастың салдарынан түрлі деңгейде бағаланып жүрген Абайдың әдеби мұрасын тәуелсіздік алғаннан кейін қайта қарау Зәки Ахметовтың зерттеушілік парызы болды.

Қазақ әдебиеті тарихындағы екі ірі сала – абайтану мен мұхтартануға «Абай және Лермонтов», «Абайдың ақындық әлемі», «Поэзия шыңы – даналық» т.б. сияқты

еңбектерін арнаған зерттеуші академик Сейіт Асқарұлы Қасқабасовпен бірге жазған «Абай Құнанбаев» (1845-1904) атты монографиялық тарау жазды. «Абай шығармаларындағы қоғамдық эстетикалық мақсат-мұраттар», «Абайдың табиғат лирикасы», «Абайдың тіл ұстарту, өлең өрнектерін байыту, өнегесі», «Абайдың қара сөздері» деген тараушаларға бөлінген еңбекке авторлар мынадай мәлімдеме жасайды: «Абай ұлы ақын, өнердің бір туар иесі дегенде оның поэзиясына, бүкіл әдеби, музыкалық, шығармашылық мұрасына тән жаңашылдықты айтамыз. Абай ұлы ойшыл, Абай – дана дегенде де оның үлкен философиялық ой толғаған жеке туындыларын есепке алумен шектелмей, қоғамдық өмірдің сан алуан салаларына қатысты, дүние – болмыс, заманның ағымы, халықтың тағдыры туралы аса маңызды ой-пікірлерін тұтас алып, олардың халықтың ой-санасын жаңа белеске көтерген зор мәнін ескере отырып айтамыз». /178 б/.

XX ғасыр басында Ахмет Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны» деп бағасын берген ұлы тұлға шынында да ұлттық поэзияның алыбы, жаңа реалистік әдебиетіміздің атасы, ғұлама ойшылдың нағыз поэзияға тән философиялық, дүниетанымдық сипат-қасиеті бұл тарауда бұрындары айтыла бермейтін адамды тану мен Алланы тану тұрғысынан талданады. Абайдың ақындығы мен ойшылдығы, данагөйлігі, қай танымда да дара танылған шығармашылық тұлғасы бір-бірінен бөле-жарылмай тұтас

қарастырылады. Ақын жаңашылдығының өзі ұлттық құндылықтарды қазақтың әдеби ақындық тіліне бай бояу, терең мағына, көптеген көркемдік-түрлік, стильдік құбылыстар ендіруімен ерекшеленеді. Қазақтың сөз өнерінің аса көрнекті реформаторы Абайдың ұлттық әдебиеттегі даралық қолтаңбасы жайлы авторлар: «Ақын тұлғасы – поэзиядағы қайталанбас өнерпаздық шеберліктің, даралық стильдің түп тірегі. Ақын стилін ойлау, сезіну, суреттеу мәнерін, қолтаңбасын, сөз қолданысындағы өзгешеліктерді – бәрін де айқындайтын, белгілейтін сол. Ақынның тұлға-бітімі, дарын даралығы қандай болса, стилі де сондай болады. Ақынның ойшылдығы, суреткерлігі, сыршылдығы оның стилінен ап-анық белгі береді». /183 б/

Зәки Ахметовтің осы бір пікірінде ұлы ақынның бүкіл болмыс-бітімі, әдебиеттегі алатын орны мен даралық стилі айқындалып, ғылыми бағасы берілген десе болғандай. Бұл тараудың тағы бір ерекшелігі бұрындары ұлттық әдебиеттану ғылымында арнайы қарастырылмаған Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі фольклорлық жанрлар мен поэтикалық көріністердің зерттелуі деуге болады. «Қазіргі шақта Абайдың халық мәдениетіне, философиясына, этнографиясына қатысы, оның ұлттық фольклорымыз бен Шығыс сюжеттерін пайдалануы жайында зерттеу жүргізу мүмкіндігі туып отырғандығын айта келіп, авторлар: «Оның бұл бағыттағы мақсаты: өзгеріп жатқан өмірге лайық жаңа ой, соны идея іздеу,

сөйтіп қоғамдық ой-пікірді байыту, оны дамыту және өзгеше өлең өрнектерін табу, қазақ әдебиетіне тың тақырып енгізу, ұлттық мәдениетке жаңа сарын қосу т.т. болатын. Ұлы ақын бұл мақсатына жетті», – деген қорытынды жасайды.

Бұл тарауда «Абайдың фольклорға, ауыз әдебиетіне қатынасы бірнеше тараптан байқалады. Ең біріншісі – қазақтың төл халық поэзиясының бүкіл поэтикасы мен сюжеттік элементтерін асқан шеберлікпен пайдалануы. Екіншісі – қазақтан басқа елдің де фольклорлық сюжетін өз шығармаларына арқау етуі. Үшіншісі – қазақ халқының кейбір мақал–мәтелдері мен нақыл сөздерінің мән–мағынасын ашуы» /208 б/.

Міне, ұлы ақын шығармашылығына тән алуан түрлі қасиеттерді әр қырынан ғылыми тұрғыда қарастырып, мүмкіндігінше көркемдік тұтастықта зерделеуді мұрат тұтқан авторлар жаңа мазмұнға ие болған әдеби мұралардың ұлттық құндылықтарымызды, рухани өмірімізді көркейтудегі рөлін осылай айшықтап берді.

Бесінші томды әзірлеуге сол дәуірдің әдеби мұралары мен олардың шығармашылықтарындағы үрдісті, даму заңдылықтарын жете танитын, оларды арнайы зерттеген ұлттық әдебиеттану ғылымының көрнекті ғалымдары белсене атсалысты. Көптеген ақындардың шығармалары мен өмірбаян деректері туралы қысқа тұжырымды шолу дәйектері ұсынылды. Он алты ақын-жазушының шығармашылығы мен өмір деректері

сараланып, арнайы монографиялық сипаттамалар берілген.

«XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеті» деген үлкен тарауда автор осы дәуірде кеңінен танылған ақындық дәстүрдің қалай дамып, өркендегеніне, олардың өз заманының көркемдік шежіресіне айналған уақыт тынысын қалай бейнелеп, қандай тақырып, мәселе көтергеніне кеңінен тоқталған. Бұл тараудың авторы Асқар Егеубаевтың өзі кәсіби ақын болғандықтан бұл дәуірдегі ақындардың өлеңдеріндегі поэтикалық бітіміндегі жаңа лепті, тың түрлік құбылыстарды жіті қадағалай зерттегені байқалады. Мұндай қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді қозғаған әдеби шығармалардың ұлттық әдебиеттің көркемдік құралдары мен жанрлық түрлеріне де көптеген өзгерістер алып келгендігін анықтап береді. «Қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған көркем сөздің кәсібилік бітімін айқындау тарапындағы көптеген күрделі эстетикалық-танымдық құбылыстар туындайды. Әдеби шығармаларды жазба түрінде, баспа бетінде таратып, насихаттау үрдісті дәстүрге айналды. XIX ғасыр қауырт қоғамдық құбылыстар мен метаморфозалардың ғасыры. Дәл осы кезеңде тарихи ұлттық сана түлеп, жаңғырып, қанат қатайтқандай еді. Дәуір басындағы қарудың күшіне, қауымның қайратына сенген азаттық аңсаған қозғалыстар, ғасырдың соңына қарай саяси күрестің ұтымдылығына біржолата ден қойғандай болды», – дейді. /116/.

Шындығында XIX ғасырдың екінші жартысында дәстүрлі классикалық әдебиет ағымы, жыраулық поэзия, айтыс, әнші ақындар мен сал-серілік өнер одан әрі дамыды, көркемдік заңдылықтар өзінің өрісінде жалғасын тауып жатты.

«XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің негізгі даму сипаттары, басты көркемдік бағыттары мен тақырыптық желілері» деген тарауша да автор ұлт–азаттық қозғалысының тақырыптары сол дәуірдегі әрбір ақын-жыраудың шығармашылығындағы басты мәселе болып көтерілгендігін, Дулат, Шортанбай, Махамбет жырларының халықтың ұлттық рухын көтерудегі ролі зор болғандығын атап көрсетеді. Сол тұстағы әдебиеттің бағыт-бағдарын, көркемдік қуатын танытатын Шортанбай Қанайұлының әдеби ақындық мұрасы әр кезеңде әр түрлі деңгейде қарастырылып келді. Әсіресе, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті 1957 жылы 8 шілдеде қабылдаған «Қазақ халқының мәдениеті мұрасын зерттеу, оны сын көзімен пайдалану туралы» қаулысына сәйкес XIX ғасырдағы халық тарихын шынайы жырлаған, елдің көкейіндегі мақсатын жеткізген ұлттық рухтағы жырларды жазған ақындардың мұралары мен есімдері баспасөздерден, оқырман санасынан алыстатылды.

Бұл ғасыр ақындарының шығармашылықтары халық мұңы мен зарын басты мақсат етіп қойғандықтан оларды Мұхтар Әуезов «зар заман ақындары» деп ерекше атап

көрсетті. Бұл ұғым әдебиеттану ғылымына арнайы бір әдебиеттің кезеңін көрсететін көркемдік бағыт ретінде енді. Қазақ халқының ұлттық азаттығы, бостандығы, орыс отаршылдарына наразылық сипаты шығармаларында басым көрінген бұл ғасыр ақындары тарихи жырлар, өлеңдер мен түрлі дастандар, жыр, толғауларымен ерекшеленеді.

Осы орайда тарау авторы былай дейді: «...Соған орай әдеби-көркем туындамалар да негізінен үш мазмұндық арнада өріс кеңейтті. Біріншіден, халық әдебиетінің дәстүрін жалғастырып, әдеби мұраларды ел жадына жеткізіп сақтап отырса, екіншіден, жаңа заманның мұң-зарын ұлт тағдырымен астастыра толғаған, отаршылдық кеселін ашып, болашақтың халіне күйінген, елдің тәуелсіз еркін өмірін аңсаған сарын барынша күшейе түсті, үшіншіден, патша шенділердің, ел тізгінін ұстаған сұлтан, болыстарды сағалаған ақындар да өз орнын тапты, бұлар бұрынғы сарай ақындарының азып-тозған «жұрнағы» секілді сезілді». /18 б/

Және осы жаңа кезеңде жыраулық өнермен бірге ел арасында ауызша тараған, жер-жерде өнерлі адамдардың ақынжандылықтары арқасында жылдар бойы сақталып, ел жадында жүрген халық поэзиясының небір үздік үлгілерін жинау, (мақал–мәтелдер, ертегілер, эпостық мұралар т.б) оларды мүмкіндігінше қолжазба түрінде сақтау, жүйелеп, баспалардан неғұрлым көбірек данамен шығарып, тарату, насихаттау, жас ұрпаққа жеткізу шаралары қолға алына

бастады. Оған осы кезеңдегі жыршылардың ұлы дәстүрі Бұқар, Тәтіқара, Үмбетей жырауларының ізін басқан XIX ғасырдағы Марабай, Нұрым, Қазақбай, Мергембай сынды ондаған жыраулардың туындылары дәлел.

Ендігі бір ескерер жәйт, жыраулар мектебінің өкілдері әдеби шығармаларды насихаттаушы, жырлаушы, халық мұраларын сақтаушы ғана емес, сол әдебиет тарихын жасаушы, жаңа жазба әдебиеттің алтын арқауын ұстаушы қызметін де атқарғаны белгілі. Мәселен, осы ғасырдың соңғы ширегінде өмір сүрген Жамбыл Жабаевтың (1846–1945) жыраулық, ақындық өнері қазақ әдебиетіндегі жыраулық мектептің табиғатын анық танытады.

Бұл 5-томның бір ерекшелігі «Қосымша» деген тарауда «XIX ғасырдың екінші жартысындағы ақын-жыраулар мұрасы және олардың зерттелуі» қарастырылып, сол кезең мен ондағы әдеби және өзге де өнер иелерінің шығармашылықтарын зерттеген ғалымдардың еңбегіне шолу мен баға беріледі, ондағы кейбір заман ағымына сәйкес бұрыс айтылған пікірлерге бүгінгі тәуелсіз ой-сана тарапына ғылыми түсініктер беріледі. Және «XIX ғасырдың екінші жартысындағы ақын-жыраулар қолжазбаларының ғылыми сипаттамасы» беріледі. Мәселен, Абай Құнанбаевтың (1845–1904) «Жарияланған мақалалар» тізімі және «Шығармалары туралы зерттеулер мен ғылыми мақалалар», «Қолжазба қорындағы мұраларының» тізімдері беріліп, бір тарихи

тұлғаның бүкіл шығармашылығына қажетті ғылыми, тарихи, деректерді толығымен алуға, танысуға болады. Тап осындай жүйемен Ыбырай Алтынсарин, Шоқан Уәлиханов т.б сол дәуірде өмір сүрген ақын-жыраулардың деректері толық дәйектелген.

«XIX ғасырдың II жартысындағы қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіштерінде» «Әдебиет тарихының мәселелері жөніндегі жалпы материалдар» және «XIX ғасырдың екінші жартысындағы әдебиет және оның зерттелуі туралы қысқаша көрсеткіш» сала-сала бойынша беріліп, толық тарихи-әдеби, ғылыми деректер жүйеленген.

«Қазақ әдебиеті тарихының» 6-шы кітабы да бесінші томдағы ойды жалғастырып, XX ғасырдың бас кезін (1900–1917) қарастырылады. Бұл томдың да жетекшісі – филология ғылымдарының докторы, профессор А.Қ. Егеубаев, жауапты шығарушысы филология ғылымдарының кандидаты Т. Әлібеков. XX ғасыр басындағы әдеби үрдіске кеңінен жаңаша сараптама жасалған ұжымдық еңбек «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» және «Абайдың әдеби мектебі» деген екі ірі теориялық тараудан, «Жекелеген ақындар шығармашылығына шолудан» (Ә. Бөкейхан, Ш.Құдайбердіұлы, А. Байтұрсынұлы, С. Торайғырұлы, С. Дөнентайұлы, М. Дулатұлы, Ғ. Қараш, М. Сералин, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Ж. Тілепбергенов, Б. Күлеев, Т. Жомартбаев, С. Көбеев, Н. Орманбетұлы) және «1916

жылғы ұлт - азаттық көтеріліске байланысты туған поэзия», «XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» деген тараулардан тұрады. «Ұлттық әдебиеттің өрісін кеңейтіп, өресін биіктеткен бұл ұлы жаңашыл дарындардың дәстүр жалғастығы XX ғасырда да қанат жайды. Абай мектебі, Абай дәстүрі мен дүниетанымы XX ғасырдан бастап жаңа қазақ әдебиетінің алтын арқауына айналды. Осы кезеңде қазақ әдебиеті жанрлық, түрлік тұрғыдан, мазмұн мен халықтық мұрат жағынан жедел өсіп өркендеді. Әдебиеттің поэтикасы байыды, тәжірибесі молықты. Баспасөз бен әдебиет байланысы артты. Қоғам мен әдебиет аралығындағы байланыс барынша айқындық сипат алды. Әдеби байланыс өрістеді. Тұтастай алғанда, XX ғасырдың басындағы әдебиет жаңа сипаттармен толысып, ұлттық сананың сара көрінісіне жол ашты. Қазақ әдебиеті тарихының алтыншы томы осындай басты-басты сипаттарымен ерекшелінеді» – деп атап көрсетті «Кіріспенің» авторы, зерттеу жобасының жетекшісі Асқар Егеубаев. «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» деген үлкен тарауда осы айтылған жайларды тарата талдап, нақты көркем мәтіндермен, сол кезеңдегі әдеби үрдіспен байланыстыра отырып, жан-жақты баяндайды. Автор сол кезең әдебиеті туралы жазылған ұлттық әдебиеттану ғылымындағы барлық зерттеулерге, монографиялық еңбектерге, жоғары және мектеп терге арналған оқулықтарға шолу жасай келе «Әдебиеттану», «Әдеби

сын», «Драматургия», «Аударма» және «Балалар әдебиеті», «Поэзия», «Проза», «XX ғасыр басындағы әдеби байланыс», «Бағыттар мен ағымдар», «1917 жылға дейінгі қазақ әдебиетіндегі цензура» деген тараушаларға бөліп, әр сала бойынша ғылыми талдаулар жасайды. Зерттеуде бұрында айтылып жүрген жайларға қоса тың деректер де, жаңа мәтіндер де кездеседі. Ең бастысы, автор бұл кезеңнің әдебиеті, әдеби процесі туралы тарихи шындыққа негізделген көркем шежірені таза әдебиеттанудың категориялары мен шарттары тұрғысынан тани білген, талдай білген. XX ғасыр басындағы әдебиетіміздің көрнекті өкілдерінің өмірі мен шығармашылықтары туралы да жазылған зерттеулер ендігі көп өзгеріске түсе қоймайтын тұрақты канонды мәтіндер мен тарихи шежіре екендігін ескерген жөн. Өйткені, олардың авторлары өздерінің бүкіл саналы уақыттарын осы тақырыптарға арнаған маман-зерттеушілер.

«XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» деген тарауда қоғамдық-саяси оқиғаларға толы XIX ғасырдың соңын алған бұл кезеңде ұлттық рухани дүниеде де ерекше назар аударарлық көркемдік құбылыстың болғаны белгілі. Бір ғана Абайдың қолжазбаларының мерзімді баспасөз арқылы жарияланып, халық арасына жарыққа шыға бастауының өзі елді елең еткізіп, қазақ поэзиясына жаңа леп келгенін көрсетті. Бұл кезеңді көрнекті ақын Ілияс Жансүгіровтің «Абайдың ата заманы» деп атауының

өзінде үлкен мағына жатыр. Ұлы ақынның шығармашылығы арқылы сол кезеңдегі қоғамдағы саяси-әлеуметтік құбылыстар – ел билеуді орыс тәртібімен басқаруды, ақша, сауда, базар сияқты өзгерістер тарихи шындықтан көркемдік шежіреге айналды. Ұлы ақынның өлеңдеріндегі әрбір ой сол кезеңнің ақиқатын айнатпай айтып беріп отырады.

Осы кезеңдегі әдебиеттің даму заңдылықтарының басты сипаттарын зерттеген Бейсенбай Кенжебаев 1961 жылы жарық көрген «Жиыrmасыншы жылдардағы қазақ совет әдебиеті» деген еңбегінде осы кезеңдегі экономикалық өзгерістер «қазақ арасындағы оқу-ағарту жұмыстарына, қазақ тілінде шыққан кітап, журнал, газеттердің мазмұнына, ақын-жазушылардың көзқарастарына, қазақ әдебиетінің бағытына үлкен әсер еткенін» атап көрсетеді. /19 б/.

Расында да осы кезеңде қазақ тіліндегі мерзімді баспасөздердің кең көлемде әрі тұрақты түрде жариялана бастауы қазақ арасындағы сауатты жандардың топтасуына, ұлт бірлігі мен мәдениеті үшін жұмыс жасауына мол мүмкіндіктер берді. 1918–1919 жылдары Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезов негізін қалаған «Абай» журналы, Ахмет Байтұрсыновтың «Қазақ» газеті, Мұқамеджан Сералиннің «Айқап» журналы т.б. азғана уақыт ішінде қазақ халқының ұлттық әдебиеті мен мәдениетін біраз биік деңгейге жеткізе білді. Осы орайда, Алаштың ұлт зиялылары Тұрар Рысқұловтан бастап,

Сұлтан Қожанов, Нәзір Төрекұлов, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов тағы басқалар қазақ халқының білім жүйесі мен бүкіл руханият мәселелерінің, экономикалық, саяси-қоғамдық, мәдени мәселелердің бәрін жүйелі жүргізуге барлық күш-жігерлерін жұмсады. Олардың қазақ халқына жасаған ұлы істері хақында бүгінде барлық салада – тарихта, мәдениетте, әдебиетте, білім жүйесінде т.б. жан-жақты зерттелуде

1904 жылы ұлы ақын Абайдың қайтыс болуы қазақтың «қолда барда алтынның қадірі жоқ» деген мәтелді еріксіз еске салады. Ақын қайтқан күннен бастап оған деген көзқарас та өзгеріп, оның әрбір өлеңі мен қара сөздері мұқият жинала бастады. Абайдың әдеби хатшысы Мүрсейіт Бікеұлының 1905 жылы ақын өлеңдері мен қара сөздерін араб әліпбиімен көшіріп шығысымен бес жыл ішінде үш қолжазбасы (1905, 1907, 1910) түзіліп, 1909 жылы Санкт - Петербургте «Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңі» деген атпен жеке кітап болып басылады. Бұл сөз жоқ сол кезеңдегі қазақ поэзиясына соны серпін әкелді. Енді ақындар Абайға қарап ой түзей бастады, сөзін жөндей бастады. Бұл да ғасыр басындағы үлкен көркемдік құбылыс еді. Сол кезеңдегі білім беру саласына да Абай шығармалары аса қажетті болғандықтан жиі жариялап отыруды, оның таралымын көбейту қолға алынды. 13 жылдың ішінде 4 рет қайтара жарыққа шығу ол кездің тарихында болмаған жай еді. Және ұлы ақынның шығармашылығы қазақтың рухани өміріне

ерекше өзгеріс енгізіп, Алаш зиялыларының бәрі Абайға тоқтап, ой қорытып, бір жеке тарихи тұлға шығармашылығын жүйелі зерттеп жазу мәселесіне аса мән берді. Бұл қазақ әдебиеті тарихында бұрын байқалмаған үрдіс болатын. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, т.б. қазақтың бас ақынының әдеби мұрасы жөнінде мақалалар жариялады.

XIX ғасырдың екінші жартысынан қалыптаса бастаған Абай дәстүрі, Абай мектебі мен дүниетанымы қазақ әдебиетінің кәсіби тұрғыдан қалыптасып, әлемдік өркениетті елдердің сөз өнеріндегі кең тыныстылықты, көркемдік қуатты, суреткерлік шеберлікті, қаламгерлік тәжірибені байқатты. Осы кезеңдегі өлең сөз теориясындағы түрлік құбылыстар мен қара сөздегі жанрлық жаңалықтар мазмұн жағынан байытылғандығын, тақырып ауқымының кеңдігін көрсетті. Оларды ел арасына кеңінен танытып, оқырмандарға дер кезінде жедел жеткізудің қызметін сол кезеңдерде аяғынан тұрып, халық арасына кеңінен таратыла бастаған мерзімді баспасөз атқарды.

Қазақтың ұлттық идеясы – «Алаштың» өмір сүргеніне 2500 жыл болғанын біреу білсе, біреу біле бермейді. «Сақтарда Алаш туралы аңыз бар» деп Геродоттың жазып кеткеніне 2,5 мың жылдай болыпты. Алашты ұлттық идеяға айналдыруды аңсаған Алаш қайраткерлері XX ғасыр басында қолжазба қоры жөнінен

әлемде 2-ші орынды иеленген Отырар кітапханасы мен А. Йасауи кесенесі сияқты мәдени құндылықтардың мұрагері болған халықтың өркениетін одан әрі өркендетуге, оны рухани жағынан жан-жақты байытуға үлкен үлес қосты. Ұлттық әдебиеттің өрісін кеңейтіп, өресін биіктеткен бұл жаңашыл дарындардың дәстүр жалғастығы XX ғасыр басындағы Алаш әдебиетіне ұласып, жанрлық, көркемдік, түрлік жағынан толығып, жан–жақты дамыды десек артық айтқандық емес.

Қазақ әдебиеттану ғылымына Алаш әдебиеттануы – Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, С. Садуақасов, Р. Мәрсекұлы, Ы.Мұстамбаев т.б. еңбектерінің жариялануы тікелей әсер етті. Тәуелсіз кездегі С.Қирабаев, З. Ахметов, З.Қабдолов, Р.Бердібаев, Т. Кәкішұлы, М. Мырзахметұлы, Ш.Сәтбаева, Р. Нұрғалиұлы зерттеулері жаңаша леп берді. Ш.Сәтбаева Кеңес кезінде тұңғыш рет А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышына» әдеби теориялық еңбек деп жоғары баға берген ғалым. (1989) Сол кездегі қайсы біреулер «филология ғылымы жаңаша дамып кетті» «Әдебиет танытқыш» ескірген деген пікірлерге қарамай Ш. Сәтбаева «Әдебиет танытқыштың» биік теориялық деңгейін алға тартты. Бұл ой Р.Нұрғалиұлы, Р. Сыздықова, Т. Кәкішев, Ө. Әбдіманов, Ж. Смағұл, А.Ісімақова, Р. Имахамбетова, Ұ. Еркінбаев, А. Ойсылбай, Қ. Сақ т.б. зерттеушілердің еңбектері төңірегінде іске асырылды. Бұрындары ғылыми

айналымға енбеген Т. Жүргенов, М. Тынышпаев, К. Тоғысов, Ш. Телжанұлы, І. Омаров т.б сынды алаш зиялыларының «Таңдамалы» еңбектерінің жариялануы да зерттеушілерге ой түрткі болып,тың туындылардың жазылуына ерекше әсер етті.

XX ғасыр басындағы көркемдік жүйе қазақ әдебиеті тарихы үшін үлкен рухани құбылыс болғаны белгілі. Әсіресе, жоғарыда аталған Алаш азаматтарының көркем шығармалары да осы тұста туып, ұлттық сөз өнерін жоғары деңгейге көтерген еді. Олар әдебиетті жаңа тектер мен жанрлық түрлермен толықтырғаны да тарихи шындық. Ахмет Байтұрсынов қазақ әдебиеттануының, теориясының көшбастаушысы болса, Жүсіпбек Аймауытов психологиялық романның негізін салды. Міржақып Дулатов проза саласының тұсауын кесті. Мұхтар Әуезов қазақ драматургиясының небір әдемі жауһарларын өмірге әкелді.

Қазақ баспасөзінің бетінде әдеби айтыстар,түрлі тақырыптарда пікір-таластар бой көтеріп, түрлі әдеби ағымдар пайда болды. Бұлардың бәрі қазақ әдебиетінің, әдеби –көркем сынының сан алуан жанрда дамып, жан-жақты жақсылы-жаманды өрісі кеңіп, өсіп келе жатқандығының куәсі еді. Осы ретте автор: «Сонымен бірге, қоғамдық қарым-қатынастардың жеделдеуі, баспагерлік істің қанат жаюуы, әдебиеттегі әртүрлі көркемдік-жанрлық терең түлеулер эстетикалық танымның жаңашылдығына бастады... Әдеби сын да,

әдебиеттану, прозаның кесек жанрлары, аударма, драматургия тосын жаңалық болуымен бірге жедел даму үрдісін танытты» – дейді. /19 б/

Тарауда арнайы қарастырылған «Әдебиеттану», «Әдеби сын» деген тараушада XX ғасыр басында қазақ зиялылары ,ең алдымен, ел арасындағы ауыз әдебиетінің үлгілерін, көзі тірі жыршы, жыраулардан, әнші-күйшілерден ауызша таратылған әдеби мұраларды жинап алуды мақсат тұтты. Осы орайда, жер-жердегі көзі ашық азаматтарға Ашық хаттар жолдап, барлық үлгілерді жинауды тапсырып, оларды баспасөз беттерінде жүйелі түрде жариялап отыруды қолға алады. Бұлардың бәрі сол кезеңдерде жаңадан қолға алынып жатқан мектеп және жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдарына таптырмайтын көркем мәтіндер болды.

«Қазақ», «Айқап» беттеріндегі әдебиеттану, кітап сынына қатысты мақалалар ұлттық құндылықтардың жаңа белеске көтеріп,көркем әдебиеттің көкжиегін кеңейтуге көп үлес қосты. «Жаңа әдебиеттің кәсіби біліктілік белгілерін білдіретін бірқатар мақала,талдау пікірлер XX ғасыр басындағы әдебиеттің құбылысты жаңалығы ретінде құнды»–дейді автор. Тарауда М. Дулатовтың «Шоқан Шыңғысұлы Уәлихан (1837–1865)», «Хасірет Сұлтан», «Григорий Николаевич Потанин», «Абай», А.Байтұрсыновтың «Қазақтың бас ақыны», Мұстафа Шоқайдың «Әубәкір Диваев» т.б сынды мақалаларындағы ғылыми дәйекті көзқарастары, мол деректері мен дәлелді

ғылыми талдаулары жөнінде бірқатар оңды пікірлер жазылған. Бір сөзбен айтқанда, алаш зиялыларының әдебиеттануға, сынға қатысты мерзімді баспасөз бен жеке еңбектерінің бәрін атай келе оларға жеке-жеке тоқталып, талдаулар жасалады. Бұлардың бәрі XX ғасыр басындағы әдеби сын мен ұлттық әдебиеттану ғылымының негізі қаланып, кәсіби тұрғыдан қалыптасқандығын танытады. Сондай-ақ, «Жүсіпбек Аймауытовтың – психология, Мағжан Жұмабаевтың педагогика аулындағы, әскери дәрігер Халел Досмұхамедовтың ежелгі түркі жазбалары, әдебиет тарихы жөніндегі, белгілі бір мамандық салаларындағы ірі ғылыми еңбектері, монографиялары– XX ғасыр басындағы қазақ білім беру саласындағы ірі қадамдар» /25 б/.

«Драматургия, аударма және балалар әдебиеті» деген тараушада XX ғасыр басындағы М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамалдың» сахналанған көрінісі, Ш. Құдайбердиевтың «Еңлік–Кебек» пьесасының қойылымы және М. Әуезовтің драмалық шығармалары кеңінен әңгіме болады.

«Аударма – әдеби байланыстың алтын көпірі» деген тараушада қазақ қаламгерлерінің Еуропа, Шығыс елдері әдебиетінен аударылған әдеби нұсқалар, олар туралы жазылған сын мақалалар мен оңды пікірлер жүйеленіп, ғылыми шолулар жасалған, оларда көптеген тың мәліметтер мен деректер мол. Әдеби байланыс мәселесі

туралы ой толғаған қазақ ғалымдары Ш. Сәтбаеваның еңбегіне де автор молынан орын беріп, өз бағасын берген.

«Балалар әдебиетінде» Мұхамеджан Сералиннің «Гүлқашима» кітабы, Ыбырай Алтынсариннің «Хрестоматиясы», Спандияр Көбеевтің «Үлгілі тәржіма», «Үлгілі бала» атты көркем шығармалары т.б туралы да жан-жақты сөз болады. «Поэзия» мен «Проза» атты үлкен тараушаларда сол кезеңде жарық көрген әдеби шығармаларға ғылыми талдау жасалады. Көптеген баспасөз беттеріндегі және жеке көркем туындыларға кеңінен шолу жасалып, жан-жақты зерттеледі.

XIX ғасырға дейін қазақ әдебиетінде өзіндік өрнек алып, өріс алған Шығыс әдебиетінің әсері XX ғасыр басында Еуропа әдебиетіне бетбұрыс жасай бастағаны белгілі. Осы ретте Алаш азаматтарының аудармамен айналысып, Абайдан бастау алған батыс әдебиетінің бірнеше туындылары қазақ тілінде сөйлей бастауы ерекше ықпал етті. М. Жұмабаевтың, М. Дулатовтың, С. Дөнентаевтың, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің, С. Торайғыровтың, А. Байтұрсыновтың, М. Сералиннің, Шәді Жәңгіровтің, Ы.Шөрековтің Балуан Шолақ Баймырзиннің, Әсет Найманбаевтың шығармалары қазақ әдебиетіне тың үрдіс әкелген шығармалар ретінде талданады.

«Прозада» С. Көбеев «Қалың мал», Б. Майлин «Шұғаның белгісі», Б. Ержанов «Оқуға махаббат» повесі, А. Жандыбаев «Жас ғұмырым, яки жастыққа ғафлат»

романы, М. Кәшімовтің «Мұңлы Мәриям» романы, Т.Жомартбаев «Қыз көрелік» романы, т.б тың туындылар талданады.

«XX ғасыр басындағы әдеби байланыс» деген тараушада Шығыс және Еуропа әдебиеттерінің қазақ әдебиетіне еткен әсері кеңінен әңгіме болса, «Бағыттар мен ағымдар» атты тараушада XX ғасыр басындағы әдебиетте кеңінен орын алған

1) ағартушылық, 2) ағартушы – демократтық, 3) демократтық – төңкерісшіл топтар /Б.Кенжебаевтың зерттеуі бойынша/, т.б ағымдар мен бағыттар жөнінде мәліметтер беріледі. «1917 жылға дейінгі қазақ әдебиетіндегі цензура» деген бөлімде Ресей империясының мұсылман халықтарының кітаптары мен баспаға арналған шығармаларына мемлекеттік мекеме бақылауы XIX ғасырдан басталғанын, олардың қазақ баспасөзін қалай бақылап, қандай кітаптарға қысымшылық жасап, олардың тиражының аздығы мен таралымының, насихатталуының шектелуін үнемі назарға алып, тіпті кей кітаптардың авторларын панисламизм, пантүркизм идеяларын насихаттаған деген жалған жаламен ұлттық рухты түсіру мақсатында қаншама жан түршігерлік қыспақтар жасалғанын нақты тарихи деректерге сүйене отырып, жан-жақты талдау жасалады.

Оған (КВКПДП) құзырлығындағы бірнеше құпия құжаттарды пайдалана отырып, ащы ақиқаттың қоймасын ақтарады, автор.

«Абайдың әдеби мектебі» деген тарауда осы күнге дейінгі абайтану саласында арнайы сөз болмаған тың дүниелер түзіліп, ұлы ақынның әдеби мектебі жөніндегі тарих пен оның зерттеушілерінің еңбектеріне кеңінен шолу жасала келе, олқылықтардың орнын толтыру мақсатында: 1.Абайдың балалары Ақылбай және Мағауия Құнанбаевтардың Еуропа ақындарының үлгісімен жазылған романтикалық дастандарын және 2. Абай тікелей баулыған шәкірттері: Көкбай, Әріп, Мұқа, Шәкәрім, Әсет, Иманбазар, Уәйістердің суырып - салма ақындық өнер - айтыс дәстүрін ұстай отырып, ұстаз кеңесімен қазақ өмірінен түрлі тақырыпта өлеңдер мен тарихи дастандар, шығыстық желіде жазылған поэмаларын талдайды. Автор олардың әрқайсысының өмірбаянынан бастап, Абай қамқорлығындағы өнерпаздық, ұстаздық – шәкірттік кезеңдері жайлы көптеген тың материалдармен жаңа ойлар айтады.

«Жекелеген ақындар шығармашылығына шолу» атты тарауда айтыскер – ақын Ж.Шалабайұлы /Нұржан Наушабаевпен, Нұрғалимен, айтыстары/, өлеңмен сурет салатын шебер ақын Сейдахмет Бейсенұлы – «Махрума», «Өнерлі уәзір» дастандары, әнші, күйші, ақын Есенжол Жанұзақұлы, жыршы, ақын Жүсіпбек Шайхисламұлы Айтқожин», «Адамзат дүние қуып қартайды», «Жетпіс бес» т.б., ақын Мүрсәлім Бектенұлы, Иманжүсіп Құтпанұлы, Асан Барманбекұлы, Ақыт Үлімұлы Қарымсақов, Мақыш Қалтаев, Әбіқай Нұртазаұлы, Омар

Шораяқов, Көлбай Төгісов, Ақылбек Сабалұлы, Тұрмағамбет Ізтілеуұлы, Мұхамедсәлім Кәшімов, Қуанышбай Сатбақұлы, Әкірам Ғалымов, Біләл Сүлеев, т.б туралы толық тарихи, әдеби мәліметтер бар.

«Әлихан Бөкейхан», «Шәкәрім Құдайбердіұлы», «Ахмет Байтұрсынұлы», «Сұлтанмахмұт Торайғыров», «Сәбит Дөнентайұлы», «Міржақып Дулатұлы», «Ғұмар Қараш», «Мұхамеджан Сералин», «Мәшһүр Жүсіп Кепеев», «Жиенғали Тілепбергенов», «Бернияз Күлеев», «Тайыр Жомартбаев», «Спандияр Көбеев» т.б. ХХ ғасыр басындағы ұлт зиялыларының шығармалары жеке-жеке тарау ретінде талданып, толық мәліметтер жүйеленген.

«Қазақ әдебиеті тарихы. Кеңес дәуірі (1917–1940)» деген 7-томда (жетекшісі академик Серік Қирабаев) – кеңес дәуірінің алғашқы кезеңі зерттелген. Онда ХХ ғасырдың 20–30 жылдарындағы қазақ әдебиетінің даму барысы, ол кезеңдегі әдеби процесті жандандыруға белсене атсалысқан қазақ қаламгерлері (С. Сейфуллин, М.Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Б. Майлин, І. Жансүгіров, Ж.Жабаев, И.Байзақов, Н.Байғанин т.б шығармашылықтары жеке тарау барысында кеңінен әңгіме болып, олардың қаламгерлік шеберліктеріне баға беріледі. Әр қаламгердің әдеби тұлғалық қасиеті мен шығармашылық тәжірибесіне талдау жасаған авторлар ұжымы оларды тек тарихи тұрғыдан танып, таза көркемдік, ғылыми тараптан бағалай білген. Кеңестік дәуірдегідей тек таптық, идеологиялық талап тұрғысынан

талданған аталған жазушы–ақындардың туындыларын зерттеуші -авторлар қауымы енді егеменді ел болған ой-санасы тәуелсіз, рухы биік ұлттық таным мен талғам биігінен танып, талдай білген. Және осы томда ХХ ғасырдың 20–30 жылдарында жарық көрген «Поэзия» мен «Проза», «Драматургия», «Әдеби сын» саласындағы шығармаларға да жүйелі түрде баға берілген. Олардың бәрі «20–30 жылдардағы қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» арқылы нақтыланып, тарихи көрсеткіштерімен толықтырылған.

Аталған томның «Кіріспе» авторы академик С. Қирабаев: «..Қанша дегенмен, өз дәуірінің үні болған, онда орын алған тарихи оқиғаларды, маңызды өзгерістерді жырлауға ұмтылып отырған әдебиеттің сол кезеңдердің суретін елестететіні де даусыз. Сонымен бірге жаңа дәуірдегі әдебиеттің шындықты біртіндеп игеріп, жанрларын жетілдіргені, идеялық-көркемдік табыстарға ие болуы да осы кезеңдермен байланысты. Және бұл кезеңдердің шарттылығы – олардың өз ішінде дәуір ерекшелігін танытатын белгілі бір сатылардың барлығында. Мысалы, 20-30 жылдарда тұтас кезең деп қарай отырсақ та, онда 20-жылдар әдебиеті мен 30-жылдар әдебиетінің өзіндік сипаттары, өзгешеліктері барын жоққа шығара алмаймыз. 20-жылдар әдебиеттің идеялық-көркемдік ізденістерінің басталуы, қалыптасуы жылдары болса, 30-жылдарда көркем әдебиет

ұйымдарының жаңа саясат негізінде бірігуі өтті», – деп сол кезеңнің көркемдік көрінісін айқындап береді.

XX ғасыр басындағы 20-30 жылдар аралығындағы қазақ әдебиеті бастан кешкен әдеби процесті ұжымдық еңбектің авторлары сол кезеңдегі әдебиеттің даму заңдылықтарына сүйене отырып, ондағы әрбір өзгерістерді, әдеби құндылықтарды, әдебиет жанрларының өсуі мен өркендеуін, олардың өзге әдебиеттермен байланысын, шығармашылық бағыт-бағдарлар мен әдеби әдіс мәселелерін бүгінгі күн талабынан танып, талдауға тырысқан. Әрбір шығармашылық тұлғаның көркем дүниелерінің жанрлық, тақырыптық, көркемдік ізденістеріне де жаңаша ұлттық рухани құндылықтар тарапынан қарап, баға береді. Бұл томның бір ерекшелігі ұжымдық еңбектің авторларының бәрі осы кезеңнің әдеби процесін өз бастарынан кешкен сол кезеңнің әдеби де тарихи да шежіресіне қанық қазақ әдебиеті тарихының білгір мамандары мен сол кезеңнің өкілдері. Сондықтан да олар өткенге ойлы көз жіберіп, өз кезеңдерінде кеткен кемшіліктерге бүгінгі күн көзқарасымен қарап, сыншыл көзбен көруге тырысқан.

«Қазақ әдебиетінің тарихы». (Кеңес дәуірі /1941–1956/)» қамтылған 8-ші томы - (Жалпы редакциясын басқарған – ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Серік Қирабаев) – кеңес дәуірінің екінші кезеңіне арналып, осы кезеңдегі әдебиеттің даму жолдары, ағымдар мен бағыттары және оның озық өкілдерінің

шығармашылықтарын соны көзқараспен талдап, саралап-бағалауға ұмтылған. Мұнда да «1941–1956 жылдардағы қазақ әдебиеті», «Проза», «Поэзия», «Поэма», «Драматургия», «Сын мен әдеби зерттеу» және осы кезеңнің әдеби өкілдерінің – «Мұқтар Әуезов», «Сәбит Мұқанов», «Ғабит Мүсірепов», «Ғабиден Мұстафин», «Тайыр Жароков», «Әбділда Тәжібаев», «Ғали Орманов», «Қасым Аманжолов», «Қалижан Бекхожин», т.б шығармашылық портреттері жасалынып, «Әдеби байланыстар», тәуелсіздік алған қазақ әдебиетінің соны бір жаңалығы болған «Қытай және Монғолия қазақтарының әдебиеті», «Әдеби өмір шежіресі» қамтылған.

«Бұл кезең, негізінен, Ұлы Отан соғысы мен соғыстан кейінгі дәуірді қамтиды. Әдебиет дамуы осы тұстағы қоғамның саяси - әлеуметтік өмірімен тығыз байланыста өтті. Сондықтан онда Ұлы Отан соғысындағы кеңес азаматтарының Отан қорғау жолындағы ерлігі мен сол тұстағы ел өмірінің шындығы танылады. Соғыстан кейінгі әдебиет те халықтың бейбіт құрылысындағы ісі мен еңбегін көрсетуге арналды. Жалпы, әдебиет дамуын осы бағдарда ұстай отырып, қазақ жазушылары көркем сөз арқылы әр қилы өмір тартыстарында тіршілік кешкен адамның рухани биік сапасын, жан сезімі тартысын көрсетуге ұмтылды. Партияның идеология жөніндегі қаулыларының қысымына шыдай отырып, қазақ әдебиеті әдеби жанрларын дамытты. Көркем проза, әсіресе, роман

алдыңғы қатарға шықты. М. Әуезовтің, С. Мұқановтың, Ғ. Мүсіреповтің, Ғ. Мұстафиннің романдары қыркыншы-елуінші жылдардың шекарасында-ақ орыс тілі арқылы шетел тілдеріне аударылды, әлемдік әдебиеттің игілігіне айналды. Кейін бұл қатарды Ә.Нұрпейісов пен Т. Ахтанов толықтырды. Басқа жанрларда да шығармашылық ізденістердің баяндылығы байқалады. Томда әдеби процестің осы ерекшеліктері мен сол дәуірде әдебиет дамуына айрықша үлес қосқан жазушылар шығармашылығы талданады» – дейді.

«Кіріспе» авторы С. Қирабаев. Бұл кезеңді ерекше бөліп алып қарастырған автор оның өзіне тән тарихи заңдылықтарын жан-жақты ашып көрсетуге, олардың себеп-салдарын тануға тырысқан. Осы ретте атай кетер бір жай-кеңестік дәуірдегі зерттеулерде бұл кезең тарихи шындық тарапынан зерттелмеген, идеологиялық тұрғыдан танылған, сондықтан бұл томды жазуға атсалысқан көрнекті әдебиет зерттеушілері З. Ахметов, Ә. Нарымбетов, Ш. Елеукенов, Х. Әдібаев, Ж. Ысмағұлов, Т.Кәкішев, Б.Ыбырайым, А.Егеубаев, З.Сейітжанов, Б. Құндақбаев т.б сол кезеңнің тарихи шындығын ашып көрсетуге, шығармашылық тұлғалардың көркемдік ізденістерін кәсіби маман тарапынан талдауға, түсіндіруге, бағалауға тырысқан.

«Қазақ әдебиеті тарихы. Кеңес дәуірі. (1956–1990)» – Он томдықтың 9-шы томы –кеңес дәуірінің соңғы кезеңіне арналған. Бұл томда өткен ғасырдың 60-80

жылдарындағы қазақ әдебиетінің кәсіби жағынан биік деңгейге жетіп, шығармашылық тұлғалардың шеберліктері шындалып әлем әдебиетін мойындатқан, танылған бір өрлеу жылдары жан-жақты сөз болады.

Аталған томда 60-80 жылдардағы әдеби процесте өзіндік іздері бар, сол кезеңнің әдебиетін, ондағы әрбір жанрдың дамуы мен жандануына, ондағы әрбір көркемдік ізденістерге үлкен үлес қосқан қазақтың көрнекті қалам қайраткерлері мен шығармашылық тұлғалардың өмірбаяндары мен өнер тарихтары жеке-жеке зерттеушілердің еңбектері арқылы талданып, көркемдік талап тұрғысынан бағаланады. Атап айтар болсақ, «Ілияс Есенберлин», «Хамит Ерғалиев», «Жұбан Молдағалиев», «Сырбай Мәуленов», «Тахауи Ахтанов», «Әбдіжәміл Нұрпейісов», «Қалтай Мұхамеджанов», «Ғафу Қайырбеков», «Сәкен Жүнісов», «Мұқағали Мақатаев», «Шерхан Мұртаза», «Қадыр Мырзалиев», «Тұманбай Молдағалиев», «Қалихан Ысқақов», «Әбіш Кекілбаев», «Мұхтар Мағауин» сынды суреткерлердің шығармашылықтарына жеке тарау арналып, олардың бүкіл туындылары талданған. Ал, «1960–1980 жылдардағы қазақ әдебиеті», «Поэзия (Лирика, поэма)», «Проза (Осы заман романы, тарихи роман, повесть, әңгіме)», «Драматургия», «Әдебиеттану мен әдебиет сыны» және «Әдеби байланыстар» мен «Қытай және Монғол қазақтарының әдебиеті» деген тарауларда осы кезеңдегі әдеби процестер аталған жанрлық түрлер барысында

карастырылып, зерделенеді. Бұл томның да ғылыми жетекшісі – академик Серік Қирабаев. «...Осыған дейінгі әдебиет дамуының кезеңдерімен салыстырғанда, бұл дәуір – жеке адамға табынушылықтың зардаптарынан арылып, адамды тануға, оның бойындағы ізденістер мен қайшылықтарды ашуға, адам мен қоғам арасындағы қарым-қатынастың күрделене түсуіне жол ашқан, сол заманның қат-қабат шындығын көркем бейнелеуге ұмтылыстың дәуірі болып табылады», – дейді «Кіріспе» авторы.

«Жылымық» дәуірінен басталған рухани еркіндік сөз өнері шеберлерінің шынжырланып келген санасына жарық сәуле түсіріп, еркін көсілуге, еркін ойлануға, ұлттық рухты көтеруге сәл де болса саңылау ашылғанына куә боласыз. Халықтың өзін-өзі тануына, ұлттық құндылықтарын түгендеуге, өз ұрпақтарының көзіне тура қарауға, еліміз бен тарихымыздың даму сатысында үңірейіп тұрып орын алған ақтаңдақтарымыз ашылып, мәдени, әдеби жәдігерлеріміздің зерттелу тарихының бірнеше ғасырларға кейін шегінулері, бүкіл әлем алдында жазба әдебиеті бар, тасқа қашалған өзіндік әрпіміз бар, көшпелі болса да ең биік өркениетіміз бар ел болғанымызды енді ашық айтуға ие болдық. Міне, бұлардың бәрі біздің рухани құндылықтарымызды қайта тәуелсіз сана тұрғысынан қарап, жаңаша сараптауға мәжбүр етті. Ол турасында С.Қирабаев былай дейді: «Қазақ қаламгерлері коммунистік идеология ықпаылынан

біртіндеп шығу арқылы ел мен жер тарихын, отаршылдықтың зардаптарын, тәуелсіз тақырыбын сөз ете бастады. Сөйтіп, негізінен, алпысыншы жылдар әдебиетін туғызған ұрпақтың көркемдік ой-пікірі қалыптасты, осы дәуір әдебиетінің ізденістері, бағыт-бағдары талдауға алынды. Әдеби процестің негізгі ерекшеліктерін, жанрларының дамуын зерттеумен қатар, дәуірдің бірқатар көрнекті қаламгерлерінің шығармашылығы монографиялық түрде талданды».

Осы дәуірдің ең басты жаңалығының бірі – қазақ әдебиеті тарихы жайлы деректер бұрынғы зерттеулерде ХҮІІІ ғасырдан бастау алып келсе, бұл жылдардағы зерттеулерде оның тарихы көне дәуірден, түркі тектес халықтардың ортақ жазба мұраларынан бастау жөніндегі пікірлер ғылыми тұрғыдан дәлелденді, олар тың тарихи мәліметтермен толықты. Осы орайда А.Қыраубаева, М.Жолдасбеков, М.Мағауин, Н.Келімбетов, Х.Сүйіншәлиев, еңбектері көне әдеби жәдігерлерімізді жүйелеуге зор үлес қосты. Және осы дәуірде көне түрік мұралары «Бабырنامه», «Оғузнаме», «Мухамедنامه», Қожа Ахмет Йасауидің «Диуани хикмет» кітабы қазақ тіліне аударылып, рухани игілікке айналды.

Және осы кезеңде қазақ фольклорының да көне үлгілері, тарихилығы т.б «Қазақ фольклористикасының тарихы» жасалды. 6 томдық қазақ қолжазбаларының сипаттамасы басылды.

Ақтаңдақтар арқылы өмірге келген туындыларды оның авторларын түгендеп, жүйелеп жазу, оларға жеке монографиялық, диссертациялық зерттеулер жазу мәселесі қолға алынып, қыруар жұмыстар атқарылды.

«Поэзия» деген тараудың «Лирика» атты тараушасында Ә. Тәжібаев, Т. Жароков, Ж. Молдағалиев, Х. Ерғалиев, Қ. Мырзалиевтің лирикалық туындыларына талдау жасалды.

«Прозадағы» «Осы заман романына» М. Әуезовтің «Өскен өркен», З. Шашкиннің «Теміртау», «Доктор Дарханов», «Сенім», Т. Әлімқұловтың «Ақбоз ат» романдары мен Тахауи Ахтановтың «Боран» повесі сол кезеңнің көркем шежіресі ретінде зерттеледі. Үлкен бір саласын жан-жақты зерделеген тарауда көптеген көркем шығармалар талданып, сол кезеңдегі барлық қаламгерлердің шығармашылықтарына шолу жасалу мақсат етілген. Оларда қарастырылған туындылардың тізімін жасап шығудың өзі талай парақты толтырады. Барлық жанрлық түрлерде қызмет еткен, оларда өзіндік өрнек ізденістерімен көзге түскен жазушылардың шығармалары нақты көркем мәтінді талдау барысында зерттеледі. Әсіресе, О. Бөкей, Т. Әбдіков, О.Әубәкіров, Е.Домбаев, Б.Қыдырбекұлы, Т.Нұрмағамбетов, Д. Исабеков, С. Мұратбеков, А.Сүлейменов, Ш.Мұртаза, Ә.Кекілбаев, М.Байғұт т.б шығармаларындағы жаңалықтарға, соны стильдік ізденістерге көп орын берілген, кеңінен зерттелген.

«Әдебиеттану мен әдебиет сыны» деген тарауда үш том, алты кітаптан тұратын «Қазақ әдебиеті тарихына» шолу жасалып, олардың әрқайсысында көтерілген мәселелер мен кезеңдерге кеңінен талдау жасалады. Және осы кезеңдер аралығындағы мерзімді баспасөз беттеріндегі әдебиеттануға қатысты еңбектерде назардан тыс қалмай әдеби процестің даму заңдылықтарына қосқан үлесі айтылып кетеді. Әдебиет зерттеушілер Қ. Жұмалиев «Қазақ эпосы мен әдебиеті тарихының мәселелері» /1958/, «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі» /1960/, Е. Ысмайлов «Ақындар» /1956/, «Ақын және революция» /1964/», «Сын және шығарма» /1960/, «Әдебиет жайлы ойлар» /1963/, Б. Кенжебаев «Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері» /1973/, «Қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселелері» /1941/ монографиялық зерттеулері, М.Қаратаев «Шеберлік шыңына», /1963/, «Әдебиет және эстетика» /1970/, Т. Нұртазин «Жазушы және өмір» /1960/ т.б еңбектері туралы ғылыми шолулар жасалған.

«Қазақ әдебиетінің тарихы. Тәуелсіздік кезеңі (1991–2001)» – он томдықтың 10-томы – ғылыми жетекші – ф.ғ.д., профессор Шериаздан Елеукенов – тәуелсіздік жылдардағы әдебиетке ғылыми сараптама жасалған. Мұнда осы кезең аралығында жарияланған көркем шығармалар жанр бойынша жүйеленіп, қарастырылған монографиялық тараулардан тұрады. Атап айтсақ, том «Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде» деген негізгі

тараудан соң «Проза», «Повесть, хикаяттар», «Әңгіме», «Деректі әдебиет», «Сатира», «Фантастика», «Лирика», «Поэма», «Драматургия», «Қазақстан халықтарының әдебиеті», «Әдебиеттану», «Әдеби – көркем сын», «Қазақ әдебиетінің халықаралық байланыстары», «Әдеби өмір шежіресі», «Библиографиялық көрсеткіш» деген арнаулы тараулардан тұрады. Бұл томның алдыңғы томдардан өзгешелігі осы кезең әдебиетінде өзіндік орындары бар жеке жазушылардың өмірі мен шығармашылығы турасындағы монографиялық очерктердің берілмеуі. Оның себебін «Кіріспе» авторы, зерттеуші Ш. Елеукенов былай түсіндіреді: «Себебі, тәуелсіздік кезеңі әдебиеттің идеялық-эстетикалық һәм стильдік жаңалықтарына шешуші ықпал жасаған жазушылар легі әлі толық түзіліп болған жоқ. Оның бер жағында кезеңнің өзі де әлі толысу үстінде. Құбылыс ретінде түпкілікті қалыптасып үлгіре қойған жоқ». /7 б/.

Сондықтан бұл кезеңдегі әдеби өзгерістер мен көркемдік құбылыстарға соншалықты мән берілмей, жарияланған жеке шығармаларға, оларда көтерілген мәселелерге кеңірек орын берілген сияқты. Ал, шындығында бұл тәуелсіздік жылдары еліміздің егемендікке ие болып, ұлттық сана – сезіміміз өсіп, өзіміздің руханияттарымызды таза көркемдік құндылықтар тарапынан тани бастаған өзгеше бір құбылыс кезеңі емес пе?.

«Проза» тарауында Ә.Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» роман-дилогиясы, Б.Мұқайдың «Өмірзая» романы, Жайық Бектұровтың «Таңба» романы, С. Елубайдың «Мінажат», «Ақ боз үй», Ә. Таразидің «Жаза» Ж.Шаштайұлының «Біздің заманның Аяз биі» Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» т.б прозалық туындылары тақырыптық, жанрлық, стильдік, көркемдік тұрғыдан талданып, зерттеледі. Осы шығармалардағы тәуелсіз ой-сананың сәулесі болған ұлттық мәселелердің көтерілуі, тарихи тақырыптарға жазылған туындылардағы тың мұрағаттық құжаттардың кейіпкер тағдырымен тамырласып бейнеленуі жан-жақты талданады.

«Әңгімеде» бүгінгі қазақ прозасында көрінген шағын жанрдағы жаңалықтар нақты көркем мәтіндер арқылы талданады. Осы орайда – жаңа заманның жаңалықтары, тәуелсіздік алған еліміздің жаңа адамдарының тағдыры, табиғаты, мінез-құлқы, өзгерген санасы мен ойлау жүйесі, жалпы жаңа адамдардың типі шапшаң және шағын жанр болғандықтан, әңгімеде тез танылады.

Тәуелсіздік алған соңғы жылдардағы қазақ әдебиетінде әңгіме жанрымен ерекше көзге түскен сөз зергерлерінің, атап айтқанда М. Мағауин, Ш. Мұртаза, Қ. Жұмаділов, Б. Нұржекеұлы, Қ. Түменбай, Н.Ораз, Т. Ахметжан т.б шығармаларына шолу жасаған автор оларда көтерілген мәселелер мен бүгінгі заман талабына сай құрылған түрлік жаңалықтарын ашуға тырысқан.

Мәселен, соңғы жылдары көлемді эпикалық жанрлардан гөрі шағын әңгіме жанрына көп әуестеніп жүрген М. Мағауиннің көркемдік эксперименттеріне, түрлік құрылымдарына, стильдік ізденістеріне шынында да ерекше көңіл бөлмеске болмайды. Қолына жаңа қалам алған жас жазушы емес, бірнеше роман, повестердің авторы атанған, қазақтың көрнекті сөз зергері санатына қосылған әрі ғалым әрі қаламгер, кәсіби қалыптасып, сөз өнерінің бүкіл ұңғыл-шұңғылын терең меңгерген майталман жазушының бұл талабы сөз жоқ барға қанағат жасамай, тоқмейілсімей үнемі ізденісте жүретіндігін дәлелдесе керек. Суреткердің 2002 жылы Алматыдағы «Қағанат» баспасынан жарық көрген 13 томдық шығармалар жинағының 7-ші томына топтастырылған тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында жазылған әңгімелері соның айқын айғағы. Мәселен, «Салах-ад-Диннің үкімі» атты әңгімесінің жазылу стилінің өзі соны, түрлік құрылымы да қазақ оқырмандарына тосын. Аңыздық сипатта жазылғанымен айтары мол әңгімеде алашордашылар тағдыры да, бұрындары ашық айтыла бермейтін ұлт мәселесі де көркемдік тұрғыдан талданып, зерттелген. Тарауда жазушының бірнеше әңгімесі «Жүсіптің қызы Светлана», «Нала», «Карлагтан хат», «Орыстың төресі», «Ұлт-аралық жанжал», т.б. турасында кеңінен сөз қозғалады.

Көрнекті қазақ қаламгері Шерхан Мұртазаның да «Алапар мен Динго», «Бұршақ», «Тәуекел той» т.б. сияқты

бірнеше әңгімесі талданып, олардағы тақырып мен мазмұн мәселесі зерттеледі. Жазушының мысқыл аралас тіл өрнегіне өзіндік із салған ит-құстармен адамдардың өмірін қабыстыра, жымдастыра бейнелеу әдісі сөз жоқ автордың тынымсыз шығармашылық ізденісін көрсетеді.

Сондай-ақ, осы тарауда кейінгі жылдары осы шағын жанрда өндіріп жазып жүрген жазушылар Нұрғали Ораз бен Талаптан Ахметжанның бірнеше әңгімесіне тоқтала отырып, олардың қазақ әдебиетіне қосқан тың тақырыптары мен жаңа кейіпкерлеріне, бұрын-соңды ұлттық әдебиетте байқалмаған тосын образдарына талдау жасайды. Және қазіргі әдебиеттануда жиі айтылып жүрген модернизм һәм постмодернизм ұғымдары негізінде жазылған Р.Мұқанованың «Тұтқын», А.Ықсанның «Дүңгіршек», Д.Амантайдың «Мен сізді сағынып жүрмін» т.б. деген әңгімелеріндегі көркемдік-эстетикалық әлемді сөз өнерінің талап-талғамына сай талдайды.

Бір сөзбен, айтқанда, бұл томда қазіргі қазақ әдебиетінің барлық салалары мен жанрлық түрлеріне толық түрде шолу жасалып, тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық әдебиеттану ғылымының көптеген мәселелері кеңінен қозғалған деп айтуға толық құқығымыз бар десек болады.

“Қазақ әдебиеті тарихының” он томдық жинағындағы барлық томдарға шолу жасай келе түйеріміз, ұлттық сөз өнеріміздің тарихы енді ғана өзінің шынайы тамырын тауып, шырайы енген

шұрайлы, шүйгінді шалғындарына ене бастады, десек те бұл да тереңдетіліп зерттеліп бітпеген, әлі алар асуы алда жатқан, зерделенер тұсы мен назар аударар аудан-аумағы бар жәйт десек болады. Және біздің шолу мақаламызда бүкіл тарих түгел қамтылып, жаңаша байыпталған сараптамаларға да толыққанды талдау жасалды деуден аулақпыз. Ол мүмкін де емес. Бірнеше ғылыми ұжымның зерттеулеріндегі қатпары мың қабат құнды әдеби, тарихи құжаттар мен мәліметі мол ғылыми деректердің де дәмін дәл жеткізе алдық деп те айта алмаймыз. Біз, мүмкіндігінше, әр томда қарастырылған дәуірлер мен тарихи оқиғалар, соларға сәйкес туған әдеби мұраларды жүйелей отырып, қазақ әдебиеті тарихы қайта түгенденіп, қайта толықтырылып, жаңаша көзқарас тұрғысынан қайта жазылғандығын айтуға тырыстық.

3.4 Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы мен зерттелуі

Тәуелсіз әдебиеттану ғылымындағы соны бағыттың басты мұраты - ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихын, әдебиет теориясының негіздерін, ұлттық әдеби ұғымдарды өзіміздің көне рухани мұраларымыздан, ежелгі әдеби жәдігерлеріміздің көркем мәтіндерінен іздеу жұмыстарының жүргізіле бастауы дер едік. Оның бірден-бір дәлелі –М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы бөлімінің ғылыми қызметкерлер ұжымы (ғылыми жоба жетекшісі А. Ісімақова) «Қазақ әдебиеттану ғылымы: тарихы, теориясы, сыны» деген тақырыпта үлкен ғылыми жоба бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізген болатын. Осы үш жылдық ғылыми жоба негізінде жазылып, 2008 жылы А»ҚазАқпарат» баспасынан екі томдық кітаптың 1-томы 646 беттік көлемде жарық көрген “Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы” атты ғылыми-зерттеу жұмысында бұрындары кеңестік кезеңнен бастау алған деп келген қазақ әдебиеттану ғылымының көне бастаулары, қалыптасу мен даму жолдары т.б тұңғыш рет ғылыми тұрғыда жүйеленді. Әдебиеттану ғылымының үш ірі саласы-әдебиет тарихы, сыны, теориясы саласындағы ізденістер кеңінен қамтылып, кезеңдік тұрғыдан жүйеленіп, бір ізге түсірілген. монографиялық зерттеуде тұңғыш рет ұлттық

әдебиеттану ғылымының тарихы көне түркі әдебиетінен басталып, күні бүгінге дейінгі әдебиеттанушы ғалымдардың сөз өнеріне қатысты әдеби-теориялық ойлары, стиль және жеке жанрлық түрлер мен категорияларды талдаған еңбектері “пән сөздері” аясында арнайы зерделенді. Жалпы, ғылыми жобаның мақсат, міндеті “Кіріспеде” жан-жақты жүйеленіп айтылды. Кеңестік дәуірдің уақыт талабына сай қазақ әдебиеттану ғылымының туу дәуірін Қазан төңкерісінен кейін бастау керек деген ұсыныстардың болғандығын, алайда түбі бір түркі тектес халықтарға ортақ әдеби жәдігерлердің, мәдени мұралардың қолда бар мәтіндері біздің сөз өнері тарихының тамыры әріде, тым тереңде жатқандығын дәлелдейтін бұлтартпайтын нақты ғылыми деректер екендігін, алайда олардан саналы түрде сырт айналуымызға тура келгендігі бүгінде мойындалған тарихи факт. Сондықтан да бұл еңбекте ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихы қазақ жеріндегі Отырарда туған, әлемге “екінші ұстаз” атанған энциклопедист ғалым Әбунасыр әл-Фарабидің әдеби-ғылыми мұраларына басталады. әл-Фарабидің сөз өнеріне тікелей қатысты бірнеше еңбектері талданып, түркі әлеміндегі әдеби-эстетикалық көзқарастың, әдебиеттану ғылымының жанрлық, категориялық терминдерінің кеңестік дәуірге дейін қалыптасқандығын нақты талдаулар арқылы ғылыми айналымға енгізеді. Осы мақсатта жазылған әдебиеттанушы ғалым Жандос

Смағұлдың “Ежелгі дәуірдегі әдеби таным арналары (ҮІ-ХІҮ)” атты тарауында ежелгі дәуір әдебиетінің басы саналатын әдеби нұсқа бар екендігін дәлелдеген Йолығ тегіннің “Күлтегін” тарихи-әдеби жазба ескерткіші және ұлттық эстетикалық танымның тамыры болған “Қорқыт ата кітабындағы” Қорқыттың өнерпаздық тұлғасы, сондай-ақ Орхон-Енисей, ”Тоныкөк”, ”Могилян хан”, ”Оғызнаме” т.б көптеген жазба ескерткіштері, олардың ұлттық әдебиеттану ғылымының қалыптасуындағы қомақты үлесі жайлы жан-жақты сөз болады. Бұл еңбектің құндылығы бұрындары қазақ әдебиеттану ғылымында әдеби және ғылыми айналымға енген тың туындылардың талдануы. Жоба жетекшісі Айгүл Ісімакованың “Қазақ әдебиеті туралы ғылымның бастауы (Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев)” атты тарауда Шоқан, Абай мен Ыбырайдың әдебиеттің өнер екендігін, олардың шығармаларында әдеби-теориялық білім жүйесі жасалғандығын нақты мәтіндерді талдау арқылы айқындайды.

“Кәсіби қазақ әдебиеттануының қалыптасуы (1900-1932)” (авторлары Г.Пірәлиева, А.Ісімақова) атты үшінші тарауда кеңес дәуіріне дейінгі әдеби-эстетикалық көзқарастар Алаш зиялыларының еңбектерінде қалыптасқандығы, алайда олардың тек еліміздің тәуелсіздік алған соңғы жылдары ғана ғылыми айналымға ене бастағандығы және ХХ ғасыр басындағы мерзімді баспасөздерде болған әдеби айтыстар, барлық салада

жарияланып жатқан оқулықтардың құндылықтары, ел арасындағы әдеби мұраларды жинау барысындағы атқарылған игілікті шаралардың сол кезеңдегі әдебиеттану ғылымының үш саласының да (әдебиет тарихы, сыны, теориясы) жан-жақты дамып, кәсіби деңгейде дамуына дәнекер болғандығы т.б жөнінде кеңінен әңгіме болады.

“Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеттануының дамуы (1932-1956)” (авторлары Г.Елеуенова, А.Ойсылбай) атты төртінші тарауда қазақ кеңес әдебиеттануының дамыған кезеңі, таптық көзқарастағы тақырыптық, идеологиялық мәселелердің алға шығуы, жағымды, жағымсыз кейіпкерлердің туу себептері, т.б кезеңдік мәселелер сөз болады. Және осы кезеңде әдебиеттану ғылымында белсенді еңбек етіп, ұлттық сөз өнерінің кәсіби тұрғыдан дамып, өрістеуіне үлес қосқан көрнекті әдебиеттанушы ғалымдардың өмірі мен шығармашылықтарына да арнайы зерттеу жұмыстары жүргізілген.

“1957-1991 жылдардағы қазақ әдебиеттануы” (авторлары Г.Елеуенова, Г.Пірәлиева) атты тарауда жетпіс жылдық тарихы бар қазақ әдебиеттану ғылымының жылымық кезеңі, сол кезеңде әдебиетке келген кәсіби дайындығы бар жастардың (Ә.Кекілбаев, А.Сүлейменов, З.Серікқалиев, Қ.Ысқақ, Ш.Мұртаза, Т.Тоқбергенов т.б) көркемдік, ғылыми деңгейді дамытудағы қолтаңбалары, 1988 жылы Алаш ардагерлерінің ақталып, ғылыми айналымға ене бастауы арқылы жаңа ғылыми көркемдік

жүйенің қалыптасуы, әдеби сынның шарықтап өрістеуі, әдебиеттану ғылымында тек сөз өнерінің мәселесіне арналған арнайы ғылыми монографиялық зерттеулердің, ғылыми дәреже үшін жазылған диссертациялық еңбектердің дамуы т.б осы кезең аралықтағы рухани құндылықтарымызға қосылған жақсы жаңалықтар зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған.

Және бір ерекше тоқталар жәйт-көне дәуірден күні кешеге дейінгі кезең аралықтағы ұлттық әдебиеттану ғылымын қалыптастыруға өзіндік үлес қосқан қаламгерлер мен зерттеушілер, әдебиеттану ғалымдардың өмірі мен шығармашылықтары жөнінде арнайы тараулар мен қоса шолу мақалалар да берілді.

“Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы” атты екі томдық еңбектің алғашқы томының ерекше атап өтер жаңалығы – ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихи негіздері, бастау көздері, кәсіби қалыптасу кезеңдері мен даму жолдары, оның әдебиет тарихы, сыны, теориясы атты үш үлкен саласындағы теориялық ізденістер тұңғыш рет жүйеленіп, бір арнаға түсуінде десек болады.

«Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» аты екі томдық зерттеудің екінші томында ұлттық әдебиеттану ғылымының тәуелсіздік кезеңіндегі жетістіктері теориялық тұрғыдан талданып, көркем сөз үлгілерін жүйелеу, дәуірлеуге дейінгі аралық арнайы зерделенген.

Жинақта қазақ әдебиеттану ғылымындағы тәуелсіздік кезеңінде жарияланған зерттеу еңбектердің жүйесі мен

әлем әдебиеттануының классикалық филология мен соңғы жылдары кеңінен бүкіл өнер өлкесінде өріс алып отырған постмодернистік (постструктуралистік) зерттеулер әдісін талдау да нысанаға алынған. Зерттеу көркем сөзді танудың тарихына, теориясы мен сынына қатысты үш бөлімнен тұрады.

Алғашқы тарау «Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиетті танудың теориялық мәселелері» деп аталады. Ол бірнеше тараушалардан тұрады. Атап айтар болсақ, «Ежелгі әдебиет үлгілерінің зерттелуі», «Тәуелсіздік кезеңіндегі абайтану», «Қазіргі кезеңдегі әдебиет тарихы мен әдебиеттанудың теориялық мәселелері», «Бүгінгі постмодернистік зерттеулер», «Қазіргі әдебиеттану ғылымындағы герменевтикалық, структуралистік және семиотикалық зерттеу тәсілдері» деген бірнеше тараушалардан тұрса, «Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеті тарихын жаңаша жазу» атты екінші тарауда еліміздің егеменді алған кезеңінен бастап қайта қаралып, жаңаша пайымдалған тәуелсіз ұлттық қазақ әдебиеті тарихы және әдебиеттану ғылымының көкейкесті мәселелері сөз болады. «Тәуелсіздік кезеңіндегі әдеби сын» атты тарауда соңғы жылдары өткен халықаралық ғылыми - теориялық конференцияларындағы қазіргі әдебиеттану ғылымының мәселелері зерделенген.

Сондай-ақ, тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттің жаңаша пайымдалуы барысындағы осындай игілікті істің тағы бір бастамасы әдебиеттанушы ғалым Жандос Смағұловтың

зерттеулері арқылы байқалады. Қазақ әдебиеті туралы ғылым қашан пайда болды, оның алдында қандай бастаулары болды деген сауалға жауапты ол 1990 жылдары қайта көтерді.

1999 жылы жарық көрген Ж. Смағұловтың «Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихы» атты зерттеуінде ұлттық әдебиеттану ғылымының тууы мен қалыптасу кезеңдері, кеңестік идеология мен маркстік-лениндік әдіснаманың тозғаны, әдеби мұраны игеру мен осы бағыттағы нақты ұсыныстарды бүгінгі уақыттың жаңа талаптары тұрғысынан қарастырылады.

Ал, С.Б.Жұмағұловтың “XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы (1956-1991)” деген 2008 жылы Қарағанды қаласынан ЖШС “Гласир” атты баспасынан 552 беттік көлемде жарық көрген монографиясында өткен ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері жылымық жылдарынан бастап тәуелсіздік кезеңіне дейінгі қоғамдық өмірдің саяси-әлеуметтік ағысындағы қайшылықтармен тығыз байланыста қарастырылған. Монография ірі үш тараудан тұрады. “Жылымық” жылдарындағы ұлттық әдебиеттану” атты алғашқы тарауында “Қазақ әдебиетінің ғылыми тарихын жасау жолдары”, “Әдеби сын және эстетикалық таным-білік”, “Әдебиет теориясының мәселелері” қарастырылған. Ал, “1968-1984 жылдар аралығындағы ұлттық әдебиеттану” деген екінші тарауында қазақ әдебиеті

тарихының зерттелу үрдісі, байырғы әдебиет бастаулары, фольклористика және түркітану, шығыс руханиятымен дәстүрлі әдеби байланыс, ХҮ-ХҮІІ ғасырлардағы жыраулар поэзиясы, ХІХ-ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті, кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті, көркемдік үрдіс және әдеби сын, әдебиет теориясының даму өрісі, өлең сөздің теориясы, драматургия арналары т.б мәселелер жан - жақты қарастырылған.

2007 жылы әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы бөлімінің ғылыми ұжымы үш томдық “Мировое литературоведение” атты хрестоматиялық оқу құралының алғашқы екі томын жарыққа шығарды. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Ғылыми кеңесі ұсынған, тәуелсіздік алған тарихи жылдар көлемінде тұңғыш рет әлем әдебиеттануы мен ұлттық әдебиеттану ғылымындағы сөз өнері туралы ең таңдаулы деген теориялық еңбектерді құрастырған бұл еңбектің 272 беттен тұратын алғашқы томындағы “Специфика искусства и принципы его изучения”, “Литература как вид искусства и ее роды”, “Литературное произведение” деген тарауларда әлемдік әдебиеттану ғылымындағы теориялық ойлар мен оған қатысты басты категориялардың, атап айтқанда автор мен кейіпкер, сюжет пен композиция, көркем образ бен сөз, жанр мен стиль т.б сияқты мәселелердің генезисінен бастап даму жолдары жайында жазылған зерттеуші мамандардың еңбектерінен ең қажетті деген тұстары ықшамдалынып алынған

мақалалардың топтамалары берілген. 2008 жылы 316 беттік көлемде жарияланған екінші томында “Литературное произведение”, «Стилистика», “Стихование”, “Литературные жанры” “Функционирование литературных произведений” деген тарауларында әдебиеттану ғылымының философия, мәдениеттану т.б ғылымдарындағы теориялық ойлар жинақталған.

Ұлттық әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет жарияланып отырған хрестоматиялық оқу құралы студенттерге, филолог мамандарға, әдебиетшілерге аса зәру еңбек екендігі сөзсіз.

Ендігі кезекте тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары жазылып, жарық көрген жеке және ұжымдық ғылыми зерттеулер мен монографиялық еңбектерге шолу жасай кетуді де мақсат тұттық.

Айталық, “Қазіргі әдебиеттану мен фольклористиканың теориялық және методологиялық мәселелері” атты ұжымдық жинақты Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультеті әдебиет теориясы және фольклористика кафедрасының ғылыми қызметкерлері осы университеттің 70 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда (24–26 мамыр, 2004 жылы) жасалған баяндамалар негізінде дайындаған. Көлемі – 384 бет. Бұл баяндамаларда әлем әдебиеті мен ұлттық әдебиеттер және халық ауыз әдебиеті мұраларына қатысты типологиялық,

эстетикалық және поэтикалық заңдылықтар, мазмұн мен құрылым, стиль, жанр мәселелері сөз болады. Салыстырмалы әдебиеттану мен әдеби байланыстар, шығарманың мәтіндік жүйелері, жекелеген көркемдік әдіс–амалдардың, қара сөз бен өлең сөздің ерекшеліктері қарастырылады. Жинақ екі бөлімнен тұрады. 1-бөлім әдебиет теориясы мәселелеріне арналған, 2-бөлімде фольклористика және текстология мәселелеріне арналған ғылыми мақалалар жинақталған.

Сәті келгенде айта кетер бір жәйт - осы университеттің ғылыми ұжымы әркезде әдеби процесті уақтылы саралап отыруды назардан тыс қалдырмайды. Өйткені, күнделікті оқу процесі, студент жастарды уақыт талабына сай күнделікті өмірмен, әдеби ағыммен таныстырып отыру үшін оқу құралдарын жаңа есімдермен, жаңа әдеби дәстүр, ізденістермен толықтырып отыру-бүгінгі күн талабы. Соның бірден-бір дәлелі – ф.ғ.д, профессор Ж.Дәдебаевтың **“Қазіргі қазақ әдебиеті”** деген лекциялар курсы десе де болады (Алматы. Қазақ университеті. 2002, –311 б.)

Мұнда 60–90 жылдардағы әдеби дамудың бағыт-бағдары, көркем шығарма табиғаты, жекелеген ақын-жазушылардың шығармашылық өмірбаяндары, қаламгерлік қасиеті мен даралық шеберлігі жөнінде жан-жақты айтылған. Ең бастысы, еңбекте ғылыми - теориялық тұрғыдан талданған көркем шығармалардың дені жаңа, тың есімдер, соңғы жылдары ғана әдеби

айналымға енген шығармалар. Студент жастардың жаңа әдебиетті, замандас қаламгерлерді танып–білудегі талпыныстары, автордың салмақты ғылыми тұжырымдары мен қазіргі әдеби процесті толыққанды түрде талдап, белгілі дәрежеде жүйелеген көркем шығармалар. Әрбір лекцияда (25 лекция) жаңа жазушының соңғы шыққан шығармалары талданған. Ондағы автордың көркемдік, стильдік ерекшеліктері, олардың қазіргі әдеби процестегі орындары айқындалған. Және лекцияда әңгіме болған ақын-жазушылардың шығармашылығы, олардың мерзімді баспасөз беттерінде талданған әдеби сын-талғам туралы да сөз қозғалады.

М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының академик З.Ахметов жетекшілік еткен әдебиет теориясы мен әдебиеттану методологиясы бөлімінің ғылыми қызметкерлері мен штаттан тыс авторлар – белгілі ғалым-мамандардың белсене атсалысуымен 1996 жылы “Әдебиеттану. Терминдер сөздігі” жасалды. Әрбір әдебиетшінің күнделікті қолданылатын кітабына айналған сөздікте қазақ әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет әдебиет теориясына қатысты барлық әдеби ұғымдар мен ғылыми терминдер бір жүйеге түсірілді және оларға қазақ тілінде ғылыми анықтамалар берілді. Қазақ сөз өнерінің ұлттық қасиеттері мен ғылыми сипаттары, тарихи ерекшеліктері, әдеби үрдістен туындайтын өзіндік өрнектері бұл еңбекте жан-жақты толықтырылып, қамтылды.

Қазақ әдебиеттану ғылымында тұңғыш рет сөз өнеріне қатысты ғылыми-теориялық терминдерді ұлттық ұғымға лайықтап, жүйелеп берген А.Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқыш” еңбегіндегі өлең құрылысына қатысты әдеби терминдерді пайдаланғаны болмаса, З.Ахметов бұл еңбекке көп сүйене қоймайды. Оның себебін былай түсіндіреді:” ...Мысалы, теңеу, кейіптеу, тұспалдау, әсірелеу, шендестіру, арнау, сөз өнері, шығарма, ауыз әдебиеті, мазмұн, тармақ, шумақ, бунақ т.б.Бұлардың аса мәнді терминдер екенін атай отырып, Байтұрсынов осы кітабында қолданған кейбір терминдердің еленбей, ескерілмей қалғанын да айта кеткен жөн.”, - дей келе өзінің ұстанған принципін былайша айқындайды:” ...Осылар және орысша терминдердің қазақша баламасы ретінде кірген терминдер және бір үлкен бірнеше салалы арна болып қалыптасты. Бұлардың бірінші тобына поэзия, тип, характер, идея, сюжет, композиция, драма, трагедия, комедия, классицизм, романтизм, реализм, жанр, стиль, роман, повесть, лирика, публицистика секілді терминдер кірді десек, екінші тобына әдіс, әдеби ағым, бағыт, көркемдік шындық, кейіпкер, көркемдік түр, лирикалық қаһарман, лирикалық шегініс, жаңашылдық, көркем өнер сияқты көптеген терминдерді жатқызуға болады.”/156/.

Интернационалдық , яғни, шет тілдердегі және шығыс халықтарының тілдерінен енген терминдердің сол тілдегі қалпы сақталынған. Және көптеген ғылыми ұғымдарды бүгінгі ғылыми-техникалық ойдың даму деңгейіне сәйкес

айқындап, жаңаша анықтама беру жайына жете көңіл бөлінгені байқалады.Осы ретте , авторлар әдебиеттің әр кездегі қоғамдық қызметтеріне/айталық идеялық, халықтық т.б/ тоқтала келіп, оларды бүгінгі тәуелсіз сана тұрғысынан талдайды. Әдебиеттің таза көркемдік шарттарына сәйкес қаламгерлердің шығарма жазудағы шеберлігі басты нысанаға алынады: “Әдебиеттану ғылымының пәнін, ауқымын, шеңбер-шегін, міндеттерін, зерттеу принциптерін-методологиясын және осы ғылымның басқа ғылым салаларымен арақатынасын, шек-жігін айқындай түсіп, әдебиетті зерттеу принциптерін философиялық методологиямен-зерттеу әдістерімен ұштастыра білу қажет.... Әдебиеттану ғылымының пәні, шеңбері, шегі, басты, ең негізгі мәселелері неғұрлым дұрыс анықталса, ғылыми ұғымдар жүйесі, оған сәйкес терминдер жүйесі де, көлемі жағынан да, топтап жіктелуі жағынан да дұрыс айқындалады”/19 б/.

Бұл еңбектің тағы бір құндылығы-осы күнге дейін әр еңбекте әр түрлі деңгейде, әр түрлі контексте әр қалай қолданылып жүрген жеке әдеби ұғымдарды жіктеп, жалпы әдеби құбылыстардың ерекшелігін толық көрсете алатын атау ретінде алып, тұтас жүйесін жасау десек болады.Өйткені, әдеби терминдердің негізгі қоры-“қазақ әдеби тілінің сөздік байлығы, жаңа сөздер тудырудағы мол мүмкіншілігі” мен “көпшілік сынынан өтіп, қабылдануы” екендігі сөзсіз. Әдебиеттану саласындағы ғылыми ұғымдар мен терминдердің жасалуы біздің

ұлттық ғылыми тіл мен стиліміздің де қалыптасып, дамуына дәнекер болғаны сөзсіз. Әр ғылым саласы осылай өздерінің “пән сөздерін”, яғни ғылыми терминдері мен ұлттық ұғымға лайықты кәсіби түсініктерді дамытып, толықтырып, байыту арқылы ғылым тілін жетілдіретіні белгілі. Олай болса, бірнеше мың терминдерді жүйелеген “Әдебиеттану сөздігі” де қазақ әдебиеттану ғылымына қосылған құнды еңбек, қомақты үлес деп айта аламыз. Әлі де болса бұл еңбекті қайта қолға алып, жыл сайын жаңарып, толығып, дамып жатқан әдеби терминдерімізді бүгінгі күні ғылыми айналымға кеңінен еніп жатқан көне түркі әдебиетіміздің бастауларынан бастап, кешегі Абай пайдаланған ескі шағатай, парсы, араб терминдерінің қазақша баламасын жасап, жаңаша бағыттағы өзіміздің ұлттық әдеби тілімізге тән терминдер мен әдеби түсініктер жүйесін жасасақ құба - құп болар еді дейміз. Әрине, ол келешектің, әсіресе осы бастаманы көтеріп отырған әдебиет теориясы мен әдебиеттану методологиясы бөлімінің алдағы уақытта атқарар абыройлы міндеті. Ойдың тереңдігі мен нақтылығын, дәлдігін талап ететін тәуелсіз елдің сөз өнеріндегі бүгінгі ғылыми тілдің дамуы, уақыт талабы бізден соны күтеді.

Арнаулы зерттеулер негізінде, ғылыми принциптерге сүйеніп жазылған қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы мен зерттелу мәселелері әдебиеттану ғылымының қазіргі деңгейін танытады, сөз өнеріне, тарихи-әдеби процеске бүгінгі көзқарасты айқындайды.

4. ТАРАУ. Қазіргі қазақ әдебиеттануындағы жанр және поэтика мәселелері

4.1 Әдебиет теориясы көркемдік әлемнің зерттелуі

XX ғасырдың басынан бастап қазіргі қазақ әдебиетіндегі жанр мен поэтика мәселелері әдеби процестермен үндесе отырып, әдебиеттану ғылымының басты категориялары ретінде жүйелі түрде сөз болып келеді. Мәселен, әдебиет теоретигі, көрнекті өлеңтанушы Зәки Ахметовтің жетекшілігімен әдебиет теориясы бөлімінің сол кездегі ғылыми ұжымының атсалысуымен 2004 жылы “Жанр және поэтика мәселелері” атты ұжымдық (қазақ және орыс тілдерінде жазылған) монография жарық көрген-ді. Зерттеу “1–тарау: Сөз өнеріндегі жанрдың ерекшеліктері мен көркемдік эстетикалық құндылықтары” және “2–тарау: Жанр және поэтика мәселелері” атты екі үлкен тараулардан тұрады. Онда қазақ әдебиетіндегі жанрлық жүйе, әдеби процесс, эстетикалық контекст, әдебиеттің түрлері мен методологиясы ғылыми–теориялық тұрғыдан қарастырылып, жан-жақты зерттелген.

XX ғасырдың басынан бастап қазіргі қазақ әдебиетіндегі жанр мен поэтика мәселелері әдеби процестермен үндесе отырып, ортақ мақсат орайында сөз болды.

Монографиялық еңбекте көбіне қазақ әдебиетіндегі жанрлық жүйе мен жанрлық түрлердің көркемдік ерекшеліктері мен стильдік ізденістері жөнінде теориялық мәселелер қозғалды. Кейінгі жылдары қазақтың сөз өнерінде кеңінен орын алған әлеуметтік – тұрмыстық, эпистолярлық, фантастикалық, философиялық, психологиялық, тарихи т.б. секілді жанрлық түрлерде, атап айтқанда Ж.Аймауытұлының “Ақбілегі”, “Күнікейдің жазығы”, М. Әуезовтің “Абай жолы”, І.Есенберлиннің “Көшпенділері”, Ғ.Мүсіреповтің “Ұлпаны”, Д. Исабековтің “Қарғыны”, Ә. Таразидің “Жаза” т.б. романдары эстетикалық - көркемдік құндылығы мен кәсіби шеберлігі жоғары шығармалар ретінде арнайы қарастырылды.

Осы еңбекті жоспарлап, өзі басында жетекшілік еткен академик З.Ахметов “Пушкин және Абай. Жанрдың мәдени - эстетикалық арнасы” атты зерттеуінде көркем аударма жанрының мәдени – эстетикалық арнасы туралы теориялық тұжырымдар жасап, оның поэтикалық мәселелерін жан-жақты әңгіме етеді.

“Сөз өнеріндегі тек пен түр” деген зерттеуінде көрнекті ғалым, академик З.Қабдолов қазақтың сөз өнеріндегі терминдік атауларды дұрыс қолдану мен оның теориялық тұжырымдарына талдау жасай отырып, өзінің замандас қаламдастарының туындыларын әлем әдебиеті контекстінде салыстыра қарастырып, жанр табиғатын талдайды.

Осы монографиялық еңбектің жауапты редакторы, ф.ғ.д. А. Ісімақованың “Концепция А.Байтұрсынова о романе и эволюция этой жанровой формы в мировой литературе” (“А.Байтұрсынұлының роман туралы тұжырымы мен осы жанрдың әлемдік әдебиеттегі эволюциясы”) атты зерттеуінде М.М. Бахтиннің “Романизация стиля” деген тұжырымы мен А. Байтұрсынұлының ғылыми қағидаларының үндестігі тұңғыш рет ғылыми тұрғыдан дәлелденеді. Осы орайда, ұлттық роман дәстүрінің ерекшелігі анықталып, жалпы роман жанрының теориялық негіздері мен жанрлық, стильдік, көркемдік, эстетикалық құндылықтары әлемдік әдебиеттану контекстінде қарастырылған.

Ф.ғ.д. Ш.Р. Елеукеновтің “Пушкин және Абайдың эпистолярлық романы” атты еңбегінде осы романның жанрлық ерекшеліктері мен көркемдік–эстетикалық құндылықтары теориялық тұрғыдан талданса, осы бөлімнің аға ғылыми қызметкері, ф.ғ.к., Г.Пірәлиеваның “Батырлық эпос жанрындағы психологизмнің бастаулары” және “Роман жанрындағы әдеби түс көрудің көркемдік табиғаты” деген ғылыми зерттеулерінде фольклорлық мұраларымыздағы көркемдік–эстетикалық құндылықтар, ондағы көркем суреттеулер, көркемдік ойлау жүйесі, психологиялық талдаудың алғашқы нышандары мен психологиялық романның жанрлық ерекшеліктері сөз болады.

Ф.ғ.к. Г. Елеукенованың орыс тілінде жазылған “Принципы исследования художественного рассказа 1950–1980-х годов” атты зерттеуінде қазақ әңгіме жанрының даму жолы, оның көркемдік ерекшеліктері әңгімеленсе, кіші ғылыми қызметкер А.Ойсылбайдың “XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеттануындағы жанрлық жүйе” деген ғылыми мақаласында А. Байтұрсынұлының “Әдебиет танытқышындағы” әдеби ағымдар мен әдеби сын секілді жанрлық түрлер жайлы әңгіме болады.

Жинақтай келе айтарымыз, бұл қазақ әдебиеттану ғылымында жанр мен поэтика мәселесіне арналған арнайы жазылған еңбек екендігімен құнды.

Осы институттың әдебиет теориясы және әдебиеттану методологиясы бөлімінің ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты Ұлан Еркінбаевтың жауапты шығарушылығымен “Қажым Жұмалиев және қазіргі әдебиеттану ғылымының мәселелері” атты академик Қ.Жұмалиевтің туғанына 100 жыл толуына арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарының жинағы (Алматы .2008 жылы 230 беттік көлемде жарық көрді. Конференция материалдарында әдебиет тарихы, сыны, теориясы саласындағы ізденістер кеңінен қамтылған.

Академик С. Қирабаевтың зерттеу нысанасының негізгі саласының бірі- **жүсіпбектану** болды. Жазушының 100 жылдық мерейтойына (1989) арналған салтанатты жиналыста жасаған ғылыми баяндамасынан

бастау алған бұл саланың зерттеуші үшін тың ізденістерге себепші болғаны белгілі. Қазақ әдебиетіндегі кәсіби прозаның көшбастаушысы болған Ж.Аймауытовтың өмірі мен шығармашылығы, оның бүкіл еңбектерінің жиналып, жариялануына, сөйтіп ел игілігіне айналуына бірден-бір дәнекер болған тұңғыш зерттеушісі С.Қирабаевтың «Жүсіпбек Аймауытов» атты монографиялық еңбегінің ғылыми жұртшылықтан жоғары баға алып, 1995 жылы ҚР ҰҒА-ның Ш. Уәлиханов атындағы сыйлыққа ие болуы осы саладағы сүбелі еңбектің жемісі екендігі сөзсіз. Ж. Аймауытовтың қазақ прозасында тұңғыш рет психологиялық роман сияқты өркениетті де күрделі жанрлық түрді қалыптастырғанын және оның әлемдік деңгейдегі озық үлгімен жазылғандығын зерттеуші жан - жақты талдап, дәйекті түрде дәлелдейді. Қаламгердің өзінің алдында ешқандай үлгі аларлық тәжірибесі болмаса да осындай жоғары кәсіби шеберлікті меңгерудегі жетістігі неде деген сауал төңірегінде ізденген зерттеуші қазақтың мол әдеби мұраларының озық үлгідегі барлық жанрдағы көркемдік құбылыстардың нәтижесі екендігін нақтылап береді. Мұндай ғылыми байлам М. Бахтиннің «роман соңғы жанр, сондықтан бүкіл рухани құндылықтардың сонда жинақталуы заңды» деген тұжырымын еске салады.

С. Қирабаевтың «М. Әуезов қазақ әдебиетінің тарихы туралы», «Әуезов тағлымы» және соңғы кезге дейін дұрыс бағасын ала алмай жүрген жыр алыбы Жамбыл

Жабаевтың шығармашылығы жөніндегі «Ғасыр жасаған поэзия», кеңес дәуірінде «кедей туралы жазғандығы үшін ғана дәріптеліп келген «Бейімбет туралы сөз» , «Сәкен туралы жаңа сөз», «Мағжан – қазақтың ұлттық ақыны», «Ахмет Байтұрсынов – тәуелсіздік жыршысы», «Ақан сері туралы сөз», «Шортанбай – өз заманының сыншысы», «Жанақ ақын», «Алашорда және ұлтшылдық әдебиет», «Тарих және әдебиет», «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті: дәуірлеу мен жаңаша байымдау», «Академик Қажым Жұмалиев» т.б сынды зерттеулерінің бәрі де кешегі ақтардақтардың орнын толтырған, кешегі біржақты зерттелген тұлғалардың шығармашылығын таза көркемдік, эстетикалық талғам тұрғысынан қайта талдаған, олардың әдебиеттегі орны мен лайықты бағасын берген құнды еңбектер деп атауға әбден болады. Ұлттық әдебиеттің өткен тарихына қанық, оның қалыптасу мен өсу жолдарына өзі куә болған зерттеуші тарихи тәжірибеге сүйене отырып, кешегі кеңес әдебиеті дамуының негізгі кезеңдеріне, олардың ерекшеліктері мен көркемдік ізденістеріне, әдебиеттің тарихы мен бүгінгі мәселелеріне егемендікке ие болған ұлттық идея, рухани құндылықтар тұрғысынан және әр кезеңнің әдеби процесін сол дәуірдің әлеуметтік, саяси, қоғамдық жағдайларымен уақыт талабына сәйкестендіре салыстырып, үндестіре талдап, жаңа көзқарас тұрғысынан әділ бағасын береді. С. Қирабаевтың тікелей жетекшілігімен кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиетіне

арналған үш томдық зерттеу жарық көрді. Зерттеушінің соңғы жылдары қазақ әдебиетінің бүткіл тарихын, оның әрқилы бағаланып келген ірі өкілдерінің өмірі мен өнері жайлы жаңа көзқарас, жаңа пайымдауларын жасаған бірнеше еңбектері жарық көрді. Атап айтсақ, «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті» (1998), «Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет» (2001), «Тәуелсіздік рухымен» (2002), «Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері» (1995), «Жүсіпбек Аймауытов» (1989) , «Өмір тағлымдары» «Естеліктер». (2006) т.б .

Тегінде әдебиеттің тұтастығын осындай ақтаңдақтарды түгендеу барысында жүйелі зерттеулер арқылы толықтырылары сөзсіз. Нені, қай кезеңді зерттесе де сол заманның шындығымен салыстыра зерттейтін ғалым жеке жазушының шығармашылығын да сол тарихи кезеңнің шындығымен тұтастандырып, жүйелі қарайды. Ғалымның ғылыми тұжырымдары мен зерттеушілік ұстанымдарымен бір сыпыра таныс адам қазақ әдебиетінің жаңаша жазылған тарихынан біршама мағлұмат, көптеген тың деректер алады деуге болады. Өйткені, зерттеуші қарастырған қазақ қаламгерлерінің өмірі мен шығармашылықтары жөніндегі мақалалардан, еңбектерден замана шындығын, сол кезеңдегі әдеби үрдістерден, көркемдік бағыттар мен құбылыстардан кешегі кеңес кезеңінде бір жақты көзқарас қалыптастырған тапшыл танымның түп тамырын танып, оларды жаңаша бағалауға бет бұрасыз .

Әдебиет сыны мен ғылымы, мәтінтану, әдебиеттанудың тарихнамасы көрнекті ғалымның зерттеу нысанасындағы көкейкесті мәселелер. Әдебиеттің үлкен-кіші деп бөлмейтін барлық маңызды мәселесіне зерттеуші үлкен дайындықпен, жоғары жауапкершілікпен қарап, турашылдық танытады. Оның еңбектерінің құндылығы да осында, қай мәселенің де тарихи құжаттармен қордаланып, әдеби-тарихи контексте зерделенуінде.

XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихында өзіндік орны бар тұлға-С.Сейфуллин. Ұлттық әдебиеттану тарихында **сәкентану** саласына соны соқпақ салған ғалымдардың бірі Серік Қирабаев (“Сәкен Сейфуллин” деген монографиялық еңбегі) болса, оның замандасы Тұрсынбек Кәкішұлы да осы салада жүйелі түрде зерттеу жүргізіп, табанды еңбек етіп келеді. 1986 жылы Т. Кәкішұлының «Садақ» атты кітабы жарық көрді. Одан кейінгі «Поступь» (1986), С. Сейфуллин сенің сүйікті жазушың. (1989); «Санадағы жаралар» (1992); «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (1994); «Сәкен және Гүлбахрам» (1994); «Сәкеннің соты» (1994); «Кер заманның кереғар ойлары» (1995); «Тар жол , тайғақ кешудің тағдыры» (1996); «Сәкен Сейфуллин» (1997); «Сәкен сүйген арулар» (1997); «Мағжан–Сәкен» (1999); «Сәбең әлемі» (2000); «Сайыс» (2001); Сандалтқан «Садақ» (2002); «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» (2003); «Сәкен аялаған арулар» (2004); «Дәуір дауылпазы» (2004); «Сәбит Мұқанов» (2005); «Әдебиеттану ғылымының

өзекті мәселелері: оқу әдістемелік құрал» (2006), (Ж. Смағұловпен бірге). т.б аталған басылымдардағы қойылған ғылыми мәселелерде С.Сейфуллиннің өмір мен өнер тағдырына қатысты өзекті мәселелер көптеп ұшырасады.

Тағы бір ерекше тоқталар жәйт - көрнекті ғалым Т.Кәкішевтің ұлттық ғылымға адал еңбек ететін, қай кезеңде де, өзінің бастапқы ой-тұжырымдарына, ғылымдағы принциптеріне сенімді екендігі. Айталық, тәуелсіздік алған алғашқы жылдары С.Мұқанов, С.Сейфуллин т.б сынды жаңа заманның жаңалықтарына шын ниетімен сенген қайраткер қаламгерлердің шығармашылығына теріс көзқарастар беріле бастаған сәтте де ел сөзіне еріп, бөтен сөз айтпаған ардагер ғалымның бірі де – Т.Кәкішев болды. Оның дәлелі-аталған екі автордың кеңестік кезеңдерде идеологиялық сынға ұшырап, айналымнан алынып тасталған ғылыми еңбектерін қайта сол қалпында жариялануына, олардың ұлттық сөз өнерін өркендетуге, қазақ әдебиеті тарихын зерттеуге қосқан үлестері жөнінде үнемі жөн сөз айтып, адасып жүргендерге дұрыс бағыт сілтеп, ”қай кезде де әділ пікір, тура сөз айтуды талап етуі” дер едік. Айталық, 2008 жылы “Атамұра” баспасынан – 384 беттік көлемде 1932 жылы Қызылорда қаласынан жарық көрген С.Мұқановтың “XX ғасырдағы қазақ әдебиеті/ I бөлім/” атты әдеби - зерттеу еңбегін кириллица әрпімен хатқа түсіріп, қайта бастырып, көпшіліктің пайдалануына

ұсынды. Өткен ғасырда жазылған еңбектің бүгінге қажеттілігі неде десек, алашорда өкілдерінің өмір жолы мен шығармашылығы туралы мәліметтерге бай екен. Зерттеу кеңес заманының идеологиялық сынына ұшырап, ғұмыры қысқа болған, оқуға және қайта басуға тиым салынған, ал еліміз егемендік алған тұста осы әдебиетіміздің ақтаңдақ тұстарын толтыруда бірден-бір ақпарат көзіне айналды.

Бұл жөнінде “Халық жадын жаңғырту” деген алғы сөзінде авторлар /Күләш Ахмет, Тұрсынбек Кәкішев/ былай дейді: “...Жаңа әдебиетіміздің бар абырой-атағына да, шалыс басқан қадамына да, бұра тартқан қиястығына да алдымен жауапкер Сәкен мен Сәбит .

...Қайта құру мен жариялылық заманында болған, совет құлағаннан кейін болса қоғамдық, әлеуметтік және көркемдік өмірде болған құбылыстарды жаңаша бағалау қажеттігі туғандығын пайдаланып, кейбір қаламгерлер бұрынғының бәрін салауат қылайық, мүлдем тыңнан пайымдайық дегенді айтып-жазып жүр. Тіпті әрі - беріден соң біздің жасаған қоғамымыз социализм емес, соны құру жолында белсенділік көрсеткендерді жазықсыз жалаға ұшырап, айдалған-сотталғандардың кегін қайтару үшін қайсы бірін құрбандыққа шалып жіберу керек деп өрекиді. Соның ұнамсыз елесі Сәбит Мұқанов төңірегінде көрініп қалып жүр”. Шағын мақалада авторлар С.Мұқановты сөзге қалдырып жүрген алаш қозғалысы жайлы ойлары мен қайраткерлері жөніндегі

айтқан - жазғандарына жан-жақты талдауды нақты тарихи деректер ,осы еңбектегі көзқарастар арқылы жасай отырып, қаламгердің тарихи өз орнын бүгінгі тәуелсіз ой-сана тұрғысынан әділ бағалап, беруге тырысады. Оны мына жолдардан анық білуге болады:”...Расында да, Мәскеуде қызыл профессорлар институтында керемет қиыншылықпен оқып жатқан Сәбиттің осы кітапта аты аталғандардың ағайын-туыстарына, жақтастарына, әріптестеріне жек көрінішті боларын біле тұрып 458 беттік еңбекті жазуында керемет көргендік бар. Біріншіден, әдебиетке өзінің қолтаңбасын қалдырғанды тарих бетіне сақтап қалу болса, екінші, әдебиет түгіл, өмірге қайтап оралар-оралмасы беймәлім сотталып жер айдарылған дарындардың Сұлтанмахмұт пен Ахметтен басқасы жөнінде резенция жазылмаған, тіпті жеке мақалаға арқау болмағандардың шығармашылығын зерттеп, тексеру, кейінгіге із қалдыру, аттарын өшіріп алмау мақсатын көздеген сияқты. Және оны сол кездегі таным - білікке негіздей жазбаса еңбегі еш болатынын сезген, сондықтан социологиялық ой мен сөзді еркін қолданған.

Бір жағы келешектің жауапкершілігі, екінші жағы замана қысымымен жазылған еңбек оңайлықпен дүниеге келмегенін шамалауға болады.”

Кеңестік дәуірде дәурені жүріп тұрған деген С.Мұқановтың бұл еңбегінің репрессияға ұшырауының өзінде, міне, осындай астарлары, яғни Алаш ақын-

жазушыларын кейінгі ұрпақ білмей өссін деген ниеттің жатқаны, сондықтан оны жылдар бойы кітапхананың “түрмесіне” жабуы “Советшіл Сәбит еңбегінің қаншалықты “қауіптілігін” көрсетсе керек” дейді ғалымдар .

Сын айтқандарға авторлар мынадай базына айтады: “Ондайлар Сәбиттің әр ақын - жазушы жайындағы түйінді ойын, қорытынды пікірін елегілері келмейді. Мәселен, ”қазақ тілінің негізін жасап, қазақ мектебінің іргесін қалаған алғашқы адам-Ахмет” немесе “Абайдан кейін тіл өнегесіне Мағжаннан асқан ақын қазақта жоқ” деп түюі оларды құртқаны ма әлде...” Ақындық, жазушылық күшін алғанда Мұхтар күшті жазушы. Тіл сұлулығының үстіне Мұхтар кейіпкер жасауға шебер. Мұхтардың кейіпкерлерінің сыртқы көрінісі мен ішкі сезімі айқын көрініп отырады. Байлар тобының таптық кескінін оның кейіпкері арқылы көрсету ретінде Мұхтардан асқаны жоқ. Жазуға шеберлік жағынан пролетариат жазушыларына Мұхтардан үйренетін нәрсе көп” дегені, 1935 жылы “Ескілік көлеңкесі” жинағына жазған алғы сөзінде Мұхтар қазақ әдебиетіне Европалық мәдениетті сіңіріп жүр деген кесек ойларды айтуы сол кезеңдегі тұрпайы социологтардың аузына түсе бермегені былай тұрсын, қазіргі Әуезовшілер Мұхана қимай ма, әлде саналары жетпей ме, мұндай кесек пікірді айта алмай келеді.” деген батыл пікірі ұлы тұлғалардың тарих алдында ары таза екендіктерін кейінгі ұрпаққа сол

кезеңнің ахуалын терең білетін аға ұрпақ өкілі ретінде ұғындырып кетеді.

Т.Кәкішевтің Сәкен Сейфуллиннің еңбектерін де осылай арзан әрі нақақ жалалардан арашалап, тарихи шындықты танытатын бірнеше зерттеулері жарық көрді.

Кеңес ақыны болып, таптық идеологияға адал қызмет етсе де сол жүйенің құрбаны болған Сәкен Сейфуллиннің қиын тағдырын қайта қарап, жаңаша байыптаған зерттеуші «Сәкен соты» атты кітабында көрнекті қаламгерге жасалып жатқан бүгінгі қысастықтарға тарихи фактілерді келтіре отырып, тойтарыс беруге тырысады. Ал, «Тар жол тайғақ кешудің тарихы» атты (К.Ахметовамен бірге) зерттеуінде ғалым Сәкен Сейфуллин жүріп өткен қасіретті өмір жолын санасынан қайта өткеріп, Сәкен мен С. Мұқановтардың шығармашылықтары мен өмірдегі қарым-қатынастары туралы талай шындықтың беттерін ашады. «Мағжан-Сәкен», «Сәбең әлемі», «Сәбит Мұқанов» атты монографияларында ғалым өз тұрғысынан тарихи тұлғалардың ел алдындағы еңбектеріне бағаны жеке адамдар емес, тарих беретінін айтады.

XX ғасыр басындағы Алаш әдебиеті мен оның ірі өкілдерінің өнегелі өмірі мен қаламгерлік, қайраткерлік істері жайлы әдебиетші ғалым, қазақ әдебиеттануындағы сатира жанрының теориясы мен тарихын зерттеп, негізін қалаған филология ғылымдарының докторы, профессор Т. Қожакеев тәуелсіздік жылдары ұлт мұрасы, тарихи

тағылым тұрғысынан жазылған «Жыл құстары», «Көк сеңгірлер» (1992), «Сара сөздің сардарлары» (1995) атты еңбектерін жариялады. Аталған басылымда 1937–38, 1950 жылдары қуғын-сүргінге ұшыраған Алаш ардақтыларының өмірі мен қызметі, шығармашылық мұралары зерттелді.

Т. Қожакеев бұрмаланған тарихи шындықты, 30–50 жылдардағы саяси айыптау қиянатын осындай заңсыздықтардың құрбаны болғандардың ақталуы, олардың әдеби, ғылыми мұраларын халыққа қайтару туралы мәселе көтереді. Т. Қожакеев «Көк сеңгірлер»¹² деп жиырмасыншы жылдары қазақ журналистикасы мен көсем сөз шеберлерін, қазақ баспасөзінің сол кезде ерекше әсер еткен өкілдеріне бөліп алып осылай атайды.

Бұл қатарда ғалым Ж. Аймауытов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров, Т. Рысқұлов, С. Қожанов, О. Жандосов, А. Розыбакиев, Ғ. Тоғжанов, И. Тоқтыбаев сияқты ірі тұлғаларды атайды. Кітаптың «Сатқындық салтымыз ба, еді?» атты тарауында ұлт тарихының қаралы кезеңі, қасіретті 1930 жылдардағы саяси қысымдық, 1937–1938 жылдардағы қуғын-сүргін сергелдеңі, оның себеп-салдары неде, сатқындықта ма? – деген сауалға жауап іздеген ғалым архив құжаттарына сүйене отырып, тарих беттерін парақтайды. Ғалым осы ретте орталықтың Ежов, Берия сынды қанды қолдармен қатар «жаппай жазалауға, қуғын-сүргінге ұшыратуға өзіміздің кейбір адамдар, органдарымыз және туысқан

халықтардың жекелеген өкілдері себепші болды» деп, ол ойын дәлелдеу үшін әдеби, тарихи, нақты деректер келтіреді.

Темірбек Қожакеевтің 2007 жылы «ҚазАқпарат» баспасынан жарияланған жеті томдық «Таңдамалы шығармалар» топтамасының «Тарихи танымдар. Тұлғалар» атты І-ші томында тарихымыздың ақтаңдақ беттері мен соңында өшпес із қалдырған Алаш зиялыларының шығармашылықтары мен қиын тағдырлары туралы толғау-тебіреністері енген. «Тәуелсіздік - тамаша табысымыз», «Тәуелсіздік тұғыры», «Тәуелсіздік – күштілікте, күштілік – көптілікте», «Болашақ бағдаршамы, игілік қамы» деген тараушаларда автор еліміздің қаншалықты қиыншылықпен қол жеткізген тәуелсіздігін қалай қорғап, баянды ете алады деген сауал төңірегінде ой тастайды, толғанады, елді де тебіренітіп, ойлантады. Ал, «Тараз тарихынан тамшылар» деген екінші тарауда тарихи қала Тараз туралы, оның жаңадан ашылып жатқан аппақ беттері, қойнауы қазынаға, құпияға толы тарихы туралы ой толғайды. «Біздің дәуірімізге дейінгі YIII–YII ғасырларда Сырдарияның орта тұсынан ерге қарай Тянь-Шань тауының етегін, Қаратаудың Оңтүстігі мен Теріскейін біздің арғы ата-бабамыз Сақтар жайлаған... Греция саяхатшы-географы Страбон Сақтарды Скифтер деп білген», - дей келе, автор қала тарихының қатпар-қатпар қойнауларынан сыр шертеді. Мыңдаған тарихи

шежірелерді, ғылыми зерттеулерді, құжаттарды тізеді, оқи берсеңіз көптеген тың деректерге, қызықты жәйттерге қанығасыз. Ондағы тарихи оқиғалар мен ірі тұлғалардың өмірі мен шығармашылықтары да назардан тыс қалмайды. Осы еңбектің төртінші томына Алаш зиялыларының, оның ішінде бұрындары зерттелінбей келген Біләл Сүлеев, Мәжит Дәулетбаев, Аманғали Сегізбаев, Ерғали Алдоңғаров, Жиенғали Тілепбергенов т.б. сынды тұлғалардың сатираға қатысты еңбектерін талдайды. Ал, «Сара сөздің сардарлары» атты зерттеуінде ХХ ғасыр басындағы республикамыздағы қоғамдық-әлеуметтік пікірлердің ұйытқысы болған, көптеген газет журналдарда қызмет істеген, кейін қуғын-сүргінге ұшырап, «халық жауы» атанып, қызыл қырғынның құрбаны болған ардагер азаматтарымыздың журналистік өмір жолы, қалдырған рухани мұрасы сөз етіледі. Ғазымбек Бірімжанов, Қалдыбай Абдуллин, т.б. бүгінгі жастарға бұл қаламгерлердің жазған туындылары түгіл, есімдері де беймәлім тұлғалардың шығармашылықтары сөз болған.

Ғалым Дандай Ысқақұлының «Әдебиет алыптары» деген еңбегіне (Астана: "Фолиант". 2004-304 б) қазақ әдебиетінің өзекті мәселелерін қарастыратын мақалалары еніп отыр. Мұнда ХІХ ғасырда өмір сүріп, әдебиет әлемінде өзіндік ерекшеліктерімен көрінген әдебиет алыптарының өмірі мен шығармашылықтары жаңаша көзқарас тұрғысынан талданады. Бұрындары белгісіз болып келген М.Ж.Көпеев, А.Байтұрсынов,

М.Жұмабаев, С. Торайғыров, Ж.Аймауытов т.б. шығармашылықтары жан-жақты зерттеледі. Монография жеке тұлғалардың шығармашылық портреті сияқты болғанымен олардың барлық жанрлық түрлердегі әдеби мұралары, олардың көркемдік, шеберлік ерекшеліктері мен түрлік, тілдік, стильдік құбылыстарының құпия сырлары қазақ әдебиеті тарихын жаңаша таныту тұрғысынан ашылады.

“Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған!” атты монографиялық зерттеуінде/Алматы.ҚАЗАқпарат, 2004-148 б/ қазақ поэзиясының падишасы атанған Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы, лирикалық өлеңдері, поэмалары, әдеби-эстетикалық танымы, ұлттық тіл, ұлттық тәрбие жайлы ой-пікірлері, бір сөзбен айтқанда ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихы жаңаша пайымдаулар арқылы бағаланып, жан-жақты сөз болады.”Күңіреніп ойлағанда алаш жайын”, “Мағжанның әдеби-танымдық эстетикасы”, “Ұлтқа тілінен қымбат нәрсе жоқ”, “Тағдырдың тәлкегі ” т.б. деген тарауларда ақынның жүріп өткен өмір белестерінің қаншалықты қиын да қиямет екендігін, соған қарамай ұлы тұлға өзінің шығармашылық міндетін абыроймен атқарғанын нақты көркем мәтіндерін талдай отырып, ғылыми тұжырымдар жасаған. Әсіресе, ХХ ғасыр басындағы мерзімді баспасөздерде кеңінен орын алған тіл, әдебиет, әдеби мұралар мәселелері төңірегіндегі әдеби сындарға көп тоқтала отырып, ақынның өз ойларын таратып, талдауға

тырысқан. Мәселен, сол кездері Мағжанды мазалаған ойлар: “Өткен дәуірдегі теңіздей тұңғық әдебиетіміздің бізге бұл күнде адасқан ұшқындары, тентіреген тамшылары ғана жетіп отыр. Көбі, көбі болғанда ең сұлулары ұмытылған, желдей ескен жыраулармен бірге топыраққа айналған. Баяғыда отыз күн, отыз түн айтылатын Қобыландылардың ауызда адасып, азғантайы ғана қалған. Талай түндерге созылған ертегілердің басы қайрылып, аяғына жетіп, шоп-шолақ қалған” немесе: “Талай жүйріктердің тұңғық таза толғаулары араб, парсы, сарт-сауанның сөздері араласып, балдыр-батпаққа айналған..” бүгінгі күннің де көкейкесті басты мәселесі.

“Сын талқы “ (Алматы. “Сөздік-словарь” баспасы, 2005-416 б) атты еңбегінде **Д. Ысқақұлы** қазақ әдебиетінің тарихын күні бүгінге дейін жете зерттелінбей келе жатқан жаңаша бағытта саралауға тырысқан. Екі бөлімнен тұратын еңбекте ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ әдебиетінің дамуына әдеби сынның ықпалы, кеңестік идеологияның тигізген теріс әсерлері кеңінен әңгімеленеді. Сондай-ақ, сол кездері әдебиет майданына белсене араласқан М. Дулатовтың, Ж. Аймауытовтың, С. Сейфуллиннің, Ғ. Мұстафиннің, Б. Кенжебаевтың, Ә. Қоңыратбаевтың, М. Қаратаевтың, Е. Ысмайловтың, Ә. Жиреншиннің, Р. Бердібаевтың, Ә. Нарымбетовтың, Р. Нұрғалидың сыншылық қызметтері талданады. “Әдеби өмір”, “Әдебиеттану”, “Әдеби сын

туралы”, “Алашшыл әдеби сын” атты тараушалардан тұратын бірінші бөлімде қазақ әдеби сынның тарихы, оның қалыптасу дәуірі кеңірек сөз болса, “Сын сарбаздары”, “Қай жұрттың болса да жаны-әдебиет”, “Әдебиет сынмен көркейеді”, “Мұралардың ең қымбаты-сөз”, “Қазақ әдебиеттануының кемеңгері” т.б. тараушаларда ұлттық сөз өнерінде әдеби-сын ойларды жүйелі түрде жүзеге асырып жүрген майталман сын сарбаздарының шығармашылықтары жайында әңгімеленеді. Еңбек соңында “Қазақ әдеби сынының қысқаша тарихы” берілген.

Әдебиеттанушы, академик Р. Нұрғалидың «Арқау» (2 том, 1991) «М. Әуезов және Алаш» (1997), «Драма өнері» (2001) атты еңбектері қазақ ғылымына қосылған қомақты үлес. «Арқау» атты екі томдық шығармалар жинағына енген зерттеулер бұрынғы «Айдын», «Телағыс», «Қазақ революциялық поэзиясы» кітаптарынан құралғанымен, жаңаша көзқараспен толықтырылған. Р. Нұрғалидың бұл үш монографиясына қосымша 1991 жарияланған “Арқау” атты екі томдығында “Драма”, бөлімі мен “Қазіргі драма”, “Сахнадағы драма” деген көлемі екі тараумен толықтылықтырылған. Қазақ әдебиетінің драма, проза, поэзия түрлеріндегі жанрлардың туып, қалыптасып, даму жолдарын зерттеген ғалым олардың жылдар бойғы ізденістердің нәтижесінде қол жеткізілген жетістіктері мен кемшіліктері жайлы да өз ойларын ортаға салады. Ғалым қазақ драматургиясының

тарихын, қалыптасуы мен даму жолдарын, жанрлық жүйесі мен ізденістерін жеке-жеке мәселе ретінде қарастырып, сахна өнерінің өзіне ғана сай ерекшеліктерін айқындап берген ретте ғалым трагедия, комедия, драма түрлерін арнайы зерттеп, ішкі даму заңдылықтарын да айқындап береді.

Зерттеушінің бұрындары жазылған «Телағыс», «Қазақ революциялық поэзиясы» атты кітаптарындағы ойлар бүгінгі күн талабына сай жаңаша жазылып, әдеби дәстүр мен әдеби байланыс, туынды мен тұлға табиғаты, ұлттық поэзияның көркемдік қырлары сияқты әдебиеттану ғылымының ең маңызды мәселелері сөз болады. Р.Нұрғалидің «Әуезов және Алаш» (1997) атты еңбегі екі үлкен бөлімнен тұрады. «Алаш ұранды әдебиет» атты бірінші бөлімде ХХ ғасырдың жиырмамыншы жылдарындағы әдеби - сын мәселелері, оның үздік өкілдері, қазақтың ұлы қаламгерлері Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Әлихан Бөкейханов т.б өмірі мен шығармашылықтарына арналған тараулардан тұрады. Атап айтар болсақ, ол тараулар : «Қаз едік қатар ұшып қаңқылдаған» (Ахмет), «Қазақты ақ жолға саламыз десек» (Әлихан), «Мен біткен ойпақ жерге аласа ағаш» (Міржақып), «Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да» (Мағжан), «Ой, кер заман, кер заман» (Жүсіпбек), «Сахнада шындықты тану» (Жұмат) т.б деп аталады. Қазақтың атақты қаламгерлеріне арналған

шығармашылық портреттерде олардың өмір мен өнер жолдарындағы қиын тағдырлары нақты тарихи деректер арқылы дәйектеліп, ғылыми тұрғыдан талданады. Бұрындары айтыла бермейтін тарихи деректер мәлім болып, оқушысын ынтықтыра түсетін тұстары да баршылық.

Кітаптың екінші бөлімі түгелдей заңғар жазушы, әйгілі әдебиет зерттеушісі Мұхтар Әуезовтің шығармашылығына арналған. Жалпы көлемі 250 беттей болатын «Әуезов әлемі» бөлімі (жеке бір зерттеу еңбекке бергісіз) : «Ей, халайық, барым ең сен» және соңғы сөз, яки «Алаш ұранды әдебиеттің негізгі сипаттары» атты тараулардан құралған. Зерттеуші өзін белгілі әуезовтанушы ретінде танытумен қатар ұлы жазушы, драматургтың шығармаларын, ондағы кәсіби біліктілікті, суреткерлік шеберлікті шебер талдап, жан-жақты зерделей білген.

2002 жылы 344 беттік көлемде жарық көрген филология ғылымдарының докторы, профессор **Бақытжан Майтановтың** “Сөз сыны (ХХ ғасыр әдебиетінің көріністері). Зерттеулер, мақалалар, портреттер.”-атты еңбегінде ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің поэзия, проза, сын салаларының тарихи даму жолдары қазақ әдебиетінің сол кезеңдері жарық көрген шығармалары арқылы сараланады. Поэзиядағы өмірлік құндылықтар, ішкі диалогизм, жанр мен стильдер тоғысы, символизм эстетикасы, жаңашыл бағдар, прозадағы кие

мен тыйым, фрейдшілдік тұғырнама, экзистенциализм сарыны, психологизм мен этнографизм, деректілік пен автобиографизм, көркем сынның әдіснамасы мен оның ірі өкілдерінің туындылары дәйектілікпен сараланады. Бұл жөнінде зерттеуші “Заман және қалам” атты алғы сөзінде былай дейді: “Бұл кітапта негізінен өткен ғасырдың (байқаңызшы, осылай деуге тура кеп тұр!) 70-жылдарынан бергі дәуірдегі қазақ әдебиетінің әр саладағы құбылыстарына өз көзқарасымыз бар деп ойлаймыз. Ал ұлы Абай, Мағжан, Сәкен, бұрын белгісіз Әзімбай Бижанұлының поэзиясы туралы М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов прозасы туралы пікірлер еңбектің уақыт пен кеңістік аясындағы ауқымын ұлғайтып, өнердегі дәстүр жалғастығын біршама айқын сезінуге, ұлттық көркемдік ойдың дамуындағы үзілмес рухани арқауды танып, түсінуге үлес қосар деп ұқтық. Қайсыбір жазушы, қайсыбір туындылар төңірегінде сол кезеңнің өз әсер, лебі басым аңғарылуын құнттадық.” “Еркеленіп шығар сөз” деген бірінші бөлімінде “Абайдың мұңы”, “Мағжанның арманы”, “Сәкеннің рухы”, “Әзімбайдың сарыны” т.б деген тараушаларда өлеңнің сырлы өрнегі, поэзияның жеткен жетістіктері мен сол кезеңдегі өлең өлшемдері мен әр ақын әкелген өлең өрнектері жайлы сөз қозғалса, қазақтың көркем прозасының көшбасындағы сөз өнерінің ірі өкілдері М.Әуезов пен Ғ.Мүсіреповтің шығармалары “Ыстық жүрек, нұрлы ақыл” деген екінші тарауда талданады. “Батырдың дана қаламы” деген

тараушада қаламгер, қаһарман, қайраткер, қазақ халқының даңқты батыры Бауыржан Момышұлының шығармашылықтары өмір деректерімен өзектесе алынып, жан-жақты зерделенген. Мысалы зерттеушінің ойын мына сөздері дәлелдері хақ: “...Аталған шығармаларының бәрінде жазушы өлең - жыр, мақал - мәтелге, халық творчествосының өнегелік мұратына тәнті көңілін нақты оқиғалар үстінде кестелейді, үзінділер келтіріп, ел жүрегінің лебімен өзі де толғанып, рухани тулеу мезеттерін бастан өткізеді... Жазушы әскери шындықта кездесетін әдебиеттегі құбылыстарға ерекше мән беріп, үлкен моральдық - эстетикалық қорытындылар жасап отырады”.

“Қуатты ойдан бас құрап” атты үшінші бөлім академик сыншы, көрнекті ғалым Мұхаметжан Қаратаевтың шығармашылығы жайлы, ал “Эстетикалық ойға биіктік керек” атты портреттен, қазақтың аяулы ғалым қыздарының бірі Ләйлә Мұхтарқызы Әуезованың адами, ғылыми қасиеттеріне кеңінен тоқталған, “Қыранның қияғы” атты мақаласы, академик Серік Қирабаев, әдебиетші ғалым Шериаздан Елеукенов, сыншы Сағат Әшімбаев т.б шығармашылықтары туралы толғанған тараушалар да оқырмандарына көп ой салады. Б.Майтанов әдебиеттің тарихи мәні, қазақ әдебиеттану ғылымының қазіргі бағыттары, әсіресе әдебиет тарихын теориялық тұрғыдан зерделейтін бұдан басқа да бірнеше зерттеу еңбектер жазған ғалым.

Тәкентанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор **Қансейіт Әбдезұлының** тәуелсіздік жылдары жарияланған еңбектері де қазақтың көркем сөзінің шын шебері Тәкен Әлімқұловтың даралық қолтаңбасы, қаламгерлік ізденістері мен жетістіктері жайлы жүйелі түрде ізденіп, табанды да адал зерттеушісі болып жүргендігін айқындайды. Және жазушының жеке шығармашылығы өткен ғасырдың 60-80-ші жылдарындағы қазақ әдебиетінің тарихын жаңаша пайымдауға мүмкіндік береді. Сөз зергерінің шығармаларындағы кейіпкерлердің ұлттық болмысы, ішкі жан әлемі, көркемдік ерекшеліктері Қансейіт Әбдезұлының “Кейіпкер және тартыс”(1995), “Ел мен жер тағдыры” (2000),”Т.Әлімқұлов шығармашылығы және 60-80–жылдардағы қазақ прозасы”(2001), “Әдебиет және өнер”(2002), “Жазушы және заман шындығы” (2003),”Тарих және тағдыр”(2004), “Қазақ прозасы және ұлттық идея” (2005) атты зерттеулерінің ең өзекті мәселелері болып табылады. Мысалы, ”Әдебиет және өнер” атты зерттеуінде ғалым Тәкен Әлімқұловтың шығармашылығын әр түрлі қырынан алып қарастырады. “Дәстүр және әдеби процесс” және “Дәстүрлі күй өнері және суреткерлік тұрғы” деген тарауларда екі роман, жеті повесть, алпысқа жуық әңгіме жазған Т.Әлімқұловтың туындыларына ортақ тақырып болған күй мен күйшілік өнер, олардың қандай дәстүрден тамыр алып жатқандығы жөнінде ой толғаса, “Ақындық өмір және жазушының

эстетикалық нысанасы”, “Дәстүрлі мәдениет және жазушы шеберлігі”,”Заман шындығы және көркемдік шешім” атты тараушаларда суреткердің өмір мен өнер жолындағы өзіндік қолтаңбалары мен шынайы кәсіби шеберлікке жету жолындағы ізденістері нақты көркем мәтінді талдау арқылы зерттеледі. “Т.Әлімқұлов қаламгер, жазушы ретінде ең алдымен М.Әуезов дәстүріне, оның ұлттық мәдениеттің алтын қорына қосылған, қайталанбас құнарлы көркемдік мұрасына табан тіреді.Осы суреткерлік дәстүрден,көркемдік тәжірибеден нәр алды.”,- дей келе: “Күйшілік өнер мен ақындық өнер,тұлпарлар тағдыры тақырыбын арқау еткен шығармаларда Т.Әлімқұловтың тілдік-стильдік ізденістері айрықша көзге түседі” деп қаламгердің суреткерлік шеберлігіне жоғары баға береді.

Жазушының идеялық - концептуалдық, баяндау жүйесіндегі өзіндік өрнекті өзгеше өре мен биік талғаммен таныта білген зерттеушінің Тәкен туындыларын табанды түрде зерделеуі сөз өнерінің құпияларын “қойма ақтарғандай” зерттеп, етене және егжей-тегжейлі детальды түрде талдауынан танылады.

Қазақ елінің тәуелсіздік жолындағы күреске толы күрделі тарихының елеулі белестеріне көркем әдебиеттегі тарихи тұлғалардың өмірлік және шығармашылық тағдыры арқылы ой жүгірткен зерттеуші “Тарих және тағдыр”атты еңбегінде І.Есенберлиннің “Көшпенділер” трилогиясы, Д.Әбілестің “Ақын арманы”, “Арман

асуында”, ”Баянауыл баурайында”, Ә.Әлімжановтың “Махамбеттің жебесі”, ”Ұстаздың оралуы”, ”Ә.Кекілбаевтың “Аңыздың ақыры”, Ш.Мұртазаның “Жұлдызды көпір”, ”Тамық”, ”Қылкөпір”, С.Жүнісовтің “Ақан сері”, Т.Әлімқұловтың “Сейтек сарыны”, ”Көк қаршыға”, ”С.Бәкбергеновтің “Қайран шешем” ,І.Жақановтың “Ықылас”, М. Мәжитовтің “Барлыбай түбіндегі ән”, Ж.Тұрлыбаевтың “Тамыз таңы”, ”Райымбек” т.б сынды шығармалардағы тарихи тұлғалар тарихы мен көркемдік шындық арасындағы сабақтастық жайлы сыр тартады. Зерттеушінің өз сөзімен айтсақ, ”Түйіндей айтқанда, оқырман назарына ұсынылып отырған еңбекте қазақ прозасының соңғы жарты ғасыр аумағында жарық көрген туындыларындағы тарихи кезең шындығы мен осы кезеңде өмір кешкен тарихи тұлғалар тағдырының әдебиетімізде көріну деңгейі, осы мақсатты жүзеге асыруда қазақ қаламгерлерінің қол жеткізе алған көркемдік жетістіктері жан-жақты, талдау арнасында қарастырылады”.

Зар заман тақырыбы рухани тәуелсіздікке зәру елдердің қай кездегі де тақырыбы. Ұлттық әдебиеттану ғылымында “зар заман” деген терминді енгізіп, сол жайында алғаш ғылыми ой толғаған Мұхтар Әуезовтің теориялық тұжырымдары зерттеуші **Бауыржан Омардың “Зар заман поэзиясы. Генезис, типология, поэтика”** деген монографиясында (Алматы. ”Білім”, 200-368 бет) жалғасын тапқан. Қазақ әдебиетіндегі зар заман

ақындарының шығармашылығы дәуір құбылыстарымен, ұлттың мақсат-мұратымен байланыстырыла талданған еңбекте бұл ағымның бастау көздері, даму арналары, өзге халықтар поэзиясынан ұқсастық таба отырып, салыстырмалы -типологиялық тәсілдер арқылы талданып, ерекшелінеді. Ол жөнінде зерттеуші мынадай тұжырымдар жасайды: ”...Бұл ақындардың шығармаларына тұсау салудың бірінші себебі - олардың өлең-жырларында қазіргі тіршілікке разылық танытпай, болашақтан аса үміт күтпей, қазақтың көшпелі өмірінің көріністерін аңсау сарынының орын алуы. Қоғамды алға қарай тоқтаусыз сүйреген прогрестік бағдарламаның мақсат-мұраттарымен “зар заман”, ”қу заман”, ”тар заман” деп жырлаған ақындардың рухани үндестік таба қоймасы белгілі.

Екіншіден, зар заман жыршылары отаршылдыққа қарсы бой көтерді. Олардың өлең-толғауларында “орыс”, ”кәпір” сөздері қазақ даласын басып алып, ойран салған шапқыншылардың атауы ретінде жиі ұшырасады. Зар заман поэзиясында отаршылдықтың озбырлығынан күйзеліске ұшыраған қазақ елінің ауыр ахуалы, кетеуі кеткен тіршілігі жан - жақты баяндалады. Саяси қырағылық мұны да байқамай қалған жоқ.

Үшіншіден, олардың бірқатарының шығармаларында ақырзамандық (эсхатологиялық) сарын орын алды. Айналадағы болып жатқан өзгерістерді қабылдамай, оны ақырзаманның тақау келгенімен байланыстыру, діни

мистикаға телу үрдісі де әдебиеттегі кертартпалықтың мысалы есебінде тілге тиек болды. Міне, осы мәселелердің бәрі еңбектің бес тарауында жан-жақты тарқатылып, таралып, талданады.

Ғалым, әдебиетші **Тұрсын Жұртбаевтың “Бейуақ”** (Алматы, Қазақстан, 1991—304 бет) атты зерттеуінде 1916 жылғы Жетісудағы ұлт-азаттық көтеріліске байланысты алты жүзден астам архив документтерін, көтеріліске қатысқан кісілердің, қайраткерлердің естеліктерін пайдалана отырып, тарихымызда әлі терең айтылмай келе жатқан “ақтаңдақтарды” ашып, самодержавиенің жүргізген жазалау - геноцидтік саясатының зұлымдық мәнін көрсетеді. М. Әуезовтің “Қараш-Қараш” повесінің кейіпкері Т. Рысқұловтың әкесі, кітап кейіпкері Р. Жылқайдаровтың тағдыры, түрмедегі өміріне байланысты белгісіз материалдар негізінде жазылған “Үш Қараш” материалы да оқырмандар үшін тың дүниелер. Зерттеуші еңбегінде қаншама мол тарихи мәліметтер, бұрындары қалың көпшілік назарынан тыс қалған құнды тарихи құжаттар негізінде ұлы жазушының шығармасында астарлай берілген оқиғаларға ой жүгіртеді. Зерттеу тарихи шындықтың көркем шындыққа жету барысындағы шығармашылық шеберхананың сырын ашады.

Филология ғылымдарының докторы Қанипаш Мәдібайдың “XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті” атты оқу құралы 2001 жылы 196 беттік көлемде “Қазақ

университеті” баспасынан жарық көрді. Еңбекте XIX ғасырдағы әдебиет үлгілері: қисса өлең, тарихи өлең, айтыс өлең, ән өлең, зар заман өлеңінің зерттелу жайы, сондай-ақ оларды бүгінгі көзқарас тұрғысынан зерттеу проблемалары жүйеленіп, жанрлық ерекшелік, көркемдік өзгешеліктері қарастырылады. Ол жөнінде зерттеу авторы Қанипаш Мәдібай “Алғы сөзінде” былай деп жазады: “...сол негіздерде, әріде айтылған пікір - тұжырымдарды бүгінге шейін сабақтастыра қарастырғанда, XIX ғасыр әдебиеті жайлы айтылуға тиіс мәселенің барлығы түгесіліп болмағанын, әсіресе соңғы уақыттарда көп әңгімені, көркемдік жағын қайтара қарау, өткеннің құрсауларын босатудың мұқтажы айқын байқалуда. Ол, ең әуелі, XIX ғасыр әдебиетін бағалаудағы бір кездегі көркемдік-теориялық тұжырымдардың жайы”. Зерттеуші XIX ғасыр әдебиеті “кертартпа романтикалық, сыншыл реалистік деген атаулармен аталып, бұл кезеңдегі әдебиеттің көркемдік негізі мазмұндық, саяси мәнге ие болып келгендігі, оның себеп-салдары жөнінде айта келіп, сөз өнеріндегі сапалық өзгерістердің болғандығын, көркемдік, түрлік, стильдік ізденістерде көптеген жетістіктерге қол жеткізілгендігі жайлы жан-жақты жаңа мәліметтерді мәлім етеді.” Бұл құбылыстардың барлығы әдеби өмірдегі ауыс-түйіс өткен сырт уақиғалар фактілер болса, әдебиеттің ішкі ісінде, көркемдік шеберлерінде де өзгеріс, жаңару, даму тенденциялары аса күшті байқалды. Қазақ өлеңі жаңа түрлер жасады. Оның басында

Махамбет, Дулат тұр. Бұл құбылыс Абаймен жалғасты. Жаңа жанрлар туды. Европалық мәндегі жаңа жазба әдебиет қалыптасты. Мысал, сықақ, сатира жанры жаңғырып, жанданды поэма туды. Сырлы да нұрлы лирика толысты. Сал-серілер өнері шарықтады. Айтыстың мәні, мазмұны тереңдеді. Поэманың алғашқы нысандары көрінді. Тарихи жырлар туды”, -деп сол кезеңдегі көркемдік құбылыстарды нақты тарихи фактілер негізінде дәлелдеп береді. Одан әрмен автор өз еңбегін бес тарауға бөліп, сол кезең әдебиетінде өзіндік өрнегімен танылып, жаңа жанрлық түр болып қалыптасқан “Қисса өлең”, “Тарихи өлең”, “Ән өлең”, “Айтыс өлең”, “Зар заман өлең” деген тақырыптар төңірегінде ой толғайды.

“Абай және Абай дәуіріндегі қазақ өлеңі” атты көмекші құралында (Алматы. “Қазақ университеті. 2007 жыл. 99 бет) зерттеуші өзінің ғылыми мақсатын “XIX ғасырдағы өлең құрылымы”, “XIX ғасыр өлеңіндегі сөз ұнасымы” және “XIX ғасырдағы ауызша әдебиет пен жазба әдебиеттің айырым белгілері мәселесі ” деген тараулар төңірегіне топтастырып, сол кезеңдегі ұлы ақын шығармашылығындағы көркемдік құбылыстарды бүгінгі талап тұрғысынан талдап, таразылайды. Әдебиеттанушы ф.ғ.д. профессор, А.Ісімақованың «Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль (начало XX века и современность)» (А, Ғылым, 1998) монографиясында қазақтың көркем прозасы қалай туды, қандай жанрлық бастаулар әсер етті деген мәселе зерттелген.

Ауыз әдебиеті дәстүрін саралай келе зерттеуші толғау жанрының бұл процеске ерекше әсер еткенін қарастырған. Прозаның дамуына Абайдың классикалық стилінің әсер етуі теориялық талдаулар арқылы дәлелденген. Сонымен қатар, зерттеуші осы тұста классикалық стиль ұғымын теориялық тұрғыдан арнайы сөз еткен. Кітап 4 тараудан тұрады:

1) Жанровые предпосылки казахской художественной прозы.

2) Классический стиль Абая Кунанбаева и его роль в зарождении казахской художественной прозы. Открытие эстетического треугольника «Автор – герой – читатель» в «Ғақлия». Художественное открытие новой концепции человека и его места в вечно меняющемся мире

3) Экзистенциальная проблематика возвращенной литературы (Ш.Кудайбердиев, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жумабаев, М.Ауэзов)

4) Культурные архетипы современной казахской прозы. Соотношение литературного и лиро-эпического кодов в структуре художественного текста (Т.Ахтанов, А.Кекильбаев, О.Бокеев, С.Санбаев)

«Жанровые предпосылки казахской художественной прозы» атты бірінші тарауда поэтика мәселесі қойылып, әдеби жанрдың жадында сақталатын сөз өнері тарихының поэтикалық жетістіктері айқындалған. Осы ретте «Әдебиет танытқыштағы» дарынды сөз жүйесі қарастырылып, оның айтылу түріне қарай негізделген –

әуезе, толғау, айтыс түрлері зерттелген. Бұл айтылу түріне бөлінген сөйлеу жанрларын (речевые жанры – М.Бахтин) зерттеуші романның алғы бастаулары ретінде қарастырады. Сөздің екіұшты, көп мағыналы болуын, сөз өнерінің әлеуметтік, саяси, қоғамдық өмірге тікелей әсер еткенін зерттеуші ертегі – толғау – айтыс жанрлық түрлерін саралай отырып дәлелдеген. Романның тууына эпикалық дәстүр – лиро – эпикалық поэмалар. «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз – Жібек» әсер еткені де айқындалған. Осыған байланысты малазиялық хикаяттар, көне ағылшын тіліндегі рыцарлық романдар типологиялық салыстыру арқылы келтірілген. Лиро – эпикалық поэмаларда – «халық романдарында» ашылған қарапайым адам өмірінің бейнеленуінен жазба әдеби романға дейінгі ара – қазақ сөз өнерінің көркем жетістіктері ретінде зерттелген. Осы тұста толғау жанрының романға әсер еткені арнайы қарастырылған. А. Байтұрсынұлы көрсеткендей, толғаудың адамның ішкі әлемі, жан тебіренісінің күйін көрсете білу қасиеті қазақ романына ерекше психологизм әкелгені дәлелденген.

Зерттеушінің пайымдауынша толғау қазақ романына ерекше мазмұнды мағына, кейіпкердің ішкі әлемінің бостандығымен қоса, өмір шындығына тікелей араласу қабілетін әкелді. Лиро – эпикалық стильдің дамыған түрін зерттеуші ХХ ғасыр басындағы проза мен ХХ ғасыр соңындағы әдебиеттен табады. Сондықтан, қазақ романы о баста бай ортағасырлық баяндау тәсілі бар құнарлы

жергілікті – төл дәстүрдің арқасында жылдам дами алды. Қазақ әдебиетіндегі көркемдік процестердің логикасы осылай зерделене түскен.

«Классический стиль Абая Кунанбаева и его роль в зарождении казахской художественной прозы. Открытие эстетического треугольника «Автор – герой – читатель» в «Ғаклия». Художественное открытие новой концепции человека и его места в вечно меняющемся мире» атты екінші тарауда Абайдың классикалық стилі деген ұғым теориялық тұрғыдан дүниежүзілік әдебиет контекстінде айқындала түскен.

Зерттеуші Абай мұрасындағы адам – пенде туралы жаңа концепцияның тұңғыш рет ашылғанын, оның бұл мәңгі өзгеріп жатқан өмірдегі орны қандай деген сауалға жауап береді. Абай стилі дүниежүзілік әдебиет контекстінде зерттелген. Абай стилінде қалыптасқан “автор – кейіпкер – оқырман” үштігінің “Ғаклиядағы” ақын өлеңдеріндегі жүйесі қазақ романына тікелей әсер еткені нақты талдаулар арқылы дәлелденген.

Классикалық стиль ұғымы осы контексте айқындалып, оның бұған дейінгі кезеңнен айырмашылығы қарастырылған. Бұл бөлімнің тараушалары “Открытие эстетического треугольника “автор–герой–читатель” в “Ғаклия”, “Художественное открытие новой концепции человека и его места в вечно меняющемся мире”, “К понятию классического стиля в казахской литературе”, “Как шло становление классического стиля в казахской

литературе”, “Художественный синтез в стиле Абая”, «Система «автор – герой – слушатель» т.б атты тараушаларда аталған теориялық мәселелер нақты талдаулармен дәлелденген. «Экзистенциальная проблематика возвращенной литературы (Ш. Кудайбердиев, М. Дулатов, Ж. Аймауытов, М. Жумабаев, М. Ауэзов)» атты зерттеу еңбек келесі тараушалардан тұрады:

1. Роман – финальный жанр реалистической литературы;

2. Стиль первого казахского романа. (М. Дулатов «Бақытсыз Жамал»)

3. Зачатки психологической прозы Ш. Кудайбердиева. (Әділ – Мария)

4. Историческая продуктивность художественного открытия и стиль;

(проза М. Жумабаева)

5. Роман и стиль. (Ж. Аймауытов «Ақбілек», «Қартқожа»)

6. Слово в языке и слово в стиле М. Ауэзова (ранние рассказы и повести)

«Роман – реалистік әдебиеттің соңғы жанры» атты бірінші тарауда А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышындағы» теориялық ойлар М.М. Бахтиннің теориясымен ұқсас екені анықталып, осы тұрғыдан XX ғ басындағы қазақ әдебиеттануы мен көркем проза сараланып, талдауға түскен. Дүниежүзілік роман

жанрының дамуы негізінде қазақтың тұңғыш романы қарастырылған. А. Байтұрсынұлының Ділмар дәуірі түсінігі негізінде бұл қағида нақты талдаулар арқылы айқындалған. Европа романы қашан пайда болған? Ортағасырлық прозаға қандай жанрлар жатады? Япондық (XI ғ) роман, қытай романы (XIV), корей романдарының қандай ерекшеліктері бар? Шығыс әдебиеттеріне роман – аударма арқылы қалай келді? Шығыстағы 18–20 ғ басындағы романдық түр қалай пайда болды? Антикалық роман, ортағасырлық рыцарлық роман, араб, япон, грузин әдебиеттеріндегі рыцарлық эпос типологиялық тұрғыда қарастырылған. Ескендір туралы роман басқа әдебиеттерге қалай енген? Қытай ортағасырлық тарихи романы (XIV) басқалардан несімен ерекшеленеді? Араб романы қай кезде пайда болған? Хикаяттарды неге роман деп атаған? Қазақ романының XX ғ басында дүниеге келуі т.б күрделі мәселелер осы контексте қарастырылған.

Монографияның 4-тарауы «Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль. (начало XX века и современность)» деп аталады. 1960–80 жылдардағы қазақ прозасына әдеби теориялық талдау жасалған. Бұл кезде пайда болған қазіргі прозаның жанр мен стильдік ерекшеліктері айқындалған. Т. Ахтанов, Ә. Кекілбаев, О. Бөкеев, С. Санбаев шығармаларындағы қазіргі прозаның жаңа жетістіктері қарастырылған. Басты қағида – қазіргі прозадағы ұлттың төл жанрлық ерекшеліктерінің сақталуы. Ұлттық сөз өнерінің төл дәстүрінің жаңа

контексте – романда қайта жаңғыруы бүгінгі әдебиеттің басты ерекшелігі: психологизмнің төл түрін жаңғырту болып табылады.

А.Исмакованың «Возвращение плеяды экзистенциальная проблематика в творчестве Ш. Кудайбердиева, А. Байтурсынова, Ж. Аймауытова, М. Жумабаева, М. Дулатова и М. Ауэзова» атты монографиясында (А.» Ғылым», 2002) 1990 жылдардағы қазақ прозасына қайтып оралған ақтаңдақтар қалай әсер етті? Шынайы көркемдіктің деңгейі қандай өлшемдермен сипатталады деген мәселелер көтерілді. XX ғ басындағы қазақ әдебиеті адамды көркемдік тану тұрғысынан жаңаша бейнелеген туындылар болып табылады. Әдебиеттанулық талдаулар арқылы бұл шығармалардағы көркемдік дүниежүзі әдебиеттердің үлгілі болып саналатындарымен салыстырыла зерттеуге негізделген. Тұңғыш рет аталған шығармалар – көркем мәтіндердің орыс тіліне дәлме–дәл, жолма - жол аудармалары ұсынылған. Ш.Құдайбердіұлы, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Әуезов туындыларын біріктіріп тұрған экзистенциалды проблемалар қарастырылған. Өмір мен өлім, дұрыс пен бұрыс, ақ пен кара, оң мен сол, шынайы мен жалған ұғымдары қалай бейнеленген? Шынайы көркемдіктің басты шарттары қандай?

Аталған шығармалар XX ғ басындағы әдебиеттану контексінде де зерттелген. Және бұл әдебиеттанудың

деңгейінің кәсіби биік екені осы тұста айқындала түскен. Сондықтан бұл мәселе VI тарауда арнайы қарастырылады. XX ғ басындағы тұңғыш әдеби-теориялық зерттеу ретінде А. Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқышы» (1926) зерттелген. Х. Досмұхамедұлының «Казахская народная литература», М. Әуезовтың «Қазақ әдебиеті тарихымен» қатар бұл іргелі зерттеу өз кезінің және кейінгі қазақ әдебиетіне тікелей кәсіби ықпал еткені айтылған.

Осы ретте «Әдебиет танытқыштың» басты теориялық қағидалары М. Бахтиннің теориялық зерттеулері негізінде анықталған. XX ғ басындағы қазақ әдебиеттануы Абайтану негізін қалағаны осы тұста қарастырылған. Ә. Бөкейхан, К. Ысқақұлы, А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, М. Жұмабаев, Н. Рамазанов, Н.Төреқұлов. Б. Көлеев, І. Жансүгіров, Г. Сағди, С. Торайғыровтардың Абайтануға қосқан нақты еңбектері зерттелген.

«Әдебиет танытқыш» М. Бахтиннің «Эстетика словесного творчества» зерттеуімен салыстырылып басты теориялық ортақ тұжырымдар анықталған.

Бүгінгі тәуелсіз кездегі әдебиеттануда 1990 жылдары осы теорияның қажеттілігі нақты талдаулар негізінде тұжырымдалған. «Әдебиет танытқыштың» іргелі теориялық негіздері З. Қабдолов, З. Ахметов, С. Қирабаевтар мойындағаны ескеріліп, бүгінгі қазақ әдебиеттануына қажет зерттеу екені дәлелденген. М.

Әуезов мұрасы ақталғандар контексінде жаңаша зерттелген.

“Казахский художественный рассказ” атты монографиялық еңбектің авторы филология ғылымдарының докторы Гүлнәр Елеукенова қазақ әңгіме жанрының поэтикасы, көркем прозаның шағын жанрының туу, қалыптасу, даму жолдарын қарастырады. XIX ғасырдың екінші жартысы мен XXI ғасырдың басына дейінгі аралықтағы әңгіме жанрының өсу деңгейін қазақ мәтіндері негізінде зерттеген ғалым еңбегінің бірінші тарауы “Культура мышления и формирование национальной художественной прозы” (“Таклия” Абая как сфера пересечения плоскостей “своего” и “чужого” сознания и слова”), “Роль этнографических рассказов Ибрая Алтынсарина в возникновении жанра малой прозы”), “Опыт художественного рассказа в творчестве писателей-демократов” деп аталса, екінші тарауы “Жанровая специфика казахского рассказа” (“Литературное произведение как художественное единство”), “Художественный мир автора и жанровой мир рассказа”, “Архетипические мотивы малой прозы”, “Знак и текст в системе художественной континуальности”) деп аталады. “Типология композиционных возможностей и закономерностей художественного рассказа” деген үшінші тарауы “Идеологический уровень отношений элементов структуры”, “Фразеологический уровень отношений элементов”, «Пространственно-временные

отношения на композиционном уровне», “Психологические позиции писателя как отражение модификаций элементов художественного целого” т.б деген үлкен тараушалардан тұрады. Ал, “Стиль как способ организации художественной системы малой прозы” атты төртінші тарауында “Единство формы и содержания”, “Условность в художественной литературе”, “Отражение в искусстве и художественной литературе всеобщего, общего и единичного как способа стилиобразования” т.б мәселелер қарастырылған.

Ахмет Байтұрсыновтың теориялық еңбегі жайында жазылған **“Әдебиет танытқыштың” теориялық негізі** атты монографияның авторы ф.ғ.к Ұлан Еркінбаев бұл еңбектің әдеби-теориялық һәм методологиялық жүйесін – XX ғасыр басындағы және бүгінгі әдебиеттану ғылымының жетістіктері тұрғысынан теориялық поэтика негізінде саралайды. Кітапта А.Байтұрсыновтың теориялық пайымдары өз замандастары ресей және дүниежүзілік әдебиеттану ғылымының өкілдерімен (Б.В.Томашевский, В.М.Жирмунский, А.И.Белецкий, Г.О.Винокур, Ю.Н.Тынянов, Р.Якобсон, В.Кайзер, В.Б.Шкловский, М.М.Бахтин, Ю.М.Лотман т.б) қатар талданады. “Сөз өнерінің ерекшелігі”, “Шығарма сөз жүйесіндегі стилистикалық айшықтар тілі”, “Қара сөз бен дарынды сөз жүйесінің” трактовкасы деген үлкен үш тарауда ізденуші А.Байтұрсыновтың “Әдебиет танытқыш” еңбегіндегі әрбір әдеби ұғым мен

терминдердің төркіндеріне барып, олардың көркем шығарманың поэтикасын айқындаудағы рөліне аса мән береді.

4.2 Қазақ әдебиеті және абайтану мәселелері

Әдебиет және өнер институтының абайтану бөлімі 2002 жылы ұлы ақын Абай Құнанбаевтың 150 жылдық мүшел тойы қарсаңында **“Қазіргі Абайтанудың өзекті мәселелері”** (А., Ғылым ғылыми баспа орталығы, 2002, 274 б.) атты ұжымдық монография жариялады. Онда абайтанушы ғалымдардың ұлы ақын мұрасын жаңа тарихи жағдайда жаңаша көзқарас тұрғысынан қарастырған еңбектері енді.

Жинақ М. Әуезовтің “Абай ақындығының айналасы” атты мақаласымен ашылып, “Абайтану ғылымының тарихынан”, “Абайтану және ғылыми зерттеу әдіс-тәсілдері”, “Абай және фольклор”, “Абай және ұлт”, “Суфизм және Абай”, “Абай руханияты”, “Зар заман ақындары” және “Абайдың өлең өрнегі” т.б. тараулар кешегі идеологиялық өктемдік тұсында тыйым салынған тың мәселелерді бүгінгі талап тұрғысынан талдауды басты нысана тұтқан. Ұжымдық еңбек осы мақсат үдесінен шығып, бір тақырып төңірегіндегі қадау-қадау мәселелерді ортақтастырып, абайтануды жаңаша көзқараспен қайта қарап шыққан.

Соңғы жылдары абайтану саласындағы бірнеше ғылыми зерттеу жұмыстары, монографиялық, ұжымдық жіне жеке диссертациялық жұмыстар жарияланды. Әсіресе, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтындағы абайтану бөлімі қызметкерлерінің атқарып отырған шаруалары қыруар. Жоғарыда аталған еңбектің «Алғы сөзінде»: Ұлы Абайдың туғанына 150 жыл толу мерекесінің жиырма бес сырт елде тойланғанын, дүние жүзілік деңгейде тойланған салтанатты мәжілісте сөз алған ЮНЕСКО-ның бас директоры Федерико Майор мырзаның сөзінде: «Абай өзінің ақындық, азаматтық кемеңгерлігімен, ақыл-парасат дарынымен бүкіл дүние жүзін жаулап алғалы отыр... Абайдың өнер саласында, ізгілікке қосқан үлесі, міне, бүкіл адамзаттың пайдасына асқалы отыр...» - деп мойындады. Осы ұжымдық жинақты шығарған институттың (ғылыми жетекшісі ф.ғ.д., проф. Жұмағали Исмағұлов) абайтану бөлімі кешегі кеңестік идеология өктемдігінің бұл салаға тигізген залалын ескере отырып, «Абай мұрасын зерттеудің жаңа аспектілері» деген тақырыпта ұзақ мерзімге арналған бағдарлама жасаған болатын. Соның бір бағыты осы конференция барысында жаңадан жазылған тың туындылар, жаңа пайымдаулар десек те болады». «Абайдың ақындық айналасы» атты М.Әуезовтің мақаласымен ашылған ұжымдық жинақтағы «Абайтану ғылымының тарихынан» (С. Қирабаев), «Абайтану және ғылыми зерттеу әдіс-тәсілдері» (З.Ахметов) т.б. бұрын аталмай келген

еңбектерге және осы саладағы ғылыми-зерттеу жұмысының әдістемелік мәселелеріне назар аударылады. Және «Абай және фольклор»(С.Қасқабасов), «Абай және ұлт» (А.Шәріп), «Суфизм және Абай» (М. Мырзахметұлы), «Абай руханияты» т.б тараулар кешегі идеологиялық өктемдік тұсында тыйым салынған тың мәселелерді бүгінгі талап тұрғысынан талдау талабымен ерекшеленеді. А. Ісімақова, Т. Шапай, А. Шәріп, Қ. Салғара т.б сынды зерттеушілер мақалаларында ұлы ақын мұрасына жаңаша үңіліп, оларды жаңаша бағамдап, жаңа тұрғыдан түсіндірген.

Ал, «Абай және ұлттық идея» атты 2005 жылдың 17 мамырында өткен ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының туғанына 160 жыл толуына байланысты өткен Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалы жинағындағы «Абай және ұлттық идея», «Ұлттық сананың ұлан асу құбылыстары», «Абайдың хакімдігі туралы», «Ыбырай және Абай: Әдебиетіміздегі ағартушылық реализм дәстүрінің бастауында», «Абайдың әсемдік танымы», «Абай – бүгінгі рухани қажеттілік», «Абай және Ахмет поэзиясындағы ой үндестік» т.б ұлы ақынның шығармашылықтары тағы да бүгінгі күннің ғылыми, теориялық талдауларына түсіп, жаңаша ойлар қорытылады.

Қазақ әдебиеті тарихындағы ең ірі сала – Абайтану саласына үздіксіз үлес қосып келе жатқан абайтанушы М.Мырзахметұлының «Абайтану тарихы» (А.»Ана тілі»,

1994-192 б) атты еңбегі соңғы жылдары осы сала бойынша жазылған ең танымды оның тарихын қайта қараған, қайта дәуірлеген, жүйелеген бірден-бір ғылыми зерттеу десе боларлық. М. Әуезовтің соғыс жылдарындағы лекцияларынан бастау алған абайтанудың тарихын ғалым былайша жүйелейді: «Қазақ әдебиетінің аса қуатты арнасына айналған абайтанудың ғылыми тұрғыдан зерттелу кезеңін үш салаға бөле қараудың қажеттілігі туды:

Бірінші кезеңі, яғни абайтанудың алғашқы дәуірі ресми түрде баспасөз бетінде 1889 жылдан басталып, 1934 жылмен аяқталады.

Екінші кезеңі, 1934 жыл мен 1961 жыл аралығындағы абайтанудың Мұхтар Әуезов бастаған соны танымдарының заманымен аяқталады.

Үшінші кезең, 1961 жылдан кейінгі Абай мұрасын тереңдей танып, зерттеу дәуірімен жалғасады. Яғни, ұлы ақын мұрасы жолында абайтану мен абайтанудың тарихы деп аталатын екі ғылыми арнаның пайда болуын көрсетеді.

Зерттеуші осы еңбегінде абайтану саласында кейіннен пайда болған Алаш зиялыларының еңбектеріне кеңірек тоқталып, бұл саладағы ақтандақтардың орнын толтыруға тырысады. Абайдың өмірбаяны мен ақындық өнердегі басты ерекшеліктері мен орыс және осы арқылы еуропалық әдебиетпен қарым-қатынасты алғаш рет саралап, Абайдың ақындық кітапханасының жайын

біршама анықтаған Ә.Бөкейханов пен Кәкітай Ысқақұлының Абай поэзиясының асқақ қуаты мен эстетикалық болмысын терең таныған С. Торайғыровтың «Қазақтың бас ақынының» авторы А. Байтұрсыновтың, ақынның бұрын жарияланбаған өлеңдерін Орынбор қаласындағы баспадан жариялаған Самат Әбішұлының, «Қазақ» газетінде жарияланған М. Дулатовтың, Н. Төреқұловтың, «Екеу» деген бүркеншік атпен берілген Ж. Аймауытов пен М. Әуезовтің мақалаларын бүгінгі уақыт талабы тұрғысынан қайта таразылаған ғалым абайтану саласындағы жаңа көзқарастарды, тың толғам, пікірлерге парасатты түрде ой жүгіртеді.

XX ғасыр басындағы қоғамдық ой мен кеңестік кезеңіндегі солақай сындардың себеп-салдарына кеңірек тоқтала отырып, тәуелсіздік ерік берген рухани ой еркіндігінің нәтижесі кезінде кеткен көп кемшіліктердің көзін ашып, кейінгі ұрпаққа бұл саладағы олқылықтарды орнықты ойлы, тарихи негіздегі құжаттармен нақты тарихи деректермен дәлелдеп, өзінің лайықты шынайы орнын анықтауға, сол кезеңдегі мерзімді баспасөз бетеріндегі абайтануға қатысты әдеби айтыстардың ақиқатына жетуге, оларға тарихи баға беруге тырысады. Осы орайда, Абай мұрасын танып бағалауда XX жылдардың басы мен отызыншы жылдардың аяғында саяси-әлеуметтік жағдайға байланысты туындаған әрі айқын көрініс берген үш түрлі бағытты атап көрсетеді.

I. Тұрпайы социологиялық танымдағы ағым. А) Абайды феодал тобының ақыны, ретінде таныту (солай бағалаушылар – С. Мұқанов, Б. Кенжебаев, Ә. Шарапи, Қ. Қуанышұлы, М. Ақынжанов т.б. ә) Абай – феодал тобының буржуазиялана бастаған тобының ақыны деп танытқандар С. Мұқанов, I. Жансүгіров, М. С. Сильченко т.б болды.

б) Жаңа туып келе жатқан ұлт буржуазиясының өкілі деген көзқарастағы әдебиетшілер Қ. Қабылов, Ы. Мұстамбаев, Ғ. Тоғжанов, Ә. Лекеров, С. Асфандияров, Ә. Мәметова т.б

II. Абай мұрасын түршілдік (формалистік) тұрғыдан танып бағалау – жас әдебиетші З. Шашкин мен Е. Ысмайлов» «Абайдың поэтикасы» («Әдебиет майданы. 1934/711-12 сандарында)еңбектерінде көрініс беріп, олар әр дыбысты теріп, түршілік тұрғыдан талдаған.

3. Абай мұрасын тануда компаративистік танымның белгілі дәрежеде орын алған кезеңі болды. Бұл танымды ұстанған зерттеушілер ақын Абай мен ойшыл Абайды бөле қарады. Осы себепті олар Абайды ірі ақын ретінде таныса да, әлсіз ойшыл деп қарап, оның рухани ұлттық болмыстан туындаған тума ой танымдарын келімсек ой танымның көрінісі ретінде танытты. Абай мұрасын компаративистік таным тұрғысынан танып пікір білдірген топтың қатарында Қ. Қабылов, Ы. Мұстамбаев, I. Жансүгіров т.б. болды.

«...Бірақ осы жат танымдағы идеологиялық танымдардың арасында сол жат құбылыстан іргесін аулақ салған әрі келешектегі абайтанудың тарихының көшінің дұрыс жолға түсіп, жаға бағыт-бағдар алуына әсер еткен жазушы М. Әуезовтің «Абай ақындығының айналасы» мақаласы мен Қ. Жұбановтың «Қазақ әдебиетінің классигі» және Есен Тұрсынның (Таһир Шағатай 1934 жылы) «Яш Түркістан» журналында жарияланған «Түркістанның ұлы ақыны – Абай Құнанбайұлы» мақалалары болды. Қатар басылым көрген зерттеу еңбектері абайтану тарихында ой танымы жағынан ерекше дараланып тұратын бітімі бөлек туындылар» - деп өзінің лайықты тарихи бағасын береді.

«Абайтанудағы М.Әуезов кезеңі (1933-1961)» деген екінші тарауда ұлы суреткердің абайтанудағы сүбелі еңбектеріне, әсіресе кеңестік кезеңдегі саясаттың салдарынан бұралаң түскен, ұлыны мәжбүрлеген жәйттерді тарихи шындық тұрғысынан қайта қарайды.

Бұрындары әр түрлі көзқараста танылып жүрген ақынның білім алған бұлағы жайлы дұрыс танымды да Әуезовтің ендіргені, бірінші кезекте қазақтың тума мәдени қазынасы тұрса, екінші кезекте мұсылмандық шығыстың рухани ой қазыналарының терең іздері жатқанын ғылыми тұрғыдан болжай білгендігін, ал үшінші орында орыс және Еуропалық ой қазыналары болғандығын М.Әуезов кезінде меңзеп кетіпті. Міне, осынау бұрындары белгісіз немесе бұлыңғыр болған

ойлар М. Мырзахметұлының интерпретациясының арқасында жаңаша сөйлеп отыр. Мұнан кейінгі зерттеушілердің абайтануға қалай келгені, олар не туралы, қалай айтқаны жөнінде де қызғылықты деректер кездеседі.

«Абайтанудың М. Әуезов дәуірінен кейінгі даму жолы» атты үшінші тарауында М.Әуезов өмірден өткеннен кейінгі бұл саланың біраз уақытқа дейін дамылдап қалғаны, кейін Қ.Жұмалиевтің жандандыруының нәтижесінде қайта қолға алынып, зерттеле бастауы, Абай мұрасының шығысқа қатысы жайлы мәселенің де алғаш рет зерттеу нысанына алына бастауы, Әуезов ұсынған концепцияның дұрыстығы, диссертациялық жұмыстардың жүйеленіп, жолға қойыла бастауы да, мерей тойлардағы атқарылған шаруаларға шолу да бұл еңбекте назардан тыс қалмаған. Абайтанудың әрбір кезеңдеріндегі зерттеулерге зер салған ғалым бұл саланың зерттелу тарихын да бір жүйеге түсіріп шыққан.

«Абай және Әуезов: рухани сабақтастық» деген мақаласында автор М. Әуезовтің әдеби мұрасының Абай шығармашылығымен тікелей рухани байланысы бар екендігін, үш түрлі қоғамдық формацияның, таза феодалдық, капиталистік, социалистік құрылыстың тар жол, тайғақ кешуінен өткен ұлы суреткердің әдеби мұрасын меңгеру жолындағы қиыншылықтарды зерттей келе мынадай мәселелер төңірегінде ой толғайды. Біріншіден «Абай мен М.Әуезовтің рухани

сабақтастығының басы олардың сөйлеу тіліндегі рухани тұтастыққа жатқандығын, екіншіден, Абайдың адамгершілік мұраты М. Әуезовтің ғылыми шығармашылық ізденістерінің рухани тамыздығына айналғандығын, отыз сегізінші қара сөзіндегі «толық адам» түсінігін зерттеудегі танымдары арқылы танылатынын анықтайды. «Толық адам» терминін М.Әуезов өзі жасаған алмағайып заманда бір тамыры ислам дініндегі таныммен байланыста жатса, екінші тамыры жағынан, сопылық ілімнен туындайтын камили инсани (кемелденген адам) танымымен, Шәкәрім тілімен айтқанда ар ғылымымен ұштасатындықтан, өз қалпында, Абай қолданған нұсқасымен атай алмады» дей келе, бұл түсінікті қалыптастыру бағытындағы жұмыстарына сипаттама беріледі. Бұл ойдың Абайда қашан туып қалай қалыптасқанын, дамығанын «Абай жолындағы» зерттеулері арқылы анықтаған зерттеуші екі ғұламаның осы түсінік барысындағы ортақ ойлары мен әдеби түсініктерінің тамырластығын, рухани сабақтастығын әдемі ашып береді. Осы мақаласындағы ойды зерттеуші «Қазан төңкерісінен кейінгі Қазақстандағы діни танымдағы өзгерістер» деген мақаласында сопылық ілімнің мән-маңызы мен тарихын терең танымай жатып орта жолдан орашалақ ой қорытындылар жасайтын еңбектерге тоқталады. 1999 жылы «Ұлылар үндестігі» деген ғылыми еңбек жазған кришнаизм ағымының белсенді өкілі, физика, математика ғылымдарының

кандидаты Досым Омаров деген біреудің осы кітап негізінде «Абайтану курсы» деген атпен теологиялық негіздегі (2000 жылы) мектеп оқулығын жазып, ҚР Білім және ғылым министрлігінің мақұлдауымен мектептерге оқытыла бастаған тұста зерттеушінің жетекшілігімен топ құрылып мұндай зиянды жүйеге қатты соққы берген. Сөйтіп, оқулық мектеп бағдарламасынан алынып тасталған болатын. Және осы мақалада осындай жаңылыс пікірге бой алдырған белгілі жазушы, ізденгіш ғалым Тұрсын Жұртбаевтың «Күйесің, жүрек... Сүйесің» («Алматы.Санат»,2001) деп аталатын кітабындағы «Абай сопылық көзқарасты қолдамаған, Абай сопылықты қабылдамайды, Адамды Алланың жолынан тайдыратын бағыт ретінде сынайды» деген негізсіз пікірлерін автор қатты сынға алады. Оған дәлел ретінде «Түрік халықтарының классикалық сопылық поэзиясындағы тереңге бой ұрған философиялық ой желілері талғай білген ойлы адамға зор рухани қазына көздеріне бастайтын ой маржандарын алдына тосады... Өйткені , Абайдағы инсанияттың кімалаттығы деген таным сопылық дүниетаныммен тікелей сабақтасып, Абайдағы толық адам ілімімен тамырласатын өзекті танымдар ғой» - деген түйінді пікір айтады. Одан әрі толық адам туралы таным ойдың Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастанындағы «ақи», яғни жуанмәрттілік ілімін төрт таған негізі ретінде алынған: әділет, дәулет, ақыл, қанағат тәрізді және Иасауидің «Диуани хикметіндегі» хал

ілімімен де тікелей өзектесетін күрделі мораль философиясы екендігін жан-жақты ашып көрсетеді. Т. Жұртбаевтың ресейдің шығыстанушы ғалымдардың суфизмді сары уайымға салынған мистиктердің дүниетанымы ретінде теріс танытып келген насихатына сүйенгендіктен жаңылысып отырғандығын айтады, автор. Ол Абайдың ақындық кітапханасы дейтін мәселеге өз ойын былай білдіреді: «Абайтану тарихында Абайдың кітапханасының жайы туралы мәселе екі түрлі тәсілмен қарастырылып жүр. Бірі Абайдың өз шығармаларында берілген нақтылы сілтемелері арқылы, екіншісі, ойшылдың дүние таным жүйесімен сабақтасатын деректі мағлұматтар көзін салыстырып табу арқылы жүргізіліп келеді». Ғалым Тұрсынның жаңылыс ойының негізсіз екендігін, ұлы ақынның сопылық ілімге бүйрегі бұрғанын бұра тартпай анық айту керек екендігін, оның кісі шошитындай құбыжық еместігін нақты ғылыми деректер, ислам іліміндегі сопылықтың жақсы да жақтары бар екендігімен дәлелдейді.

Осы кезең аралығындазерттеуші бірнеше ғылыми еңбектер жазды. Олар: “Абайдың адамгершілік мұраттары” (1993), “Абайды оқы, таңырқа” (1993), “Абай және шығыс” (1994), “Абайтану тарихы” (1994), “Восхождение Мухтара Ауезова к Абаю” (1995), “Әуезов және Абай” (1997), “Түркістанда туған ойлар” (1998) және “Абайтану дәрістерінің дерек көздері”, “Абайды білмек парыз ойлы жасқа” (1997) т.б.

М. Мырзахметұлының жинастырып, алғы сөзі мен түсініктемесін жазып, басылым көрген еңбектері: “Әдебиеттану” (1972), Қ.Байболов “Төле би дастаны” (1991), М.Әуезов. “Әдебиет тарихы” (1991), Ш. Құдайбердиевтің “Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шешіресі” (1991), “Үш анық” (1992), “Мұсылмандық шарты” және “Бауыржан батыр”, “Айналған аты аңызға Момышұлы” (2000), Қ.Өмірәлиев. “Абай афоризмі” (1993) т.б. “Абай және Мұхтар Әуезов” энциклопедиясына қызу атсалысып, оның редколлегия мүшесі болады.

М. Мырзахметұлының абайтануға қосқан үлесі әсіресе, ұлы ақынның шығармаларында кездесетін көптеген түсініксіз араб-парсы сөздерінің түп-тамырын, олардың қайдан, кімнен, нендей мақсатта қолданылып отырғанын білу мақсатында оның кітапханасын, әрбір оқыған әдебиеттерін анықтауы болды. Осы орайда, М.Мырзахметұлы Абай оқыған әдебиеттерді өзі де түпнұсқадан оқу үшін араб, латын, шағатай, түрік, өзбек, татар, әзірбайжан тілдерін де еркін меңгерді. Сөйтіп, Шығыс әлемін ашу арқылы Абайды толық тануға мүмкіндік алды.

Соңғы кездері «Абай лұғаты» деген атпен Абай шығармаларында ұшырасатын, мағынасы оқырмандарға беймағлұм әрі қиын термин сөздерге сөздік жазуда. Әрі Абайтану тарихына байланысты арнайы курстың бір томдық хрестоматиясын құрастырып, баспаға даярлауда.

Абай мен мұхтартану саласында жүйелі түрде жұмыс жүргізіп келе жатқан зерттеуші бұл тақырыпты үнемі толықтырып, жан-жақты байытып отырады. Оған М.Мырзахметұлының кейінгі жылдары жарық көрген еңбектері куә. Айталық, “Абай, Мұхтар мұрасы айналасында” (1992), “Абай және сопылық ілім” (2001), “Абайдың ғылым жайлы танымынан” (2000) т.б. атты ғылыми мақалаларында абайтану мәселелері одан әрі тереңдей талданады. Бұл еңбектерінде ғалым Абай шығармаларында кездесетін әдеби ұғым-түсініктерге, терминдік атауларға анықтама береді. Ғалым алдымен Абайдың ғылым, білім, ілім туралы пікірлерін келтіріп, ол туралы ойларын ғылыми тұрғыдан жүйелейді: “Мәселен, “Білім, ғылымды көбейтудің екі құралы болады екен. Оның бірі – мұлахаза, яғни ойда пікірлеу, әр нәрсеге сын көзімен қарап пікір жүгірту арқылы шындықты білу болмақ. Екіншісі, мұхафаза, яғни пікірлеу үстінде ойыңа қонған танымыңды көкірекке түю, көзің жеткен нәрсені қатты ұстану”, - деп ой түйген дана Абай енді бірде танымдық жағынан мән-мағынасы терең төрт түрлі танымал ғылым салаларының атауларын өз алдына даралайды.

Мұның бәрі Абайдың ғылымды тануы мен ол жайлы пікір айтуы сол кездегі ғылымды жүйелеу желілерімен таныстығын байқатса керек. М. Мырзахметұлы Абай шығармаларындағы көптеген бөгде тілден енген сөздердің этимологиясы мен оның ғылыми түсініктерін беріп,

оқырмандарды ақын тіл қорындағы сөз байлықтарымен таныстырады.

Абай шығармаларында кеңінен орын алған мұсылман философиясы мен исламият тарихына, таным-түсінігіне қатысты терминдік ұғымдардың кейінгі ұрпаққа түсініксіз болуы, сол себепті ұлы тұлғаның туындыларын тереңнен талдап, оның ішкі әлеміне, дүниетанымына ене алмай жүруі абайтанушы М. Мырзахметұлын қатты алаңдататыны ақиқат. Осы ретте ғалымның өзі де өмір бойына ізденіп, тұңғығына жете алмай келеді. Мысалы, 2000 жылы жазылған “Абайдың ғылым жайындағы танымынан” атты зерттеуінде М.Мырзахметұлы: “Абай ғылым туралы ұғымды теориялық тұрғыдан негіздеп қана қоймайды, оның өмірде орын тепкен қазіргі ұғым деңгейіндегі желілерінде анықтап, нақтылап атап өтетіні бар. Бұл таным Абай заманындағы қазақ қауымы үшін аса қажетті тың ұғым, соны таным болатын-ды», – дей келе, ақынның ғылымды классификациялау жүйесіндегі 10 танымдық ұғымды талдайды. Олардың әрқайсысына, атап айтқанда:

1. Аллатағаланың ғылымы;
2. Ғалами ғылым;
3. Заһари ғылым;
4. Адамның ғылымы;
5. Адамның білімі;
6. Өзіндік ғылым;
7. Дүниенің ғылымы;

8. Мүтәкәллимін;

9. Мантикин;

10. Жәуанмәртлік немесе мораль философиясы” атты терминдерге ғылыми түсініктеме береді. Осы жолдағы шығармашылық ізденістері өмірінің стихиясына айналған көрнекті ғалым М.Мырзахметұлы ақынның әрбір сөзінің, ол қолданған әрбір термин-түсініктің тамырын басу, тарихын, мағынасын, мәнін ұғу үшін Абай шығармаларынан іріктеп алынған 180-дей философиялық ұғымның әрқайсысына ғылыми анықтама жазу үстінде. Ол келешекте “Абай лұғаты” деген атпен басылым көрмек.

М.Мырзахметұлының жетекшілігімен де жүйелене бастаған абайтану саласындағы сүбелі еңбектер баршылық. Абайдың философиялық ойларына молынан мүмкіндік берген «Қара сөздерін» зерттеу ғалымның шәкірті абайтанушы Жабал Шойынбеттің кандидаттық және докторлық диссертациялары арқылы жүзеге асырылып отыр. Ал, марқұм болып кеткен талантты ғалым, мұрағаттанушы Бейсенбай Байғалиевтің «Абай өмірбаяны архив деректерінде» деген еңбегі (Алматы. “Арыс” баспасы. 2001. 134 бет) «Абайтануға қатысты барлық келелі мәселелердің бастау алар қайнар көзі Абайдың толық та толымды, архив деректеріне негізделіп жазылған ғылыми өмірбаяны екендігі белгілі. Туған әдебиетіміздің бірегей классигі Абай Құнанбаевтың өмір жолын еліміздің өз тәуелсіздігін алуына байланысты,

қазіргі қоғамдық өмір мен ғылымда өріс ала бастаған оң өзгерістер мен тарихи шындықты қалпына келтіруге ұмтылыс жасап жатқан ізденістер тұрғысынан қайта қарастырып, тереңдете зерттеу мақсатында жазылған еңбек екі үлкен тараудан тұрады. I тарау: «Абай Құнанбаевтың қоғамдық-әлеуметтік қызметі туралы архив деректері» а) Абайдың ел басқару қызметіне қатысты архив деректері. б) Абайдың үстінен жазылған арыз-шағымдардың ақын өмірбаянын нақтылаудағы рөлі. в) Абай Құнанбаевтың отбасына жүргізген тінту. г) Абайдың мәдени-ағарту саласындағы қызметтерін айқындайтын архив документтері).

II тарау. Абайдың шығармасы деп қате танылып жүрген архив документтеріне талдау. а) Шар (Қарамола) төтенше съезі және Абай. б) Сенатқа жолданған апелляциялық пікір және Абай. Міне, осы тақырыптардың өзі айтып отырғанындай зерттеуші ұлы ақын өмірбаянына қатысты деректердің кеңестік кезеңде бұрмаланып зерттелгенін немесе кейбір мәселелердің бір жақты, үстірт қарастырылғанын, ал кейбір айтулы оқиғалардың мазмұны сол кездегі саясатқа байланысты жаңсақ түсіндірілгенін айта келіп, таза тарихи деректерге, архив құжаттарына байланысты жаңаша көзқараспен жазғандығын көрсетеді.

Академик Серік Қирабаев та абайтанудың ақтандақтар беттерін де бүтіндеуге біршама еңбек сіңірді. Айталық, XX ғасыр басындағы ұлт зиялыларының Абай

шығармаларын тауып, танып, көпшілікке таныстыру мақсатында жүргізген орасан зор жұмыстары кеңестік кезеңде қолдан аластатылып, жалпы оқырманның назарынан тыс қалған-ды. Сол жылдары ұлы ақынның жаңадан жинақталып, жарық көре бастаған шығармаларына Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, т.б. сынды ұлт зиялылары аса зер салып, баспасөз беттерінде жылы сөзді көптеген әдеби еңбектер жарияланған еді. Ұлы ақынның өмірі мен шығармашылығы турасында екі түрлі көзқарас қалыптасқан XX ғасыр басындағы әдеби сын пікірлерге бүгінгі егеменді елдің еркін ойлы ғалымы, сөз өнерінің тарихын терең меңгерген әрі өткеннің «өкініштеріне» өткір сыни пікірлер айта білген зерттеуші әлгінде аталған ұлт зиялыларының ұлы ақынның қазақ әдебиетіндегі өзінің лайықты тарихи орнын анықтаған еңбектерін ғылыми негізде жүйелей келе «Абайтану ғылымының бел-белестері» атты мақаласында жеке-жеке талдайды. Әсіресе, Абайдың өмірі мен ақындық өнері жайлы қазақ әдебиеттануында алғаш рет ғылыми ой айтқан Әлихан Бөкейхановтың «1905 жылы жазған «Абай (Ибрагим) Құнанбаев» деген азанамасына арнайы тоқталып, оның өмірбаяны мен шығармашылығы жөніндегі тарихи мәліметтерге терең мән береді. Ақын шығармаларының өз қатарластарынан өзгешелігін, оның поэтикалық қуатының ерекшелігін, дәстүрлі өлең құрылысынан түрлік, мазмұндық, тақырыптық, идеялық

жағынан күрделілігін, Ә. Бөкейхановтың қапысыз танып, талдай білгендігін зерттеуші баса айтады. Абайдың жылдың төрт мезгілі жайлы жазған өлеңдерін өркениетті өзге Еуропаның атақты ақындарының шығармаларымен теңестіруі ұлы ақынды әлемге танытуда лайықты орын алды. Абайдың туындыларын жинап, жариялауды өміріндегі ең бір маңызды шаруа деп осы орайда табанды ізденіс жұмыстарын жүргізген Әлихан Бөкейхановтың бұл ойы 1906 жылы ұсталып, саяси репрессияға ұшырауына байланысты жүзеге аспағанын автор ашына отырып әңгімелейді. Оның сәті 1909 жылы Петербургте Абайдың өз ұлы Тұрағұл мен інісі Ысқақтың баласы Кәкітайдың құрастыруымен жарияланған тұңғыш өлеңдер жинағы болып жарияланғанда ғана жүзеге асады. Абайтанудағы ең ірі жаңалық рухани құбылыс болған бұл жарияланымнан соң ғана қазақ халқы өзінің Абай сынды сирек кездесетін ұлы ақыны бар екендігін тани бастаса, екіншіден ойы озық оқығандарының зерттеулері арқылы мойындай бастады.

Абайдың осы туындысымен таныса салып, қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет жеке шығармашылық тұлға, оның сөз өнеріндегі алатын орны мен өзіндік өрнегі жайлы ғылыми пікір айтқан Ахмет Байтұрсынов әдеби эстетикалық көзқарастары жөнінде де С.Қирабаев орынды ой толғайды. Ахметтің Абайдың шығармашылығы жайлы әрбір пікіріне тоқталып, олардан сілтеме ала отырып, өз ойын нақтылаған зерттеуші ұлы ақын көтерген айтушы

мен тыңдаушы категорияларының көркемдік міндеттері жайлы түсініктерін А.Байтұрсыновтың қалай танып, талдағанын сөз етеді. Және шығармашылық тұлғаға тән қасиеттерді (жазушылық, сыншылық, ой шеберлігі мен терең білім) атап өтіп, олардың Абай бойынан табылуын атап көрсетеді.

Осы зерттеуінде С. Қирабаев абайтану саласындағы бағалы орны бар тұлға М. Дулатовтың ақынның қайтыс болуына 10 жылдығына орай жазылған «Абай» атты мақаласына, 1918 жылы М. Әуезов пен Ж. Аймауытовтың («Екеу»деп қол қойған) ұйымдастыруымен жарық көрген «Абай» журналындағы «Абайдың өнері һәм қызметі» деген еңбегіне тоқтала келіп, ондағы ақын ерекшелігін айқындаған өзіндік «Меніне» айрықша мән береді. Қазақтың шеберленбеген, әдеби әдемі әдіпке түспеген тілін терең білгірлікпен, асқан ойшылдықпен ажарлай білгендігін, ғылыми тұжырыммен тани білгендігін айтады.

І. Жансүгіровтің «Абай кітабы», Ғ. Сағдидің «Абай», Б. Кенжебаевтың «Абай» деген мақалаларын атай отырып, әрқайсысында айтылған әдеби сын пікірлерді нақтылап, олардың Абай шығармашылығын қай қырынан қарағандығын, оны халық ақыны деп бағалаудағы ғылыми сараптамаларына тоқталады, мақсаттарын анықтап береді. Алайда, ғасыр басындағы ақын шығармашылығын көркемдік талап, эстетикалық талғам тұрғысынан талдаған мақалалармен қоса оны таптық тұрғыдан танып, талдаған, біржақты көзқарастар да бой көрсеткені белгілі.

Міне, осы олқылықтың қыр-сырын жан-жақты ашуға, сол кезеңдегі саясаттағы, қоғамдағы әлеуметтік, идеологиялық құбылыстардың әсері болғандығын ғалым XX ғасыр басындағы әдеби айтыстарда айрықша орын алған С. Мұқановтың «Қара тақтаға жазылып қалмандар, шешендер» («Еңбекші қазақ» 1923) мақаласындағы мәселелер тұрғысынан талдап, түсіндіріп береді. Сол кезеңдегі коммунистік партияның пролетарлық емес мұраға жасаған шабуылының шынайы бет-пердесін ашып, таптық тартыстың мән-жайын тереңірек түсіндіреді. Осы орайда Ғ.Тоғжановтың («Абай»1935) деген еңбектерін, бұрындары ғылыми орта біле бермейтін І.Қабыловтың «Философия казахского поэта Абая и ее критика» («Советская степь». 1928. 2 август) деген мақаласындағы «Абайдың философиясы идеалистік философияның түрлі көріністерінің жиынтығы», сондықтан оның ілімі зиянды деген пікір айтқанын сынай келе, оған дер кезінде жауап жазған Ыдырыс Мұстанбаевтың «Поэт Абай и его философия» («Советская степь» 1928. 2 август) және «Ақын Абай және пәлсапашыл Ілияс туралы» («Еңбекші қазақ». 1929. 10 сентябрь) деген мақалаларындағы айтылған ойларға мүлдем қайшы келіп, І. Қабыловтың қателіктерін бетке баса отырып, философ Абайды ақын, суреткер Абайдан бөліп қараудың қателігін, оны патриалды-рушылдық қоғам мен капитализмге телудің ақын шығармаларын зерттеуден тумағандығын, қолдан жасалған схематизм екендігін сынап, «Абай нағыз халық

ақыны болды» деген қорытынды жасағандығын нақты мәтіндерден мысалдар келтіре отырып, дәлелдейді. Осы орайда, ерекше атап өтер еңбектің бірі – Құдайберген Жұбановтың «Абай – қазақ әдебиетінің классигі» атты еңбегі. XX ғасыр басындағы Абай шығармашылығы мен мұрасы, оның қазақ әдебиетіндегі алатын орны жөніндегі екіұдай айтысты қорытқан, әділ пікірмен баға берген бұл еңбектің құндылығын зерттеуші бүкіл кеңестік Шығыс, Орта Азия әдебиеттері ішінде Абайдың теңдессіз үздік орнын, өз дәрежесіндегі жалғыздығын, «алды жоққа жуық» ақынның «соны жол салу» даналығын Қ. Жұбановтың қалай дәлелдегеніне ден қояды.

С. Қирабаев XX ғасыр басында жаңадан бастау алған абайтану саласындағы ақтандақтарға ғылыми шолу жасай отырып, сол кезеңдегі әлі ғылыми айналымға кеңінен еңбеген көптеген мақалалар мен еңбектерді атап, сол кезеңнің қоғамдық және әдеби құбылыстарына сипаттама береді. Абайтанудың көрнекті өкілдерінен бастап, ірілі-ұсақты зерттеулер жазған ғалымдар мен әдебиетшілер еңбегіне әділ бағасын берген зерттеуші: «Абай өміріне, оның өмір сүрген ортасына, айналасына байланысты деректерді толықтыра беру, шығармаларының текстологиясын зерттеуді жалғастыру, әсіресе, прозалық шығармаларын әр түрлі нұсқалармен салыстыра қарау, Абай қолжазбасын іздестіру (қарасөздерінің өз қолымен жазған нұсқасы белгілі болып отыр), оны мазмұны, ақынның дүниетанымы тұрғысынан

толығырақ зерттеу, Абай мектебі мен оның ақындық дәстүрі жайлы жаңа еңбектер жасау, Абай реализмі мен оның творчествосы нәр алған бастаулар жайында жаңа сөз айту, Абайдың саяси-қоғамдық, тарихи, философиялық көзқарасы, қазақ әдеби тілін ұстартудағы рөлін кең ашу – алдағы күннің жалғаса беретін міндеттерінің қатарына жатады. Абай жайлы жаңа ұрпақтың жаңаша сөзі керек», – деп бүгінгі қазақ әдебиеттану ғылымы алдында тұрған міндеттер мен парыздарды да анықтап береді.

Кешегі кеңестік дәуірдегі идеологиялық саясаттың салдарынан өріс алған неше түрлі қоғамдық және рухани құбылыстардың құпия сырына қанық зерттеушінің әдебиет тарихына қатысты әрбір тарихи мәліметтерді бұлай егжей-тегжейлі саралауы және оны тек деректерді тізумен емес, оның мәнін ашып, сол кезеңдегі әдеби процеспен байланыстыра, уақыт таразысына салған әділ төрешілдікпен талдауы, мүмкіндігінше бүгінгі жастарға кешегі кемшіліктердің көзін ашып, оның себеп салдарын түсіндіріп, шындыққа көзін жеткізіп кетуге тырысу барысындағы еңбегін ерекше бағалап, атап өтпеске болмайды.

Тәуелсіздік тұсында қазақ әдебиеттану ғылымы ұлттық сөз өнері тарихын, қайта оралған ақтандақтарды – Алаш тұлғаларының өмірі мен шығармашылық мұраларын зерттеу ісін қолға алды. Кеңестік кезеңде айтуға тыйым салынған әдеби-мәдени мұра, ұмытылған

әдеби жәдігерлерді жариялау ісі алға қойылды. Абайға дейінгі қазақ әдебиеті нақтылана түсті.

Абайтану тәуелсіз тұсында жаңа тұғырға көтерілді. 1995 жылы Абайдың 2–томдық академиялық басылымы жарық көрді. Алла, Құдай, Мінәжат, тәубә, иман сөздері қалпына келтіріліп, араб, парсы тілдеріндегі сөздерге ғылыми түсініктеме берілді. «Абай» энциклопедиясы жарыққа шықты. 42 жылдан кейін өз ғылыми жұмысын нәтижелеген Қ.Мұхаметханұлының «Абайдың ақын шәкірттері» атты төрт кітабы жарық көрді. Қайым (Ғабдулқайым) Мұхамедханұлы көп уақытын Абай мұрасын, Абай мектебін зерттеуге арнаған ғалым. Оны келесі еңбектерінен көруге болады: «Қазақ әдебиеті тарихындағы абайтану ғылымының келелі мәселелері: Абайдың әдеби мектебі, ақын шығармаларының текстологиясы, шығармаларына түсінік беру және Абайдың жаңадан табылған өлеңдері»; «Абайдың әдеби мектебі» (Семей облыстық «Екпінді» газетінің 1940 жылғы № 233–239 сандарында жарияланған), Ақылбайдың «Дағыстан», «Зұлыс», Мағауияның «Медғат–Қасым», «Еңлік–Кебек», Әубәкір мен Әріптің шығармашылық өмірлеріне арналған мақалалары. Ғалымның мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген әдебиеттің жалпы мәселелері, әдеби үрдіс пен әдебиет қайраткерлері, әдебиеттер байланысы хақындағы ой-пікірлерді қамтитын сын–зерттеу мақалаларын былайша топтап, қарастыруға болады:

1. Қазақ әдебиеті тарихына арналған зерттеу мақалалары (Ш. Уәлиханов, Бұхар жырау, М.Әуезов, М.Өтемісов, Ы.Алтынсарин, С.Торайғыров, С.Дөнентаев, М.Сералин, Ы. Шөреков, Ы. Мұстамбаев, И. Қазанғапов т.б.);

2. Жазба әдебиет және ауыз әдебиеті байланысы, өнер иелеріне байланысты сын-зерттеулері («Жүсіп – Зылиха» поэмасы, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыры, айтыс ақындары: Орынбай, Кемпірбай, Шөже, Сәдір, Сапарғали; әншілер: Әміре, Майра т.б. туралы дерек мақалалары);

3. Ел тарихына байланысты зерттеулері (Кеңес өкіметін орнатуға белсене қатысқандар: С.Ғаббасов, А.Көшкінбаева, Б.Байғаранова, А.Ермұхаметов, У. Жәнібеков т.б.);

4. Туысқан елдер әдебиеті жөніндегі ғылыми пікірлері (А.С. Пушкин, И.А.Крылов, М.Ю.Лермонтов, Ф.М.Достоевский, сондай-ақ татар әдебиеті өкілдері: Ғ.Тоқай, Қ. Насыйри, Ш. Камал т.б.).

Абайдың ақын шәкірттерінің қатарына әдебиетші тұңғыш рет Ақылбай Абайұлы Құнанбаев, Мағауия Абайұлы Құнанбаев, Әсет Найманбаев, Әріп Тәңірбергенов, Көкбай Жанатаев, Халиолла Өскенбаев, Кәкітай Ысқақұлы, Мұхамеджан Майбасаров, Бейсембай Жәнібеков, Баймағамбет Мырзаханов, Мұқа Әділханов, Әубәкір, Әлмағамбет Сексенбаевтарды енгізді. Абайдың

шәкірттерін зерттеуші төмендегідей екі топқа бөле қарайды:

1.Әдеби мұрасын қалдырып, ақын дәстүрін дамытушылар;

2.Абайға шәкірт болған, бірақ артына шығармашылық мұра қалдырмағандар.

Көркем шығармаларымен әдеби мұра қалдырып, ақын дәстүрін жалғастырушылар қатарына зерттеуші Ақылбай Абайұлы Құнанбаев, Мағауия Абайұлы Құнанбаев, Әсет Найманбаев, Әріп Тәңірбергенев, Әубәкір, Көкбай Жанатаевтарды жатқызады.

Ал, Абайға шәкірт болған, бірақ артына шығармашылық мұра қалдырмаған әнші шәкірттері қатарына төмендегілерді жатқызады: Мұқа Әділханов (1857–1927), Бейсембай Жәнібеков (1858–1917), Әлмағамбет Сексенбаев (1869–1930), Мұқаметжан Майбасаров (1852–1917).

1951 жылы Қайым Мұхамедханұлы «Абайдың ақын шәкірттері» атты кандидаттық диссертация қорғады. Ғылыми жетекшісі М.О. Әуезов болды.

«Абай шығармаларының текстологиясы» еңбегі бүгінде абайтану саласындағы сирек кітаптардың бірінен саналады.

1954 жылы жарыққа шыққан Абайдың академиялық жинағындағы текстология туралы мәселе Қ.Мұхамедханов зерттеуінде мақала көлемінде сөз болып, кейіннен көлемді зерттеу еңбегіне айналды.

Текстолог аталмыш зерттеуінде нысанаға алған 1954 жылғы жинақ пен 1909 жылы жарық көрген жинақты, Мүрсейіт, О.Уақбаев, Р.Жандыбаевтардың қолжазбаларымен салыстырып, соңғы басылымда ақын шығармаларына енген «бөтен сөздерді» нақты деректер арқылы дәлелдейді. Идеялық мазмұны, көркемдігі астасып жатқан ақын шығармаларының әр түрлі нұсқада басылуы – оны мазмұн жағынан да, өлеңдік қисын жағынан да ойсыратып тұрары сөзсіз. Қ.Мұхамедхановтың ақын шығармаларындағы текстологиялық мәселелерге арналған зерттеуі аталмыш саладағы күні бүгінге дейін құнын жоймаған бірден-бір жалғыз туынды. Ғалым айғақты деректерімен ақын өлеңдерінің бұрмаланып берілген тұстарын, арасына енгізілген сөздерін дәлелдеп берді.

Абай өлеңдеріне түсінік жайында да Қ.Мұхамедханов өз зерттеуін жүргізді. Түсіндірме сөздерге жүргізген тексерулері жайында зерттеуші мынандай толғақты мәселелерді көтереді: кездесетін түсініксіз сөздер, адам есімдері талдап көрсетілуі қажет. Өз зерттеуін осындай талап негізінде жүзеге асырған зерттеушінің ғылыми тұжырымдары бүгінде бағасын жойған жоқ. Мәселен, «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да» деген өлеңіндегі:

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,
Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда –

деген жолдардағы «жыға» сөзіне 1977 жылғы жинақта: «жыға – дулығаның артынан қаптап қоятын зат» – деп түсінік берілген. Жыға дулығаның артынан қаптап қоятын зат емес, батырлардың дулығасының төбесіне шаншылта қадап қоятын зат болып табылады. Егер жауы жеңіліп қалса, жау жығасы жығылды, не жаудың жолы болмаған шақта, жау жығасы қисайды деп, жау басына түскен істі оның жығасына ауыстырып айтатын қазақтың дәстүрлі сөзі болғаны белгілі. Қ. Мұхамедхановтың талдауына сүйенсек, Абай «бастан жыға қисайғанда» деп адамның басынан бағы таюды, басына іс түсуді ақын тілімен бейнелеп беріп отырғанын түсінеміз.

Абай мұрасы жөнінде табылған соны деректердің бір саласы – ұлы ақынның жаңадан табылған өлеңдері. Бұл өлеңдер Абай мұрасын толықтыруда, кей жақтарын тереңірек танып-білуге елеулі мәні бар құнды деректер. Қ. Мұхамедханов тарапынан табылған 80 жол өлеңі, немесе 1961 жылы шыққан Абайдың бір томдығына тыңнан тағы да бес өлең қосылуы, ақын шығармаларын толықтырып, ақын өмірінің кей жақтарын айқындауға мүмкіндік беруде.

Абай өлеңдері деп ел аузында жатталып қалған өлеңдерді Қ.Мұхамедханов «Қазақстан мұғалімі» газетінде (1955, 12 мамыр) және «Әдебиет және искусство» (1956, № 9) журналында жариялап, жұртшылық талқысына ұсынады.

Кеңестік идеологияның құрбаны болған «Абайдың ақын шәкірттері» атты зерттеу тек 1993 жылы ғана «Дәуір» баспасынан жеке жинақ болып шықты.

Ақын шәкірттері араға 42 жыл салып оқырмандарымен қайта қауышты. «Абайдың ақын шәкірттері» туралы бұл төрт кітап Абайдың өз тәрбиесінде болған, оның өсиеттерін өз аузынан естіп, тағылым алған, ұлы ұстаз ақынның алдын көрген ақын шәкірттерінің өмірі мен шығармашылық еңбектеріне арналады.

1-кітапқа Абайдың ақын балалары Ақылбай, Мағауия және Тұрағұл есімдері;

2-кітапқа Кәкітай, Көкбай, Уәйіс есімдері;

3-кітапқа Әріп, Әсет, Мұқа, Әубәкір есімдері;

4-кітапқа Тайыр Жомартбаев, Баймағамбет Айтқожаұлы, Иманбазар Қазанғапұлы, Әрхам Кәкітайұлы есімдері енді. Жарты ғасырдан артық Абайдың ақын шәкірттерін зерлей зерттеген Қайым Мұхамедханов бұл зерттеуінде ақынның шәкірттері қатарын Уәйіс Шондыбаев, Тайыр Жомартбаев, Әрхам Кәкітайұлы, Иманбазар Қазанғапұлы т.б. сынды жаңа есімдерімен толықтырады.

«Абайдың ақын шәкірттері» еңбегінің ғылыми негізі, әрине, «...Ол кезде Көкбайдың, Мағауияның қай кезде, қайда оқығаны жөнінде де нақтылы тарихи мағлұмат жоқ болатын. Және Ақылбайдың «Зұлыс» поэмасының кейінгі табылған бір тарауын Мұхтар көре

алмады. Қазір Көкбайдың бірталай шығармалары жиналып, зерттелді. Көкбай мен Мағауияның өмірбаяны жайында архивтен нақты деректер табылды. Абайдың басқа да шәкірттерінің шығармалары жиналып, өмір тарихтары туралы архив материалдары мағлұм болып отыр», – деген жолдары аталған монографияның көтерген ғылыми жүгінің ауқымдылығын айғақтайды. Автор жаңадан табылған деректер деп нені айтып отыр дегенге келсек, Мағауияның өміріне қатысты табылған: «Семипалатинская мужская киргизская школа» деп аталатын мектепте 1884 жылы оқыды деген мұрағат дерегі – оның өмір тарихына қосылған тың дүние. Көкбай ақынның әдеби мұраларына қатысты, әсіресе, әншілік өнері жайлы деректердің табылуы да кейінгі жылдар жемісі. «Әудемжер жүре алмаймын аяғымнан» деген әнін Есентай Бердиннен жазып алғандығын айта келіп, ол кезде музыка маманы болмағандықтан Көкбайдың ақындық өнеріне баға бере алмағандығын айтып қынжылыс білдіреді. 1964 жылы А.Жұбанов «Қазақ әдебиеті тарихына» әннің авторы Көкбай деп енгізгендігі белгілі. Бірақ, әннің ақиқаты ашылмай, арада жиырма жылға тақау уақыт өтеді. Ақан серіге телініп келген аталмыш әннің Көкбайдікі екендігін зерттеуші архивте сақталған материалдарға және А.Жұбановтың пікірлеріне сүйене отырып, дәлелдеп береді. Тұрағұл, Ақылбай, Мағауия, Көкбай, Әріп бастаған дарынды да, талантты

ақындар легінің халқымен қайта қауышуы – көркем сөз өнеріндегі игі жаңалық, рухани байлық.

«Атамұра» баспасынан 1995 жылы шыққан «Абай мұрагерлері» деп аталатын кітапқа Алаш қайраткерлерінің жолында болған, Шәкәрім бастатқан Абай шәкірттері: Кәкітай, Тұрағұл, Көкбай және Абай мұрагерлері ретінде Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев және Жүсіпбек Аймауытовтар кірді.

Қ. Мұхамедхановтың ғылыми ізденісінің бір арнасы – халық шығармашылығы, әлі де әдебиет тарихында сүрлеуге салынбаған ақын мұрасын зерттеп, оны архив деректерімен дәлелдеу. Осы мақсаттың жемісіндей зерттеуші Ақылбек Сабаловтың 48800 өлең жолы бар түпнұсқа қолжазбасын, Мәжит Дәулетбаевтың 1100 жол қолжазбасын, Ілияс Молдажановтың белгісіз болып келген поэмаларын, тарихи поэма «Бөгенбай батырдың» 1896 жолы бар жаңа нұсқасын, «Қазақ шежіресінің» (80 бет) қолжазба тізімін анықтап, Қаракерей Қабанбай батыр жыры туралы тарихи мәліметтерге ғылыми түсініктер жазды.

Бұл зерттеулер – көрнекті ғалым Қ. Мұхамедхановтың ұлттық мәдениетіміздің нағыз келелі мәселелерін көтере білгендігін көрсетеді.

Абайтанушы ғалым Ж. Ысмағұлов 1995 жылы “Абай поэзиясындағы өмір шындығын бейнелеудің реалистік принциптері” деген тақырыпта докторлық

диссертация қорғады. Абайтанушы ғалым Ж.Ысмағұловтың 2007 жылы “Өнер” баспасынан 400 беттік “Абай: Даналық дәрістері” атты монографиялық еңбегі жарық көрді. Кітапта ұлы ақынның бүкіл шығармашылық мұрасы тұтас алынып, талданған. “Абай жолы-хақ жолы” атты алғашқы тарауда қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы ең ірі сала-абайтанудың ғасырлық тарихының басты-басты кезеңдері жан-жақты әңгіме болады. “Қалың елім, қазағым” атты екінші тарауда патшалық бодандықтың әбден асқынған кезеңіндегі халқымыздың тағдырына, ой-санасына, мінез-құлқына түскен сызаттар мен келеңсіз көріністерінің себеп-салдарына ой жүгіртеді, автор. Қалған тарауларда (“Өлең-сөздің патшасы”, “Ақындық мектеп аясында”, “Аударма айшықтары”, “Қарасөз қисындары”, “Тарих тереңінен мағлұмат”, “Даналық тағлымы”, “Абай дәстүрі және Алаш әдебиеті”) дала данышпанының сөз өнері жайлы толғамдары мен өлеңдеріндегі философиялық қисындары мен эстетикалық көзқарастары әңгіме болады.

Қазіргі қазақ әдебиеттануындағы абайтану саласына соңғы жылдары қосылған соны серпін, жаңа сөз абайтанушы ғалым Тұрсынжан Шاپайдың «Шын жүрек – бір жүрек» атты (Алматы. «Жазушы» 2000 жылы) еңбегінен байқалады. Өзінің тұңғыш еңбегі «Ой түбінде жатқан сөз» атты зерттеуінде-ақ дара құбылыс, тосын талдау мен талғамның иесі екенін танытқан Тұрсынжан абайтанудағы айтар сөзін де ешкімге ұқсамайтын

оқшаулығымен өзгелерден оқ бойы озық. Абайтануға соны соқпақ салған ғалымның бұл еңбегі алғаш рет «Жұлдыз» журналына жарияланған кезінде зиялы қауым мен қалың оқырманды елең еткізгені белгілі. Мәселен, «Шын жүрек-бір жүректегі» «Асылдың нұры» атты бірінші тарауындағы тараушалардың аттарын оқып көрелік: «Анық Абай», «Аңыз бен тұлға», «Махаббат пен ғадауат», «Кемеңгер», «Абай мен Дулат», «Абайдың дидары», «Шайтанға көзқарас», «Абайдың досы», «Абайдың Қиясбайы», «Тыныштық метафорасы» «Шын жүрек – бір жүрек». Тақырыптар ғылыми монографияларға, диссертациялық жұмыстарға тән тірескен ғылымилық байқалмағанымен оны тереңдей танып, ішкі табиғатымен Абайды да, өлеңді де өзінің өзегінен өткізе білген білімпаздықты байқайсыз. Өзінің зерттегелі отырған нысанасына өлердей ғашық әрі оны терең танып білетін кәсіби маман екенін танытады. Абайдың шығармашылығы мен кісілік келбетін, өмірдегі шынайы да дара тұлғасын танытуға тырысқан зерттеуші «Анық Абайында» былай дейді: «... Абайша торығып, Абайша күңіреніппіз...

Бәрібір, Абай – жұмбақ күйі қалыпты. ...Бірақ, ешқайсысы Абайдың өзін, күнделікті, пәни тірліктегі пенде Абайды түсіндірген жоқ..» «Абайды тану - ақиқатты тану, өзінді тану... Абайды әркез қайта тану керек екен – Тойда соны ұқтық».

Зерттеуші өмірбаян шығармашылықты, сол сияқты шығарма да авторын адам ретінде таныта алмайтынын, дегенмен тұлғаның толық танылуы үшін Абай өмірінің әрбір фактісі, ол туралы аңыз-естелік-әңгімелелердің бәрі – Абайды танудың жолдары, талпыныстары. Пушкин, Лермонтов сияқты сирек суреткерлер туралы мәліметтердің (расы да, өтірігі де) жиналып, ғылым сарабына түскенін айта келіп автор:» Ұлы адам кешкен өмір бұраландары, қайғы-қасірет, жан азабы, жеңістері мен жеңілістері кейінгінің көзінде, өзін өрттей ақтарылған жаңартаудың қорқынышты, сұрапыл сұлулығын алыстан қызықтағандай эстетикалық көрініс. Мағына алады... Абай туралы аңыздарға осы тұрғыдан қарадық. Естелік-әңгіме-аңыздардан анық Абайды, өлендегі Абайды іздеп көрмек болдық. Не тауып, нені айқындарымызды келешек көрсетер. Әзірге сырына әркім, әр ұрпақ өз рухани тәжірибесімен, таным-түйсігімен жетуге талап қылатын жұмбақ жан, ұлы тағдырды барлап алдамшы сағымда армансыз адасып, дегбірсіз із шалған көп дәмегөйдің бірі ғана шығармыз-бізге сол да қанағат».

Одан әрі әдебиетші-ғалым өзі өмірге әкелген «толық адам» шарттарына ақынның өзі сай болды ма деген сыңаржақ сауалды қоюдың өзі мағынасыздық екендігін, «Шығармашылық – кемел ой, қуатты қиял, уақыт пен кеңістіктің әдепкі өлшемдерінен тыс еркін әлемдігін» және «Өлендегі Абай – Абайдың өзі үшін де өмірде жете алмайтын, орта, қоғам барда, жетілмеген адам барда

ешқашан жеткізбейтін Идеал» деп түсіндіреді. Міне, осы азғана сөйлемде бүкіл зерттеудің негізгі нысанасы, өзегі жатыр. Абайдың шығармашылықтағы ғана емес, өмірдегі өзін, оның өзінде рухани көсем Абайды толық танытатын тіршіліктегі тегі мықты тұлғаның тіршіліктегі әрбір деталь, штрихынан шынайы өмірдің ізін іздейді. Осы іздену барысында ол Абайды – діндар, Абайды – әулие, Абайды – философ еткендерге: «..Абай – ақын. (Жарайды, ойшыл-ақ ақын болсын). Абайда жекелеген философиялық ой-пікір бар. Жүйелі, төлтума философия жоқ» деп нақты да ғылыми дәлелді ой айтады.

II. «Махаббат пен ғадауат» атты екінші тараушасында «Зұлымдық жоқ жерде әділет те жоқ. Зұлымдықтың бетін әділет ашады» деген пікір айтады және осы ойды «Көп әулиенің бірі болып қала алмаған Абайға – мадақ» дейді. Ал, «Кемеңгер» деген тараушасында ақын өмір сүрген қоғамның кезеңдік кесепаттарына рухани кедергі болған Абайдың тап сол кезде қырықтан асқанда шығармашылыққа келуі «рух сілкінісі» болғаны белгілі. «Қазақ санасының жаңа рельефін жасаған Абайдың шығармашылық қажыры да осы бейнелі, Көл-көсір ескіліктің қалың ортасына шыжымдап енетін, сол көненің қойнында жатып жылтырап көз тартатын жаңалық бар;

Түнекке Күн болып кіріп, күндіз бен түнді ажыратқандай ескі мен жаңаның жігін айқындаған жаңалық - «Абай шығармашылығы» деп жар салады. Осы

тұрғыдан ізденеді, табады, оны ғылыми тұрғыдан тұжырымдап, тиянақтайды да. Және «Абай шығармашылығының тосындығы мен өзгеше қуаты қазақ топырағында жаңа поэтикалық құнар мен оқырмандық қабылдау мәдениетінің қалыптасу процесін күрт жеделдетті», - дей келе,- «Сөйтіп, Абай өлең жазған жиырма шақты жылдың ішінде қазақ өлеңі әлемдегі поэтикалық мәдениеті ең зор елдердің поэзиясымен үзеңгі қағысты...» , - деп түйін жасайды. Бұл ұлы оқиганың мезгілін Абайдың атақты өлеңдері жазылып, Пушкиннен аударма жасап үлгерген 1889 -90 жылдар деп шамалайды.

Осы орайда, ұлы ақын шығармашылығындағы көркемдік дәстүр мен жаңашылдық категорияларының тамыры қайда деген сауал төңірегінде тың талпыныстар жаңа ойлар айтуға тырысқан автор Абайды анықтап алмас бұрын ақын аударған орыс ақындарының шығармашылықтарындағы көркемдік құбылыстардың кілтін іздейді. Әрқайсының артында бір орыс емес, күллі европалық цивилизация, батыс мәдениетінің көз жеткісіз қиыры жатыр» деген зерттеуші әрбір ойын ақын шығармашылығындағы ізденістер мен құндылықтар арқылы айқындап отырады. «Абайда, оған дейін қазақ өлеңі білмеген талай сыр мен сезім бой көрсетті. Абайға дейін өрнектелмеген сезімдер сол сезімдердің болмағынан немесе қазақ жанының мұндай нәзік сырға жетілмегенінен емес. Лайықты поэтикалық тілдің жасақталмағандығынан. Дәстүрлі поэтика шеңберінің тарлығынан », - деп олқы

түскен жерлерімізді де орынды атап көрсетеді. Дегенмен «Қазақ санасы, қазақ рухы, қазақ сезімі Абаймен жетілді» деп өзінің жоғары бағасын әрі ақын, әрі зерттеуші ретінде береді. Әрмен қарай автор ұлы ақын өлеңдеріндегі көркемдік құбылыстарды, өзгеше өрнектерді өз таным талғамымен, қазақ поэзиясының білгір маманы, поэтика әлемінің зерттеушісі ретінде және оның талдауларына тәнті болатыныңыз әлемдік әдебиеттегі поэзия әлеміндегі бүкіл поэтикалық құбылыстарды әр кезеңімен, өз тұлғаларының шығармаларындағы ізденіс жаңалықтарымен, тарихымен, теориясымен, барлық ғылыми және көркемдік мәліметтерімен жан-жақты толғай отырып, талдай білетіндігі, озық білгірлігі. Өлеңнің табиғатын аса сұңғылалықпен тани алатын автор ұлы ақынның өлең өрісіндегі өзгеше өрнек пен өлкені өзінше танып, өзінше бағалайды: «Өзінің алдыңғылармен салыстырғанда, Абайдың әр өлеңін жаңалық деуге болады. Он бір буын қара өлең үлгісімен, яки жеті-сегіз буындық дәстүрлі өлшеммен жазғандардың сырты әдепкі болғанымен, өлеңдегі әр сөзінің салмағы, өрнектерінің мінсіз келісімі тосын. Абай сөздерінің қиюы екі қисынның арасында бір қағып алуға болатын бұрынғы өлеңдегідей емес тығыз. «Ынталы жүректің» ыждаһатынсыз ұқпайсыз...

Абайда, жаңа табылған бір үлгіге қайтып оралу аз. Көбі – бір-бір «дана» ғана». Бұлар бұрын айтылған ойлардан айрықша нақты, дәлелді.

Ғалым: «...Әйтпесе, осы түр, осы мазмұн тұтасып, кемеліне келгенше жасаған тәжірибелерін (егер ондай бар болса) қалдырса, бүгінгі оқырманға да, зерттеушіге де аз дүние болмас еді» деген ой айтады. Жалпы, поэзияны, оның пішіндік, мазмұндық, идеялық, тақырыптық, құрылыстық т.б мәселелерін зерттеу сирек кездесетін қасиет. Ол да бір табиғаттың өзі тарту ететін талантты ақын сияқты ішкі жан сезімі мен зерттеушілік зердесі, білімі мен таланты бір-бірімен үйлесім тауып табысып жатпаса құрғақ деректер мен ғылыми ойларды тізе бергеннен шынайы зерттеу, терең ғылыми таным, зор эстетикалық құндылықтар жасалмасы белгілі.

Ғылыми еңбектің жазылу стилі де тосын. Бейне бір ақындардың толғау, эсселері секілді. Оның зерттеулерінің маңыздылығы ой астарында, ғылыми мәнділігінде. Эсселік леп ескен жұмыста керемет бір лирикалық лебіз, жүрек жылытарлық күрделілік, тамыры тереңге тартқан білімпаздық, қойнауы қатпар-қатпар ойлылық- әрбір сөз, сөйлем, тіркестегі тұнып тұрған тереңдіктен танылады, мазмұннан мен мұндалайды. Зорлықпен таңылып жататын кейбір теориялық тұжырымдардың тісін батырмайтын поэзияның ішкі табиғатын өзіне тән ақынжандылығымен үйлестірген. Ұлы ақынның әрбір өлең жолына оның қазақ поэзиясындағы алатын орнына, оның әлемдік деңгейдегі тең келетін ақындар шығарамашылығындағы озық тәжірибелерін әрқайсысының әкелген көркемдік құбылыстарын арнайы тоқталып емес, жол-жөнекей сөз

арасында әр өлең өлшеміне, әр сөз тіркесінің қолданылуына сай салыстыра талдауы шын мәніндегі зерттеушілік қабілетті көрсетеді. Бейне бір Жүсіпбектің Мағжанның ақындығын айқындағандай, Әуезовтің Мағжанды не үшін сүйетінін дәлелдейтіндей, Мағжанның Ақан серінің шығармашылығындағы кемістігін айқындағандай алдына жан салмайтын жүйріктей жосиды Зерттеуші былай дейді: “...дегенмен, Абай табиғат лирикасы арқылы қазақ өлеңінің назарына және бір жаңа көкжиек ашты, жаңа көркемдік тәсілдер енгізді. Ең бастысы - сол көркемдік объектіні игеру, түйсіну, өрнектеу, бейнелеу үстінде және бір сала жаңа поэтикалық тіл жасақтады. Бұл - қазақтың көркемдік санасындағы ұлы төңкерістердің бірі болды”/276/.

Бұл Тұрсынжанның талай жылдан бергі зерттеуінен туған тұжырым. Ол Абайдың бай кітапханасына, әсіресе Пушкин, Лермонтов, Жуковский, Фет, Гейне т.б шығармашылығы арқылы бүкіл еуропалық өркениетті меңгергендігіне, аударма арқылы шеберлігін шыңдап, өзгеше танымды игергендігіне мән береді.

“Абай мен Дулат” деген тараушасында автор Абайды айтып отырып, осы күнге дейін теріс бағаланып, түсіндіріліп келген үш ақынның (Бұхар, Дулат, Шортанбай) шығармашылығындағы жаңа поэтиканың мәнін,оны халық санасына сіңіру үшін олардың беделін пайдалану тәсілін тапқырлықпен пайдаланғанын дұрыс көрсетеді. Жалпы, олардың ұстазы – тұтас поэтикалық

дәстүр, жыраулық поэзия екендігін ескертеді. ”Абайдың дидарында” зерттеушінің білімдарлығы әлем әдебиетіндегі әйгілі тұлғалардың шығармашылығымен шектелмей, олардың өмір дерегіне де, олардың бейнелерінің тарихта қалу деректеріне де қанық екендігі қайран қалдырады. Бір - екілі фотосуреті ғана бар Абайдың шын рухани бейнесі тек өз шығармасында ғана бар деп түйіндейді.

Осы еңбектегі жаңалықтың бірі - Қиясбай бейнесі. Тараудың ”Адамда дос көп болмайды. Кемеңгерде - екі бастан..” деген сөздерден басталуында үлкен мағына жатыр, мұнда дара тұлғаның трагедиясы, тағдыры жатыр. Дарындардың достығы жайлы деректері бір дастанға бергісіз. ”..Моцарт пен Сальери – аңыз ғой... Шын өмірдегі, айталық, Руми мен Мухамед Табризидің ”дос-асықтығы”, ”Ницше мен Вагнердің шөлкем-шалыстау, Блок пен Белыйдың қиянпұрыстау, Верлен мен Рембонның былғаныштау, Сент-Бев пен Гюгоның арамзалау достығы... Шеллинг пен Гегельдің бақталас бәсеке-достығы, Марк пен Энгельстің рухани-практикалық тұрғыдағы мінсіз сұлу, Ли Бо мен Ду Фудың романтикалық сағыныш сазды достығы.. Маяковский мен Бриктердің түсініксіздеу ”үштігі”. Оның өзі үлкен ізденісті қажет ететін сала.

Осы орайда, автор да біраз ізденген, соның нәтижесінде Абай айналасындағы адамдар, достар жайлы ой толғайды. Соның нәтижесінде қазақ әдебиетінде

Қиясбай сынды жаңа бейне пайда болады. ”Жай пенде, жабайы сана Қия-ағандай адамдарды делқұлы, шайқы-бұрқы, жынды, есуас дер еді. Абай - Абай болған соң ғана, Қиясбай-Қиясбай болып танылды. Қиясбайдың ”қиясбайлығына” мағына бітті.”-дейді автор /51/

”Жалпы, Қиясбай еңбек еткен поэзия жанрына ”лақпайы өлең” деп ат берген жараспақ (”лақпа”, ”айдалаға лағу” дегеннен шығады). Және бұл аспаннан түскен үлгі емес, алыстан тамыр тартқан дәстүр, көнеден көш түзеген үрдіс. Қиясбай-дәстүршіл ақын. Дәстүрді дамытушы. ”Ақ сиырдан туады жирен айғыр” іспетті мағынасыздықтарды зорлап қосақтап, күлкі шығаратын үрдіс қазақта ертеден келе жатқаны күмәнсіз”,- деп ақынның өзіне тән жанрын анықтап, оның сол жанрды қалыптастырудағы еңбегін атап көрсетеді.

”Қиясбай жырларының басты қасиеті-қисынсыздығы. Логикадан мақұрымдығы... Қарапайымда қанша қисық, оғаш болса да, көркемдеу құралдары, бейнелеу жүйесі сол ішкі логикаға бағынғанда, қисынсыздан міндетті түрде мағына туады, мән пайда болады. Қиясбай өлеңдерінен шығатын мән-мағына, идея-күлкі”. “-Абайдың лирикалық шеберлігі мен Қиясбайдың ”лақпай” өлең құрастыруға ұсталығы деңгейлес жатыр”, – деп зерттеуші жоғары баға берген Қиясбай сөздерінің қиысу жүйесін, қалану тәртібін талдау үшін өз алдына жеке өлең теориясын жасау керектігін ескерте келіп, оның елге үлгі, Абайға рухани серік болуының себебін оның

тапқырлығында, актерлығында, дүниетанымының “карнавалдығында” деп сендіреді. Сенбей көріңіз. Зерттеушінің Қиясбай жайлы аңыздарды негізгі желі етіп отырып, олардың әрқайсысынан астар, терең ой теріп, ұлы ақынның суреткерлік болмысының бір бөлегі етіп бейнелеуі соншалықты нанымды. ”Қиясбай-қазақтың күлкі мәдениетіндегі ерекше тұлға. Қазақы күлкінің кемеңгері”. Қиясбайдың Абайға қажеттілігі де оның осы қасиетінде болса керек. ”Қалың елім, қазағым” деп бір сәт өмірден түңілген Абайдың алданышы, қызықтаған ермегі болған Қиясбай шын мәнінде өз кезеңіндегі жұлдызы жанған өнерпаз болған. ” Абайдың бағасын алған, Абайдай жанашыр дос, жақсы сыйласы болған” Қиясбайдың шынында да арманы жоқ. Ондай жоғары бағаға ие болған өнерпаздар өмірде аз. Қиясбайдай сайқымазақ, қиясқы, қу тілді кейіпкердің жанын түсініп, оның ұлы ақын өміріндегі алар орны мен мағынасына мән берген де осы Тұрсынжан болса керек. Өйткені, осы кезге дейінгі абайтанушылар еңбегінде көрінбей ,көлеңкеде қалып қойған ,бірақ , Абайдай ұлы адамның көңілін жұбатып, соның сенімді серігіне айналған кейіпкерді көңілі зерек зерттеуші ғана көптің ішінен іріктеп, ірі тұлғаға айналдыра алды. Оған ,әрине, терең білім, күлкінің кемеңгерлігін ұға білетін кісілік, көрегенділік, өре мен білгірлік керек.

“Өзі-асыл, бес тиындық киімі жоқ,
Жалғыз ат мың жылқыдай –көңілі тоқ.

Халыққа “баламын”деп өзі айтады -
Бір нәрсе иегінде көрінген көк”,-
Медетбай деген бір замандасының берген мінездемесі Қиясбайдың тарихи тұлғасын, шынайы тағдырын шеберлікпен бейнелеп, тарихта қалдырды. Ал, әдебиеттануда ол Тұрсынжанның талдауы арқылы “Абайдың Қиясбайы” болып танылды.

“Тыныштық метафорасында” талданған “Қараңғы түнде тау қалғып” Гетенің “Жолаушының түнгі жырынан” жасаған Лермонтовтың еркін аудармасы Абай арқылы қазақша сөйледі. Зерттеуші үш ақынның түп нұсқаларын салыстыра отырып, әрқайсының ырғағына, стиліне, мәнеріне мән береді. Үш ақынға ортақ түн тыныштығының тынысын танытарлық рух, бейне, теңеу мәселелері қараңғыда қарауытқан тау фонындағы табиғатқа тіл бітіреді. Әр нұсқаның негізгі нысанасы не екендігі келтірілген көркем мәтіндер арқылы аудармалардың салыстырулары мен ақындардың айтпақ ойы, бейнеленер суреттері арқылы талданып, зерделенген. Өлең теориясына жетік, ұйқас пен ырғақтың, стиль мен жанрдың поэтикасына ақындық зердемен зер салған зерттеушінің бір ғана өлең айналасындағы ой толғамдары тың,жаңаша талдауды танытады.

“Шын жүрек-бір жүрек” деп аталатын тарауында да осы үрдіс жалғасын тапқан. ”Сен мені не етесің” атты өлеңін автор былай бағалайды: “Абайдың өзіне дейін тумаған, одан кейін қайталанбаған, алдында үлгісі,

соңында жалғасы жоқ өлең өрнектерінің бірі- “Сен мені не етесің” -81 б/ .

“Сен мені не етесің
Мені тастап,
Өнер бастап,
Жайыңа
Және алдап,
Арбап,
Өзбетіңмен сен кетесің..” ,

-деген жыр жолдары алданған ғашықтың жан азабы, арман - назы жайында сыр шертеді. Өлең құрылысының өзі лирикалық кейіпкердің жан дүниесіндегі сезім селін, үзік-үзік болған көңіл күйін әрбір тармақ сайын үдеген интонациялық, эмоциялық ырғақтар арқылы айшықтала түседі. Әдемі сөздермен әспеттелмей қарапайым қолданыстағы қарабайыр сөздермен қиюластырып, қиюы қашқан сезімнің суық суретін салады. Бұл өлеңнің өзгешелігі зерттеуші: “Ақынның сөзге сараң,мағынаға қалың төл стилі. Тіл бояуының мұншалық үнемді болар және бір реті бар:” Сен не етесіңде” лирикалық кейіпкердің жан дүниесі суреттелмейді, сипатталмайды-қозғалыс, процесс ретінде көрінеді”,-дейді /85 б/.

Кілең етістіктен құралып,қарабайыр сөзден өрілген өлеңде сыртқы қимыл-қозғалыс, сол арқылы ішкі жан сезімдердің суретін беретін жанама мінездеудің тәсілдері мінсіз мүсінделген. Оны автор да жақсы аңғарған: “Тұтас сөйлемі, бүтін тіркесі жол-жолға тасымалданған өлең

әуезі қыстыққан ыстық өксіктің үзік-үзік лебі болып шарпиды. Ырғақ пен интонациялық әуен арқылы ғана аңғарылатын бұл күй-шығарманың бүкіл мазмұндық-пішіндік болмысынан туындап,алдымызға ақынның теңдессіз шеберлігі туралы тағы бір айғақ тартады”. /86 б/

Қарапайым тілмен-ақ адамның ішкі жан әлеміндегі небір құпия сезімдерді, қағыдан шыққан шерді соншалық шеберлікпен бейнелеу, әрине, Абай сынды дара дарындарға ғана тән қасиет болса керек. Бір ғана өлеңнің небір көркемдік сырлары мен тілдік, стильдік ерекшеліктеріне әр қырынан талдау жасаған автор “дәстүрлі өлең тіліне жуыспайтын алабөтен сөз өрнегін арнайы зерттеуге алғашқы адымын жасапты. Соңғы кездері көбірек көңіл бөлініп,айтылып жүрген поэзиядағы прозаизм мәселесі осы өлеңді талдау барысында сөз болады. Жалғыз жолды өлеңнің мәнерінде ,жалпы ырғақ-тебіренісінде ішкі жан әлемінің толқуы, сезім серпіні, ой ағысы бар. Бір ғана кейіпкердің көңіл-күйін көрсететін өлең монологтың міндетін атқарып, поэзиядағы психологизмнің поэтикасын айқындайды. Лирикалық кейіпкердің ішкі толғанысын, сол сезім шарпуынан туындап жатқан санадан тыс, еріксіз түрде жүзеге асқан сыртқы қимыл-қозғалыстың әрбір әрекеті ішкі әлемдегі құбылыстарды ,ішкі қайшылықтарды бейнелері хақ.

Бір өлең төңірегінде ой толғаса да бүтін бір ұлттың өлең өрісіндегі бірнеше теориялық мәселелерге мән бере сөз қозғаған автор: ”Лирикалық мазмұнның көп астарлы,

алуан үнді полифониялық түзілімі, сезім драмасының шегіне жеткен шырығысы, көркемдік-психологиялық тұрғыдағы қапысыз өрілімі бұл өлеңді лирика тарихындағы айтулы құбылыстың бірі деп тануға кепілдік береді”-деп ой қорытады.(96 б).Лирикалық кейіпкерінің ішкі жан әлеміне терең бойлаған Абайдың суреткерлік шеберлігін қарапайым сөзбен айтып жеткізу, әсте, мүмкін емес.Алайда әркім өз деңгейінде сөйлеп,өз пікірін ғана айта алады.Ал,әр қазақ –Абайды тануға талпыныс жасап жатса ол да бір қуанарлық, құптарлық жәйт.

Қазақ әдебиеттану ғылымындағы ендігі бір ерекше аталып өтер сала – мұхтартану. Кемеңгер жазушы, ғұлама ғалым, дана ойшыл, ұлағатты ұстаз М.Әуезовтің “Абай жолы” роман-эпопеясы қазақ әдебиеттануында абайтануды қалыптастырса, абайтану мұхтартанудың іргесін қалады. “Абай жолы” романы туралы әрбір сын-зерттеу мақала мұхтартануға қосылған үздік-үздік үлестер еді. Ал, ұлы жазушы қайтыс болғаннан кейін оның әдеби-мемориалдық музейі ашылып, шығармаларының, қолжазбаларының жиналу, зерттелу, жүйелену істері қолға алынды. Әуезовтің шығармашылығына арналған ғылыми еңбектер, зерттеулер, естеліктер жазыла бастады, жеке қолжазба мұраларының сипаттамасы да жарық көрді. Қазақ әдебиеттану ғылымында М. Әуезовтің шығармашылығы жөнінде отызға жуық ғылыми диссертациялар қорғалды. М.О.Әуезовтің туғанына 100 жыл толу құрметіне

арналған “М.Әуезов. Таңдамалы. Қазақ және орыс тіліндегі ғылыми еңбектер: монография, зерттеулер, мақалалар, сөздер, баяндамалар, хаттар” – деген еңбекте мұхтартанудағы еңбектердің тізімі берілген. Атап айтсақ, М. Әуезов туралы алғашқы монографиялық очерктердің авторлары З.Кедрина мен А.Нұрқатов болды. Кейін Е. Лизунованың, Л.Әуезованың, З. Ахметовтың, З. Қабдоловтың, М.Мырзахметовтың, Т.Жұртбаевтың, Т.Әкімовтың т.б. еңбектері жарық көрді. Олардың ішінде үлкен марапатқа ие болған академик З. Қабдоловтың “Менің Әуезовім” деген роман-эссесі мен Ж. Ысмағұловтың Абайдың шығармашылық мұрасын бастыру және зерттеу жөніндегі жұмыстары үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты деген жоғары атаққа ие болғандығын атап өткен жөн.

Ал, М. Әуезовтің әр жылдары жарық көріп жатқан шығармаларының, атап айтқанда, алғашында 12 томдық, кейін 20 томдық, қазір 50 томдық жинағына жазылып жатқан ғылыми түсініктер, қазіргі уақыт талабына сай өзгертіліп, қалпына келтіріліп жатқан көптеген күрделі текстологиялық жұмыстар осы мұхтартануға қосылып жатқан қыруар еңбектер екендігін ескеруіміз керек.

Мұхтартану жылдан-жылға жас кадрлармен толығып, зерттеу нысаналары кеңейіп келеді. Бұл саладағы алдағы уақытта атқарылар шаруалар да көп. Соның маңыздылары абай және мұхтартанушы, академик

3. Ахметовтің айтуынша “Әуезов шығармаларының ғылыми түсініктемелер берілген академиялық жинағын дайындау, толық ғылыми өмірбаянын жазу және Әуезов тілінің сөздігін жасау”.

Кеңестік дәуірде арнайы сала болған жамбылтанудың бағы тәуелсіздік жылдары біраз тоқырауға ұшырағаны белгілі. Саясатты жырлаған деген біржақты пікір ұлы Жамбылдың шығармашылығын жаңаша зерттеуге зер салдырмай ғылыми назардан тыс қалдырғаны белгілі. Аласапыран заманның түсініспеушілікке толы алғашқы сынынан өтіп шын мәніндегі тарихи әдеби тұлға ретінде танылған жыр алыбының қазақ әдебиетіндегі лайықты орнын М.Жолдасбеков, Т.Кәкішев, С.Қасқабасов, Ж.Дәдебаев сынды зерттеушілер айтып та жазып та жүр.

М. Жолдасбеков жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың өмірі мен шығармашылығы, тәлім алған мектебі, ортасы, өзінің мектебі, шәкірттері жөнінде де жүйелі түрде зерттеу жұмыстарын жүргізіп келеді. Оған зерттеушінің, “Жүз жыл жырлаған жүрек” (1993), “Асыл сөздің атасы” (1996) деген монографиялық еңбектері дәлел.

Ғасырдан ғасырға жалғасып, атадан ұрпаққа мирас болып келе жатқан қазақ сөз өнерінің ғалым басты-басты екі ақындық мектебі бар деген тұжырым жасайды. Бірі – өмір, замана жайында терең толғанатын шешендік, фәлсафалық, данышпандық мектеп. Мұның аты

сақталып бізге жеткен түпкі атасы Асан қайғы, одан бұл өнер ғасырлар аттап кешегі ұлы Абайдың қолына тиді.

Екіншісі – өле-өлгенше көмейі күмбірлеп, жағы талмаған дария – даңғыл жыраулар мектебі. Мұның әзірге біз білетін аты мәлім түпкі атасы – Сыпыра жырау. Оған іліктес Шалкиіз, Бұқар, Шөже, Майкөт жыраулар аталады. Сондай жыраулардың ең соңғы үздігі – Жамбыл, деп жыр сүлейі Жамбыл ақынның шығармашылығына барлауды әріден қозғайды.

Көрнекті ғалым М.Жолдасбековтың аталған еңбектерінде Жамбылдың қайталанбас қолтаңбасы, ақындық, суырып-салмалық шеберлігі, оның қазақ әдебиетіне әкелген даралық қасиеті және бір ғасыр шеңберіндегі қазақ поэзиясының даму жолдары мен өсу заңдылықтары арнайы қарастырылады. Зерттеушінің қазақтың сөз өнеріне жасаған жүйелі теориялық талдаулары өзіндік ізденісімен, соны пікірімен дәйектелінеді.

Сонымен бірге, ғалымның «Тоқсан толғау» (1992, Н.Төреқұловпен бірге) атты ғұмырнамалық эссесінде атақты әнші-сазгер Кенен Әзірбаевтың өшпес рухани мұрасы, өнердегі өлмес өнегесі жазылған.

Ал, қазақ әдебиеттану ғылымында өзінің тура айтып, әділ пікірін білдіріп жүретін әдебиетші ғалым, сыншы Тұрсынбек Кәкішұлы кеңес кезеңінің рухани құрбаны болған, бүгінде әр тарапта қаралып жүрген Жамбыл Жабаевтың шын мәніндегі әдеби, тарихи

тұлғасы мен шынайы өнері жайлы әділ пікірін «Әдебиеттану ғылымының кейбір мәселелері» деген мақаласында былай білдіреді (Мақала бұрындары жазылғанымен автор оны қайта қарап, осы күйінде ұсынып отыруы бастапқы ойларынан айнымағандығын, ұстанған принципінің дұрыстығын танытса керек. (Г.П): «Қазақ әдебиетінің одақ көлеміне танылған күрделі тұңғыш тұлғасы – Жамбыл деп жасқанбай айту керек. Поэзия алыбының творчествосы қазақтың жаңа ауыз әдебиетін әлемге паш қылғанына, сонымен қатар көптеген, әсіресе түрік тілдес халықтардың поэзиясын, әсіресе ауыз әдебиетін өркендетуге үлкен әсері болғандығын кім теріске шығара алады?.. Туысқан әдебиеттерде Жамбыл поэзиясының әсері болуында дау жоқ. Бірақ, осыны зерттеген кім бар?. Бұл игілікті жұмысты бізге біреу істеп беруі керек пе?... Біздіңше, тіпті бар көлемде алғанда, Жамбылдың поэзиясының ықпалын қырғыз, қарақалпақ, түрікпен әдебиеттерінің поэтикалық тәжірибелерінен аңғартуға болады. Міне, бұл қазақ әдебиеттану ғылымының күн тәртібіне қоятын үлкен проблемасы болуға тиіс», (16-бет. Сын мен сыншы. Жанр жайлауы. I кітап. Оқу құралы. Алматы, Қазақ университеті. 2007, 462-б.)

«Тәуелсіздік кезіндегі жамбылтану» атты зерттеуінде Ж.Дәдебаев: «Жаңа ғасыр, онымен бірге жаңа дәуір жай келмей, жан-жағына жарық шашып, Жамбылдың өзіне де, оның жүрегінен шығып, халық

көңілінде ұялап қалған, уақыт теңізінің терең түбіне шөге бастаған асыл жырларына да іздеуші, сұраушы бола келді», - дейді. Тәуелсіздік кезеңінде өткеніне ой жіберген кешегіні бүгінгі таныммен танып, таразылаған зерттеушілердің ақын шығармашылығына деген жаңаша көзқарастарын саралай келе ғалым: »... Сөйтіп қазақ халқының ақындық ойы, жыраулық өнері бірнеше ғасырлық даму, өркендеу жолын бір Жамбылдың ақындық ғұмырбаянының аясында ғана жүріп өтіп, тарихи ұлы серпіліс, адам айтса нанғысыз ғаламат сілкініс жасады.» - деген қорытындыға келеді. Осы зерттеуінде Ж.Дәдебаев Жамбылдың бүкіл шығармашылығына қайтадан толық шолу жасай отырып, олардағы көркемдік құндылықтарды тәуелсіз әдебиеттің өрісі тұрғысынан талдап, таразылайды. Қазақ әдебиетіндегі жамбылтану саласының әлі зерттейтін әдеби де ғылыми да мәселелері көп екендігін, ол өз зерттеушілеріне зәру екендігін ескертеді.

4.3 Қазақ әдебиеті және әлемдік рухани құндылықтар

Тәуелсіздіктің рухын сезінген ғалымдар бүгінде әлемдік әдебиеттану кеңістігіндегі жаңа ойлармен қарулана отырып, тың методологиялық межелерді меңгеруге мүмкіндік алған. Мәселен, Т. Есембековтің орыс тіліндегі “Драматизм және қазақ прозасы” (1997), А.

Ісімақованың “Қазақ көркем прозасы. Поэтика, жанр, стиль” (1998), «Возвращение плеяды» (2002), Б. Жетпісбаеваның “Символ в движении литературы” (1999), С. Әшімханованың “Ғ. Мүсірепов прозасының поэтикасы” (1999), Х. Рүстемованың “Әнуар Әлімжанов прозасының поэтикасы” (1997), Г. Мучниктің “Коммуникативтік поэтика проблемалары” (1995), В.Савельеваның “Көркем текст және көркемдік әлем” (1996), “Көркемдік антропология” (1999), Л.В.Сафронованың «Постмодернистская литература и современное литературоведение Казахстана» (2006), Қ. Жарықбаевтың «Жүсіпбек Аймауытұлының психологиялық көзқарастары» (2000), т.б. теориялық еңбектерде қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы теориялық мәселелер, көркем шығарманың ішкі табиғаты, олардың көркемдік-эстетикалық ізденістері, көркем мәтіндегі құндылықтар ғылыми дәлдікпен сараланады.

Бұлар әрбір ұлттық әдебиет, әдебиеттану ғылымы жеке-дара томаға-тұйық өмір сүре алмайтынын дәлелдесе керек. Әлемдік әдеби процесс, тіпті кез-келген қоғамдық-саяси құбылыстар да өзгелерге ой салмай тұра алмайды. Санаға сыналап болса да әлемдік информация ағыны, қазіргі интернет бізге дүниежүзілік әдеби-мәдени дүниетанымнан хабардар етіп отырады. Оның өзі біздің рухани өміріміздің өркениеттен кенде қалмауын қамтамасыз етеді. Соның өзінде қазіргі тәуелсіздік кезеңі елімізге егемендік, өзімізге рухани еркіндік бергенімен

қаржының тапшылығынан өзге елдермен мәдени байланысты үзіп тастағаны өкінішті–ақ. Өйткені, біз шетелдік басылымдарға қол жеткізе алмай отырмыз. Соның салдарынан көптеген әдеби жаңалықтардан тысқары қалып отырғанымыз да өтірік емес. Ал, тәуелсіздік алған жылдары аға буын ағаларымыздың кейбірі еліктеуді қоялық, тәуелсіз өз әдебиетімізді игеріп алайық деген мәселелер көтеріп бақты. Түбінде мұның өзі дұрыс еместігін бүгінгі әдеби процесс дәлелдеп отыр.

Осы тәуелсіздік кезеңінің алғашқы жылдарында ұлттық әдебиеттану ғылымында да еуропацентристік көзқарас, әдебиетті тек тәуелсіз ел тұрғысынан талдау, әлем, одақ әдебиетіндегі көзқарастарды қысқартып, тек өзіміздің рухани мұрамыз ретінде танып, зерттеу керек, әдебиетті қазақша таныту деген біржақты пікірлер болғаны да белгілі. Әдебиетті географиялық мектептер арқылы зерттеу секілді жаңа қисындарды ұсынған зерттеу жұмыстар да болды.

Және бір ерекше атап өтер жайт – тәуелсіздік кезеңіндегі ұлттық әдебиеттану ғылымында дәстүрге айнала бастаған жақсы бір бастама – **компаративистика**. Әлем әдебиетіндегі байланыстар, олардың арасындағы типологиялық салыстырулар жайлы үлкен бір мектептің өмірге келіп, орныққаны. Қазақ әдебиетіндегі салыстырмалы әдебиеттану проблемаларын жаңа сапаға көтеру мақсатында марқұм Ш. Сатпаева бастаған

мектепте бүгіндері Н. Сағындықова, Н.Жуанышбеков, М.Маданова т.б қажырлы еңбек етіп жүр.

Әдебиет институтында өзіндік дәстүрімен қалыптасқан бұл мектеп бірнеше жылға жабылып, кейін қайта ашылды.

Сондай-ақ, тағы бір атап өтер әдеби бағыттың бірі – структурализм, семантика–символикалық, антропологиялық, психоаналитикалық, герменевтикалық, семиотикалық мектептердің жаңашыл ізденістері қазақ әдебиеттанушыларын қызықтырып отыруы. Көркем шығармалардағы жеке бір көркемдік категорияларды бөліп алып, әлемдік әдебиеттануда іргесін В.Ю.Лотман қалаған структурализм, құрылымдық поэтика тұрғысынан қарастыратын зерттеулер қазақ әдебиеттануында да соңғы жылдары көбейіп отыр.

Осы орайда, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің орыс және әлем әдебиеті кафедрасының ғалымдары, ф.ғ.д., профессорлар: Б.Жетпісбаева, В.В.Бадиков, В.В.Савельева, С.Ж.Әбішева, Л.В.Сафронова т.б. зерттеулерін атап кетуге болады.

Шындығын айту керек, тәуелсіздік алғанға дейінгі ұлттық әдебиеттану ғылымында кейбір ғалымдар зерттеу нысанасына алған көркем шығарманың мазмұнын, кейіпкерлерінің тағдыры мен тіршілігін, оқиғаны тізу секілді жалпылама баяндаудан аспайтын, нақты көркем мәтінді теориялық талдаудан өткізу, оны белгілі бір проблема төңірегінде топтастырып, зерттеуге ғылыми

зейіннің жетпей жатуы, тереңдіктің тапшылығы, объективті әділ баға берудің кемшін түсіп жатуы т.б. сияқты кемшіліктердің көзге түсетіні өтірік емес. Олар көбіне жеке ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын зерттеудегі еңбектерде көбірек кездесетін ортақ олқылықтар.

Ащы болса да ақиқатты айту біздің сынды ғана емес, ғылымды да, әдебиеттану ғылымын да, тіпті сөз өнерін де өркендетуге кең өріс ашқан болар еді. Сынның әдебиеттің барлық жанрына қатысты екендігін ескерсек, ол әдеби процестің дұрыс дамуына да дәнекер бола алатыны сөзсіз.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының тарихын зерттеу мен талдауда 70 жылдық тарихы бар кеңес дәуіріндегі саясаттың, партиялық, коммунистік идеологияның ойдан табылған социалистік реализмнің салдарынан көркем шығарма, оны зерттейтін әдеби сын, ғылыми зерттеулердің де сүреңсіз тартып, біржақтылықтың өріс алғанын, міне, қазір айтуға тиіспіз.

Тәуелсіздік алған 1991 жылдардан бергі қазақ әдебиеттану ғылымындағы күрделі көркемдік өзгерістер мен әдеби бағыттарға баға беру мақсатымен 2001 жылдың 19 маусымында М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми ұжымы ұйымдастыруымен **“Ұлттық әдебиеттану ғылымының көкейкесті мәселелері”** атты тақырыпта халықаралық ғылыми–теориялық конференция ұйымдастырылды. Қазіргі қазақ

әдебиеттану (әдебиет тарихы, сыны, әдебиет теориясы) ғылымының көкейкесті мәселелері, тәуелсіздік кезеңіндегі мақсат-міндеттері, атқарылып жатқан жұмыстары жайлы ф.ғ.д., проф., сол кездегі институт директорының міндетін атқарушы Б. Ыбырайымның “Қазақ ұлттық әдебиеттану ғылымының өзекті мәселелері” атты баяндамасында жан-жақты сөз болады. Тәуелсіздігіміздің тұсауы кесіліп, ойландырған он жылда қазақ әдебиеттануы қандай дәрежеге жетті, жаңа заман қандай талап, міндет жүктейді деген сауалдар төңірегінде ой қозғаған баяндамашы: “..қай заманда болсын, әдебиеттің даму заңдылықтарының да өзіндік принциптері бар, әрі бұл принциптер қыруар ұлттық әдебиеттерге ортақ. Ендеше қай ұлттық әдебиеттанудың да әлемдік әдеби процестегі санқилы құбылыстарды тереңдей тексеріп, егжей-тегжейлі таразылап, талдауға мүмкіндігі мол (7-б.), – дей келе, әр қалада зерттеу орталығын ашатындай дарынды ғылыми кадрлар даярлау, әр аймақтағы мамандардың өз іштерінде жарияланған еңбектермен шектеліп қалуы, олардың бір-бірімен тығыз байланыста болуы үшін әдебиеттанушылар ассоциациясын құру қажеттілігі, зерттелер тақырыптың көптігі жөніндегі проблемаларды қозғайды.

“Туған әдебиет тарихы: жаңа дәуір, жаңа көзқарас” деген тақырыпта баяндама жасаған Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің ф.ғ.д., проф., Б.Әбдіғазизұлы: “...Әсіресе, әдебиетіміздің әртүрлі кезеңдеріндегі шығармашылық процеске бүгінгі тәуелсіз

елдің еркін ойлау өрісі тұрғысынан өз дәрежесінде баға берілді ме? “Ақтаңдақтардың” ақиқатын ашып болдық па, әлде қалтарыста жатқан қазыналы қатпарларымыздың қойнауына еніп, еңбек етуде енжарлық танытып отырмыз ба? деген сауалдар төңірегіндегі мәселелерді ортаға салады. “Кеңестік идеология тұсында белгілі бір дәрежеде зерттелген, сыңаржақ көзқарас тұрғысынан болса да, бағасын алған дүниелерге қайта оралып, оларға, оларды тудырған қаламгерлерімізге тәуелсіз ұлттың шығармашылық эстетикасы тұрғысынан қарап, жаңаша ойлау жүйесіне лайық парасат деңгейіне көз жүгірту, шынайы тұлғасын сомдау міндеті бой көтергенін атап көрсетеді. Осыған орай Абайдың шығармашылығынан бастап, оның айналасындағы ақындар, әрдайым даудамайда жүретін оны зерттеушілердің (М.Әуезов, Қ.Мұхаметханов, М.Мырзахметов т.б.) еңбектері жөніндегі жаңаша бажайлауға бару керектігін, ақталған арыстарымыздың академиялық басылымдарын шығару, оның текстологиялық, теориялық талдауларындағы сауаттылық, зерттеуге зәру болып отырған Нарманбет Орманбетұлының, Тайыр Жомартбаевтың, Ақылбек Сабалдың, Мұхатсәлім Кәшімовтың т.б. сияқты таланттардың мұрағаттарын зерттеу, талдау, баспадан шығару мәселелерін де орынды көтереді. Әдебиеттанушы ғалымдардың адамдар санасын тазарту бағытында тер төгу керектігін ескерте келе, әр кезең әдебиетін тұтас қамтитын монографиялық еңбектер мен оқулықтардың, әр

кезеңдегі әдеби процестің қыр-сырын, шығармашылық психологиясын, көркемдік мәселесін, даму тенденцияларын, ағымдары мен бағыттарын саралап беретін “Қазақ әдебиетінің тарихы” деп аталатын көп томдық біртұтас академиялық басылымдардың қажеттігін атап көрсетеді. Б.Әбдіғазіұлы қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымының алдында тұрған өзге де тарихи мәселелерді зерттеудің сара жолдарын көрсетуге тырысқан.

Әл -Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеттің ф.ғ.д., проф. Б.Майтанов “Әдебиет теориясының қазіргі жағдайы” атты баяндамасында қазіргі қазақ әдебиеттануының әлемдік, одақтық әдебиеттану ғылымдарымен шығармашылық байланыстың үзіліп қалғандығын, аталып өткен ағымдар мен бағыттардың, оның өкілдерінің еңбектерінің бізге жете бермейтінін айта келіп: “Тәуелсіздік тұсындағы теориялық ойға томағатұйықтық емес, талдау тереңдігі мен типологиялық жинақтау, тарихилық пен ой-тұжырым нақтылығы керек”, – деген тұжырым жасайды.

Тәуелсіздік алған он жыл көлеміндегі қазақ әдебиеттануының жеткен жетістіктері мен кемшіліктері, алдағы тұрған міндеттері жайлы жан - жақты мәселелер қозғалған бұл конференциядағы А. Ісімақованың “Әдеби сынның теориялық мәселелері”, Ж. Смағұловтың “1920-жылдардағы ұлттық әдебиеттану ғылымы” т.б. баяндамалардың маңызы зор.

1991 жылдан бері үстемдік алған тәуелсіздік кезеңде қазақ әдебиеттану ғылымында өріс алған жаңа арна – шет елдегі қазақ әдебиеті. 1990 жылдардан бері Қазақстанға көш түзеген әр аймақтағы қазақтармен бірге қазақ әдебиетіне мол қазына байлық, тың әдебиет пен өнердің тынысы ашылып, жаңа парақтар ашыла бастады. Олар – шет елдегі қазақ әдебиеті, атап айтсақ, Шыңжан, Монғолия, Қытай т.б. шекаралас елдерден келген қандастарымыздың Қазан төңкерісіне дейінгі өздерімен сақталған әдеби – мәдени мұралар мен шетелдерде жүрген кездері туып, қалыптасқан, дамыған қазақ әдебиеті. Көршілес елдерде өмір кешкен қандастарымыздың өмірін, өнерін, тарихын, тұрмыс–тіршілігін, әдеби-мәдени мұрасын ешқандай саясаттандырылмаған күйінде сақтап, зерттеп жүрген әдебиетшілер, ғалымдар ұлттық әдебиеттану ғылымының үлкен бір саласының тарихын жазып, оның даму заңдылықтарын жүйелеуге атсалысуда. Осы ретте атап өтерлік ғылыми-зерттеу жұмыстар да баршылық. Мәселен, ф.ғ.д., проф. З.Сейітжановтың шет елдегі қазақ әдебиеті тақырыбында қорғалған докторлық еңбегі, белгілі журналист Есенгүл Кәпқызының “Монғол қазақ әдебиетінде проза жанрларының қалыптасуы мен дамуы” атты кандидаттық диссертациясы мен “Монғолиядағы қазіргі қазақ әдебиетінің даму мәселелері” т.б. зерттеулері, Ә. Қалиұлының “Қытай халық республикасы қазақ әдебиетінің күй-жайы және

кейбір мәселелері” атты зерттеуі тәуелсіз қазақ әдебиетіндегі жаңа бағытты көрсетеді.

Тәуелсіздік алған 1990 жылдардан бері қазақ әдебиеті мен өнері өзге елдермен терезесі тең дәрежеде шығармашылық орната бастады. Бұрындары Кеңес үкіметі құрамындағы бір ел ретінде танылған Қазақстан қазір тәуелсіз, егеменді, дербес мемлекет. Оның өзінің бірнеше ғасырларға ұласқан тарихы, өнері, әдебиеті мен мәдениеті, салт-дәстүрі бар жер байлығымен қоса рухани мол мұрасы да ұшан-теңіз ел екендігін бүгінде дүние жүзі танып, мойындап үлгерді.

Ең бастысы, кеңестік кезеңде қазақ әдебиеті мен өнері, ақын-жазушылардың шығармалары тек орыс тілі арқылы әлемдік әдеби айналымға түсіп жатса, бүгіндері өзіміздің дарынды, көп тіл білетін талантты ғалым-мамандарымыздың арқасында өзге елдерге тікелей сол тіл арқылы таныта аламыз. Мәселен, француз тілінің жетік маманы, ақын, әдебиетші ғалым Ғалымжан Мұқанов ұлы ақын Абайды әлемдік деңгейге француз тілі арқылы көтерді. Абай мұрасына байланысты байқау қорытындысында Ғ. Мұқанов ақынның “45 қара сөзін”, “Ескендір”, “Масғұт” дастандарын француз тіліне тікелей аударғаны үшін (алғы сөзін де жазған) жеңімпаз деп танылғаны белгілі (Рауан. 1994, 2000 дана). Сондай-ақ сол жылы “Абайдың таңдамалы шығармалары” (Анкара, 1995) түрік тілінде тұңғыш жарық көрді. (Қазақ әдебиеті – әлем халықтары тілінде. ф.ғ.д., проф. Р. Тұрысбек. Қазақ

әдебиетінің қысқаша тарихы. 2–кітап. Алматы, Қазуниверситеті. 2002,– 455 б.). ЮНЕСКО-ның шешімімен әлемдік деңгейде аталып өткен ақынның 150 жылдық мерейтойы қазақ әдебиетінің даңқын тағы бір үлкен рухани деңгейге көтергені белгілі. Ал, мұндай әдеби-мәдени шаралардың бәрі өзіміздің тіл білетін қазақ қаламгерлерінің белсене атсалысуымен атқарылып жатыр.

Қазақ әдебиеті тарихы мен сынын, теориясын зерттеу жұмысы да бірнеше бағытта және әр түрлі әдіспен жүзеге асырылып келеді. Бұл саладағы зерттеушілердің бірі жеке тұлғалардың творчестволық өнерін өз еңбектеріне өзек етсе, бірі олардың ірі зерттеу жұмыстарын әлемдік әдебиет кеңістігінде қарастырып, теориялық тұжырымдарының құндылықтарын салыстырмалы - типологиялық әдістер қолданылып жүйелі-кешенді түрде жүргізілді. Нақты көркем шығармалар мен мәтіндерді талдау белгілі бір теориялық және методологиялық негізде қарастырылып, онда әлемдік, одақтық әдебиеттану ғылымдарының соны жетістіктеріне сүйену басым түсіп жатты. «Жазушы еңбегі» атты монографиясында Ж.Дәдебай творчестволық -шығармашылық лабораторияның теориялық мәселелерін көтеріп, соларға қатысты нақты талдаулар арқылы анықтама жасаған. Талант табиғаты, қаламгерлік мұрат пен оның басты кезеңдері, шығармашылық процесс, өмір шындығы мен көркемдік шешім ара-қатынастары арнайы зерттелген. Көркемдік қиял, тарихи шындық, халық

әдебиеті мен мәдениеті, әдеби мұра, көркем мәтін, категориялары бірімен бірі тығыз қатынаста екені айқындалған. Сондықтан зерттеуде өмір шындығы мен өнер туындысындағы сюжеттің ара-қатынасына ерекше мән берілген. Бұл мәселелер әдеби шығарманың тарихи негіздері, қазіргі қазақ романдарының мазмұндық жүйесі арқылы да талданған.

Аталған зерттеулер тәуелсіз әдебиеттануына енген жаңа бағыттағы еңбектер екені айқын. Әдебиет зерттеушісі Б.Майтановтың «Қазақ романы және психологиялық талдау» (1996), «Мағжан Жұмабаевтың поэтикасы» (2001) атты еңбектері көркем проза поэтикасын қазақ романдарының даму кезеңдерін, қаһарманның рухани әлемі мен ондағы мінездеу, психологиялық параллелизм, диалог, монолог мәселелерін кеңінен қарастырған. Зерттеуші Ш.Құдайбердіұлының «Әділ-Мәрия», М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал», Т.Жомартбаевтың «Қыз көрелік», С.Торайғыровтың «Кім жазықты?», «Қамар сұлу», С.Көбеевтің «Қалың мал», С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу», Б.Майлиннің «Шұғаның белгісі», Ж.Аймауытұлының «Ақбілек», М.Әуезовтың «Абай жолы», Ғ. Мүсіреповтың «Оянған өлке», «Жат қолында», Ә.Нүрпеисовтың «Қан мен тер» туындыларын саралап, жүйелі сөз еткен.

С.Негимовтың «Өнерпаздық өрнектер» (1961), Мәлік Ғабдуллин (2001), «Ақын жыраулар поэзиясы» (2001) атты ғылыми зерттеулері қазақ әдебиеті тарихының

бүгінгі тәуелсіз әдебиет тұрғысында жаңаша айқындалуы қажет кезеңдеріне арналған. «Өнерпаздық өрнектер» (1996), «Мәлік Ғабдуллин» (2001), «Ақын-жыраулар поэзиясы» (2001) атты кітаптары әдебиет тарихының нақты кезеңдерін зерттеуге арналған. «Өнерпаздық өрнектер» қазақ поэзия тарихындағы ақындық, әншілік, сазгерлікпен танымал – Д.Әлібайұлы, Қ.Жапсарбайұлы, И.Байзақов, Ақан Сері, Ы.Сандыбайұлының шығармашылығы мен өмір деректері, әдеби мұраның нақты жүйеленуімен ерекшеленген. Кітапта бұрын белгісіз тың деректер де мол келтірілген. Осындай талдаулар арқылы ғалым поэзияның көркемдік қуаты, стильдік мүмкіншіліктеріне, тектік шарттарына ерекше назар аударып анықтап берген. 2001 жылы жарық көрген «Мәлік Ғабдуллин» Кеңес одағының батыры, академик ұстаз, жазушы, әдебиетші ғалым Мәлік Ғабдуллиннің шығармашылығына арналған. Тәуелсіз әдебиеттанудың жаңа талаптарына сай С.Негимов әдебиетші М.Ғабдуллиннің фольклор мен әдебиеттануға қатысты еңбектерін жүйелеп талдап қана қоймай, бүгінгіге қажетті екеніне назар аударған.

Кеңес әдебиеттануы өкілінің еңбектері бүгінгі саралауға түсіп, бізге керек мұра ретінде айқындалған. «Ақын-жыраулар поэзиясы» (2001) кітабында – ақын мен жыраулардың өмірі мен шығармашылығы, олар көтерген қоғам мен тарих, адам мен оның еңбегі, ұлт тағдыры мен ұрпақ қамы, дәстүр өнегесі, тіршілік пен болмысты

Көркемдік дүниетаным табиғаты мен поэзиядағы ұлттық сипаттар нақты әдеби шығармалармен ақындық өнер әлемімен байланыстырылып зерттелген. Осы ретте – «Алпамыс батыр», «Қамбар батыр», «Қобыланды батыр», «Қыз Жібек», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жыр-дастандары мен ақын-жыраулар Асан Қайғы, Ақтамберді, Қазтуған, Доспамбет, Жиёмбет, Бұқар, Шортанбай, Мұрат, Дулат өлеңдері талдауға түскен. Аталған басылым халық әдебиеті үлгілерінен бастап, ұлттық-рухани дүниетаным иірімдері, қазақ өлеңінің көркемдік құрылымы мен

бейнелеу жүйесі нақты әдебиеттанулық талдауға түскен. Сондықтан бұл зерттеуде – айтыс пен толғаудың генезисі, стилистика, поэтика тұрғысынан қарастырылған. Осы ретте қазақ өлең өнерінің қасиеті, оның негізгі даму жолдары айқындалған.

Ғалым бейнелі сөздер табиғаты, олардың образдық-метафоралық, лексико - фразеологиялық қабаттарын белгілеп, сөз-ұғымдардың, сөз-образдар мен сөз-символдардың поэзиялық қолданысы мен мағынасын талдау арқылы дәлелдеп шыққан. Көркемдік заңдылықтардың тарихи негіздері, дәстүрі мен жалғастық сипаттары жан-жақты негізделген. Аталған мәселелерді ғалым көркемдік танымның күретаымыры деп айқындап берген. Монографияда ақын-жыраулар мұрасы өзінің ұлттық контекстінде зерттелгенімен құнды.

қолданылуы, оның образдық-метафоралық, лексикалық-фразеологиялық сөз жүйесі, дәстүр мен жалғастық сипаттарын нақты талдаулар арқылы зерттелумен маңызды болып табылады. С.Негимов бүгінгі тәуелсіз әдебиеттану тұрғысынан бұрынғы белгілі мәтіндерді жаңаша зерттеп, олардағы көркемдіктің шарттары мен жанрдың ішкі тәртібінің заңдылықтарын ұлттық дәстүр аясында дәлелдеп берген.

Тәуелсіздік алған тұста арнайы зерттеліп, жаңаша пайымдалған қазақ әдебиеті тарихы жоғарыда тоқталған салалар бойынша тағы да толықтырылып, тың ізденістер жасалып жатқаны ақиқат. Әрине, бұл саладағы ізденістер мен жаңаша зерттеулер осымен тоқталып қалмайды, бұлар тек бастамалары деп ойлаймыз.

5. ТАРАУ. Қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы көркемдік тұтастық теориясы

5.1. Модернизм мен постмодернизмнің зерттелу жайы

Әдебиеттегі көркемдік тұтастық мәселесін байыптағанда, поэтикаға тікелей қатысты әдеби категориялар қарастырылатыны белгілі. Әдеби шығармадағы бейнелеу құралдарының көркемдік жүйесін анықтайтын поэтика әдебиеттің тектері мен жанрларының, ағымдары мен бағыттарының, стилі мен тәсілдерінің спецификасын, олардың байланысы мен тұтастығын зерттейді.

Зерттеудің негізгі аспектісіне (мысалы, романтизм поэтикасы, роман поэтикасы, жеке бір жазушының шығармасындағы немесе бір шығармадағы көркемдік әлем) қарай белгілі бір мәселе көтеріледі. Кез-келген әдеби шығарманың идеясы, сюжеті, композициясы, бейнелеу құралдары тілге келіп тірелетіндіктен, оны үш пән – мәтінтану, герменевтика және поэтика зерттейді. Герменевтика мәтінді түсіндірумен айналысса, мәтінді құрастыру шеберлігін поэтика зерттейді. Яғни, шығарманың көркемдік тұтастығы мәтіннің эстетикалық бітімінен көрінеді. Шығармадағы көркемдік тұтастықты құрайтын мәтінді қазіргі семиотика тым кең мағынада түсіндіреді. Мәселен, В. Рудневтің 7 бапқа негізделген мәтін туралы тұжырымына мән берсек: 1) мәтіннің барлық элементтері өзара байланысқан (құрылымдық поэтика тезисі); 2) мәтін элементтерінің арасындағы байланыс қайталанып, өзгеріп отыратын бірліктер мотив ретінде айқындалады (Мотивті талдау тезисі); 3) мәтінде кездейсоқ ештеңе жоқ (психоталдау); 4) мәтіннің әрбір жекеленген және үстірт көрінісінің (мәнінің) астында мифологиялық сипаттағы терең, әмбебап заңдылықтар жатыр (К.Г. Юнгтің аналитикалық психологиясы); 5) мәтін шындықты суреттемейді, ол онымен өзара күрделі қарым-қатынасқа түседі (аналитикалық философия және тілдік актілер теориясы); 6) бір мәтіндегі ақиқат нәрсе басқасында жалған болып шығуы мүмкін (мүмкін дүние семантикасы); 7) мәтін қатып-семіп қалған мән емес, ол –

автор мен оқырман және мәдени контекст арасындағы сұхбат (Бахтин поэтикасы).

Көркемдік тұтастықтың теориясы эстетикалық категорияларды, өнердің табиғатын, оның түрлері мен жанрларын бір принциппен түсіндіру барысында айқындалады. Өнер мен өмір құбылыстарының көптүрлілігін кескіндеме өнерінде – бояу, әдебиетте – сөз, мүсін өнерінде – тас, кескіндеме – көру; музыкада – көрерменге әсер етудің этикалық және эстетикалық үйлесімі айқындап береді.

Әлем әдебиетіндегі басты ағым болып саналатын постмодернизмнің көркемдік шарттары мен сипаттарын түсіндіру үшін модернизмге тоқталмай кету мүмкін емес.

Модернизм (франц. *moderne* – ең жаңа, қазіргі) – 19 ғ. соңы, 20 ғ. ортасына әдебиет пен өнерде, мәдениетте қалыптасқан филос.-эстетикалық қозғалыс. Бұл ретте М. болмысты бейнелеуге емес, өз шындығын көрсетуге ұмтылады. Модернистер үшін өмір шындығы ұғымы – аллюзиялар, реминисценциялар. Мұнда негізгі ұғым цитаталар, реминисценциялармен толыға, ұлғая келе, интермәтінге айналатын «мәтін» болып табылады. Жеке адамның жан-дүние сезімдерін бейнелеу идеясы екінші қатарға кетіп, алғашқыға сана шығады. Өнердің өзегі сыртқы планнан ішке ойысты: бұл ретте суреткердің міндеті – өмірмен қарым-қатынасқа өзінің жеке көркемдік әлемі аясында түсу («Қазақ мәдениеті». Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы. »Аруна». 2005-656 бет).

Модернизм өнеріне шындықты тәртіпсіз хоас және абсурд (мағынасыздық) бейнелеу тән. Мәселен, Ф.Кафкадан бастап көптеген жазушылар шығармаларында “бақытсыз сана” комплексін тудырды. “Адами жазмыш” (экзистенциализм әдебиетінің әдепкі мәселесі), «көп ішіндегі жалғыз» (толпе одиноких) т.б. мәселелері кейіпкерлердің тұтас еместігін сезіндіреді. Айталық, С.Беккет шығармада бос ақ парақтарды бос қалдыру арқылы әлемді қабылдамау ишарасын, яғни шығармашылықтан бас тарту “әдеби үнсіздік” идеясын көтерген.

М.әдебиетте бейнелеу құралы мен көркемдік жүрістің жаңа жүйесін, адамды жаңаша түсіндірумен бірге, мұнда типті емес, бәрі жекелеген сананы суреттеу басым болды. Және образ-архетип, сана астарындағы құбылысты зерттеу арқылы адамның ең құпия сезімдерін, оның ақиқатын және адам табиғатын ирония және травести, ойындар элементі сияқтылармен ашық көрсетеді. Тұлғаны мағынасыздықтың алдында әлсіздендіреді. Ол шығарманы мазмұнсыздыққа әкеледі. Бұл бағыттағы жазушылар композиция, тілге т.б. көптеген стильдік, көркемдік сынақтар жасады.

XX ғасырдың соңғы ширегіне дейін өмір сүрген модернизм өркендеудің жаңа кезеңінде көркем-эстетикалық құбылыс ретінде қалды. Осы орайда дүниеге келген тағы бір терминдік түсінік осы модернизм мен постмодернизм табиғатымен көркемдік тұрғыдан тұтас, мағыналық жағынан мәндес болып келетін

НЕОМИФОЛОГИЯЛЫҚ САНА, 20ғ. мәдени ментальдылықтың бір бағыты. Ғасыр басындағы символизмнен басталып, постмодернизммен аяқталады. Н. 19 ғ. позитивистік санаға жауап ретінде пайда болды. Н. мәні – мәдениеттегі классикалық және архаикалық мифтерді зерттеуге көп көңіл бөлуінде. Сол сияқты, мифологиялық сюжеттер мен мотивтер көркем шығармаларда қосымша фон ретінде қолданыла бастады. 19 ғ. 20 жылдарынан, яғни әдебиетте модернизмнің гүлденген кезінен бастап, әрбір көркем мәтін тікелей немесе жанама түрде мифті қолдану негізінде құрылды. М.Булгаковтың «Мастер мен Маргаритасында», Т.Манның, Г.Гессенің, У.Фолкнердің, Ф.Кафканың, Дж. Апдайктың шығармаларында миф жиі қолданылады. Ш. Айтматовтың «Боранды бекет», Ә.Кекілбаевтың “Үркер”, “Аңыздың ақыры”, “Ханша-дария хикаясы”, “Күй”, “Күйші”, т.б. шығармаларында мифтер мол пайдаланылған. Шығарма сюжетінде миф ретінде тарихи аңыздар, тұрмыстық мифология, мәдени-тарихи шындық, өткен дәуірлердің көркем мәтіндері көрініс табады. Бұл 20 ғ. көркем мәтіннің өзі мифологиялық сипат алуына әкелді, Г.Маркестің «Жүз жылға созылған жалғыздығы» мұның бір мысалы. (“Мәдениеттану сөздігі”)

Сөз өнеріндегі көркемдік тұтастық мәселесін жүйелеуге және оны жан-жақты ашып көрсетуге қызмет атқаратын тағы бір әдеби категория бар. Ол өнердегі кеңістік пен уақыт категориясы, яғни эстетика тарихында өнердің түрлерін жүйелеп беретін ұғым. Кеңістік пен

уақыт мәселелері қарастырылмайтын әдеби шығарма жоқ десе де болғандай, ал олардың бүкіл шығармадағы көркемдік тұтастықты жүйелеуге, бір ырғақпен баяндалуына мол мүмкіндік жасайтынтыны да сондықтан түсінікті болса керек.

Жалпы модернизмнің кейінгі жылдары әлемдік мәдениетте кеңінен орын алған постмодернизм ағымының тууына тікелей әсер еткені белгілі. Соңғы жылдары әдебиеттанушылар постмодернизм туралы жиі және көп жазатын болды. Бір ғана В.Курициннің “Русский литературный постмодернизм” деген еңбегінде осы ағымға байланысты еңбектердің 400-уі аталса, ал, И.Скоропанованың “Русская постмодернистская литература: Новая философия, новый язык” деген зерттеуінде олардың библиографиялық көрсеткіші мыңнан да асып кетеді. Алайда, осы постмодернизм туралы әлі күнге дейін көптеген кереғар көзқарастар бар. Мысалы, осы ағымның ірі өкілі саналып жүрген Жан Француа Лиотар оны бүгінгі мәдениеттің жағдайын бейнелейтін журналистік термин ретінде қалыптасқандығын, мәдениеттегі тұтас және жекелеген бір салаларындағы – жаңа технологиялар, телевидение, көпшілік-медиа т.б. сияқты гиперреволюциялық өзгерістер толқынында туған жәйттер екендігін ескертеді. Д.Затонский “Постмодернизм в историческом интерьере” // Вопросы литературы 1996, №3// деген мақаласында постмодернизмнің басты сипаттарын көркемдік тұтастықты жоюшылар деп есептейді. Бір

жүйеге түскен дәстүрді қабылдамау, уақыт пен кеңістік мәселесіне мән бермеушілік, екіұштылық, көпмағыналық, бас кейіпкердің болмауы т.б. сияқты постмодернизмнің басты ұғымдары әдебиеттанушылар арасында әр түрлі даулы пікірталастар тудырып отыратыны даусыз.

Тағы бір ерекше атап өтер жәйт-постмодернде шекара жоқ. Мәселен, XX ғасырдың жетпісінші жылдарына дейінгі кезеңде өмір сүрген классикалық мәдениетте, әдебиетте элиталық және көпшілікке арналған әдебиетте нақты қарама-қайшылық, айырмашылық бар еді. Және өзін сыйлайтын әрбір жазушы қалың көпшілік үшін жазбаған. Ал, постмодерн жағдайында осы қайшылық сызылып, элитарлық жойылып немесе көпшілік мәдениеттің бір бөлшегі болып қалады. Ең элитарлы кино немесе кітап жалпы көпшілікке арналып жазылған бестселлер болып қана қалады. Сол себепті біз «жоғары» және «төмен» дәрежеде жазылған шығармалардың шекарасын айыра алмай қаламыз. Мысалы, Наталья Правдинаны біз қанша жақсы көрсек те Б. Борхес пен Ф. Кафканың шығармашылығымен қатар қоя аламыз ба. Бірақ қазіргі уақытта оларды қатар қоюға тура келеді. Міне, бұл қазіргі әдебиеттің көрінісін, бейнесін береді.

XX ғасырдың екінші жартысында Батыста пайда болған «жаңа роман» бағытына сәйкес әдебиет тоқырады, өлді деген дау пайда болды. Шындығында әдебиет бұрынғы классикалық мәдениеттегідей, әдебиеттегідей өзінің маңызды ролінен ғана айрылды. Бүкіл ұрпақты

тәрбиелейтін моралдік құндылығынан және «ұлы тарихты» әңгімелейтін, сол кезеңнің рухани әлемін ашып, көркем шежіресін жазатын ұлы міндеттерінен айрылғандықтан ол тоқырауға, тығырыққа тірелді.

Алайда әлі болса да сол көпшілікке рухани қажеттілік тудырып отырған да осы классикалық мұралар. Америкада көптен бері «ридерз-дайджест» пайда болды. Оның бір томында бүкіл әлемдік әдебиеттің мұралары, Гомерден бастап Дэн Браунға дейінгі шығармалардың кішігірім фабуласы, сюжеті, кейіпкерлерінің аттары жүреді. Оны оқыған кісі бейне бір бүкіл әлемдік әдебиетті оқып шыққандай, солардың бәрін біліп алғандай әсерде болады. Бейнелеп айтқанда, М.Әуезовтің «Оқыған азаматы» болып шыға келеді. Ал, шындығында солай ма?

Біз, мысалы, бала кезімізде классикалық шығармаларды бүтіндей тауыспасақ та соларды оқуға тырысатынбыз, солар туралы қырық пышақ болып айтысатынбыз, түрлі әдеби кештерде, оқырмандар диспутында түрлі сауалдарға жауап іздейтінбіз. Бұл кейіпкерлер бізбен бірге өмір сүрді, біз соларға қарап еліктеп өстік, соларға ұқсағымыз келді. Әрбір бала Д Артаньян, әрбір пионер Олег Кошевой, әрбір комсомол Павел Корчагин т.б. болғысы келетін. Ал, қазір ше? Балалардың бой түзейтін, ой түзейтін кейіпкерлері жоқ. Классикаға жастар мән бермейді, оларды оқып отырсаң күледі. Олар бүгінгі әдебиеттің уақытша беделге ие болған бестселлер, фантастика немесе детектив және қысқа жанрдағы шығармаларды оқуға құмар. Әдебиет

өзінің адами тұлға тәрбиелеп, қалыптастыратын тәрбиелік көркемдік, эстетикалық міндетінен айрылып қалды. Бүгінгі бір күндік мәні бар бестселлер жастарға ештеңе бермейтініне терең ой жіберіп жатқан ешкім жоқ, әзірге. Олардың ертең опық жегізері хақ. Тіпті оларды оқып жүргендер бүгіндері жалығып, классиканы қайта іздей бастады.

Мысалы, 2007 жылы республикалық кітапханашылар қауымдастығы өткізген “Бір ел-бір кітап” деген акциясының қорытындысы бойынша ел болып оқылатын кітап Абайдың қара сөздері болса , 2008 жылы М.Әуезовтің “Қилы заман” повесі ,ал 2010 жылы оқырмандар тарапынан Мағжан Жұмабаевтың поэзиясы тандалып алынуының өзі-ақ талай нәрсені айтып отыр.

Қазіргі қазақ әдебиетінде осындай бестселлер жанрында жазатын жазушылар бар ма? Болса, олар кімдер? Осы постмодернизм бағытының өкілдері олардың ішінен табыла қояр ма екен деген сауалға қазір әдебиетшілер де, оқырмандар да нақты жауап бере алмайды. Өйткені, бізде бұл бағытта ізденістер, әдеби сынақтарға талпыныс болғанымен оның үлгісін танытарлық тұлғалар таныла қойған жоқ. Мысалы, оларды ресейлік Борис Акунин, Виктор Пелевин т.б. сияқтылармен салыстыруға не теңестіруге келмейді. Сондай-ақ, соңғы жылдары әдебиет- мәдениет аулынан алыстап, қазір телевидение мен кино сияқты институттар алға шықты. Қазір Олжас Сүлейменов жазғандай (“Свобода слова” газетіндегі сұхбатында)

Л.Н.Толстойдың “Соғыс және бейбітшілік” эпопеясын немесе Бальзактың, Э.Золяның бірнеше томдық эпопеяларын оқитын оқырман жоқ. Өйткені, бүгінгі оқырман екі сағатта ондағының бәрін кинодан көріп алады. Ұзақ роман оқитын қазір мүмкіндік те, ынта да жоқ.

Әрине, әрбір адам жеке тұлға, сондықтан әркім өзіне қажетті кітапты өзі таңдауы керек.

Қай кезде де сөз өнері таным процесін, ойлау жүйесін, өмір сүрудің мағынасын ашуға тырысқан. Авторлық толғау арқылы өмірдің мағынасына мән берген. Өкінішке орай олар қазір жоғалды. Қазір философиялық мәтіндер ғана маңызды, бейне бір автордың ешқандай қатысы жоқтай, автордың пікірі қажет те маңызды да емес, тек мәтін ғана керек, сол ғана маңызды. Автордың ойы түгіл түсіне енбегенді философ тауып алады да соны көрсетеді.

Осы орайда, «Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік және постмодернистік ағымдар» /Қазақ әдебиеті газеті. 29.10.2004/ және ”Алғашқы қазақ романдарындағы модернистік назар” /”Қазақ әдебиеті” 25.12. 2008 / деген мақалаларында филология ғылымдарының докторы, профессор Бақытжан Майтановтың қазіргі ұлттық әдебиеттану мен философияда модернизм, әсіресе постмодернизм ұғымдарының жиі айтылатынын, “әрбір әдеби дамудың өз постмодернизмі болатынын” (Умберто Эко) айта келіп, жалпы қазақ прозасының XX ғасыр басындағы үлгілерінен бастап қазіргі қаламгерлердің шығармаларына

дейінгі аралықтағы модернистік және постмодернистік элементтер бар туындылардағы ізденістер жайлы ойларына тоқталған орынды сияқты.

Автор классикалық дүниелер саналып жүрген шығармаларымыздың осы модернизммен тамырласып жатқанын, оған нақты нысана ретінде М.Әуезов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, тіпті С.Сейфуллин мен С.Ерубаевтың, Р.Тоқтаров, С.Мұратбеков, М.Мағауин, Ә.Кекілбаев, Т.Әбдіков, Ә.Тарази, Қ.Ысқақов, А.Нұрманов, Д.Досжанов, т.б. сынды жазушылардың көркемдік тәжірибесін алға тартады.

Зерттеуші Д.Затонскийдің постмодернизм тек батыстық қана емес, бұрынғы кеңестік дәуір әдебиетіне де тән құбылыс екендігін алға тарта отырып, оның анықтамасын береді: «модернистер дөрекі, алабажақ, тұрақсыз шындықтың жан-жағынан жоғары шындық, жоғары өмір, сабақтас әлем, іргелі тұтастық, өзгеше ой, тым ауқымды идея іздестірді. Өмір олар үшін көріксіз де, тазалық пен әсемдік өнерде ғана сақталмақ»,— десе, «Постмодернизм мұндай кемшіліктерден ада, олар, біріншіден, осы сәттегі, тысқары дүниедегі, күнделікті тіршіліктегі бар нәрсеге назар аударады.”— деп бір-бірімен сабақтас екі ұғымның аражігін ашып береді. Қысқасы, модернизм көз алдында тұрған шындықты місе тұтпаса, постмодернизм өмірдегі құндылықтарды үлкен, кіші деп бөлмейді, кез-келген зат, құбылысты дүние санауға бейімдігін ғалым постмодернизм поэтикасына тән қасиеттерді-тұйықтық, бұлдырлық, яғни ештеңе жайлы

ашық және ақиқатын, соңғы сөзін айтпау, өмір көріністеріне ирониямен қарау, оларға үнемі күмән тән екендігін атап көрсетеді. Әрине, бұл көркемдік ағымдарды анықтайтын сипаттар осымен шектелмейтінін де ескертеді.

Одан әрі автор жекелеген жазушылардың шығармаларындағы постмодернистік категориялардың түрлеріне арнайы шолу жасайды: «Сәл ертеректегі дәуірге көз салсақ, модернизм мен постмодернизмге хас мәтін құрамының байлығы мен әркелкілігі М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім», «Бүркіт аңшылығының суреттері», Ж.Аймауытовтың «Елес», М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсі», С.Ерубаевтың «Менің құрдастарым», С.Сейфуллиннің «Біздің тұрмыс» шығармаларынан мол аңғарылады. Аталған туындылардағы интертекст, реминценция, аллюзия көріністері өмір шындығын қалыптағы реалистік баяндаудан гөрі оны қабылдаушы субъектімен арақатынаста, жан-жақты танытуда зор нарративтік роль атқарды. Модернистік прозада шарықтап дамыған сана ағымын суреттеу өнері М.Әуезов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев мәтіндерінде ұлттық дәстүр сілемін қалыптастырды.

1940 жылдардан бергі қазақ прозасында З.Шашкин, Х.Есенжанов, Ә.Нұрпейісов, Т.Әлімқұлов, Т.Ахтанов, І.Есенберлин шығармалары арқылы психологиялық талдау, монолог, қос үнді сөз, алмастырылған төл сөз сияқты баяндау тәсілдері авторлық көзқарас шеңберін әр

қырынан көрсетуде ұтымды көркемдік тәсілдер болды, – деп әр жазушының постмодернистік ағымға тән көркемдік тәсілдерді ұлттық дәстүр тұрғысынан қалай түрлендіріп, жаңаша құбылту арқылы кейіпкердің ешкімге ұқсамайтын ішкі жан әлемін бейнелеу мәселесі, олардың өзіндік жазу стилін айқындап берген.

Зерттеушінің қазақ прозасындағы модернистік және постмодернистік ағымға қаламгерлік қабілеттері мен даралық сипаттары сәйкес келетін суреткерлердің шығармаларындағы көркемдік тұтастық мәселелерін де олар қолданған бейнелеу құралдарының поэтикасы тұрғысынан талдауға тырысады.

«Қазақстандағы постмодернистік әдебиет және қазіргі әдебиеттану» атты монографиялық зерттеуінде және осы аттас докторлық диссертациясында жас зерттеуші Людмила Василевна Сафронова аталған қаламгердің туындыларын қазақ әдебиетіндегі постмодернистік ағымның озық үлгілері ретінде қарастырады.

Қазақ жазушыларының постмодернистік стилін анықтаған, көркемдік ерекшеліктерін, ұлттық нақышын, төл танымымызға, сөз өнеріне тән өзгешеліктерін біз Мұхтар Әуезов, Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Бейімбет Майлин, Зейін Шашкин, Тәкен Әлімқұловтың, Әкім Таразидың, Роллан Сейсенбаевтың, Төлен Әбдіковтың, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Асқар Сүлейменов, Әбіш Кекілбаев, т.б. сынды суреткерлердің қикар да

қызық мінезді кейіпкерлері, олардың ирониялық баяндау тәсілі, олардың өздеріне тән сөйлеу мәнерінен байқаймыз.

Мұның бәрі қазақ әдебиетінде де осы бағыттың өкілдері бар екендігін, осы бағытта да біраз ізденістер мен сынақтар жасалынып жатқанын және олардың бәрі саналы түрде емес, шығарманың ішкі көркемдік тұтастығынан туындап, ішкі үндестігінен, табиғи заңдылығынан туындап отырғанын байқатады. Аталған қаламгерлердің дені арнайы эксперимент жасап, постмодернистік стиль қалыптастыруға, соған лайықтап сөз құрап, кейіпкердің ойлау жүйесін әдейі бұзып, жазуға талпынбаса да олардың табиғи талантынан тамыр алған суреткерлік шеберліктері даралық сипатқа ие екендігін ескерген жөн.

Мәселен, Ж.Аймауытовтың «Елесіндегідей» нақты тілдесулер, тірі адамның Елеспен диалог құруы арқылы оқиға өрбіп, ой дамуы, кейіпкердің кіресілі-шығасылы сана ағымы шығарманың көркемдік ойлау жүйесін құрап, постмодернистердің эстетикасында ерекше орын алатын шизоанализ ұғымы арқылы бейнеленеді. Негізінен онейрикалық (қиял, түс, ой) кеңістікті көрсететін шығармадағы сол кезеңдегі ешкімге ұқсамайтын қолтаңба ерекшелігі постмодернистік ағымның алғашқы өрнектерін танытады.

Сана ағымы жүйесіндегі ырықсыздық күй, абсурд, түс көру тәсілі, ойдың шатасуы галлюцинациялық сәттерге көп мән бергізеді.

Постмодернистік ағымның эстетика заңдылықтарына қазіргі қазақ прозасындағы мейлінше жақын дүниелер

Дидар Амантайдың «Тоты құс түсті көбелек» және «Шайтан мен шайыр» романдары десе болғандай. Осындай пікір айтып жүрген ғалымның бірі Б.Майтанов. Негізі стилдік сынаққа көп баратын және батыл әрі оны жүйелі түрде өзіндік машық ретінде қолданатын Д.Амантай шығармашылығы жөнінде мерзімді баспасөз беттерінде әр түрлі деңгейде айтылып жүрген пікірлер баршылық. Кезінде көрнекті сыншы, әдебиеттанушы Зейнолла Серікқалиевтің батасын алып, танылған жазушының әрбір шығармасы қызу пікірталас, тіпті бір-біріне қайшы пікірлерді көп тудырып отыратыны да шындық. Сыншы, мәдениеттанушы Әлия Бөпежанова, Б.Майтанов, З.Серікқалиев, Т.Әсемқұлов т.б. сынды бір топ әдебиет білгірлері оның шығармашылығындағы тосын тілдік құбылыстар мен сөйлем құраудағы жұтаңдықты, композициясындағы іркілістер мен ізденістерді көптеген қаламгерлердің қабылдай алмайтыны жөнінде де ой бөлісті.

Киносценарий мәнеріндегі мақам-машыққа бейім, сөйлемдерін неғұрлым қысқа түйетін, дәстүрлі эпикалық сюжеттен гөрі шағын этюд сияқты жанрға жақын шығармалар шоғырында диалогтар басымдық рөл атқарады. Мұхтар Мағауиннің “Қыпшақ аруы” мен “Жармақ” романында негізгі нысанаға алынған автордың өзі мен шығармашылығы жайлы жазбаларға ерекше мән берілсе, Дидар туындыларында белгілі бір кезең, сол кезеңге тән жүйелі оқиға, әдеттегідей әдемі өрілген композиция үлгісі жоқ.

Жазушы Д.Амантай өз шығармасында батыс әдебиетінде көп қолданылатын жүйесіздікті, оқиға мен ойды диалогқа құрып, екеуара әңгімеде сол кезеңнің саяси, әлеуметтік, рухани өмір шежіресін мүмкіндігінше нақты беруге тырысады. Сондықтан да болар оның демі үлкен кеңістікке, күрделі ойлау процесіне жете алмай көбіне қысқа қайырылып жатады. Кез-келген оқырман оның шығармаларындағы шолақ ойды, келте әрі жұпыны сөйлем құрауларды, тосын тілдік тіркестерді, біздің көркемдік таным дүниемізге келе қоймайтын қисынсыз құрылымды таныр еді. Мүмкін бұл да тың құбылыс, жастар тарапынан танылар жаңалық болып табылатын шығар дегенмен тілші мамандар мұндай тілдік, түрлік қолданыстардың тілді қолдану заңдылығына қайшы екендігін мойындаса керек-ті. Алғашқы шығармалары жарық көрген жылдары «Қазақ әдебиеті» мен «Жас алаш» газеттерінде дамыл-дамыл жарық көрген сын пікірлерден кейін болуы керек, Д.Амантайдың кейінгі екінші жинағына енген қысқа романдары мен әңгімелеріндегі сөздік қолданыстар бір икемге, тілдік заңдылықтарды сақтауға тырысқаны байқалады. Тым қарабайыр түрде қолданылған сөйлемдерден арылған секілді. Дегенмен Б.Майтанов Дидардың осынау олқылықтарын ол әкелген тың табысқа балайтындай: «Кейінгі жылдардағы Дидар Амантайдың «Мен сізді сағынып жүрмін» повесі қалыптағы көркем дүниелерден бөлек. Ол алдымен сөйлем құрылымынан байқалады. Оны әдеттегі талаппен қарасаңыз, сынап тастауға азық берері сөзсіз. Бірақ

постмодернистердің көпшілігі белгілі өлшем, жаттанды көрінетін шаблонды бұзуға бейім. Бұл, әрине, әйтеуір дәстүрді қағажу қылу талабынан тумайды. Жан мен рухтың табиғи қажеттілікті іздеуінен барып шығады. Өйткені адам стилистикалық жағынан мүлтіксіз деңгейде ойламайды. Ой аласапыраны, постмодернизм түгел терістемейтін модернистік әдебиеттегі «сана ағымы» осындай күйде, шындықты мұнтаздай таза кезінде ғана емес, қабығы аршылмаған немесе әлек-шелек жүрістегі сәттерінде жады мен зерде, сезім айнасында ойнатады. Д.Амантай шығармасының баяндау жүйесі әрекет пен қиял, мақсат пен күйініштің, ауыр мұңның азапты арпалысын қазақ прозасы үшін жаңа құрылымдық ажармен бейнелейді».

Шынында сана ағымы белгілі бір тәртіпке, жүйелі ойлау жүйесіне бағынбайтыны белгілі. Алайда әдебиет оқырманды эстетикалық талғамға, озық ойлауға тәрбиелейтін бірден-бір рухани құрал екендігін де ескеріп отырған жөн сияқты. Постмодернизмнің талабы солай екен деп тым қарабайырлансақ не болғаны?

Осы ретте көрнекті сыншы, әдебиетші Зейнолла Серікқалиевтің де пікірін бере кеткен онды сияқты: «Жазылу мәнері жағынан қазақ әдебиеті түрлік ізденістің өзгеше бір қырын аңдатар қызықты бір хикаят Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романы болар. О баста «Тәңірдің кітабы» түрінде ойластырылып, роман концепциясын кейіпкері Әлішердің біржола басы байланған қаламгерлік қағидаты, мұң-зары, жазылып

жатқан мәңгілік мұрасы (бәлкім, екі дүниеге бірдей еншілес туындысы) төрелігімен ғана айқындаған автор өз шығармасының атауынан бастап, бүкіл жаратылысын дәл түсіндіріп бере алған. Бұл-бүгінгі біздің кәдімгі Аллатағала, Құдай ұғымындағы Тәңірі танымы емес, мамандар пұтқа табынушылық, немесе монотеистік діндер бастауы (атасы) деп әртүрлі бағалап жүрген Тәңірі танымында туындайтын тәмсіл-толғаныстар, эссе-суреттер негізгі дирижерлік роль атқарып, кешегі мен бүгінгі болмыс баяны, кеңістік пен уақыт, бәрі-бәрі бір көгенге телінгендей, қаз-қатар өріліп жүре береді. Мәдени-философиялық жұлгеде қарастырылар қат-қабат идеялар тоғысы. Әлішердің көкірек-көзімен сезіндірер, дәуірі өткен кітап пен кітапқа деген адамзат ұрпағының бүгінгі опасыздық қатынасынан ашылар, мифологиялық логикаға негізделген, ежелгі түркі көшпелілерінен бері қарайғы, бүгінге, болашаққа бағышталар барша ізгілік, ар-ұждан параметрлері, түрлі діни наным-сенім бастаулары және керек десеңіз: дәл қазіргі таңдағы тіршілік қайшылықтары, тазару кезеңдері сараланар роман-гипотеза; әпсаналық сипаттағы шежіре-жырлар...-қай-қайсысы да оқушысын бей-жай қалдыра алмас деп ойлаймыз. Әпсаналық жырлар ғана емес, шығарманың жалпы бейнелеу порымы, жазылу сарыны тұрғысынан бұл мейлінше жаңаша таным көрсеткіштері». /Д.Амантай. «Гүлдер мен кітаптар» Роман. -Алматы: 2003 7-108 б. Алғы сөз. Зейнолла Серікқалиев, жазушы, куратор. 4 бет.)

Осындай онды пікірлер Д.Амантайдың жазу стиліндегі көптеген кемшіліктерді қазіргі әлем әдебиетін жаулап алған постмодернистік әдебиетке тән стилдік, тілдік, көркемдік құбылыстар деп кешіріммен қарайтын секілді. Әрине, жаңалық қашанда тосын, оны қабылдау ұзаққа созылары да хақ. Дегенмен жаңа шығарманы оқығанда оқырман ең алдымен тұщынуы, оның тың түрлік ізденістері мен жаңа ой айтар идесына, адамның ішкі әлеміне әсерін сезінуі керек. Ең бастысы оқушысын ойлантуы тиіс емес пе?. Дидарда осы мәселе тапшы көрінеді.

Әрине, ол уақыт еншісіндегі мәселе. Тұлға мен таза талантты танитын да танытатын да тарих, төреші-уақыт. Біз тек шығармадан үзінді оқып көрелік: “...Әлішер құйылған сөз тізбегін сойдақтатып барып тоқтады. Жазуын мүлдем доғарып, орнынан тұрды. Ары бері жүрді де қойды» (9 б). Осы да Дидар секілді танылған талантты қаламгер қолданатын сөйлем бе?. Көркемдігі қайда, әдеби тілі мен бейнелі суреті, ой мен образ қайда?. Көркем әдебиеттен оқушы осындай жұтаң ойларды, жұпыны сөйлемді, тым қарапайым тіркестерді күте ме?. Осы жерде Гогольдің бес бақырды билетіп жіберетін ойнақы, ойлы сөйлемдері сұранып тұр емес пе.?

Немесе: «Қазақ бір жас деп алпыс жылды есептейді, алпысқа келмей дүниеден озған адам жайлы екі жастың біріне келмей қайтыс болды деп уайым білдіреді. Сондықтан Әлішер жеке адамның оқшау жасы деп алпыс жылды алып отыр. Алпысты жетіге көбейтсе,

бір рудың жедеқабыл дара жасы шығады, ол төрт жүз жиырма жылға тең » (сол бетте). Не түсінуге болады?. Автор не айтпақшы сонда, белгісіз, адам жасын мұсылмандық күнтізбе бойынша есептеп отыр ма, ондағы айтпағы не, осы жерде есеп қажет пе?. Дидардың эссеистік жазу тәсілі уақыт талабына туған қажеттілік болар?. Мүмкін біздің замандастарымыз осылай сөйлейтін болар?. Бәлкім , бүгінгі күннің сөйлеу стилі осылай шығар. Дегенмен, көркем шығармаға қойылар бірінші талап-көрікті ой мен көркем тіл емес пе? Біз ең бірінші оқырманға ой саларлық эстетикалық сезім сыйларлық оқиғаға көрік беретін қасиетті сөзді күдіретті өнерге айналдыруымыз қажет емес пе? Біз де жастардың жаңалыққа жаны құмарлығын, тың ізденістерге батыл баратынын, өзіндік өрнек табуға ұмтылысын қуана құптаймыз. Алайда , мынадай тым жұпынылықтан сақ болғанымыз абзал. Онсыз да қазіргідей көркем әдебиетті көп оқымайтын заманда, нақты, дәл сөйлейміз деп кешегі көрікті ойдан, мазмұны терең, мағынасы зор, маржаны төгілген сұлу, шешен сөздерімізден арылып бара жатқанда көркем прозамыздың тілі де осылай кедейлене берсе не болғанымыз, келешек ұрпаққа сан ғасырлар бойы сақталған бай сөздік қорымызды құнарынан да, сөлінен айырып, сұрқай түрде жеткізбейміз бе? Күрделі сөйлем күрделі ойлауға, көркем сөз көрікті ойларға жетелемес пе? Біз жастардың ізденісін тек батысқа еліктеп бізге жаңалық әкеліп жатыр деген біржақты бағалаудан аулақ болғанымыз онды болар.

Алайда, бүгінгі бүкіл әлемдік әдебиеттегі көркемдік әдіс-тәсілдерді, бейнелеу құралдарының кәсіби дамыған, бай тәжірибесін игерген әрі теориялық тұрғыдан әбден қаруланған білімді қаламгерден гөрі XX ғасыр басында шағын бір ғана әңгімесімен-ақ қазақ әдебиетіне «сана ағымы» секілді модернистердің эстетикасына тән көркемдік құбылысын қалай игеріп, қалай құлпырта қолданған ақын М.Жұмабаевтың «Шолпанның күнәсіндегі» ой мен сөздің байлығына, тілдік қолданыстағы шеберлігіне қазіргі көркемдік талап тұрғысынан да шаң жуыта алмасыңыз хақ.

Мағжан Жұмабаевтың шағын шығармасындағы жалғыздық мәселесі, адамзаттың жұмбақ әлем екендігі тек сана ағымы, қазақ әдебиеті тарихында бұрын-соңды болмаған тың ойлау жүйелерінің қазіргі прозадағы көркемдік әлемнен де әлдеқайда әдемі, күрделі, терең, керемет көркем, сұлу да соны, бай әрі құнарлы екендігін айтпасқа шара жоқ. Д.Амантайдың «Мен сізді сағынып жүрмін» повесіндегі мәңгілік шындықты табу жолында мерт болған Мұқтардың тағдыры, оны өлімге итермелеген ой опасыздығы Мағжанның Шолпанының да, Әбіш Кекілбаевтың Кіші ханымға тән сана құбылыстарынан тамыр алатынын естен шығармаған жөн.

Бүгінгі Қазақстан үлкен қоғамдық, рухани сілкіністен өтіп жатыр. Әрине, қоғамдағы болып жатқан құбылыстар әдебиетке көлеңкесін түсірмей қоймайды. Кеңес заманындағы құндылықтар, қалыптасқан идеалдар алмасқан осындай шытырман кезеңде болашақ қазақ

әдебиетінің бағыт-бағдарын, бет-бедерін айқындайтын жаңа бір үрдістің нобайы шалынды.

Соның бір сілемдері осы қазіргі қазақ прозасының жаңа көкжиегін танытқан модернистік және постмодернистік ағымның тың үрдіс ретінде танылуы мен оның арнайы зерттеле бастауы десек болады.

Постмодернизмнің төл әдебиетіміздегі көрінісіне жеке жазушылардың шығармаларын талдау барысында көз жеткізген жәйт осы ағым поэтикасын меңгерудегі қазақ қаламгерлерінің шығармашылық ізденістері мен көркемдік ерекшеліктері, тілдік, түрлік, стилдік қол таңбалары қазіргі прозаның қол жеткізген мол мүмкіндіктерін айқындайды.

Қазақ прозасындағы модернистік және постмодернистік ағымның көрінісі, олардың көркем шығармалардағы поэтикалық әлемі нақты жекелеген жазушылардың, атап айтсақ, Т.Әбдіков, М.Мағауин, А.Жақсылықов, А.Асылбек, Р.Мұқанова, А.Кемелбаева т.б тәжірибелері арқылы танылады. Нақты ойлар, ғылыми дәлелді тұжырымдар, әр жазушының постмодернистік поэтиканы меңгерудегі ізденістерін, шығармашылық мүмкіндіктерін, көркемдік ерекшеліктерін айқындап берерлік теориялық талдаулар ұлттық әдебиеттану ғылымында жүйелі түрде жасалып, жоғарыда аталған зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде кеңінен талқыланып келеді деуге әбден болады.

Осы орайда жазушы, әдебиетші Таласбек Әсемқұловтың «Қазіргі қазақ прозасының жаңа көкжиегі»

деген мақаласын да («Қазақ әдебиеті» 01.07. 2005) атап өтуге болады.

Автор: «...Әлбетте, қазақ прозасының дәстүрлі көркемдік критерийі – тіл... Қазақтың көркемдік туралы айтқаны – тіл туралы айтқаны... Эксперименттің де көркемдік презумпциясы бар екенін мойындауымыз керек,» - дей келе Д.Амантайдың “Мен сізді сағынып жүрмін” деген повесінің Х.Кортасардың «62:Құрастыруға арналған модель» романының жобасын елестететінін ескертеді. Шығармада біртұтас сюжет жоқтығын, диалогтардың белгілі бір мақсатпен емес кездейсоқ құрылған сөз сияқты сыңай танытатынын алға тартады. Оқиға бей-берекет, әуелі финал суреттеледі, одан кейін, кері айналған кинолента сияқты, финал, дайындалып түсіндіріледі. Және оның өзі жүйелі, бірізді емес. Бұрынғы әдебиетте психоанализ арқылы берілетін ой түйдегін кейіпкер ауызша айта салғанда, алғашында өте оғаш естіледі. ... Дидарда сюжет қана емес, тұтастай форма емес-сөздің, сөйлемнің ішкі құрылымы бұзылған» деп жазушының кемшілігін нақты мәтінді талдау арқылы айқындап береді. Зерттеуші Дидардың ғана емес, көптеген қаламгерлердің де кемістігі болып табылатын сөздің түп негізін бұзу сонау XX ғасыр басындағы Петербург символистері бастап, модернистер қолдаған, постмодернистер дамытқан үрдіс екендігін, соған еліктеуден туған түйткілдер екендігін ескертеді.

Т.Әсемқұлов шығарманы интерпретациялау арқылы оның маңызы мен көркемдік кемшілігін қолмен қойғандай

айқындап, көрсетіп береді. Эмпирикалық талдаусыз шығарманың шынайы бет пердесін тани алмасымыз анық.

Таласбек Әсемқұлов осы мақаласында Айгүл Кемелбаеваның шығармашылығы, оның ішінде «Қоңыр қаз» атты әңгімесінің қазақ әдебиетіне алып келген онды жаңалығы жөнінде жақсы леп, жылы лебіз білдірген. Шығарманың туғаннан қамкөңіл кемтар қыздың қиялының нәтижесінде періште болып аспанға ұшып кетуі жайлы мифтік оқиғаға құрылғанын айта келіп, автор: «Айгүл - стилистік ізденістерге бара қоймайтын, дәстүр аңғарындағы жазушы. Аталмыш әңгіменің несі жаңалық деген сауалға – концепциясы деп жауап қайтарар едім. Аңыздық сарында осылайша жазып шығу, осындай үлкен пайымға бару, жазушыдан үлкен қабілет талап етеді. Айгүлдің бір міні-тілінің салақтығы. Әңгімені оқып отырып байқағаным, Айгүл үшін басты нәрсе-идеяны айтып жеткізу. Ойында концепцияны ғана ұстап отырғандықтан, тілдік, айналып келгенде стильдік селкеуліктерге назар да аудармайды. Стильдік кемістіктің орнын темпераментпен, шын көңілімен, сөздің шынайылығымен толтырады», -дейді. Айгүл Кемелбаеваның жазу стиліндегі ерекшелік қазіргі қазақ прозасындағы соны стилдік ізденістерді танытары сөзсіз.

Бүгінгі психологиялық, философиялық прозада оқиға, әрекеттен гөрі ішкі ой мен сезімнің драмасы көп болады. Мысалы, постмодернист Джойстың «Улисс» романдарын оқу өте қиын. Алайда, ол күрделілік өз-өзін ақтап отырады. Өйткені, күрделі тақырып күрделі тәсілді,

күрделі сөйлемдерді талап ететіні белгілі. Ал, адамның парасат дәрежесі көтерілген сайын оның ішкі арпалысы, өз ішіне көбірек үңілуі жиілейді. Рухани кемелдену мәселесі де адамның өз ішіне үңілуден басталады. Өйткені, барлық жақсылық пен жамандық, тазалық пен арамдық, әулиелілік пен күнәһарлық адамның өзінің ішінде. Ендігі мәселе - өмірлік құндылықты дұрыс таңдауда.

Қазақ прозасында көрініс берген модернистік және постмодернистік ағымның енді ұлттық әдебиеттану ғылымындағы зерттелу жәйіне келер болсақ, бұл тақырыпты арнайы әдебиеттанушы Л.В.Сафронованың «Постмодернистская литература и современное литературоведение Казахстана» Учебное пособие.- Алматы: КазНПУ им.Абая, 2006 -96 с.)- деген еңбегінде жан-жақты қарастырған. Бұл еңбекте қазіргі әдеби процестегі рефлексия мәселесі және қазақ прозасындағы постмодернистік дискурстағы автор мен кейіпкердің өзара байланысы мен бір-біріне тәуелділігі арнайы сөз етіледі. Модернистік әдебиеттің постмодернистік поэтика мен эстетикаға өту кезеңіндегі өзінің зерттеушілік ұстанымын ұсынады. Модернистік және постмодернистік әдебиеттің өкілдері деп саналатын (Х.Әдібаев, М.Әдібаев, А.Жақсылықов, Г.Королева, И.Одегова, Д.Амантай) қазақ қаламгерлерінің шығармалары негізінде автордың мінездемесі жасалып, көркем мәтіннің жанрлық табиғаты мен кейіпкер мәселелері қарастырылады. Автор мен кейіпкер және оқырман арасындағы коммуникация,

модернистік және постмодернистік авторлық интенциялардың көрінуі, қазіргі автор образы мен оның кейіпкерлерінің өзінің келбеті жайлы талдаулар жүргізеді. Оның зерттеуіндегі тақырыптардың өзі қазіргі қазақ әдебиеті мен әдебиеттану ғылымындағы көкейкесті мәселелерді қамтиды.

Бүгіндері постмодернистік көркемдік материалдарды теориялық тұрғыдан таразылаудың, классикалық поэтикаға үйреніп, қалыптасқан отандық оқырмандардың түсінуі түгіл тіпті қабылдауы қиын тосын тіркестерге толы постмодернистік көркем мәтіндерді талдаудың қажеттілігі туындап отырғаны шындық. Зерттеуші Л.В.Сафронова, міне, осы мәселені зерттеуге, қазіргі қазақ әдебиеттануындағы постмодернистік стилде жазылған жаңа көркем шығармалардағы жаңа тәсілдер мен түрлерді (приемы и методы), авторлардың көркемдік ойлау дағдыларын алдыңғы деген технологиялармен талдап, ашуға тырысады. Өйткені, мұндай ғылыми ақпарат алдын-ала берілмесе, постмодернистік шығармаларға тәжірибе жүзінде талдау жасалмаса филологиядағы мұндай жаңа бағытпен, оның ішінде структурализм, нарратология, психоанализ, постструктурализм, постфрейдистік, психоантропология, когнитивті әдебиеттану, деконструктивизм және т.б. сияқты таныс емес әдеби ұғымдар мен бағыттарды жалпы оқырмандар қабылдай алмауы мүмкін. Өйткені, осы күнге дейін әлемдік әдебиеттану ғылымында қалыптасқан дәстүрлі ғылыми методологиядан және классикалық тәжірибеден

айырмасы мол әрі өте күрделі постмодернистік поэтиканы түсіндіру, мәтінді талдау оңай шаруа емес.

Негізі постмодернистік әдебиетті зерттеу бүгінгі әдебиеттану ғылымының ең көкейкесті және күрделі аспектісі болып табылады. Сондықтан жаңа постструктуралистік ғылыми аппаратты меңгеру қажеттілігі, бүгінгі көркемдік рефлексияны білу мүмкіндіктері талап етіле бастады. Қазіргі жаңа әдістеменің және әдебиеттану ғылымындағы озық тәжірибелердің көмегімен бұрынғыдай, яғни классикалық әдебиеттану мен структуралистік құралдармен талданатындай емес, интерпретацияға көне қоймайтын қазақстандық постмодернистік мәтіндерді зерттеуге тура келеді.

Л.В.Сафронованың еңбегінде постмодернизмге көптеген мағына, түсінік беріледі. Ең бастысы постмодернизмнің әлем әдебиетінде айтылып жүрген бәріне ортақ ұғымы, ол- көпмағыналы және динамикалық қозғалмалы тарихи, әлеуметтік және ұлттық контекстегі философиялық, эпистолярлық, ғылыми -теориялық және эмоционалды-эстетикалық түсінік екендігі.

Постмодернизм - нақты бір кезең менталитетінің мінездемесі, әлемді қабылдаудың спецификалық тәсілі, әлемді сезіну және адамның танымдық мүмкіндігін бағалау, оның қоршаған ортадағы ролі мен орны.

Бұл бағыттың өкілдері сүйенетін басты түсінік: «әлем хаос секілді» және «постмодернистік сезінушілік», «әлем бір мәтін сияқты», «сана да мәтін сияқты», «интертекст»,

[Введите текст]

«авторитеттің тоқырауы» және «авторлық маска», «қас қабатты код», «баяндаудың пародиялық модусы», «пастиша», қарама-қарсылық пен қайшылық, т.б. бір сөзбен айтқанда, постмодернизм - әлемді жаңаша көру.

Олар тек оқиғаны баяндап қана қоймай, қатысушыларды бейнелейді, әлгі шығарманы жазудағы процесті талқылайды.

Ал, «Постмодернизм» атты энциклопедиялық еңбекте келтірілген терминдер жүйесі 500-ден астам аналитикалық мақалалар негізінде түзілген. Постмодернизм философиясына қатысты іргелі түсініктерді жүйелеген сөздіктің құрылымында бұрынғы философиялық дәстүрде феномен болған түсініктердің «екінші тыныс» алып, қайта, күтпеген тың сапаға ие болғандығын айту керек.

Сондай-ақ мұнда бұрындары постмодернизм кезеңіндегі философияда әлі күнге дейін жүйелі түрде талданбаған терминдік ұғымдар жайлы жан-жақты түсініктер берілді.

Постмодернизмде күдік мәселесі ең басты нысынаға алынған.

Ал,оның сөз өнеріне әкелер жаңалығы мен жетістігіне көпшілік күмәнмен қарайды.Осы орайда әдебиеттанушы Айгүл Ісімақова :”Қазіргі постмодернизмнің бет алысы анық болғанымен , берері әлі түсініксіз.Бұл жақсы ма,әлде жаман ба? Жауап әлі белгісіз. Бүгінгі бұл ағым өкілдері - тек осы заманның ғана авторлары.Олар өздеріне дейін мойындаған дүниежүзілік әдебиет қорына әсер ете

алмайды.Бірақ бүгін бар әдеби құбылыс ретінде оны осылай есепке алып , қабылдау керек”, дейді. (“Бүгінгі постмодернизм” деген мақаласында «Асыл сөздің теориясы».Алматы.»Таңбалы»,2009 -376 бет, 70.б).

Қазіргі постмодернистік мәдениетке көп мән беріп, ұлттық прозадағы көркем мәтіндер мен постмодернистік образдардың жүйесін зерттеуге зер салынды.Қазақ әдебиеттану ғылымындағы көркемдік тұтастық теориясы бүгінгі әлем әдебиетінің басты назарында болған модернизм мен постмодернизмнің зерттелу жәйімен тікелей байланыста дамып отырғаны аян.

2-қосымша

Оқу-әдістемелік кешен

Оқу бағдарламасында «XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы» пәнінің алдына қойылған мақсаттары мен міндеттері көрсетілген.

Қазақ елінің әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуы жолындағы аса күрделі кезең болған XX ғасырдағы қазақ әдебиеті тарихын қайта қарап,жаңадан жазуға деген талпыныс тәуелсіздік алған 1991 жылдан бастап шын мәнінде қолға алына бастады.Бүгінгі дербес

Қазақстан-егеменді ел болумен қатар демократияшыл қоғам құрылысын қолға алған мемлекет болып саналады.Ежелден еркіндік аңсаған қазақ енді тәуелсіз рухани бостандыққа ие болды.Тізгіндеулі тіліміз бостандық алып, тоталитарлық режимнің тар қапастағы тұншыққан ой-бұғауын бұзып,еркін ойлай бастадық.Сана еркіндігі біздің төл тарихымызды түгендеуге,ежелгі дәуірдегі әдеби мұраларымызды мұқият жинап,жүйелеуге мүмкіндік берді.Осы мақсатта ,ең біріншіден,әдебиет тарихынан бүкіл қауымға белгілі есімдердің,тіпті ел мұрасы саналған жыр,дастандардың, әр түрлі саяси-таптық көзқарастарға байланысты алынып тасталғанын ескере отырып,оларды өздерінің тарихи орындарына қою қолға алынуда.Тіпті көне дәуірлердегі ежелгі жәдігерлеріміздің тарих сахнасынан түсіп қалуы,»барлық мәдениет тек кеңестік кезеңнен кейін ғана дамыды»деген бөгде сана қалыптастыру мақсатында мүлдем көзжұмбайлыққа салынған бірнеше ғасырдың әдебиеті де енді ғана зерттеліп,әдеби айналымға ене бастады.Сондай-ақ, кеңес дәуірінде тек таптық тұрғыдан ғана аттары аталып,шығармалары талданған тұлғаларға берілген біржақты бағаларды енді таза көркемдік талап тұрғысынан талдау қажеттілігі туындауда.Сондықтан да XX ғасырдың әрбір кезеңін,оны құрайтын ұлы тұлғалардың шығармалары мен қоғамдық қызметтері нақты тарихи деректермен дәлелденіп,нақты көркем мәтіндер арқылы анықталмақ. XX ғасырдағы әдеби процесс, кеңестік саясат кезінде репрессияға ұшыраған

ұлы тұлғалардың өмірбаяндары мен шығармашылықтары, олардың ұлттық сөз өнеріне қосқан үлестері тек тәуелсіздік алғалы бері зерттеліп келеді. Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы барлық кезеңдерін қамтитын әдеби мұралар осы пән бойынша студенттерге жан-жақты оқытылып,таныстыру міндеті тұр.

ТИПТІК БАҒДАРЛАМА АЛҒЫ СӨЗ

XX ғасырды құрайтын қазақ әдебиетінің тарихы жоғарыда аталған пән аясында студент-жастарға қоғамдық, әлеуметтік ,саяси, рухани т.б өмірлеріндегі ең бір қайшылықты, күрделі дәуірдің әдеби процесінен жан-жақты мәлімет береді. Тәуелсіздіктің нәтижесінде өз ұлтымызға тиесілі мәдени, тарихи құндылықтарымызды қайтаруға қол жеткізіп, кезінде көрнекті ғалым Б.Кенжебаевтың жетекшілігімен зерттеу жұмыстарын жүргізген бір топ ғалымдар Мырзатай Жолдасбеков (Орхон-Енисей жазулары), Мұхтар Мағауин (ХҮ ғасырдағы жыраулар поэзиясы), Алма Қыраубаева, Немат Келімбетовтер енгізген ежелгі дәуір әдебиеті деген ұғым қазіргі қазақ әдебиеті тарихынан өз орнын алды. Жалпы түркі халықтарына ортақ мұраларда қазақтың сөз өнерінің төркіні, түп-тамыры жатқандығы бүгінде ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, солардың теориялық тұжырымдарының нәтижесінде оқулықтар жазылды. Оның туу, қалыптасу, даму жолдары бүгінде әр түрлі зерттеушілер тарапынан зерттеліп, әр түрлі деңгейде,әр

түрлі көзқарастарда жазылып жүр. Осы ізденістердің нәтижесінде төл әдебиетіміздің тарихы тереңдеп, тамырын кеңге жаюда. Әсіресе, әдебиеттің кезеңдерін дәуірлеу мәселелері жөнінде әр түрлі ғылыми пікірлер, көзқарастар да баршылық. Ол жөніндегі Н. Келімбетовтің, М. Жолдасбековтің, М. Мырзахметовтің, М. Мағауиннің, Т. Кәкішевтің т.б. ғалымдардың соны көзқарастары жөнінде осы оқулық барысында біраз ойлар айтылған. Бұл оқулықтың «XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы» деп аталуынан аңғарғанымыздай, бұл оқулық қазақ әдебиеті тарихын түгендеу емес, сол абыройлы қызметті атқарып жүрген көрнекті ғалымдардың зерттеулеріне шолу жасай отырып, тәуелсіз қазақ әдебиетінің тарихы қалай жазылып жатыр, оның қандай жаңалығы бар деген сауалдарға жауап іздеу. Тәуелсіздік алған жылдары жазылған зерттеулер ұлттық әдебиет тарихына байланысты тарихи мәліметтерле, сөз өнерінің қасиеті, оның тыңдаушыға эстетикалық әсері туралы ойлар айтылғанын, тасқа түсірілген түркі басқа ескерткіштерінен бастап, Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Ыбырай Алтынсаринға т.б. дейінгі дәуірлерде азды-көпті айтылып жүрген пікірлер қазақ әдебиеттану ғылымының тууына әсер еткені белгілі. Қазақ әдебиетін, оның поэзияға қатысты құнды пікірлердің бастауын зерттеушілер әрдайым аты аталған ұлы тұлғалардың еңбектерінен бастауының себебі де сондықтан. Шын мәніндегі әдебиеттің «асыл сөз» болып, өнерге ұласуын мамандар жыраулар поэзиясындағы ақындық қуаттан деген ойды жақтайды.

1926 жылы жарық көрген А. Байтұрсыновтың «Әдебиет тантқышы»-қазақ әдебиеттану ғылымының кеңес кезіне дейін ана тілімізде жазылып, биік теориялық деңгейде қалыптасқандығын дәлелдейді. Ал, ұлттық әдебиеттану ғылымының тууы, яғни түп-тамыры – әл-Фарабидің «Мемлекет қайраткерлерінің афоризмдері», «Ғалымдар энциклопедиясы», «Аристотель еңбектеріне түсініктеме», «Өлең кітабы», «Өлең өнерінің қағидалары туралы», «Поэтика және поэтикалық ойлау», «Поэтикалық шығармалар түрі» т.б. атты еңбектеріне бастау алады. Оның «Сөз ғылымын классификациялау», «Сөз бен әріп туралы», «Жазу өнері туралы» деген теориялық еңбектері стиль мәселесіне арналған. Әдебиетші-ғалымдар Ә. Дербісәлі мен Н. Келімбетов Аристотельдің еңбектеріндегі әдеби тұжырымдар мен категориялық атауларды өз бетінше дамытып, поэзияны 13 жанрлық түрге бөлгенін, оның ежелгі араб, парсы, грек поэзиясының көркемдік қуаты туралы теориялық ойлар айтқанын анықтаған. Сондай әдебиетіміздің соны беттерінің бірі – XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті. А. Байтұрсынұлы, Ә. Бөкейхан, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабаев, М. Әуезов, Х. Досмұхамедұлы, Қ. Кемеңгерұлы, С. Сәдуақасұлы т.б. сынды Алаш зиялыларының сөз өнеріне қатысты құнды ойлары осы оқулықта қарастырылған. Олардың ғасыр басындағы баспасөз беттерінде жарияланған әдеби мақалалары, сөз өнеріне қатысты пікірлері, айтыстары қазақ әдебиеттануының тарихы кеңес кезеңіне дейін

қалыптасқандығын дәлелдейді. Міне, бұлардың бәрі тәуелсіздігіміз арқылы қол жеткізген «Мәдени мұра» атты мемлекеттік бағдарламаға сәйкес өмірге келген «Қазақ әдебиеті тарихының» 10 томдығы еңбегінде егжей-тегжейлі зерттелінді. Оқу құралы осы 10 томдық тарихқа шолу жасай отырып, қайта жазылған қазақ әдебиеті тарихының зерттелу барысынан толық мағлұмат береді. Әдебиетіміздегі әр кезеңдерде орын алған ақтаңдақтарды зерттеп, ғылыми айналымға ендіру арқылы біртұтас қазақ әдебиеті мен оның зерттелу тарихы жазылғанын мәлімдейді. Сондықтан да бүгінгі таңда ғылыми тұтастыққа ие болған ұлттық әдебиеттану пәнінің өзекті мәселелерін, әсіресе бұрыннан қалыптасқан рухани құндылықтар жүйесін жаңа заман тұрғысынан қайта жазу қажеттілігі туып, жоғары оқу орындарының филология факультеттерінің студенттеріне, болашақ әдебиетші мамандарға қазақ әдебиеттану ғылымы туралы толық тарихи, ғылыми мәліметтер беру үшін сол кезеңнің қоғамдық-әлеуметтік жағдайын кеңірек әңгіме ететін мерзімді баспасөз беттеріндегі әдеби сын мақалаларға, әдеби айтыстарға көбірек көңіл аударып, уақыт тынысын тап басып аңғаруға талпыныс жасалды, бұл оқу құралында.

Қазақ әдебиеті тарихында тақырыптық, идеялық, жанрлық, көркемдік жағынан ерекше көзге түскен кезең ретінде жоғары бағаланатын XX ғасыр басындағы әдеби процесс, ежелгі дәуір әдебиетінің зерттелуі, 1950-80 жылдар аралығындағы әдеби сынның өркен жаюы,

тәуелсіздік кезеңіндегі рухани қозғалыс, сөз өнерінің бүкіл тарихының қайта жазылуы, зерттелу барысының сапасы т.б көкейкесті әдеби, ғылыми ақпараттар т.б «XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы» атты арнаулы оқу құралында жан-жақты қарастырылады.

Бағдарлама негізінде ұсынылып отырған бес кезеңге бөлініп оқытылатын «Қазақ әдебиет тарихы» және «Әдебиет теориясы» атты пәндердің құрамдас бір бөлігі болып табылатын аталған оқу құралы қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша білім алатын студенттерге арналған.

Бағдарлама бойынша өтілетін теориялық курс ауқымында өтілетін бұл еңбекте XX ғасырдағы әдеби процеске, сол кезеңдегі әдебиеттің даму ерекшеліктеріне, белгілі әдебиетші ғалымдардың зерттеулеріне теориялық талдау жасалады. Тәуелсіз қазақ әдебиеттану ғылымының зерттелу барысы, жаңа әдебиеттің жай-күйі мен өркендеу жолы, даму заңдылықтары жан-жақты қарастырылады.

Ұсынылып отырған жаңа бағдарламада бұл пәннің философия, тарих, психология, педагогика сияқты гуманитарлық ғылымдармен байланысына назар аударды.

ПӘННІҢ МАЗМҰНЫ КІРІСПЕ

XX ғасырдағы әдеби процесс, әдебиеттегі көркем бағыттар мен әдістер, тәуелсіздік кезеңдегі көрнекті әдебиетші ғалымдардың, зерттеушілердің еңбектері, әсіресе бүгінгі уақыт талабына сай жаңаша сарапталып,

[Введите текст]

қайта жазылған «Қазақ әдебиеті тарихының» 10 томдығы ұлттық әдебиеттану ғылымының басты зерттеу нысаны және пәні ретінде қарастырылады.

Ұлттық әдебиеттану ғылымының кәсіби қалыптасу мен дамуының негізгі кезеңдері А.Байтұрсынов, Ж.Аймауытов, Ә.Бөкейханов, М.Жұмабаев т.б. шығармаларын талдау негізінде жүзеге асырылды. Ұлттық әдебиеттануының өзекті мәселелері енді ежелгі дәуір әдебиетінен өріс алды. XX ғасыр басындағы мерзімді баспасөз беттеріндегі әдеби айтыстар. Ондағы көтерілген мәселелердің шығармашылық тұлғалардың тағдырына әсері.

Қазақ әдебиеттануының әлеуметтік - гуманитарлық ғылымдар саласында алатын орны, өзге ғылым салаларымен байланысы осы оқу құралында басты зерттеу нысанасына алынған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы» атты оқу құралын пайдалану барысында студенттерге еліміздің өмірі мен тарихында ерекше орын алатын бір ғасыр көлеміндегі барлық кезеңдегі тұтас әдеби процесс, ондағы түрлі әдеби ағымдар мен көркемдік бағыттар, көркем әдебиеттің әр түрлі мәселелері төңірегіндегі дұрыс және қайшы пікірлер, түрлі пайымдаулар төңірегіндегі талдаулар ұсынылады, сондай-ақ XX ғасырда ғұмыр кешіп, қазақ әдебиетінің тарихы төңірегінде қалам тербеген, ұлт әдебиетінің ауыр жүгін арқалаған талантты

әдебиетші-ғалымдар мен сыншылар, олардың әдеби-сын мақалалары мен ғылыми зерттеулері, жалпы әдеби мұралары жөнінде кеңінен мағлұматтар беріледі.

Қазақ әдебиеттану ғылымының туып, қалыптасып дамуына дәнекер болған іргелі ғылыми еңбектердің авторы, әдебиет теориясының басты терминдері мен түсініктерін ең алғаш анықтап берген А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» (1926) атты пәнінен бастау алған теориялық зерттеулер қамтылады.

Оқу құралын пайдалану барысында әдебиет теориясы, әдебиеттануға кіріспе, мәдениеттану, эстетика, психология пәндеріне, сондай-ақ баспа және баспасөз ісі мәселелеріне қатысты деректерді молынан пайдаланып отыру қажеттігі ескерілуге тиіс.

«XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы» атты оқу құралы «050117-қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша 2004 жылы бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес жасалды.

СИЛЛАБУС

1. Оқытылатын пән
Пәннің атауы – XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы.
Кредит саны – 1.
2. Оқу жоспарынан көшірме

Курс	Семестр	Кредит	Дәріс	СӨЖ	СӨЖ	Барлығы	Бақылау түрі
------	---------	--------	-------	-----	-----	---------	--------------

3	5	1	15	15	1 5	45	Емти хан
---	---	---	----	----	--------	----	-------------

3.Пререквизит: XX ғасыр әдебиеті, XIX ғасыр әдебиеті, Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдебиет теориясы т.б. арнайы әдебиет пәндері.

4.Постреквизиттер: Әдебиеттануға кіріспе, **Ежелгі дәуір әдебиеті**, Қазіргі дәуір әдебиеті, Әдеби процесс, Қазақ әдебиеті сынының тарихы, Мәдениеттану, Психология т.б. пәндер.

Курстың қысқаша сипаттамасы

Курстың мақсаты:

XX ғасырдың әр кезеңіндегі әдеби процеске, ондағы әдебиет тарихына қатысты әдебиетші мамандар мен зерттеуші-ғалымдардың құнды ойларына, ғылыми еңбектеріне, оның ішінде әдебиеттану ғылымы саласындағы ғылыми-теориялық ой-пікірлерін, кәсіби көркем сынды дамытудағы сыншылдық-эстетикалық көзқарастарын қазіргі тәуелсіздік талаптары тұрғысынан қайта зерделеп, жаңаша пайымдай отырып оқыту. Тәуелсіздік нәтижесінде қол жеткізілген ұлттық әдебиеттану ғылымының жаңа тарихы, ол қалыптастырған жаңа әдебиеттің сол кездегі жай-күйі мен даму заңдылықтарын жан-жақты қарастыру.

Курстың міндеттері:

-Қазақ әдебиетші мамандарының зерттеу еңбектерінің маңыздылығын, қазақ әдебиеттану

ғылымының қалыптасып, дамуына қосқан үлесін айқындау;

-Алаш зиялыларының ғылыми-публицистикалық еңбектерінің XX ғасыр басындағы қоғамдық-саяси мәселелерді танып-білудегі, ұлттық сананы оятудағы құндылығын зерделеу;

- XX ғасырдағы жаңа тәуелсіз әдебиеттану ғылымы туралы тың тарихи, ғылыми мәліметтерді меңгерту;

- XX ғасырда қазақ әдебиетін тұтас қайта қарап, зерттеудің нәтижесінде әдеби айналымға түскен жаңа есімдердің шығармашылық қызметін кеңінен қарастыру;

- XX ғасырдағы мерзімді баспасөз беттеріндегі әдеби сын мақалалар, әдеби айтыстармен таныстыру;

-«Қазақ әдебиеті тарихының» 10 томдығымен таныстыру;

Оқу бағдарламасында студенттер игеретін білімдер:

- Студенттер қазақ әдебиетші ғалымдардың әдебиетке, оның тарихына, енді еніп жатқан ежелгі дәуір әдебиетіне, жалпы жаңадан жазылған қазақ әдебиеті тарихына қатысты зерттеу еңбектерін оқи отырып, жаңа әдебиеттің бағыт-бағдарынан мол мағлұмат алады;

- XX ғасырдағы әдеби процесс, яғни көркем әдебиеттің әр түрлі мәселелері төңірегіндегі дұрыс және бұрыс пікірлер, тұжырымдар мен пайымдаулардың

[Введите текст]

талдамасын меңгере отырып, көркем шығармаға деген таным-талғамын қалыптастырады;

- ұлттық әдебиеттану ғылымының кәсіби қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерін меңгереді.

Курстың тақырыптық жоспары

Р/с	Тақырыптардың атауы	Сабақтың түрлеріне қарай сағаттың бөлінуі				
		Лекция	Тәжір.с	Лаб.саб	СӨЖ	СӨЖ
1.	Кіріспе. XX ғасырдағы қазақ	1			1	1

	әдебиеттануының қалыптасу жолдары					
2.	XX ғасыр басындағы әдеби процесс (1920-30)	1			1	1
3.	Баспасөздегі әдеби айтыстар әлемі	1			1	1
4.	1950-80 жылдар аралығындағы қазақ әдебиеттануы					
5.	Кәсіби сынның қалыптасуы, ондағы әдеби-эстетикалық көзқарастар	1			1	1
6.	1980-90 ж.аралығындағы ұлттық әдебиеттануының өзекті мәселелері	1			1	1
7.	Тәуелсіздік кезеңіндегі қазақ әдебиеттануы	1			1	1
8.	Қазақ әдебиеті тарихын жаңаша жазу мәселелері	1			1	1
9.	Ежелгі дәуір әдебиеті жөніндегі жаңа көзқарастар	1			1	1

[Введите текст]

10.	Қазақ әдебиеті тарихының 10 томдығы туралы мәлімет	1			1	1
11.	Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы мен зерттелуі	1			1	1
12.	Қазіргі қазақ әдебиеттануындағы жанр мен поэтика мәселелері	1			1	1
13.	Әдебиет теориясы және жанр табиғаты	1			1	1
14.	Қазақ әдебиеттануы және абайтану мәселелері	1			1	1
15.	Модернизм мен постмодернизмнің зерттелуі	1			1	1
	Барлығы:	15			15	15

Пән бойынша берілетін жұмыстар мен олардың орындалуы туралы кесте

р/с	Сабақ кестесі	СӨЖ-ге арналған тапсырмалар	Ұсынылатын әдебиет	Бақылау түрі	Тапсыру Мерзімі	Ұпай саны
1.	XX ғасырдағы қазақ әдебиеттану мәселелері	Ауызша сұраққа дайындалу	1, 10	Ағымдық	1 апта	
2.	XX ғасырдағы әдебиеттану ғылымының зерттелуі	Реферат	18-20,	Ағымдық	2 апта	
3.	1920-30 жылдардағы әдеби айтыстар	Әдеби-сын мақалаларды талдау	1, 2, 3	Үй жұмысы	3 апта	
4.	1950-80 жылдардағы ұлттық әдебиеттанудың өзекті мәселелері	Әдеби-теориялық талдау	1, 20	Ағымдық	4 апта	
5.	Көркем сынның кәсіби қалыптасуы	Ауызша сұраққа дайындалу	4, 20	Ағымдық	5 апта	
6.	1980-90 жылдардағы зерттеулерге шолу	Сұрақ-жауап	5, 8, 16	Үй жұмысы	6 апта	

[Введите текст]

7.	Көрнекті ғалымдардың әдебиеттануға арналған зерттеу еңбектері	Зерттеу еңбектергеш олу жасау	6, 20, 7	Ағымдық	7 апта		15.	Модернизм мен постмодернизм нің зерттелуі	Емтиханға дайындық	1-20, 1-16	Қорытын ды	15 апта	
								Барлығы					
8.	Тәуелсіздік кезеңдегі қазақ әдебиеттануы	Ауызша сұраққа дайындалу	7, 8, 20	Аралық	8 апта		2-қосымша Тест сұрақтары 1»Әдебиеттанытқыш» атты зерттеудің авторы кім?. А. Х.Досмахамбетұлы В. М.Дулатұлы						
9.	Ежелгі дәуір зерттеушілері	Сұрақ-жауап	9, 18-20	Аралық	9 апта								
10.	Кәсіби сыншылардың еңбектерімен танысу	Әдеби-сын мақалаларын талдау	10, 11, 20, 2	Аралық	10 апта								
11.	Қазақ әдебиетінің жаңаша жазылу жәйі	Сұрақ-жауап	12, 12, 4, 13-15	Үй жұмысы	11 апта								
12.	Қазіргі қазақ әдебиет тарихының зерттелу барысыжәне «Мәдени мұра»	Ауызша сұраққа дайындалу	14-16, 12	Аралық	12 апта								
13.	Қазақ әдебиетінің 10 томдық тарихы	Реферат	19, 20, 1, 2	Аралық	13 апта								
14.	Қазақ әдебиеттану ғылымының тұңғыш зерттелуі	Ғалымдардың еңбектерін талдау	19, 20, 9, 10	Аралық	14 апта								

[Введите текст]

С. Қ. Кеменгерұлы

Д. А. Байтұрсынұлы

Е. С. Сәдуақасұлы

2. «Күлтегін» тарихи-әдеби жазба ескерткішті кім тас кітапқа түсірді?

А. Ж. Баласағұн

В. М. Салих

С. Йолығ тегін

Д. М. Дулати

Е. З. Бабыр

3. Орхон-Енисей жазба ескерткішін зерттеген қазақ ғалымы?

А. М. Мағауин

В. М. Жолдасбеков

С. А. Қыраубаева

Д. Н. Келімбетов

Е. М. Мырзахметов

4. «Поэзия тюрков VI-VIII веков» еңбегінің авторы кім?

А. В. Радлов

В. С. Е. Малов

С. А. Н. Кононов

Д. Ч. Валиханов

Е. И. В. Стеблева

5. «Тоныкөк», «Күлтегін», «Могилян хан» сияқты ескерткіштерді тіл тұрғысынан қарастырушы ғалым

А. Қ. Өмірәлиев

В. М. Әуезов

С. Ә. Қоңыратбаев

Д. Қ. Жұмалиев

Е. Р. Сыздықова

6. «Ахаңның елу жылдық тойы» атты мақаланың авторы?

А. М. Жұмабаев

В. М. Әуезов

С. С. Сәдуақасұлы

Д. Ж. Аймауытов

Е. Ғ. Тоғжанов

7. Н. Төрекұловқа С. Сейфуллиннің қай тақырыптағы өлеңдері ұнамады ?

А. жұмысшыларға арналған

В. табиғат туралы

С. махаббат туралы

Д. әйелдерге арналған

Е. жеке адамдарға арналған

8. М. Әуезовтің 1924 жылы репрессияға ұшыраған қай еңбегі?

А. «Уақыт және әдебиет»

В. «Абайтану дәрістері»

С. «Әдебиет тарихы»

Д. «Өр жылдар ойлары»

Е. «Өнер өрінде»

9. Қателігін мойындап, хат жазған жазушы

А. М. Әуезов

В. Ж. Аймауытов

С. Б. Кенжебаев

Д. Ғ. Тоғжанов

Е. М. Дулатов

[Введите текст]

10. Қазақ әдебиеттануында алғаш рет « Абай»атты монография жазған әдебиетші-сыншы кім ?

- A. X.Досмұхамедов
- B. X.Сүйіншәлиев
- C. Б.Кенжебаев
- D. С.Мұқанов
- E. **Ғ.Тоғжанов**

11. «Қазақ халық поэзиясының түрлері» атты зерттеу еңбектің авторы кім?

- A. Қ.Кемеңгеров
- B. А. Байтұрсынұлы
- C. **Ш. Уәлиханов**
- D. Ы.Алтынсарин
- E. М. Әуезов

12. «Қазақ жем болудан түбінде декрет қуатымен құтылмайды,мәдениет қуатымен құтылады»деген пікір

A.Байтұрсыновтың қай мақаласында айтылған?

- A. **«Қазақ қайраткерлерінің жайынан»**
- B. «Абайдың өмірі мен қызметі »
- C. «Көркем әдебиет туралы»
- D. «Абайдан кейінгі ақындар»
- E. «Көркем әдебиетті саралау»

13. Н.Төреқұлов С.Сейфуллиннің қай шығармасына сын жазып,пікірталас тудырды?

- A. «Сауатты бол»
- B. **«Асау тұлпар»атты өлеңдер жинағына**
- C. «Алтын хакім Абайға»
- D. «Ақан сері»

E. «Таңдамалы»

14. М.Жұмабаевтың поэзиясына қарсы сын Ж.Аймауытовтың қай мақаласынан соң өрістеді?

- A. «Аударма туралы»
- B. **1925 жылғы «Мағжанның ақындығы»атты баяндамасынан соң**
- C. «Әдебиет мәселесі»
- D. «Әдебиет мұралары»
- E. Мәшһүр аға

15.1923 жылы жарық көрген М.Жұмабаевтың жинағына алғаш рет алғы сөз жазған кім?

- A. С.Мұқанов
- B.С.Сейфуллин
- C. **С.С.Қожанов**
- D. Ғ.Мүсірепов
- E. Н.Төреқұлов

16. «Көркем әдебиет туралы қорытынды пікірім» деген мақаланың авторы кім?

- A. **С.Мұқанов**
- B. І.Жансүгіров
- C. М.Жұмабаев
- D. С.Дөнентаев
- E. А.Мәметов

17. С. Мұқановтың «Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер,шешендер!» деген аты шулы мақаласы қай жылы,қай газетте басылды?

- A. 1920
- B. 1918

[Введите текст]

C. 1930

D. 1925

Е. 1923 жылы («Еңбекші қазақ» газетінде 1 наурызда) жарияланды.

18. Филология ғылымдарының докторы дәрежесін алған алғаш қазақ ғалымдары кімдер?

A. Е.Ысмайылов

В. 1946 жылы.М.Әуезов пен Қ.Жұмалиев

C. З.Шашкин

D. Ғ.Мүсірепов

E. З.Қабдолов

19.»Қазақ ССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы» атты қаулы қай жылы қабылданды?

A. 1949

B. 1941

C. 1947

D. 1942

E. 1945

20. 1947 жылғы қаулыдан соң саяси репрессияға ұшыраған қазақ ғалымдары кімдер болды?

A. Б.Кенжебаев

В. С.Сейфуллин-

Е.Бекмаханов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайлов, Қ.Мұқамедқанов .т.б

C. Ғ. Тоғжанов

D. Ә. Бөкейханұлы

E. С. Көбеев

21. «Ақындар»атты диссертациялық еңбек жазған ғалым кім??

A. М.Әуезов

В. Е.Ысмайлов

C. Ж.Аймауытов

D. М.Жұмабаев

E. С.Сейфуллин

22. «Абай романы-қазақтың тұңғыш эпопеясы» деген конференция қай жылы өтті?

A. 1953

B. 1942

C. 1945

D. 1951

Е. 1957 жылы 25 наурызда

23. «..Әр жылдар ойлары»атты зерттеу еңбектің авторы

A. М. Жұмабаев

B. М.Дулатов

C. С. Торайғыров

D. Ж. Аймауытұлы

Е. М.Әуезов

24. Кеңестік кезеңдегі әдебиет теориясын зерттеуге үлес қосқан ғалымдар

A. Қ.Мұхамеджанов

В. Қ.Жұмалиев,Е.Ысмайылов,З.Шашкин.т.б

C. С.Қирабаев

D. Т.Кәкішев

E. Х.Сүйіншәлиев

[Введите текст]

25. Әдебиеттану ғылымындағы өлеңтану мәселесін Абай поэзиясы негізінде арнайы зерттеген ғалым кім?

- A. М.Әуезов
- B. Ә.Қоңыратбаев
- C. Қ.Жұмалиев
- D. З.Ахметов**
- E. З.Қабдолов

26. «Әдебиет теориясының негіздері» атты оқулықтың авторы кім?

- A. Б. Кенжебаев
- B. С.Сейфуллин
- C. Ж.Аймауытов
- D. З.Қабдолов**
- E. Ғ.Мүсірепов

27. Қазақ әдебиетінің тарихын жаңаша жүйелеу Б.Кенжебаевтың қай мақаласынан басталады?

- A. «Абай»
- B. 1941 жылы 10 маусымда жарияланған «Қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселелері туралы» атты мақаласынан («Кеңестік Қазақстан» газеті)**
- C. «Жылдар жемісі»
- D. «Асау жүрек»
- E. «Шындық пен шеберлік»

28. Б.Кенжебаев қазақтың жазба әдебиетінің тарихын неше дәуірге бөледі?

- A. екіге
- B. үшке
- C. 5 дәуірге**

- D. төртке
- E. алтыға

29. Б.Кенжебаевтың неше ғылыми зерттеу еңбегі бар?

- A. сегіз
- B. 15**
- C. бес
- D. төрт
- E. жеті

30. «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті», «Қазақ әдебиеті тарихын зерттеу мәселелері» т.б оқулықтың авторы

- A. М.Әуезов
- B. М.Жұмабаев
- C. Б.Кенжебаев**
- D. Ғ.Тоғжанов
- E. М.Мағауин

31. «Ғасырлар мұрасы» еңбегінің авторы

- A. X.Сүйіншәлиев
- B. Н.Келімбетов
- C. А.Қыраубаева**
- D. С.Садуақасұлы
- E. М.Мағауин

32. Б.Кенжебаевтың алғашқы мақаласы қалай аталады?

- A. «Абайдан кейінгі ақындар»
- B. «Көркем әдебиет туралы»
- C. «С.Торайғыров»

D. «Абай»

E. Шындық пен шеберлік

33. «Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі» оқулығының авторы

[Введите текст]

А. М.Жолдасбеков

В. С.Сейфуллин

С. С.Қирабаев

Д. Н.Келімбетов

Е. Т.Кәкішев

34. М.Мағауиннің «Қобыз сарыны» қай жылы жарық көрді?

А. 1962

В. 1975

С. 1986

Д. 1957

Е. 1968

35. М.Жолдасбековтің 1986 жылы «Жазушы»баспасынан жарық көрген еңбегін ата

А. «Асыл арналар»

В. «Тастар сөйлейді»

С. «Асыл сөздің атасы»

Д. «Мөлдір бастаулар»

Е. «Күлтегін»

36. С.Көбеевтің өмірі мен шығармашылығынан кандидаттық диссертация қорғаған ғалым

А. С.Сейфуллин

В. С.Қирабаев

С. Т.Кәкішев

Д. З.Қабдолов

Е. М.Әуезов

37. Көркем сынның қалыптасуы мен даму заңдылықтарына арналған Т.Кәкішевтің еңбектері

А. «Қазақ әдебиеті сынының тарихы»(1994)

В. Октябрь өркені

С. Дәуір суреттері

Д. Садақ

Е. Санадағы жаралар

38. С.Мұқанов пен С.Сейфуллинді жалған жаладан арашалап жүретін ғалым

А. Н.Төрекұлов

В. М.Мырзахметұлы

С. З.Қабдолов

Д. З.Ахметов

Е. Т.Кәкішев

39. М.Жолдасбеков «Асыл арналар» атты монографиясының қай тарауында әдебиет тарихын 5 кезеңге бөледі?

А. Соңғы тарауында

В. «Ежелгі әдебиет»деген алғашқы тарауында

С. төртінші тарауында

Д. екінші тарауында

Е. Үшінші тарауында

40. «Әдеби-көркем сын туралы»КПСС Орталық Комитетінің қаулысы қай жылы қабылданды?

А. 1971

В. 1972

С. 1980

Д. 1975

Е. 1979

[Введите текст]

41. «Уақыт және қаламгер» атты сын жинағы қай жылдан шыға бастады?

A. 1970

B. 1973

C. 1971

D. 1978

E. 1977

42. 1976 жылғы КПСС Орталық Комитетінің «Творчестволық жастармен жұмыс туралы» қаулысы нәтижесінде қандай жинақтар жариялана бастады?:

A. «Сын кітабы»

B. «Уақыт және қаламгер»

C. «Сөзстан»,»Жастар жастар туралы» жинақтары

D. «Жастық жанартаулары»

E. «Дәстүр және жаңашылдық»

43. 1960 жылдары кәсіби сынды дамытқан әдебиетші-сыншылар кімдер болды?

A. С.Қирабаев,З.Қабдолов

B. З.Серікқалиев, Т.Тоқбергенов,А.Сүлейменов, С.Әшімбаев т.б

C. З.Ахметов,Т.Кәкішев

D. X.Сүйіншәлиев,С.Ордалиев

E. М.Қаратаев,М.Базарбаев

44. Көркем шығарманың баяндау тәсілі жайлы пікірталас тудырған «Түр туралы бірер сөз» атты мақаланың авторы:

A. М.Әуезов

B. Т.Тоқбергенов

C. А.Сүлейменов

D. Қ.Ысқақов

E. Ә.Кекілбаев

45. З.Ахметов қазақ өлеңінде кездесетін бейнелі сөздерді неше салаға бөліп қарастырады?

A. беске

B. үшке

C. екі салаға (а.табиғат пен жаратылыс көріністеріне,б.төрт түлік малға байланысты)

D. төртке

E. алтыға

46. «...олар эстетикалық талғам ала келген,соны бастаманың иегерлері болды» деген пікірдің авторы:

A. Ғ.Мүсірепов

B. С.Мұқанов

C. М.Жұмабаев

D. М.Әуезов

E. Ә.Тәжібаев

47. З.Ахметовтің «Асыл сөз арнасы»деген зерттеуі неше бөлімнен тұрады?

A. үш

B. төрт

C. екі

D. алты

E. жеті

48. «Үш тоғыс»,»Қос қағыс»,»Ай мүйіз» атты жинақтардың авторы кім?

A. С.Әшімбаев

B. С.Мұқанов

[Введите текст]

С. З.Серікқалиев

D. Т.Тоқбергенов

Е. С.Жұмабеков

49. «Ойлар,толғаныстар»,»Ақыл таразысы» т.б
еңбектердің авторы ,кәсіби сыншы

А. Ә.Кекілбаев

В. З.Серікқалиев

С. А.Сүлейменов

D. Р.Бердібаев

Е. С.Сейітов

50. «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихының»-1 томы
қанша тараудан тұрады?

А. екі

В. төрт

С. үш

D. алты

Е. бес

51. «Кәсіби қазақ әдебиеттануының қалыптасуы (1900-
1932)» тарауда кімдердің шығармашылық портреттері
берілген?

А. М.Жұмабаев

В. Ж.Аймауытов

С. Ә.Бөкейханов,А.Байтұрсынов,С.Сейфуллин

D. Ғ.Тоғжанов

Е. С.Көбеев

52. «ІҮ.Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеттануының дамуы
(1932-1956)»деген тарауда неше зерттеушілердің
шығармашылықтары қарастырылған?

А. бес

В. алты

С. сегіз

D. екі

Е. үш

53. «1957-1991 жылдардағы қазақ әдебиеттануы»деген
тарауда қанша зерттеушілердің еңбектеріне ғылыми
мақала берілген?:

А. 9

В. 7

С. 5

D. 4

Е. 12

54. Қадырғали Қосымұлының «Жылнамалар жинағы»
туралы қазақ тіліндегі зерттеудің авторлары кімдер?

А. Р.Сыздықова,М.Қойгелдиев

В. Ә.Қайдаров

С. А.Егеубаев

D. Н.Келімбетов

Е. М.Жолдасбеков

55. ХІ ғасырда жазылған М.Қашқаридің «Түркі сөздерінің
жинағын» қазақ тілінде кім сөйлетті?

А. Қ.Бекетаев пен Ә.Ибатов

В. Қ.Өмірәлиев

С. .Құрышжанов

D.Ә.Дербісәлиев

Е. М.Мырзахметов

56. М.Қашқаридің 6800 түркі сөзін жинаған еңбегін ата

[Введите текст]

А. Таңғұтқа жорық

В. «Диуани лұғат ит-турк» (Түркі сөздерінің жинағы)

С. Түркі тілдері диваны

Д. Мыңлақ елін алғанбыз

Е. Алып Ер Тоңа өлді ме?

57. Қожа Ахмет Иасауидің «Диуани хикметі» («Ақыл кітабы») қай жылы қазақшаланды?

А. 1993 (М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шафиғилардың аударуымен)

В. 1991

С. 1992

Д. 1997

Е. 1996

58. Н.Төреқұловтың «Қазақтың 100 би-шешені» атты еңбегі қай жылы жарық көрді?

А. 1930

В. 1995

С. 1921

Д. 1929

Е. 1931

59. 1994 жылы жарияланған «Дулыға:Көне түркі батырлары туралы әфсаналар» атты еңбектің авторы:

А. М.Мағауин

В. Т.Жұртбаев

С. Қ.Жұмаділов

Д. Ә.Кекілбаев

Е. С.Сматаев

60. Қ.Иасауидің «Ақыл кітабында» 149 хикметте өрнектелген шариғат заңдары неше түрлі нәрсеге көп көңіл бөледі??

А. бір

В. екі

С. бес

Д. төрт (шариғат, тарихат, хақиқат, мағрипат)

Е. үш

61. Құранды тұңғыш рет түркі тілінде сөйлейткен ғұлама

А. Ж.Баласағұн

В. М.Қашқари

С. Қожа Ахмет Иасауи

Д. А.Игүнеки

Е. С.Бақырғани

62. YI-XII ғасырларды қазақ жерінде қанша қала болған?

А. 7

В. 2

С. Сырдария мен Жетісудың бойында 42 қала салынған

Д. 12

Е. 22

63. «Бабалар сөзі» неше том болып жарық көрмекші?

А. 100

В. 40

С. 50

Д. 75

Е. 80

64. Ж.Аймауытовтың қай мақаласында сол кездегі баспасөз беттерінде басылған әдеби айтыстар туралы ой-тұжырымдары берілген?

A. «Әдебиет мұралары»

B. «Әдебиет мәселесі»

C. «Көркем әдебиет туралы»

D. «Көркем әдебиетті саралау»

E. «Аударма туралы»

65. «Мәдени мұра»бағдарламасы неше кезеңнен тұрады ?

A. жеті

B. екі

C. төрт

D. үш

E. алты

66. 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы» қай жылы жарық көрді?

A. 2006

B. 2000

C. 2004

D. 2002

E. 2005

67. «Қазақ тарихының әліппесі» кітабының авторы

A. М.Жолдасбеков

B. Ә.Марғұлан

C. С.Сматаев

D. Т.Қоңыратбаев

E. М.Мағауин

68. Күлтегіннің көшірмесін Астанаға әкеліп орнатқан ғалым??

A. Б.Қойшыбаев

B. Қ.Салғарин

C. Т.Жұртбаев

D. М.Жолдасбеков

E. А.Егеубаев

69. «Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік» және М.Қашқаридың «Диуани-лұғат-ит-түрік»т.б. зерттеу еңбектерін қазақ тіліне аударған ғалым зерттеуші

A. Құрышжанов

B. А.Егеубаев

C. Р.Сыздықова

D. С.Дәуітов

E. Ә.Дербісәлі

70. 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихына» жетекшілік жасап,алғы сөз жазған академик

A. С.Қирабаев

B. С.Қасқабасов

C. З.Қабдолов

D. З.Ахметов

E. Ә.Марғұлан

71. «Қазақ фольклорының тарихы» неше бөлім және тараулардан тұрады??

A. 2 бөлім,4 тараудан

B. 3 бөлімнен және әр бөлімде 3 тараудан тұрады

C. 5 бөлім,2тараудан

D. 7 бөлім,5 тараудан

[Введите текст]

Е. 9 бөлім, 7 тараудан

72. Қазақтың сөз өнерін зерттеп, орыс тілі арқылы әлем халқына танытатын зерттеушілер

А. аудармашылар

В. Компаративистер

С. орыс тілді зерттеушілер

Д. екі тілді бірдей білетіндер

Е. орысша оқыған зерттеушілер

73. «Алтын орда дәуірі мен қазақ хандығы тұсындағы әдебиет» 10 томдық тарихтың қай кітабында қарастырылады?

А. 4

В. 2

С. 5

Д. 3

Е. 6

74. XIX ғасырдың 1-ші жартысындағы әдеби үрдісті талдайтын 4 кітапқа кім жетекшілік жасаған?

А. С.Қирабаев

В. З.Ахметов

С. Ж.Ысмағұлов

Д. А.Егеубаев

Е. С.Қасқабасов

75. З.Ахметовтің «Шоқан Уәлиханов», «Шәңгерей Бөкеев» атты ірі монографиялық тараулар 10 томдықтың қай кітапта орын алған?!

А. екінші

В. үшінші

С. бесінші

Д. төртінші

Е. жетінші

76. «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» 6-шы кітапта неше жанрлық түрге бөлініп қарастырылады?

А. 3

В. 5

С. 9 (әдебиеттану, әдеби сын, драматургия, аударма, поэзия, проза т.б.)

Д. 2

Е. 7

77. Алаш зиялыларының пьесалары жөнінде С.Садуақасов қай еңбегінде пікір білдіреді?

А. «Ұлт театрына бір жыл»

В. «Ұлт театры туралы»

С. «Қазақша пьесаға бәйге»

Д. «Бәйбіше-тоқал»

Е. «Артист»

78. С.Қирабаевтың докторлық диссертациясында зерттелген шығармашылық тұлға

А. М.Әуезов

В. С.Сейфуллин

С. Х.Досмұхамедұлы

Д. Ж.Аймауытов

Е. А.Байтұрсынұлы

79. Ұлы Отан соғысы кезінде қай жанр алға шықты?

А. публицистика

В. толғау

[Введите текст]

С. поэзия

D. әңгіме

Е. роман

80. 10 томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» 8-9 кітабының жетекшісі кім?

A. С.Қорабай

B. Н.келімбетов

C. С.Қасқабасов

D. С.Қирабаев

E. Ш.Елеукенов

81. 1960 жылдары әдеби процесс кімдердің есімдерімен толықты?

A. С.Сейфуллин

B. М.Жұмабаев

C. С.Әшімбаев

D. Б.Кенжебаев

E.

I.Есенберлин,Ж.Молдағалиев,Т.Ахтанов,М.Мақатаев,Ш.Мұртаза т.б

82. Қазақтың тұңғыш ұлы тұлғалары туралы танымдық мәлімет беретін Б.Нұржекеевтің шығармасы қалай аталады?

A. 2 томдық «Жүз тұңғыш»

B. «Әйел сыры»

C. «Суреттегі сұлулық»

D. «Жан байлығын ойлаған»

E. «Күй толғақ»

83. 10 томдық «Қазақ әдебиеті тарихының» нешінші кітабы тәуелсіздік кезеңіне арналған?

A. оныншы кітабы

B. бесінші

C. екінші

D. алтыншы

E. үшінші

84. 1991-2001 жылдардағы қазақ әдебиетінің тарихы қамтылған 10кітаптың ғылыми жетекшісі

A. З.Қабдолов

B. З.Ахметов

C. Ш.Елеукенов

D. А.Егеубаев

E. А.Ісімақова

85. Әдебиет тарихында қазіргі жазушылардан кімдер аталады?

A. Ж.Шаштайұлы,Б.Мұқай

B. Н.Ораз,Р.Мұқанова,Т.Ахметжан,Қ.Түменбай т.б

C. М.Мағауин,Ә.Кекілбаев

D. Р.Тоқтаров,І.Есенберлин

E. М.Шаханов,Ш.Айтматов

86. «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» атты2 томдық зерттеу еңбектің ғылыми жетекшісі

A. С.Қирабаев

B. Ш.Елеукенов

C. А.Ісімақова

D. З.Ахметов

E. А.Егеубаев

[Введите текст]

87. Ж.Смағұловтың «Қазақ әдебиеттану ғылымының қалыптасу тарихы», - деген еңбегі қай жылы жарық көрді?

A. 1999

B. 1996

C. 1991

D. 1993

E. 1997

88. «XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы (1956-1991)» атты зерттеудің авторы

A. Ж.Смағұлов

B. Т.Кәкішев

C. С.Мұқанов

D. Ж.Дәдебаев

E. С.Б..Жұмағұлов

89. «Мировое литературоведение» атты екі томдық хрестоматиялық оқу құралы кімдердің ғылыми-зерттеу еңбектерінен топтастырылған?

A. қазақ ғалымдарының

B. ұйғыр ғалымдарының

C. түрік ғалымдарының

D. әлемдік әдебиеттану ғылымының өкілдерінің еңбектерінен

E. ресей ғалымдарының

90. «Қазіргі қазақ әдебиеті» деген лекциялар курсы жариялаған зерттеуші

A. Қ.Әбдешұлы

B. Б.Әбдіғазиев

C. Б.Ыбырайым

D. Ж.Дәдебаев

E. Ө.Әбдіманұлы

91. «Әдебиеттану.Терминдер сөздігі» қай жылы жарық көрді?

A. 1990

B. 1996

C. 1992

D. 1995

E. 1993

92. Әрбір әдебиетшінің жан азығына айналған «Әдебиеттану.Терминдер сөздігі» атты ұжымдық еңбекке кім жетекшілік жасады?

A. А.Ісімақова

B. З.Қабдолов

C. З.Ахметов

D. Ш.Елеукенов

E. С.Қасқабасов

93. «Жанр және поэтика мәселелері» атты ұжымдық еңбек неше тараудан тұрады?

A. 3

B. 6

C. 4

D. 5

E. 2

94. «Қажым Жұмалиев және қазіргі әдебиеттану ғылымының мәселелері» атты конференция материалдары кімнің құрметіне арналды?

[Введите текст]

- А. Абай Құнанбаевтың
В. Міржақып Дулатовтың
С. Ахмет Байтұрсынұлының
Д. Қ.Жұмалиевтің туғанына 100 жыл толуына орай өткізілді
Е. Сұлтанмахмұт Торайғыровтың
95. С.Қирабаев ҚР ҰҒА-ң Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықты қай еңбегі үшін алды?
А. «С.Көбеевтің әдеби қызметі»
В. «Сәкен Сейфуллин»
С. «Талантқа құрмет»
Д. «Өнер өрісі»
Е. «Жүсіпбек Аймауытов»еңбегі үшін
96. «Абайдың Қиясбайы»деген тарау кімнің еңбегінде қарастырылған?
А. М.Мырзахметов
В. Т.Шапайдың «Шын жүрек-бір жүрек» атты монографиясында
С. Ж.Ысмағұлов
Д. Ж.Шойынбет
Е. М.Жолдасбеков
97. « XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті» атты еңбектің авторы
А. Б.Кенжебаев
В. Х.Сүйіншәлиев
С. С.Сейфуллин
Д. Ж.Аймауытов
Е. Қ.Мәдібай

98. А.Ісімақованың«Казахская художественная проза. Поэтика, жанр,стиль» деген еңбегінде стиль ұғымын қанша тарауға бөліп қарастырады?
А. үш
В. екі
С. бес
Д. алты
Е. төрт
99. Қазақ әдебиеттану ғылымында «Зар заман поэзиясы. Генезис, типология, поэтика»деген тақырыпта зерттеу жазған ғалым
А. А.Шәріп
В. Қ.Мәдібай
С. Ж.Дәдебаев
Д. Ө.Әбдіманұлы
Е. Б.Омаров
100. Модернизм мен постмодернизм кімдердің еңбектерінде қарастырылған?
А. Л.Савельева,Б.Майтанов,т.б
В. Б.Жетпісбаева
С. С.Әбішева
Д. А.Жақсылықов
Е. Т.Есембеков

№	Әріппен	Жауабы
---	---------	--------

[Введите текст]

1.	D.	А.Байтұрсынұлы
2.	C.	Йолығ тегін
3.	B.	М.Жолдасбеков
4.	E.	И.В.Стеблева
5.	A.	Қ.Өмірәлиев
6.	B.	М.Әуезов
7.	D.	әйелдерге арналған
8.	C.	«Әдебиет тарихы»
9.	A.	М.Әуезов
10.	E.	Ғ.Тоғжанов
11.	C.	Ш.Уәлиханов
12.	A.	«Қазақ қайраткерлерінің жайынан»
13.	B.	«Асау тұлпар» атты өлеңдер жинағынан
14.	B.	1925 жылғы «Мағжанның ақындығы» атты баяндамасынан соң
15.	C.	С.Қожанов
16.	A.	С.Мұқанов
17.	E.	1923 жылы («Еңбекші қазақ» газетінде 1 наурызда) жарияланды
18.	B.	1946 жылы М.Әуезов пен Қ.Жұмалиев
19.	C.	1947
20.	B.	С.Сейфуллин, Е.Бекмаханов, Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайлов, Қ.Мұқамедқанов т.б.
21.	B.	Е.Ысмайлов
22.	E.	1957 жылы 25 наурызда

23.	E.	М.Әуезов
24.	B.	Қ.Жұмалиев, Е.Ысмайлов, З.Пашкин т.б.
25.	D.	З.Ахметов
26.	E.	З.Қабдолов
27.	B.	1941 жылы 10 маусымда жарияланған «Қазақ әдебиетін дәуірлеу мәселелері туралы» атты мақаласынан («Кеңестік Қазақстан» газеті)
28.	C.	5 дәуірге
29.	B.	15
30.	C.	Б.Кенжебаев
31.	C.	А.Қыраубаева
32.	D.	«Абай»
33.	D.	Н.Келімбетов
34.	E.	1968
35.	A.	«Асыл аналар»
36.	B.	С.Қирабаев
37.	A.	«Қазақ әдебиеті сынының тарихы»
38.	E.	Т.Кәкішев
39.	B.	«Ежелгі әдебиет» деген алғашқы тарауында
40.	B.	1972
41.	B.	1973
42.	C.	«Сөзстан», «Жастар, жастар туралы» жинақтары
43.	B.	З.Серікқалиев, Т.Тоқбергенов, А.Сүлейменов, С.Әкімбаев т.б.

[Введите текст]

44.	С.	А.Сүлейменов
45.	С.	Екі салаға (а. Табиғат пен жаратылыс көріністеріне, б. Төрт түлік малға байланысты)
46.	Д.	М.Әуезов
47.	С.	Екі
48.	Д.	Т.Тоқбергенов
49.	В.	З.Серікқалиев
50.	Е.	Бес
51.	С.	Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин
52.	С.	Сегіз
53.	Е.	12
54.	А.	Р.Сыздықова, М.Қойгелдиев
55.	А.	Қ.Бекетов пен Ә.Ибатов
56.	В.	«Диуани лұғат ит-турк» (Түркі сөздерінің жинағы)
57.	А.	1993 (М.Жармұхамедұлы, С.Дәуітұлы, М.Шафиғилардың аударуымен)
58.	В.	1995
59.	В.	Т.Жұртбаев
60.	Д.	Төрт (шариғат, тарихат, хақиқат, мағрипат)
61.	С.	Қожа Ахмет Иасауи
62.	С.	Сырдария мен Жетісудың бойында 42 қала салынған
63.	А.	100

64.	С.	«Көркем әдебиет туралы»
65.	Д.	Үш
66.	А.	2006
67.	Е.	М.Мағауин
68.	Д.	М.Жолдасбеков
69.	В.	А.Егеубаев
70.	В.	С.Қасқабасов
71.	В.	3 бөлімнен және әр бөлімде 3 тараудан тұрады
72.	В.	Компаративистер
73.	Д.	3
74.	Д.	А.Егеубаев
75.	С.	Бесінші
76.	С.	9 (әдебиеттану, әдеби сын, драматургия, аударма, поэзия, проза т.б)
77.	В.	«Ұлт театры туралы»
78.	В.	С.Сейфуллин
79.	А.	Публицистика
80.	Д.	С.Қирабаев
81.	Е.	І.Есенберлин, Ж.Молдағалиев, Т.Ахтанов, М.Мақатаев, Ш.Мұртаза т.б
82.	А.	2 томдық «Жүз тұңғыш»
83.	А.	Оныншы кітаб
84.	С.	Ш.Елеуенов
85.	В.	Н.Ораз, Р.Мұқанова, Т.Ахметжан, Қ.Түменбай т.б

[Введите текст]

86.	С.	А.Ісімақова
87.	А.	1999
88.	Е.	С.Б.Жұмағұлов
89.	Д.	әлемдік әдебиеттану ғылымының өкілдерінің еңбектерінен
90.	Д.	Ж.Дәдебаев
91.	В.	1996
92.	С.	З.Ахметов
93.	Е.	2
94.	Д.	Қ.Жұмалиевтің туғанына 100 жыл толуына орай өткізілді
95.	Е.	«Жүсіпбек Аймауытов» еңбегі үшін
96.	В.	Т.Шапайдың «Шын жүрек – бір жүрек» атты монографиясында
97.	Е.	Қ.Мәдібай
98.	Е.	Төрт
99.	Е.	Б.Омаров
100.	А.	Л.Савельева, Б.Майтанов т.б

Негізгі әдебиеттер:

1. 10 томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы». Алматы, «ҚазАқпарат», 2006.10-кітап.
2. «Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы» 1-2 том. А.ҚазАқпарат, 2008.1-том-646б, 2-том-658б(2009ж).
3. С.Б.Жұмағұлов «XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиеттану ғылымы (1956-1991)» Қарағанды, 2008.-552 б.
4. Байтұрсынұлы А. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы: Алаш, 2003.
5. Бөкейханов Ә. Шығармалары. Алматы: Қазақстан, 1994.
6. Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы: Ғылым, 1997.
7. Жұмабаев М. Шығармалар. Алматы: Білім, 1996.
8. Сәдуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Алаш, 2003.
9. Қамзабекұлы Д. Смағұл Сәдуақасов А, 1995.
10. Досмұхамедұлы Х. Аламан. Алматы: Ана тілі, 1991.
11. Сейфуллин С. Шығармалар. 4-том. Мақалалар мен очерктер. Алматы: ҚазМем Көркем әдебиет, 1962.
12. Сейфуллин С. Бес томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы, 1986.
13. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы: Ана тілі, 1991.
14. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. Алматы: Жазушы, 1986.
15. Кенжебаев Б. Шындық пен шеберлік. Алматы: Жазушы, 1966.

16. Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. Алматы, 1958.
17. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. Алматы: Санат, 1994.
18. Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері Алматы: Білім, 1995.

Қосымша әдебиеттер:

19. 1920-30 жылдардағы қазақ әдебиеті А, 1997.
20. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Аруна, 2005.
21. Кемеңгерұлы Қ. Шығармалар. Алматы: Тұлға, 1995.
22. Әуезов М. Әр жылдар ойлары А, 1959.
23. Кәкішев Т. Сын сапары. Алматы: Жазушы, 1971..
24. Кәкішев Т. Мағжан-Сәкен А, 1999.
25. Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов А, 1993.
26. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. Алматы: Ғылым, 2001.
27. Қирабаев С. Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті А, 1998.
28. Майтанов Б. Мұхтар Әуезов – суреткер А, 1996.
29. Дәдебаев Ж. Мұхтар Әуезов А, 1991.
30. Нұрғали Р. Әуезов және Алаш А, 1997.
31. Тұрысбек Р. Ж. Аймауытұлы және 20-жылдардағы қазақ прозасы А., 1998.
32. Тұрсынжан Шапай. Шын жүрек-бір жүрек. Эссе. Әдеби сын Зерттеу. Алматы: Жазушы. 200-256 б.
33. Мырзахметұлы М. «Түркістан Тараз арасы». Астана: Білге, 2002. -432 бет.
16. «Ұлттық рухтың ұлы тіні» Ғылыми мақалар жинағы (қазақ, орыс, ағылшын т.б. тілдерінде). -Алматы. Ғылым. 1999.-568 б.
34. Ахметов З. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алғы сөз. Алматы, 1998.
35. Нұрғали Р. Алып бәйтерек. Ахмет Байтұрсынов. «Ақ жол». /Құрастырушы. Р.Нұрғали./Алматы. Жалын. 1991. - 464 б.
36. Ысқақұлы Д. Сын өнері. Алматы: ҚАЗАқпарат, 2001. - 304 б.
37. Ысқақұлы Д. Әдебиет алыптары. Астана: Фолиант, 2004. -304 б.
38. Қожакеев Т. Қым-қуыт іздер. Алматы: Санат, 1999. -204 б.
39. Бейісқұлов Т. Қилы заман азабы. Алматы: Ғылым, 2003. -320 б.
40. Смағұлов Ж. Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. Монография. Алматы: Қазақ университеті, 1999.-432 б..
41. З.Қабдолов. Таңдамалы шығармалар. II том. Сөз өнері. Оқулық монография. Талдаулар мен толғамдар. Санат, 2003. - 528 б.
42. Русская литература XX века. В. 2ч. Ч 2. Очерки. Портреты. Эссе. М. Просвещение, 1994. – 383 с.
43. Ш.Елеукенов. Ғасырлармен сырласу. Астана. Елорда, 2004. 482 б.

44. Қ.Жұмалиев. Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері. А.ҚМКӘБ, 1958. – 393 б.
45. М.Мырзахметов. Абайтану тарихы. А.Ана тілі, 1994. – 192 б.
46. Н.Келімбетов. Бес ғасырдың алтын қазынасы// Қазақ әдебиеті. 1985. 176
47. М.Мағауин. Ғасырлар бедері. А.: Жазушы, 1991. – 423 б.
48. О.Сүлейменов. Таңбалар тарихынан // Қазақ әдебиеті. 1966. 25. IX
49. Х.Сүйіншәлиев. Қазақ әдебиетінің қалыптасу кезеңдері. (Ерте дәуірден ХІХ ғасырдың аяғына дейін). А.: Қазақстан, 1967. – 388 б.
50. Ү. Субханбердина. «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат хабарлар. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. І – бөлім. А.: Қазмембас, 1961. 154 б.
51. Ү. Субханбердина Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. Мазмұндалған библиографиялық көрсеткіш. ІІ – бөлім. А.: Қазақ ССРҒА баспасы, 1963. -290 б.
52. Х.Бекхожин. Қазақ баспасөзінің даму жолдары (1880-1930). А.: ҚМБ, 1964. 263 б.
53. Ы.Дүйсенбаев. Ғасырлар сыры. (Қазақ әдебиеті тарихынан очерк.) Жазушы, 1970. – 192 б.
54. М.Базарбаев. Замана тудырған әдебиет. А.: Ғылым, 1997. – 504 б.
55. Р.Нұрғали. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Астана: «Күлтегін баспасы», 2002. – 528 б.
56. М.Мырзахметұлы. Қазақ рухани әлемінің танылу жолдарынан // Шәкәрім әлемі. 2006. №1. Б. 25-28.
57. Қазақ әдебиетінің тарихы. ІІ т. 2 кітап. А.Ғылым, 1965. -525 б.
58. М.Қаратаев. Әдеби сынның дәрежесі жоғары болсын. // Жұлдыз 1960. №1. 125-142 б.
59. Р.Бердібаев. Роман және заман. А.Жазушы, 1967. – 580б.
60. Р.Нұрғали. Сырлы сөз. Әдеби сын, зерттеу. Бір томдық. А.: Жазушы, 2000. – 400 б.
61. З.Серікқалиев. Сын мен жауапкершілік. // Жұлдыз 1963. №2 б.133-144 б.
62. С.Байжанов. Замандас туралы ой. А.:Жазушы, 1973. - 224 б.
63. З.Ахметов. Өлең сөздің теориясы. – А.: Мектеп, 1973. 212 б.
64. М.Дүйсенов. Әдебиеттегі мазмұн мен форманың бірлігі. А.:Қазақ ССР Ғылым академиясы, 1962. 209 б.
65. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. / Құрасырушылар: З.Ахметов, Т.Шаңбаев. А.: Ана тілі 1996. – 209 б.
66. Т.Нұртазин. Шеберлік туралы ойлар. А.: Жазушы, 1968. 288 б. Б.Кенжебаев. Көне әдебиет туралы. – Алматы, 1969. – 90 б.
67. М.Дүйсенов. Сына тастардағы жазу сырлары. // Қазақ әдебиеті 1981. 30. І.
68. Қ.Өмірәлиев. Күл Тегін // Қазақ әдебиеті 1982. 23. VII

- 69.Ә.Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары. – А.Рауан, 1995. 238 б.
- 70.Б.Әбілқасымов. Ш.Ыбыраев. Зерттеу объектісі - әдебиет тарихы. // Жұлдыз 1973. №2. 222-224 б.
- 71.А.Қыраубаева. «Қысас Рабғузи», «Мұхаббат - нама»-идеялық көркемдік ерекшеліктері. Ф.Ф.К.Дәрежесін алуға жазылған диссертация. Алматы 1974. – 221 б.
- 72.А.Қыраубаева. Алтын Орда әдебиеті туралы // Қазақ тілі мен әдебиет мәселелері. Аспиранттар мен ізденушілер жинағы. Ред./ Т.Нұртазин. VII шығуы. – Алматы 1971-.190 б.
- 73.Көне түркі жазба ескерткіштерінің зерттелуі. А.:Наука, 1983- 206 б.
- 74.Қазақ фольклористикасы. А.:Қазақ ССР- нің «Ғылым» баспасы, 1972. -298 б.
- 75.Қазақтың қазіргі халық поэзиясы. А.: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1973. 313- б.
- 76.С.Қасқабасов. Казахская волшебная сказка. – А.: Ғылым, 1973. – 216 с.
- 77.С.Садырбаев. Фольклор және эстетика. – А.: Ғылым, 1976. – 151 б.
- 78.Е.Тұрсынов. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. – А.: Ғылым, 1976. – 199 б.
- 79.Қазақ фольклорының трилогиясы. – А.: Ғылым, 1981. – 307 б.
- 80.Р.Нұрғалиев. Телағыс. Әдеби дәстүр мен әдеби даму. А..Жазушы, 1986. - 438 б.
- 81.Д.Қамзабекұлы. Алаш және әдебиет. Астана. «Фолиант», 2002. 474- б.
- 82.М.Мағауин. Қобыз сарыны. А.: Жазушы 1968. 156 б.
- 83.Б.Әбілқасымов. «Фольклор», «Ауыз әдебиеті» ұғымдары туралы. Кітапта Фольклор шындығы. А.- Ғылым. 1990. 264- б.
- 84.Т.Қожекеев. Сара сөздің саралары. А.: Санат 1995. – 167 б. .
- 85.Б.Абылқасымов. Жанр толғау в казахской поэзии. А.: Наука 1984. 120б.